

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ХРЕСТОМАТИЯ

Жалпы білім беретін мектептің
жаратылыстану-математика бағытындағы
11-сыныбына арналған оқу құралы

Екінші басылымы

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2011

УДК 373.167.1(075.3)
ББК 63.3(5Қаз)я72
Қ18

Құрастырғандар: Қ. Адамбосынов, Р. Ахмедова

Қазақстан тарихы: Хрестоматия: Жалпы білім
Қ18 беретін мектептің жаратылыстану-математика бағы-
тындағы 11-сыныбына арналған оқу құралы / Құраст.:
Қ. Адамбосынов, Р. Ахмедова. — 2-бас. — Алматы:
Мектеп, 2011. — 192 бет.

ISBN 978—601—293—409—0

Қ $\frac{4306020600-097}{404(05)-11}$ 95(4)—11

УДК 373.167.1(075.3)
ББК 63.3(5Қаз)я72

© Адамбосынов Қ.,
Ахмедова Р., (Құраст.), 2007
© «Мектеп» баспасы,
көркем безендірілуі, 2011

Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлкітік құқықта-
ры «Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—409—0

I тарау. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ XVII—XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЗАТТЫҚ, ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ

ЖОҢҒАР-ҚАЗАҚ ТАРТЫСЫНДАҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ МӘСЕЛЕЛЕР

1635 жылы Орталық Азияда дербес ел ретінде қалыптасқан Жоңғар мемлекеті 1758 жылы (оны Маньчжур-Цин династиясы талқандады) тарих сахнасынан кеткенге дейін осы өңірде ерекше орын алған хандық екендігін өткен ғасырлардағы да, Кеңес заманындағы авторлар да бірауыздан мойындайды. Көрнекті шығыстанушы, жоңғар елі жөніндегі білгір маман И.А.Златкин өзінің монографиялық зерттеуінде Жоңғария туралы 80-жылдардың басына қарай тек орыс тілінде жарық көрген еңбектердің саны 150-ден асып кеткендігін осы мемлекеттің тарихына деген қызығушылықтың бір көрінісі ретінде атап көрсеткен¹. Тағдыры қытай, қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ, моңғол, Алтай халықтарымен байланысты болған осы хандық жөнінде аталған елдер тілінде, тіпті Батыс Еуропа тілдерінде жүздеген еңбектердің жарық көргені анық.

Мұхаммед Хайдардың айтуына қарағанда, XVI ғасырдың бірінші жартысында жиырмадан астам қарапайым (төрт-бес іріленген) ұлыстарда 1 млн 200 мыңнан 1 млн 500 мыңға дейін қазақ болған. Осы кезеңнен XVIII ғасырдың соңына дейінгі қазақ халқының демографиялық ахуалын анықтайтын мәліметтер жоққа тән. А.И.Левшиннің 1832 жылы жарық көрген қазақтар туралы алғашқы монографиялық зерттеуінде² халқымыздың саны 2,5 млн-нан 3 млн-ға дейін

¹ Златкин И. А. История Джунгарского ханства. 1635—1758. Второе издание. М., 1983, С. 3.

² Левшин А. И. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких орд и степей. СПб., 1832.

жеткен деп топшылауында негіз бар. Осы мәселемен тікелей айналысқан кеңес-бурят тарихшысы Ш. Чимитдоржиевтің зерттеуіне қарағанда¹ Жоңғар мемлекетінің көркеюінің ең шыңына жеткен шағы XVIII ғасырдың 20-жылдарының орта шені болса керек. Олардың тұрғындарының саны 1 млн шамасы болған. Жоңғар хандығындағы тұрғындар саны 1 млн-нан аспағанын басқа да деректер мен зерттеулер растайды. XIX ғасырдың I ширегінде орыс синологтерінің (*қытайтанушы — ред.*) ішінен білімінің тереңдігі жағынан ерекше көзге түскен Бичуриннің (Якинф): «Жоңғарлардың соғыс кезінде млн-ға жететін әскер жинайтын мүмкіндігі болды»² деген қорытындысы шындыққа жанаспайды. Яғни, халқының саны жағынан қазақтар жоңғарлардан әлдеқайда басым екендігіне ешбір ғалым таласа қоймас.

Екі елді экономикалық жағынан салыстырғанда төмендегідей ахуал байқалады. Қазақ хандығы да, Ойрат-жоңғар мемлекеті де, негізінен, мал шаруашылығы басым болған көшпелі елдер. Мал шаруашылығының мүддесінен екі елдің арасында жиі жер дауы туып, ол саяси кикілжіңдерге ұласты. Қазақ феодалдары да Тәуке хан тұсында жоңғар жеріне басып кіріп, елдің шығыс шекарасын кеңейтуге тырысты. Жоңғарлардың да іргелес қазақ еліне жиі басып кіруінің саяси негізі — жерге таласу. Осының салдарынан екі ел арасындағы тартыс бірде сөніп, бірде өрттей лаулап отырған. Алайда жоңғарлардың қазақтардан бір ерекшелігі — олардың жерінде XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында темір және басқа түсті металдарды балқытатын зауыттардың болғандығын дәлелдейтін құжаттар бар³. Өздерінің зауыттарын металмен қамтамасыз ету жоңғарлардың өздеріне жүктеледі екен⁴. Әрине, қазақтарда да өртүрлі қару-жарақ жасайтын, қарапайым күнделікті өмір

¹ Чимитдоржиев Ш. Антиманьчжурская освободительная борьба монгольского народа. Улан-Удэ, 1974, С. 69.

² Якинф (Н. Я. Бичурин). Описание Джунгарий и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии. СПб., 1844, С. 144.

³ //Журнал капитана от артиллерии Ивана Унковского о пребывании его у контайши Цэван-Рабдана (1722—1724). Записки ИРГО. отд. этнографии, Т.10. Издание 2, СПб., 1887, С. 234.

⁴ Ресей Федерациясы Новосібір облыстық мемлекеттік мұрағаты (РФ НМОН), 869-қор, 1-тізім, 6-іс, 3—26-парақ.

талабын қанағаттандыратын қолөнерлік-ұсталық шеберханалар болды. Алайда Жоңғариядағы сияқты жүздеген жұмысшылар өндіріске тартылған зауыттар болмады. Қазақ-жоңғарлардың бірқатар шайқастарында қалмақтардың басым болған себебі — олардың жауынгерлері зеңбіректермен қаруланған еді.

Орыс тарихшыларының мәліметтеріне қарағанда, XVII ғасырдың соңында қалмақтардың қарулы күштері «отты қарумен» қамтамасыз етілген¹.

I Петр патшаның тікелей нұсқауымен жоңғар қонтайшысының сол кездегі резиденциясы Ургада болып, қалмақтардың әскери дайындық дәрежесімен арнайы танысқан капитан И. Унковский жоңғар қонтайшысы Себан Рабданның өз әскерлерінің дайындығын (*маневр*) қалай тексергенін көргенін, мылтықпен қаруланған жауынгерлердің сауыт-сайманы мен әскери дайындығының ерекше жоғары дәрежеде екендігін таңғала жазады². Жоңғарлардың зеңбіректерді мол дайындауы көпшілік зерттеушілердің 1709 жылы Полтава түбіндегі шайқаста орыс тұтқынына кейіннен 1719 жылы ақпан айында Ертістің жоғары бойында, Ямышев тұз көлінің жанында орыстардан жоңғар тұтқынына түскен Иоган Густав Ренат деген шведтің шпик-юнкерінің (артиллерия сержанты) атымен байланыстыруында негіз бар. Ренат жоңғар елінде бірнеше зауыттар салуға басшылық жасап, Себан Рабданның сеніміне ие болып, жоңғар-қытай соғысында қалмақтардың ірі қолбасшысы ретінде бірқатар жеңістерге жеткен. Ренаттың атын ғылымға әйгілі еткен — кезінде соның қолымен дайындалған «Ренаттың Жоңғария картасы», карта тек XIX ғасырдың 80-жылдары ғана белгілі зерттеуші Макшеевтің басшылығымен жарияланған. Осы кезге дейін бұл топографиялық құжат — Жоңғарияның Қазақ хандығымен іргелес аймағын көрсететін құнды дерек болып сақталып келеді.

Жанұзақ Қасымбаев,

тарих ғылымының докторы, профессор

//Қазақ тарихы, 1993, №2.

¹ *Титов А.* Сибирь в XVII веке. М., 1890, С. 77.

² //«Журнал капитана от артиллерии...» Т 10. ИЗД 2. СПб, 1887, С. 101.

ЖЕТІ ЖАРҒЫ ЖӨНІНДЕ НЕ БІЛЕМІЗ?

Қазақ тарихындағы заңдардың бірегейі Жеті жарғы туралы ой-пікірлерге тоқталмас бұрын, қоғамдағы осы заңдарды тудырған кезеңдерге, халқымыздың тарихи тұлғаларына, мемлекетіміздің сол кездегі саяси-әлеуметтік хал-ахуалына қысқаша сипаттама бере кеткен жөн.

XIV ғасырдың соңғы жылдарында Алтын Орданың ыдырай бастағаны белгілі. Соның салдарынан Ақ Орда, Көк Орда пайда болды. Осы хандықтардың құрамында әрісі Қырым, Солтүстік Кавказға, берісі Есіл, Ертіс өзендеріне дейінгі ұлан-байтақ далада ата-бабаларымыз көшпелі өмір сүрген. Қазақтың ұлт ретінде, этнос ретінде қалыптасып, мемлекет ретінде іргетасы қаланып, шаңырағы орнатылған тұс та осы кезеңмен сәйкес келеді. Бұл ұлы істің басында ағайындас Керей мен Жәнібек сұлтандар болды. Олар өз жұртымен Әбілқайыр ханның қол астынан шығып, сол кезде Жетісуды жайлаған Моғолстан деген елдің ханымен келісіп, ол Жетісудың теріскейінен бөліп берген жерге қоныстанады.

Сөйтіп, келешек қазақ мемлекетінің іргетасын осы кісілер қалап, өздері оның алғашқы хандары болды. Елге сіңірген еңбегі үшін, ақылына, парасатына, әділдігіне сүйсінген жұрт Жәнібек ханды — өз Жәнібек деп атап кетеді. Содан бірте-бірте Алтын Орданың, Ақ Орданың құрамында жүрген тілі, салт-дәстүрлері бір қандастарын өз Жәнібек пен Керей өз хандықтарына тарта білді. Мұны хан бабаларымыз өздерінің мүддесі үшін, тек елді билеп, хандық құру үшін ғана істеген деп үстірт түсінуге болмайды. Бұл бабаларымыздың қазақты жеке ел, ұлт ретінде қалыптастыруға сіңірген еңбегі өлшеусіз. Өз Жәнібектен кейін билікке келген хан Қасым еді. Ол өз *Жәнібектің* баласы.

Қасым хан — осы үш тараптан қосылған қазақтардың басын біріктіріп, негізі қаланған мемлекетті әрі қарай дамытып, ішкі-сыртқы саясатты әкесінен де жақсы жолға қоя білген адам. Ол кезде елдің сыртқы саясаттағы жағдайы қиын болды. Көшпелі ел болғаннан кейін көрші хандықтар, мемлекеттер тарапынан талау, басқыншылық әрекеттер көп болды. Ал жаудан уақытында қорғану үшін ішкі саясатта қазақтың бірлігін нығайту — ең келелі мәселе еді. Осыны ойлаған Қасым хан өзінің осы уақытқа дейін елдің аузында, халықтың зердесінде сақталып келген «*Қасым ханның қасқа жолы*» ережелер жинағын шығарып, оны халқының санасына сіңіре білген.

Қасым хан өмірден өткеннен кейінгі 20 жылдың ішінде Қазақ хандығының билік басына бес-алты хан келіп кетеді. Оларға жеке-жеке тоқталу артықтау. Себебі олардың саясаттары таяз, бақталас пен тақ-таластан басқа ештеңені көруге, жұртының келешегін, мемлекетінің мүддесін ойлауға ықыластары болмаса керек. Ал олардан кейін билікті алған ел басқарудағы ақылды саясатына, халқының келешегі үшін істеген жақсылығына байланысты ұлы хан деп есептейтін — Ақ Назар хан еді. Кейбір деректерде Хақ Назар делінген. Осы ханның тұсында қазақ жұрты мемлекет ретінде әбден қалыптасып бітті деп айтуға болады. Қазақстанның қазіргі кездегі жер аумағы сол кезде қалыптасқан. Бұл дерек тарихи тұрғыда зерттелген, анықталған ақиқат.

Осыншама алып жер ауқымын мекендеген халықты бір хандыққа, бір мемлекетке бағындырып, ыдыратпай, бірлікте ұстаудың өзі ол кезде өте қиын, тіпті мүмкін де емес еді. Бұл қиын түйін Ақ Назар ханның даналығының, көрегендігінің арқасында шешілді. Ол үш хандықтан, үш мемлекеттен ағылып келіп, басы біріккен ағайынды үш қазақ тобын басқарудың жүйесін, мемлекеттің ішкі құрылымын бірінші рет ресми түрде заңдастырып, оны үштік бірлік, туысқандық негізінде жасады.

Қазақ хандығының тарихи кіндігі болып есептелетін Моғолстанмен іргелес Жетісуды жайлаған қазақтар — *Ұлы жүз*, Алтын Ордадан қосылған қазақтар — *Кіші жүз*, ал Дешті Қыпшақ делінетін ұлы даланы жайлаған қазақтар — *Орта жүз* деп аталады. Сөйтіп, Қазақ мемлекетінің ішкі ауқымдық құрылымы пайда болды. Бұл сол кездегі қазақ халқының елдік ерекшелігін ескеріп, шебер ойластырылған бірден-бір дұрыс шешім болған еді. Көшпелі елді ынтымақтастырып, бірлікте ұстау мақсатында, үш жүздің қазағын бөлшектеу үшін емес, қаны бір туысқандық негізде біріктіру үшін пайда болған дана шешім еді бұл.

Ақ Назардан кейін қазақ елінің әрі қарай дамып, жетіле беруіне үлкен үлес қосқан халқы «Еңсегей бойлы ер Есім» деп атап кеткен әрі батыр, әрі би Есім хан болды. Бұл кісі — қырық жеті жыл бойы хандық құрған адам. Есім ханның еліне, жұртына, оның келешегіне жасаған жақсылығы — Қасым ханның «қасқа жолын» жаңартып, толықтыруы.

Қасым хан өз кезіне сай, кәдімгі заң, жарғы қабылдап, оны ішкі саясатта халқының игілігіне жарата білді. Бұл заң халқымыздың жадында сақталып, ел аузында осы күнге дейін «*Есім ханның ескі жолы*» деп аталады.

Қазақ тарихында Есім ханнан кейінгі соқпай кетуге болмайтын тағы бір ірі тұлға — Салқам Жәңгір хан. Ол билік құрған кезде арнайы ереже, заң қабылданбағанымен, ішкі-сыртқы саясатта тізгінді тең ұстап, Қазақ мемлекетінің мәртебесін өсіре білген хан болды.

1680 жылы Қазақ хандығының басына Тәуке хан келді. Халқына істеген жақсылығы, кемеңгер ақылгөйлігі үшін оны жұрты *өз Тәуке* деп атаған. Осы тұс Қазақ мемлекетінің әбден толысып, гүлденген заманы болды. Өз Тәуке мемлекеттік құрылым жағынан үштік бірлікті, ішкі қарым-қатынастағы туысқандық жүйені ұштап, жетілдіре білді. Өміршеңдігі үш ғасырмен дәлелденген осы жүйені халыққа ықпалын жүргізу, оның бірлігін нығайту жолында қолдану үшін үш жүзді өзінің арасынан шыққан үш биге билетті. Ел басқару ісінде бұл кісі көбіне, әсіресе сыртқы жағдайларға байланысты мәселелерді шешкенде, хан кеңесін шақыратын болған. Қазақ мемлекетінің осы кезге дейін қалыптасқан ерекшелігіне, жеткен жетістіктеріне байланысты өз Тәуке ханның бастауымен үш ұлы бабамыз — Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би Қазақ мемлекетінің *Жеті Жарғы* деп аталатын, тәуелсіз, шын мәніндегі таза ұлттық бірінші Конституциясын жасаған еді.

Шаймерген Қаймолдаұлы,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының мүшесі.

//Қазақ тарихы. 1993. №2

ЖОҢҒАР, РЕСЕЙ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ҚЫСПАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ

(XVIII ғасырдың екінші жартысы)

1718 жылы өз Тәуке опат болып, оның ұлы Болат хан тағына (1718—1730 жж.) отырды. 1730—1771 жылдары хандық құрған Тәукенің немересі Әбілмәмбет те жігерсіз хан болды. Бұл кезде онсыз да іргесі сөгіле бастаған Қазақ хандығы үш жүзге бөлініп кетті, соның нәтижесінде Түркістан біртұтас қазақ хандығының орталығы болудан қалды. Жазба деректердің мәліметіне қарағанда, солтүстік қазақ қоғамының саяси өмірінде екі ағым, екі бағдардың болғаны байқалады. Біріншісі — Төле би, Абылай сұлтан, Жәнібек батыр, Бұқар жырау, т.б. прогресшіл адамдардың ұстаған бағыты. Бұл бағытты ұстанғандар қазақ халқының басына төніп тұрған сыртқы жаудың қатерінен елді қорғау үшін

үш жүздің бірлігін, ұлттық тәуелсіздікті сақтау мақсатымен біртұтас орталық болуын көздеді. Әбілқайыр, Сәмеке сұлтандар мен кейбір ірі феодалдар бастаған екінші топ — қазақ жүздерінің әрқайсысының саяси дербестігі болуы керек дегенді бетке ұстап, бір-біріне тәуелсіз Қазақ хандығын құруды көкседі¹.

Дәл осындай жағдайда Абылай мен Төле бидің біртұтас қазақ мемлекетін қайта қалпына келтіруге ұмтылысының маңызы зор болды. Соның нәтижесінде, жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастыру үшін 1726 жылы Ордабасыда өткен жиында үш жүздің басы бірігіп, Әбілқайырды үш жүздің әскер басы етіп сайлап, ұрыс төсілдері белгіленді, ол өзінің жақсы нәтижелерін көрсетті. Осының нәтижесінде қазақ жасақтары 1727 жылы Бұланты өзені, 1730 жылы Аңырақай даласында жеңіске жетті. Бірақ 1730 жылы Болат хан қайтыс болып, орнына Әбілмәмбеттің отыруына байланысты қазақ хандары арасында іріткі пайда бола бастады.

Әбілқайыр бастаған Кіші жүз бен Орта жүздің батысындағы аз санды руларды билеген Сәмеке хан шайқасты тастап шығып, орыс шекарасына өтіп кетті.

Бірақ парсы шахы Нәдір 1747 жылы болған соғыста Әбілқайырды Хиуа маңынан қуып, Түркістан, Ташкентті жаулап алды. Бұл кезде орыстар тарапынан көмек көрсетілмеді.

«Қазақтарға сырттан жау шаба қалса, мәртебелі патшаның қолдауында боласындар», — деген патша уәдесі сөз жүзінде қалды. Бұл жөнінде Әбілқайыр 1742—1743 жылдары хан ордасында тұрған прапорщик Муравинге Орынбор комиссиясының бас командирі, мәртебелі жасырын кеңесші Неплюевтің сөзінде тұрмайтын, өтірікші екендігін айтады². Әбілқайыр Ор бекінісінде болған кезде оны да солдаттар секілді құрғақ жармамен азықтандырған³.

Будан Ресейдің Кіші жүзді бодандығына ала отырып, уәделерін іс жүзінде орындамағанын көруге болады. Керісінше қазақ жерлеріне бекіністі шептер салу арқылы өзінің отарлау саясатын жүзеге асырды. 1738 жылы салынған

¹ Сүлейменов Р. Абылай: Аңыз бен ақиқат //Қазақстан коммунисті, 1991, №2, 55-б.

² Орыс жансыздарының жазбалары //Ақиқат, 1993, №8, 52-б.

³ Есмагамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. Алматы, 1994, 92-б.

Ертіс, Жаңа Сібір, Есіл және Орынбор линиясы форпостқа дейінгі жаңа атпен жалғастырылды. 1744 жылы Тобылда Жоңғар хандығына жақын аумақтарда орналасқан Сібір әскерлерін басқарушы қызмет орындары құрылды¹.

Ресей патшалығы өз үстемдігін жүргізу үшін қазақтарды башқұрттарға, башқұрттарды қазақтарға айдап салып отырғаны жөнінде академик В.В.Бартольд: «Орынбор билеушілеріне орыстарды сақтау үшін тіпті бір халықты екінші бір халықтың күшімен басу арқылы тәуелділік жағдайына келтіру жөнінде тапсырма берілді»², — дейді.

1740 жылы 28 тамызда Орта жүз ханы Әбілмәмбет Орынборға келіп: «Орта жүз басшылары орыс керуендерінің қауіпсіздігін сақтауға, Ресейдің қол астындағы Еділ қалмақтарына қарсы шапқыншылыққа жол бермеуге келіседі», — деп, Еділ қалмақтары, башқұрттар, Жайық және Сібір қазақтарының шабуылынан өз иеліктерін қорғауды, Орал және Сібір қалаларымен сауданы дамытуды көздеп, орыстармен сауда мүмкіндігін кеңейтуін, Орта жүздің мал жайылымдықтарына деген мұқтажын Орынборға жеткізуді өтінеді³.

Бірақ Кіші жүз, Орта жүз басшыларының көпшілігі Ресейге бодан болу үшін ант берген Әбілқайыр мен Әбілмәмбетті қолдамады, бодандықтан бас тартты, ол туралы Ресей мұрағат құжаттарының бірінде: «Алғашқы жүз жылда орыс саясаты қазақ халқының ынта-ықыласын білмеуден, түсінбеуден сәтсіз болды. Біріншіден, орыс үкіметінің саясаты шекарасы көршілес қазақ, башқұрт, қалмақтардың өзара қырылуына жол беріп, әлсіретуге негізделді. Екіншіден, оларды орыс үкіметінің жалпы мемлекеттік заңдары негізінде бағындыруды көздеді. Біріншісі қалаған нәтижеге жеткізсе де, екіншісі тіптен мүмкін болмады»⁴, — дейді.

Өйткені көшпенді тұрмыспен өмір сүретін рулық қауым, өзіне бөтен орыс құқығымен оның қатты заңдарына бағына алмады⁵.

¹ Котвич В.Л. Русские архивные документы по сношениям с ойратами в XVII и XVIII вв. // Известия Российской Академии Наук, VI серия, №12—15, 1919, С. 318.

² Казахско-русские отношения в XVI—XVIII вв., Алма-Ата, 1961, С. 300.

³ Есмагамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. Алматы, 1994, 97-б.

⁴ ЦГАРФ, 1318-қор, 1-тізім, 45-іс, 138-б.

⁵ Сонда. 138-б.

Орта жүз қазақтарына да Ресей тарапынан әскери көмек жасала қоймады, жоңғарларды қазақ жерінен қуып шығу қазақтардың өз шаруасы болып қала берді (3-құжат, 68—73-беттер). 1740 жылы Қытаймен бейбіт келісім жасалғаннан кейін жоңғардың әскер басы Септен бастаған жоңғар әскерінің Солтүстік тобы Есіл мен Тобыл жеріне, ал оңтүстік топты бастаған ноян Сары Манжы Сырдария ауданына жалпы саны 30 мыңдай әскерімен басып кіреді¹.

Абылай сұлтанның өзі басшылық еткен қазақ жасақтары жоңғарларға соққы бергендігі, қазақтардың жоңғар әскерлерінің оңтүстік бөлігін талқандағаны туралы Сібір губерниялық кеңесінің Сыртқы істер коллегиясына жазған рапортында: «... 1740 жылдың күзінде Қалдан Серен қазақ ордасын жаулап алу үшін әскер жіберген. Қазақтар мен қалмақтар арасындағы шайқас, (олардың тілімен) Цаган Сар (ақпан) айында болды. Осы шайқаста қазақтар қалмақ күшін жеңіп, олардың оң қанатын көп шығынға ұшыратты...»², — делінген. Бірақ Абылай сұлтан қалмақтарға тұтқынға түсіп қалады. Жоңғарларға аманат ретінде Әбілмәмбет өз ұлын жіберген соң, 1743 жылдың көктемінде Абылайды босатады.

1743 жылдың маусымында К.Миллер Кіші жүз қазақтарының Орынбор комиссиясы кеңесіне берген Абылайдың тұтқыннан босатылуы туралы мәлімдемесінде: «Жоңғар қонтайшысы, біріншіден, Абылайға Ташкент, Түркістан қалаларына көшіп-қонуына рұқсат берген; екіншіден, адалдық үшін өз баласын аманатқа беруді, өз кезегінде ол да өз баласын беруді, осылайша екі елдің бірлікте өмір сүруін; үшіншіден, Әбілмәмбет хан Ресейдің бодандығына бекер енген, себебі Ресей адамдары егіншілік жерге құмар, бас салып қалалар салуға әуес, бұл түптің түбінде қазақ халқын төменгі (еділдік) қалмақтар мен башқұрттар сияқты қайыршылық пен бүліншілікке ұшыратады; төртіншіден, жоңғар билеушісі Ресейден еш қорықпастан, жіберілген елшіні қабылдаған жоқ»³, — делінген.

¹ Гурьевич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII — первой половине XIX в. Москва, 1983, С. 131.

² Моисеев. Қазақ-жоңғар қарым-қатынастары орыстың мұрағаттық құжаттарында. Құжат №4, 1741, 2 қыркүйек //Ақиқат, 1992, №7, 60-б.

³ Сонда. 61-б.

Осылайша 1743 жылдан бастап жоңғар қонтайшысы Қалдан Серен қайтыс болғанға дейін қазақтар мен жоңғарлар арасында бейбіт бітімге қол жетті, Абылай өз ұлысымен Жоңғария аумағында көшіп-қонуға рұқсат алды.

1745 жылдың басында Жоңғарияға барған поручик Ф. Аблязов: «Қазақтар Жоңғария аумағы болып саналатын Цар-Гурбану өзенін бойлап көшіп-қонып жүр»¹, — деп хабарлайды. Бұдан екі ел арасындағы жақсы қарым-қатынасты көруге болады.

1757 жылы күзде қазақ елшілігі Қытайда болды. Абылай Цин патшалығына тату ел болатындығын білдірумен бірге ел мұқтажын еске алып, сауда жасасуды талап етті. Бұл талабы қытайлар жағынан қолдау тапты. Сондай-ақ Абылайды хандыққа бекіткен жарлығын жіберді. Онда: «Өзің бұрын хан екенсің, патша хандығыңды бекітті, бұл артық емес. Егер өзің тілеген мансабың болса қағаз жолда, патша оны да бекітіп береді. Мұны өзің мәлімдеуің керек. Патша сендердің жайлы қоныстарыңды ойлайды. Алым-салық беру-бермеу еркі өздерінде. Егер елші жіберіп, патшаға сәлем берсеңдер, патша ерекше сый көрсетеді»², — делінді.

Цин империясының Жоңғар хандығын талқандауын және Абылайдың Маньчжур билеушілерімен байланыс орнатуын Ресей билеушілері қауіпті деп түсініп, қазақтарға жүргізіп отырған саясатын күшейтуді көздеді. Бұл уақытта Цин басқыншылығына байланысты Ресейдің бұл саясатының негізгі бағыттары едәуір анық белгіленді. Кейінірек Орынбор губерниясы Үй линиясындағы басқарушы полковник Роденге 1759 жылы 8 шілдедегі патша жарлығымен төмендегі нұсқауларды орындау жөнінде тапсырма берілді:

1. Орта Орда сұлтаны Абылайды және бүкіл Орта Орданы қытайларға бағынудан шеттетіп, өздеріне тәуелділікте ұстау.

2. Сібір бекіністері және басқа да орыс жерлеріне қытай және моңғол әскерінің ерекше ниеті ауған немесе дұшпандық шапқыншылық жүргізген жағдайда қазақ билеушілері мен халықты жинап, қытайларға қарсы тойтарыс беруге жұмылдыру.

¹ Государственный архив Омской области. Ф. Военно-походная канцелярия. оп. 1, д.8, СВ.4, л.8. *Р.Б.Сулейменова, В.А.Моисеев*. Из истории Казахстана XVIII века. Алма-Ата, 1988, С. 40.

² *Мұхаметханұлы Н.* Тарихи зерттеулер. Алматы, 1994, 67-б.

3. Қытай әскерінің жоңғарлардан жаулап алған қалалар мен ауылды мекендерге, қазақтарға жақын жерлерге бекінуіне, өз билігін ұлы татар жеріне дейін кеңейтуіне мүмкіндік бермей бақылау¹.

Ресей билеушілері Абылайға Ресейге қатысты адал бодандық қызметін көрсете отырып, қытайлықтармен қарым-қатынаста абай болуға кеңес береді².

Ресей үкіметі Кіші жүз қазақтарына қарсы біршама мықты бағыт ұстанды. 1757 жылы Нұралы ханның Тевкелевпен кездесуі кезінде маньчжур-қытай әскерлерінің қазақ жеріне шапқыншылығы, сондай-ақ Ресейдің әскери күшімен қақтығысуы мүмкін болатын жағдайға байланысты, орыстар тарапынан 30 мыңнан кем емес, ал кей жағдайда одан да көп әскер беретіндігі жөнінде уәде берілді³.

Бірақ 1757 жылы тамызда Шығыс Түркістандағы ұйғырлардың маньчжурлық қысымға қарсы күресу әрекеті басталуына байланысты Цин империясының қарулы отрядтары қазақ жерін тастап кетуге мәжбүр болды.

1758 жылы Абылай сенімді серігі Қабанбай батырды Үрімжіге жіберіп, Цин өкіметімен болған сауданы ресми түрде бастады. Цин өкіметінің қазақтармен саудасын басқарған Нусан Цин патша ордасына: «Қазақтың Қабанбайы 17 қыркүйек күні 300-ден аса жылқыны Үрімжіге айдап әкеліп, сауда жасады»⁴, — деп хабарлады. Кейін келе Цин өкіметі Іле, Тарбағатай өңірлеріне жәрмеңке ашып, қазақтармен болған сауданы кең көлемде өрістете түсті.

Ақыры Цин өкіметі 1767 жылы қазақтардың өздерінің ежелгі қоныстары Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтарын мәңгі қоныстанып қалуын мақұлдап, төмендегідей жарлық шығарды: «Сендер бізге тату көрші болған сырт елсіндер, бейбіт өмір сүрулерің керек. Сендер бізге көршілес халықтармен тату болуларың керек»⁵. Сөйтіп, бұл көшіп келген

¹ Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века. Алма-Ата, 1988, С. 85.

² Казахско-русские отношения в XVI—XVIII веках. Алма-Ата, 1961, С. 550-551.

³ Мұхаметханұлы Н. Тарихи зерттеулер. Алматы, 1994, 68-69 бб.

⁴ Русско-казахское отношения в XVI—XVIII веках. Алма-Ата, 1961, С. 555.

⁵ Сонда. 70-б.

қазақтар Цин өкіметінің мойындауына ие болды. Бұл — Абылайдың әлеуметтік әрекетінің келелі нәтижесі.

Ресеймен қарым-қатынаста Абылай бейбіт жағдайды ескеріп, өзі оның боданы екенін ресми түрде мойындағанымен, іс жүзінде тәуелсіздігін сақтады.

Ал патша өкіметі болса, Абылайды өз ықпалына көндіре алмағаннан кейін, енді қазақ жерін отарлаудың басқа жолдарын қарастырады. Оның бірі — қазақ жерінің шекарасына қалашықтар, бекіністер салу, оларды келімсектер мен казактарға толықтыру еді.

«Өлкені отарлауда екі нәрсені анықтауға болады: мұнда еркін отаршылдардың пайда болуы және солардың ізімен үкімет жасақтарының жылжуы. Еркін отарлау ауыр тұрмыстың тауқыметіне шыдай алмай, қашқын сектанттардың және түрлі бұзақылардың келуіне байланысты болды. Олар, әсіресе қазақ жерінің солтүстік шығысы мен оңтүстік Оралға әбден бауыр басып алды. XV, XVII, XVIII ғасырларда мұнда осындай мыңдаған адамдар жиналды. «Жер көру» туралы ой осында туындап, ішке, «беймағұлым елге» тереңдей ену қозғалысы басталды¹.

Деректер мен айғақтар

1-құжат. ОТАРЛАУ ТАРИХЫ. М.ТЕВКЕЛЕВТИҢ СЫРТҚЫ ІСТЕР АЛҚАСЫНА ЖАЗҒАН ХАБАРЛАМАСЫ

1732 жылғы 5 қаңтар (қысқартып беріп отырмыз)

Былырғы 1731 жылғы 2 қазан күні хан Әбілқайыр мені Ырғыз өзені маңынан қарсы алу үшін игі жақсыларына бас етіп өзінің ұлы Нұралы сұлтанды жіберіпті, сөйтіп, мен пақыр қазан айының 6-күні шаңқай түсте, сағат тілі екіге қарай кеткенде, Маңтөбе қойнауындағы Әбілқайыр ханның ордасына келіп жеттім, ал менің өзімді хан Әбілқайырдың киіз үйіне 2 шақырымдай жерден күтіп алысты. Сол күні түнде хан Әбілқайыр астыртын кісі жіберіп: «Не өзі жасырын келіп-кетсін, болмаса, ретін тауып өзім жолығармын», — деп сәлем айтыпты, өйткені Әбілқайыр ханды менімен кезіктірмеу үшін қырғыз-қазақ билері мен игі жақсылары жансыздарын күзетке қойыпты, оның үйінің де, менің үйімнің де маңындағы қаптап жүрген адамдар мені ханға, ханды маған жібермейді, бүгінде мен сіздерге поштаға қолбасшы етіп жіберген башқұрт Қыдырияс Моллақаев хан мен біздің екеуміздің арамызда арылы-берілі астыртын жүріп тұрды. Таң атқанша қалайда менімен

¹ Мұқанов М. Қазақ жерінің тарихы. Алматы, 1994, 9-б.

кезигу үшін хан барын салып бақты, бірақ ханның менің үйіме келерлік ешқандай мүмкіндігі болмады, сондықтан әлгі башқұрт Қыдырияс арқылы: «Қарапайым өзге біреу болып, үстіне жаман-жәутік киім киіп келсін», — деп пәрмен қылыпты, ал егер бүгінгі түнде кездесе алмасақ, сөйтіп, сөз байласып алмасақ, онда біздің екеуімізге де талай қиындықтар кезігеді-мыс. Сондықтан бір Құдайға сиынып, ұлы мәртебелі императрицаның сәттілігінен үміттеніп, мен оған, яки ханға жасырынып баруға бел байладым. Қырғыз-қайсақтың жаман-жәутік киімін киіп, башқұрт Қыдырияспен бірге түн жамылып, айдалада ханмен кезіктім, онымен ұзақ сөйлестім, есен-саулық сияқты әжік-күжік әңгімеден кейін ол, яки Әбілқайыр хан, маған: «Мен күллі Ресей елінің ұлы мәртебелі хәм шарапатты императрица ағзамының императорлығына бодан болуға хандар мен сұлтандардың және аты шулы билердің келісімінсіз ықтиярлы болған едім», — деп мәлімдеді. Мен Әбілқайыр ханның бұл сөзіне орай: «Өзге хандар мен сұлтандардың және әйгілі билердің келісімінсіз сен, өзің соқа басың бұл іске неге бардың, мұның өзі өзіңе қырсық болып тимей ме және бұлай етуіңнің себебі не?» — деп сауал қойдым. Бұған Әбілқайыр хан мынадай жауап қайырды: «Өзгелердің келісімінсіз бүкілресейлік бодандықта болғым келген себебімді айтып, өзіңнің алдында, Құдай алдында ағымнан жарылып отырмын. Біріншіден, баяғы заманнан бері оның ата-бабасы және оның өзі, яки Әбілқайыр хан Ташкент, Түркістан, Сайрам қалаларын, олардың қарамағындағы ауылдарды, қырғыз-қазақтарды билеп келіпті, бірақ оның, Әбілқайыр ханның, қонтайшымен ұзақ жылдар бойына соғысуына тура келген, әйтсе де оны жеңе алмаған, ол амалсыздан жоғарыда аты аталған қалаларды тастап, қырға, көшпелі халықтарға — қырғыз-қазақтарға қоныс аударған, содан кейін де ұзақ жылдар бойы қонтайшымен соғысын тоқтатпаған. Еділ қалмақтарымен, хәм Орал башқұрттарымен, хәм Бұқарамен, хәм Хиуамен соғысып, көңілі көншімеген, төрт құбыласы түгелдей мұның, яки Әбілқайыр ханның жауына айналған, соның салдарынан ол қалаларын қонтайшыдан құтқарып ала алмаған. Алайда бұл күнде Бұхариямен бітісіпті-мыс, ал Хиуада оның немере ағасы Елбас хан тағына отырыпты-мыс, ендігі қалған жаулары Еділ қалмақтары мен башқұрттар көрінеді, ал қалмақтармен бітісуі де оңай, соғысуы да оңай, бұлардың бітмінде бәтуа жоқ екен, сондай-ақ башқұрттар да ұлы мәртебелі императрицаның дәрменінсіз біткісі келмейді. Міне, сондықтан да ол, яки Әбілқайыр хан, ұлы мәртебелі императрицаға өзінің елшілерін жіберіп, Еділ қалмақтарымен, хәм башқұрттармен бейбіт болуға құзырлық жасауын, ал қонтайшыдан кек алуына ерікті болуын қалайды.

Екіншіден, Аюке хан да, сондай-ақ башқұрттар да өздерінің жауларын жеңе алмай қалғанда ұлы мәртебелі императрицаның құзырында болатындығы белгілі-мыс. Міне, сол сияқты ол, яки хан Әбілқайыр да ұлы мәртебелі императрицаның құзырымен қорғануды қалайды-мыс, егер қалмақтар мен башқұрттар өзара бітімге келіп, тату тұрса, ол қонтайшыдан кегімді қайтарамын деп үміттенеді.

Бұған дейін Әбілқайыр хан басқа хандар арасында үлкен құрметке ие болып келген екен, енді бүкілресейлік бодандықты жалғыз өзі сұрағаны үшін оған, яки Әбілқайыр ханға басқалардың қабағы қату, көптеген әңгіме-дүкеннен кейін мен де хан Әбілқайырдың шынайы етіні

анық аңғардым, оның өзі де өзгелердің келісімінсіз неліктен бүкілресейлік бодандықта болғысы келуінің сырын ашып берді: біріншіден, олардың хандарының билігі әлсіз, екіншіден, оларға хандық атадан мұраға қалмаған, ал ол, яки Әбілқайыр хан: «Ұлы мәртебелі императрицаның қамқорлығы арқасында билігі өктем хан болсам, һәм хандық атадан балаға мирас болса, сондай-ақ өз қалмақтарына не істесе де өз еркі, Аюке хан сияқты еркін болсам», — деп үміттенеді...

Тәржімашы Мәмет Тевкелев,

Арал теңізінен. (Красный архив, 1936, №5/78, 196—205-бб.

// Ақиқат. 1993. №2, 52—63-бб.)

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ЕЛШІЛІК ҚЫЗМЕТІ ХАҚЫНДА

Қазақтың жүз жасаған (1665—1765 жж.) кемеңгер биі Қазыбек Орта жүздің арғын тайпасының қаракесек руынан шыққан. Шежіре деректері бойынша қаракесек руы арғын ішіндегі бес Мейрам бірлестігіне жатады.

Аңыз-өңгіме бойынша Мейрам үйленгенде оның қалыңдығы Нұрфаяны жесір жеңгесі ертіп келеді, ал қалыңдықтың қызметшісі есебінде тұтқында жүрген қалмақ қызы Қарқабат бірге келеді. Өртүрлі жағдайларға байланысты Нұрфаяның жеңгесі еліне қайта алмай қалады да, ақылды Нұрфая «ағамның төсі тиген тату жеңгем еді, енді мұны тоқалдыққа өзің ал» деп күйеуі Мейрамға қосады. Сол заманның дәстүрі бойынша қалыңдыққа ере келген күнге үй иесінің бұдан былай иелік ету құқы болған.

Оны сатуға да, қалыңмал немесе жасау құрамына қосып жіберуге де ерікті болған, тіпті өлтіріп жіберсе де оның иесінің қолын ешкім қақпайтын. Көпшілік жағдайда бала табу мүмкіндігі бар, жас, әсіресе көрікті күндермен оның мырзасы (иесі) алғашқыда көңілділік дәрежесінде қатынаста болып, бала туғаннан соң некесін қиып, тоқалдыққа алатын да, алдына мал салып, басына үй тігіп өзінің бір үйі есебінде заңдастыратын болған. Мұндай дәстүрді Мейрам мен Қарқабат та бұзбай заңды ерлі-зайыптылық тұрмыс құрған. Сөйтіп, тез арада Мейрам үш әйелді болып шыға келеді.

Мейрамның бәйбішесі Нұрфаядан — Қуандық, Сүйіндік туады да, бірінші тоқалынан — Бегендік, Шегендік туады, ал екінші күн тоқалы Қарқабаттан Болатқожа жалғыз туады. Міне, осы үш әйелден туған Мейрамның бес баласының ұрпақтары «Бес Мейрам» атанған.

Мейрамның бірінші тоқалы ерте өліп, одан туған Бегендік, Шегендіктер Нұрфая бәйбішенің тәрбиесінде болып, Қуандық, Сүйіндіктермен бірге бәйбіше балалары есебінде өседі. Қалмақ қызы Қарқабаттан жалғыз туған Болатқожа алдындағы төрт ағаларымен онша татулықта болмағанға ұқсайды. Оған дәлел ел аузындағы аңыз әңгімелерге қарағанда «сендер төртеу болсаңдар, мен де төртеу болам», деп өзінің Ақша, Қапас атты балаларына Жалықпас, Қамбар атты жетім балаларды қосып, ағаларының ырқына көнбеген. Тіпті Болатқожа бала кезінен бастап ағаларына кесек атып, маңына жуытпайтын қайсарлығына байланысты қаракесек атанып кеткен деседі. Оның қыруар ұрпағы түгелдей Қаракесек атанғанда, анасы Қарқабаттың аты бүкіл қаракесек руының ұранына айналған. Шежіре деректері бойынша Қаракесектен Ақша, Қапас (Танас); Ақшадан Майқы, Бошан; Бошаннан алты ағайынды Таз; Таздан бес ағайынды Бұлбұл; Бұлбұлдан бес ағайынды Шаншар абыз; Шаншардан сегіз ағайынды Келдібек батыр; Келдібектен сегіз ағайынды Қаз дауысты Қазыбек би; Қазыбектен бес ағайынды Бекболат би; Бекболаттан Тіленші би жалғыз; Тіленшіден екі ағайынды Алшынбай би; Алшынбайдан үш ағайынды Бөпи; Бөпіден барша қазаққа белгілі әнші, ақын және сазгер, еркіндікті, әділеттілікті аңсаған азамат Мәди жалғыз туады...

Қаракесек — өскен ел. Оның тарихы сан ғасырларға созылады. Олай болса, бұл руда еліне еңбек еткен сан батырлар, шешен билер, ақылды даналар болған. Бірақ бұрын-соңды қаракесек руынан шыққан атақты адамдардың ішінде Қазыбектен асқаны болмаған деседі. Ол жастайынан өзінің тапқырлығымен, әділдігімен, шешендігімен көзге түсіп, Қаздауысты Қазыбек би атанған кемеңгер адам болған. Ол өз Тәуке хан заманында тек қаракесек руына ғана емес, бүкіл Орта жүз жұртшылығына билігін жүргізіп, ел басқарған.

Үйсін Төле би, әлім Әйтеке билермен бірге Тәуке ханның заңдар жинағы — «Жеті Жарғысын» құрастыруға Қаздауысты Қазыбек би де белсене араласқан. Тәуке хан өлгеннен кейін басталған Жоңғар хандығының алапат шабуылына қарсы қазақ елінің азаттық күресін ұйымдастырушылардың бірі болған. Тәукеден кейінгі Орта жүздің Сәмеке, Әбілмәмбет және Абылай сияқты хандарының кезінде олардың кеңесшісі ретінде, көбінесе елшілік тапсырмаларын орындаумен болды. XVIII ғасырдың 40-жылдарында

Абылайды қалмақ тұтқынынан құтқару ісіне де белсене араласып, ықпалын тигізген.

Қаздауысты Қазыбек би жүз жасаған адам. Сондықтан ол Тәуке, Сәмеке, Әбілмәмбет және Абылай хандардың заманында олардың ішкі-сыртқы саясатына белсене араласып, өзінің ақылдылығымен, шешендігімен, қара қылды қақ жарған әділдігімен, мейлінше парасаттылығымен әрдайым, әр іске өзінің шарапатын тигізіп отырған. Ол өзінің ұзақ ғұмырында Орта жүз қазақтарын басқарып, оларды уысынан шығармаған. Артында өшпес өнеге, қыруар шешендік сөздер қалдырған.

Ел аузындағы аңыз-өңгіме бойынша Қазыбек би өлетін жылы күзде Өлеңті—Шідерті жақтағы жайлаудан қайтып келе жатып, өз қыстауына жетпей: «Мен сүйегімді Сүйіндік атамның баласына ұстатам», — деп Сүйіндік руының қыстауында, Баян өңіріндегі Далба тауының сілеміндегі Мұрынтал деген жерде қыстап қалып, сол арада қайтыс болған. Мұрынталда Қазыбекті аманат қойған Сөретасы болған көрінеді. Жаз шыға Қазыбек бидің денесін Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи ғимаратына апарып жерлеген...

...Шешендік өнер Қазыбек бидің қоғамдық-саяси қызметіндегі қуатты құралы ғана болатын. Тура осы ойды Қазыбектің Төле би, Әйтеке би сияқты басқа да белгілі замандастарының өмір жолына байланысты айтуға болады. Олардың күресте өткен өмірінен хабар беретін тарихи деректер мәселеге осы тұрғыдан қарауға итермелейді.

Орынбор облыстық мұрағатындағы губерниялық кеңсе қорында сақталып, біздің заманымызға жеткен Қазыбек бидің Орынбор генерал-губернаторы И.И.Неплюевке жолдаған екі хаты бұл пікірді растай түседі.

Орынбор облыстық мұрағаты. 3-қор, 1-тізбе, 8-іс,
112, 112 об, 113, 113 об, 114, 114 об-бб.

Деректер мен айғақтар

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОР И. И. НЕПЛЮЕВКЕ ЖАЗҒАН ХАТТАРЫ

БІРІНШІ ХАТ

«Иана биз Казубек биден инаралға суз будур: иети хан, куп түре, иурут бару бизларның уштумизға килалар. Сузлашамиз, кингаш қиламиз тиб айталар. Имри бу Дуқан батурға илчи кошуб илдам кайтаруб ибаргайсыз. Ол ханларның, тураларның, иурутның... кингашин,

сузларин сиз инаралға Дукан қолуна хат беруб хизматунизға биз ибарурмиз. Бу Дукан батур падишаһ хизматун қиламыз тиб ики чуға чипкан бирмак болуп, ики аталыб минди. Иана игрми табақ қағаз биргайсиз.

Иана биз қаракисек Қазубек биден салам. Орунбор башлығы инаралға сузумиз будур: бизга бир қара түлки ибаргайсиз. Дукан батур қолуна беруп ибаргайсиз. Иана бу Дукан батурға душманлар иаманлиқ кунлу бардур. Инарал бу Дукан батурның сақлардай ғақл табғайзис Аниң учун падишаһның сузларин. Дукан батур яғшы айтадур. Кашлар сузин бу Дукан батур яғшы айтадур. Аниң учин бу Дукан батурның башын душманлардин сақлағудай бир яғшы ғақл табғайсыз»¹.

Қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы:

«Және біз, Қазыбек биден, генералға сөз бұл: жеті хан, көп төре, жұрт болып біздің үстімізге келмек. Пікір алысып, кеңес құрмақ. Енді мына Төкен батырға елші қосып, тезірек қайтарып жібергейсіз. Хан, төре, жұрттың айтқан пікірін, жасаған шешімін Сізге, генералға, Төкен батырдан хат арқылы жеткізерміз.

Бұл Төкен батыр патшаға қызмет етемін деп екі шұға шекпен бермек болып, екі ат алып мінді. Одан жиырма табақ қағаз беріп жібергейсіз.

Және біз, қаракесек Қазыбек биден, сәлем. Орынбор бастығы генералға сөзіміз бұл: бізге бір қара түлкі жібергейсіз. Төкен батырдың қолына беріп жібергейсіз. Және бұл Төкен батырға душпандардың жамандық көңілі бар-дүр. Өйткені Төкен батыр патша сөзін бізге, біздің сөзімізді сіздерге жақсы жеткізіп жүр. Сондықтан да генерал, Төкен батырдың басын аман сақтардай бір жақсы амал тапқайсыз».

ЕКІНШІ ХАТ

«Биз қаракесек Қазубек би улуғ падишаһға баш... Иана Орунбор линия мен текст қосылып кеткен будур:

Бизлар падишаһның хизматиндамыз. Падишаһның душманина душманмыз, дустина дустимиз. Бизларның бурунги антимиз антдур, сузумиз бирдур.

Иана сиз инаралның билтур Дукан батурға, берип ибарған хатуңиз бирла сиуңыз қолумизға килуб тиди. Бизлар яғшы күш курдук.

Бизлар бу заманда ишутамиз, жонгар қалмақ Қалдан Чирин хан падишаһ иуртуна иаманлик қиладур тиб. Узуумиз куз бирла курганмиз иукдур.

Иана... лау Ғабдулкарим бек игрми сан к... Ташкент қала устуна қилди.

Қалдан хан қалмақ иурту бирла уруш қилди тиб иатадур. Андан башқа узгариш ишутмаймиз. Һар иурутлардан ишутсақ сизларға хабар қилармыз. Хатни Дукан батурға бирдук².

¹ Орынбор облыстық мұрағаты. 3-қор, 1-тізбе, 8-іс, 112-б.

² Бұл да сонда, 113-б.

Қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы:

«Біз, қаракесек Қазыбек би, ұлы патшаға бас (идік). Және Орынбор бастығы генералға сәлем сөзіміз бұл:

Біз патшаның қызметіндеміз. Патшаның дұшпанына дұшпан, досына доспыз. Біздің бұрынғы антымыз ант, сөзіміз бір.

Және Сіз (дің), генералдың, былтыр Төкен батырдан беріп жіберген хатыңыз бен сыйлығыңыз қолымызға келіп тиді. Біз жақсы, хош көрдік».

(Хатты баспаға әзірлеген, түсініктерін жазған — тарих ғылымының кандидаты, доцент **Мәмбет Қойгелдиев**)

Өткеннен жеткен куәлік құжаттарды талдап түсінудің өз ерекшеліктері бар. Солардың бірі әрбір құжат тек сол тарихи кезеңнің және ортаның қоғамдық және рухани болмысының құрамды бөлігі ретінде, яғни солармен тығыз байланыста қаралуға тиіс. Өйткені Гегель дәл басып көрсеткендей, әрбір тарихи дәуірдің өз бітім-болмысы бар, демек, оның уақыт және өмір, еркіндік пен әділеттілік туралы өз ұғым-түсінігі болуы заңды. Осыны есепке алып тарихи құжатты тура мағынасында түсінбей, тіптен оған бүгінгі түсінік, өлшемдерімізбен ғана қарасақ қате тұжырымдарға ұрынуымыз ықтимал. Біз әңгіме етіп отырған Қазыбек бидің екі хаты да осындай талап тұрғысынан талдауды қажет ететін құжаттар.

Сарғыш тартқан жай қағазға араб қарпімен жазылған хаттар сол кездегі Орынбор кеңсесінде қалыптасқан тәртіп бойынша орысшаға аударылған. Екі хаттың алғашқысын орыс тіліне аударған Емағұл (мүмкін Смағұл — *М.Қ.*) Гуляев. Ал екіншісінің соңында аудармашының аты-жөні жоқ, тек «перевел переводчик» деп қана қойылған. Жазу мәнеріне қарағанда екеуін де бір адам аударғаны байқалады. Орысша мәтіндердің сапасы аудармашының қазақ тілін жетік білгендігін көрсетеді.

Реті бойынша папкаға бірінші тігіліп, бетінің жоғарғы шетіне «112», «112 об» деген нөмірлер қойылған бірінші хаттың орысша аудармасы «От него же, Казбек бия» деген сөйлемнен басталады. Хаттың Орынбор кеңсесіне жеткен уақыты туралы ешқандай белгі жоқ. Тек екінші хаттың мәтіні арқылы оның соңғысынан шамамен бір жыл бұрын жазылғандығын ажыратуға болады.

Екінші хаттың бетіне «113 об» деген рет нөмірі қойылып, одан төмен хатқа мынадай қысқаша түсінік берілген: «Перевод с татарского письма, которое прислано от Казыбек

бия, полученного от Тюкены Балтачева июня 13 дня 1745 году в Оренбурге. В нем же по переводу значит ниже сего»¹.

1745 жылы қазақ қоғамы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламанын» (1723) зардабынан біржола арыла қойған жоқ еді. Жау әлі де қуатты, ал елде саяси тұтастық жоқ, оның үстіне Жетісудан Ташкентке дейінгі аралық Жоңғар хандығына қарайтын. Міне, осындай ішкі және сыртқы ауыр жағдайда Ресей өкімет орындарымен саяси байланыстың мәні үлкен болды. Сол кезеңге тән мұрағаттық материалдар қазақ хандары мен сұлтандарының, Төле, Қазыбек сияқты билердің, Бөгенбай, Қабанбай, Малайсары сияқты батырлардың орыс әкімшілігімен қатынаста белсенділік танытып, тұрақты байланыста болуға тырысқандығын көрсетеді.

Қазыбек бидің Орынбор өкімшілігіне жолдаған екі хатыда елдің саяси өміріне тікелей қатысты, келелі мәселерге байланысты жазылған. Бірінші хатта, Қазыбек би Орынборға елде өткелі жатқан жиын туралы хабар береді. Сондай-ақ бұл қатардағы жиын емес, жеті хан, сұлтан, төре және басқа ел билеушілер бас қосып, толғағы жеткен ішкі және сыртқы саяси жағдайларды талдауға, сол бойынша тиесілі шешім қабылдауға шақырылған үлкен кеңес. Біздің түсінігімізше бидің бұл оқиға туралы Орынборға хабар берудегі түпкі мақсаты орыс әкімшілігіне елдегі болып жатқан іргелі жаңалықтарды, соңынан кеңестің негізгі шешімдері туралы баяндап қана қоймай, сол арқылы, мүмкін болса, жоңғар шапқыншылығына қарсы Ресейдің қолдауын алу. Хатта: «Төкен батырға елші қосып қайтарыңыз» деуі соны аңғартса керек.

Сонымен бірге би Орынбормен екі арадағы жылы қатынасты жаратпайтындардың бар екенін ескертіп, генералдан қызметте жүрген Төкен (*Дүкен болуы да мүмкін, хаттың түпнұсқасында «Дукан» деп жазылған — М. Қ.*) батырдың қауіпсіздігін қамтамасыз етерлік шара қолдануын өтінеді. Хаттың тілі сол тарихи кезеңге дейін қолжазба еңбектерде, іс қағаздарында қолданылып келген ортағасырлық түркі жазба тіліне жақын. Бұл жағдай XVIII ғасырдағы қазақ қоғамында ортағасырлық жазба мәдениетінің одан әрі өз

¹ Орынбор облыстық мұрағаты, 3-қор, 1-тізбе, 8-іс, 113—113 об.-б.

жалғасын тапқандығының көрінісі. Бидің Орынбор кеңсесінен (канцелярия) жиырма табақ қағаз сұрауы да соны айғақтай түседі.

Оқырманның өткеннен жатқан бағалы деректік материалдармен түпнұсқа арқылы танысуды қалайтындығын ескере отырып, алдымен хаттың мәтінін өзгеріссіз күйінде беріп, соңынан қазіргі қазақ тіліне аударылған нұсқасын келтіруді жөн көрдік.

1745 жылы жазылған екінші хат, қазақ-жоңғар қатынасының тағы да ширыға түсуіне байланысты елдің күпті көңілінен хабар бергендей. Қысқаша айтқанда, жағдай мынадай еді. 1744 жылдың күзінде Ташкент Қалдан Серен билігінен Орта Азиялық Абдулкарим бектің қолына өтеді¹. Оның үстіне 1744—1745 жылдардың аралығында Ұлы жүздің Қойгелді, Тоқсанбай, Мәлік, Кетен сияқты батырбилері бастаған көтерілісшілер Қалдан Сереннің Шымкент жанында орда тіккен өкілі Баршаханды, оның көмекшісі Саңғалды өлтіреді. Қазақстандағы іргесі пайқала бастаған билігін қалпына келтіру мақсатында Қалдан Серен қанды жорыққа даярлана бастайды. Бұл жағдай қазақ қоғамында үлкен қобалжу туғызып, белгілі дәрежеде билеуші топтарды Ресеймен арадағы достық қатынасты нығайта түсуге итермелейді.

Сонымен бірге бұл кезең өз кезегінде Ресей мен Жоңғар хандығы арасындағы аумақтық даудың жалғаса түскен, оған қосымша ойрат қолдарының батыс Сібірдегі орыс бекіністеріне ауық-ауық жасап отырған шабуылдарының нәтижесінде екі мемлекеттің арасында қырғиқабақ қатынастардың орын алған кезі еді. Қазыбек бидің хатында осы айтылған саяси жағдайдың қысқа болғанымен, айтарлықтай анық көрініс тапқандығын аңғару қиын емес.

Хаттың негізгі өзекті тақырыбы Қазақстанның оңтүстігіндегі саяси жағдай, соған байланысты қазақ қоғамы мен Ресейдің арақатынасы. Хатта ірі саяси қайраткердің екі елдің арақатынасына байланысты ұстанған позициясында екі жақтылық жоқ, қайта ол өзара қатынастың маңызын және болашағын терең түсінген, мемлекетаралық дипломатиялық байланыстың сырларынан хабардар тәжірибелі адамның сыңайын танытады.

¹ Орынбор облыстық мұрағаты, 3-қор, 1-тізбе, 8-іс, 38-б.

Бұл арада арнайы сөз етуге лайық бір жай бар. Ол — Қа-зыбек бидің қоғамдық қызметін тереңірек түсінуге көмек-тесетін, өте сирек кездесетін бұл құжаттың халық арасында сақталып келген деректік материалдардан алшақ емес, қайта олардың бірін-бірі өте орынды толықтыра түсетіндігі. Мәсе-лен, халық арасында ауызекі және жазба түрінде сақталып келген деректер Қазыбек бидің қазақ-жоңғар қатынасында да белсенді рөл атқарып, жоңғар хандығына елшілік сапар-мен барып қайтқандығын айтады.

Біз қарастырып отырған және одан бұрынғы тарихи кезеңдерде қазақ қоғамында елшілік қызметі, негізінен, билердің үлесіне тиген. Қазанғап ақынның «Төле бидің тарихы» атты жырында аса маңызды дерек бар. Онда бір қақтығыстан кейін тұтқын дауымен қалмаққа елші жіберу қажеттігі туады. Бұл сапарға кім аттанады дегенде: хан тағы жанында Билер кеңесін құрған үш бидің үшеуі де ыңғай білдіреді. Сонда біреу Қазыбек биге: «Айтыңызшы, арғымақтың басы күшті ме, белі күшті ме, жоқ құйрығы күшті ме?» — деп сұраумен қайырылғанда, жас жағынан үлкен Төле би: «Шырағым Қазыбек, жол бастауға аттың омырауы күшті, бірақ белі қызметті көп істейді, рұқсат сізге»¹, — деп жол береді. Қасына Қожабақтың ұлдары Қылыш пен Балта батырларды ертіп барған бұл сапарында, ол тұтқын дауына байланысты көп іс тындырып қайтады. Ол туралы жырда: «Қазыбек енді еліне жөнеледі, жиып ап жетім-жесір не ерлерді. Сіздер де жоғыңды ал деп, ертіп келіп, қалмақтың жоғын тауып бұл да берді», — делінеді. Қазабектің шешендік өнері қалмақ ханына үлкен әсер еткен.

Қас батырды көргенде жау көңіліне қызғаныш ұялаған. Осы сапарда қалмақтар бидің жанындағы сіркелінің батыр-лары Қылыш пен Балтаның үзеңгісіне у жағып жіберіп, елге келген соң Қылыш өліп, Балта аман қалады. Қазанғап ақын арқылы бізге жеткен Әбдірейім шежіресі бойынша Тәшкенге таяу маңда Қылыштың қыры, Балтаның көлі деген жер аттары болған. Қазабектің өзін де жырда арагідік Ер Қаза-бек атайды. Бидің ер атануы осындай қауіпті сапарға бай-ланысты екендігі анық.

Халел Арғынбаев,

тарих ғылымының докторы, профессор

//Қазақ тарихы. 1993. № 2.

¹ Қазанғап Байболұлы. Төле би. Алматы, 1991, 217-б.

КЕНЕСАРЫ БАСТАҒАН ҚАЗАҚТАРДЫҢ АЗАТТЫҚ СОҒЫСТАРЫ

Қазақтардың көтерілісін ежелгі дала дәстүрі бойынша ақсүйек өкілі, атақты Абылай ханның кіші ұлы Қасым сұлтан бастады. Қасым өулетінің қақ ортасына Ресей патшалығының Көкшетау бекінісін салуы, оның ұлдары: Саржан, Есенгелді, Ағатай, Бөпи, Күрлік, Кенесары, Наурызбайларды өре түрегелтті. Қасым сұлтан 1824 жылы 17 қыркүйекте Сібір генерал-губернаторы Капцевичке жазған хатында, Ресеймен шекараны бұзбау жөнінде әкесі Абылай ханмен келісетіндігін және қазақтардың бұл келісімді заңсыз мансұқ еткенін айта келіп, бұдан былай ешбір соғыстан тартынбайтындығын, аяусыз күреске дайын екендігін¹ мәлімдеді.

Қасым 1825 жылы 24 маусымда Орынбор әскери губернаторына Көкшетау округтік приказын жабу туралы өтініш білдіріп, өзінің императорға қарсы шықпайтындығын, екі жаққа да пайдалы іс атқару үшін даяр екендігін айтып, халықтың өз дәстүрі бойынша өмір сүруіне рұқсат сұрады. Алайда 1825 жылы 9 қазандағы Кеңесінде Омбы облыстық басқармасы Қасым Абылайхановтың өтініші ешбір құрметке лайық емес деп тауып, істі аяқсыз қалдырады².

...Кенесары ханның патша үкіметімен барлық талас мәселелерді бейбіт жолмен, келіссөзбен шешуге тырысқан қайраткер болғанына көз жеткіземіз. Кенесарының тартыстан бас тартып, арадағы қайшылықтарды шынайы дипломатиялық жолмен шешуге ынтық болғанын бірқатар деректер дәлелдейді. 1838 жылы желтоқсан айында Үшбұлақ округтік приказы маңайында Кенесары Қасымовтың Батыс Сібір генерал-губернаторы, князь Горчаковқа, одан әрі I Николай патшаға арналған хаттарды тапсыру үшін жіберген бес өкілі қамауға алынып, Омбыға жіберілді. Олар — Ақмола, Баянауыл округтерінде көтеріліске белсене қатысқан, Кенесарының сеніміне ие болған Табылды Тохтин, Жүніс Жанкүшіков, Малберді Қонысбаев, Қасымбай Қазанғапов, Тайтоқ Дененовтар³, еді. Оларды Ресей жағы келіссөзге бармай түрмеге отырғызады.

¹ Казахско-русские отношения в XVIII—XIX вв. А., 1964, С. 17—19.

² Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1, Алма-Ата, 1960, С. 137—141.

³ //Қазақстан коммунисті. 1991. №3, 70-б.

Император Николайға жолдаған хатында: «Бұрынғы бүкіл қазақ даласының иесі Абылай ханның ұрпағы Кенесары Қасымовтан», ал Батыс Сібір генерал-губернаторына арналған хатында: «Хан Абылайдың ұрпағы Кенесары Қасымовтан» делінген. «Сіздің ата-бабаларыңыз бен менің атам Абылай ханның кезінде біздің халқымыз тыныштықта өмір сүрді... енді бізден алым-салық жинай бастады. Бұрынғы бейбіт келісім бұзылды.

Марқұм атамның жерінде құрылған сегіз диван (округ) халқымыз үшін өте қолайсыз. Сізден сұрайтыным, округтік дивандарды жойсаңыз халық бақытты өмір сүрер еді». Князь Горчаковқа жолдаған хатта, патша шенеуніктерінің қазақ даласындағы озбырлықтары тарамдалып, тереңдетіліп тізбектелінген¹.

Патша өкіметінің уәкілдеріне жазған хатында Кенесары Қасымов қазақ жеріне бекіністер салуға қатты наразылық білдіреді. Сондай хаттарының бірінде ол былай деп жазады: «Біздің ата-бабамыз бізге мұра қылып тастап кеткен Есіл, Нұра, Ақтау, Ортау, Қарқаралы, Қазылық, Жарқайың, Обан, Тобыл, Құсмұрын, Орқияк, Тоғызак төңірегі және Жайыққа дейінгі жерлер қазіргі патша тұсында бізден тартып алынып, оларға бекіністер салынды. Енді біздің жерімізді күн сайын басып алып, оған бекіністер орнатып жатыр, сөйтіп, халықты ашындырып отыр. Бұл біздің болашағымызға ғана емес, қазіргі тіршілігімізге де үлкен қауіп туғызып отыр...».

Өзінің тағы бір хатында Кенесары патша өкіметі орындарына былай деп жазады: «1825 жылдан 1840 жылға дейін олар (жазалаушы отрядтар) біздің аулымызды он бес рет шауып кетті. Сондықтан біздер, қазақтар, мұндай қысымға және кісі өлтірушілікке шыдай алмай, лажсыздан басымыздың ауған жағына көшіп кетіп жүрдік. Бірақ олар, сөйтсек те бізге тыныштық бермеді... Сондықтан да мен Кенесары Қасымов қаруланып алып, күресті бастауға аттандым»². (*4-құжатты қараңдар*.)

Жазалаушы топтардың қорқытып, үркіткеніне қарамастан, Кенесары бастаған 1837—1847 жылдардағы азаттық қозғалысқа Орта жүздің би, батыр, сұлтандарының басым

¹ //Қазақстан коммунисті. 1991. №3, 75-б.

² Вестник Европы. Бунт Кенесары Қасымова, ен. VIII, серия Н. 1870, С. 550.

бөлігі қатысты. 1839 жылы Сібір казактарының шекаралық комиссиясының құжаттарында Кенесарыны қолдаушылар тізімінде Көкшетау округінің белді ақсүйектері: сұлтандар — Ниген, Қанқожа Уәлиевтер, ханша Айғаным Уәлиева және Тани Тортаевтар бар еді. Сонымен қатар осы тізімде Кенесарыны қолдаған басқа да 15 облыстық, ауылдық старшындар көрсетілген¹.

Кенесары көтерілісін үш жүздің аты аңызға айналып кеткен батырлары ғана емес, бірқатар рулары да мейлінше қолдады. Көтерілістің басты ошағынан шалғайда орналасқан — Кіші жүз. Солай бола тұрса да, байбақты, шекті, бағаналы, тама, табын, шөмекей және басқа да батыс Қазақстандағы рулар көтерілісшілерді табанды қолдады.

Қорыта келгенде, Кенесары хан қазақ халқының саяси тәуелсіздігін және қазақ хандығының аумақтық тұтастығын сақтап қалғысы келді. Осы жолда туған халқының тәуелсіздігі үшін 1847 жылы қаза тапты.

Сырым батыр, Махамбет, Исатай және Кенесарылардың қарулы жасақтары жүргізген күрестер бір-біріне ұласып, қазақтардың Ресейге қарсы азаттық соғысына айналды. Бұл соғыс, ара-арасындағы үзілістерді қоса есептегенде, 1773 жылдан 1847 жылға дейінгі аралықта, яғни 74 жылға созылды.

//Қазақстан коммунисі. 1991. №3.

Деректер мен айғақтар

4-құжат. КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ ХАТТАРЫ ОРЫНБОР ҒАСКЕРИ-ГУБЕРНАТОРЫ ГЕНЕРАЛ-АДЬЮТАНТ ПЕРОВСКИЙ ХАЗІРЕТЛЕРІНЕ БІЗДІҢ, КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМОҒЛЫНАН ҒАРЫЗНАМЕ

1841 жылында Қаратай сұлтаннан ғарыз қылып уә мұнша Сібір линиясы тұсында әр төренің қылған істерін мағлұм қылдық. 1838 жылда Сібір линиясының төрелері білен қажет болып (қатар) қондық. Сүйіндік баласын айдап шығарып едім, одан соң атығай, қарауылды шығарып едім. Сол елбілен Ғұбайдолла хан Уәлиоглыны ұстап алып келіп едік. Одан тілек қылып, үйге қайтарып жібердік. Оны Көкшетау диуаны мекемесінің бастықтары өсек қылып, яғни жала қылып, Кенесары сұлтан білен ақыл қосты деп ссылқаға, яғни каторжнойға жіберген екен.

¹ Сүлейменов Р., Қасымбаев Ж. «Кенесары көтерілісі: көне шындыққа жаңа көзқарас» //Қазақстан коммунисі. 1991. №3, 68-69-бб.

Ғубайдолла хан Уәлиоғлы маған, бізге ақыл қосқан жоқ. Біздің ұстап зорлығымызбен келді. Одан соңғы айдаған елімізні Қоқанд деген сарт зорлық қылып, тартып алды. Одан бұрын ағамыз Саржан сұлтан, Есенгелді сұлтан уә Әлжан сұлтанны ұстап өлтірді. Одан соң атамны — Қасым сұлтанны өлтірді. Алмал алымды 1841 жылды Қоқанда үстіне ләшкер тартып барып, елімізні шығарып, падишаһ хазіретлеріне қызмет қылып жібердік. Собелімізден алты мың алты жүз алпыс алты үй қалды. Сол жұртымызды шығарып, падишаһ қызметіне жіберуге ниет қылып тұрмыз.

Сіз мархабатлы ғиаят, шапағатлы губернатор хазіретлеріне император шаһиншаһ хазіретлерінен ғарыз қылың, бізге отыз бес жыл мәулет берсін. Одан соң ғарызымыз сол: Сібір линиясы тұсынан ғаскер шығармасын, Ұлытау, Кішітау тұсынан, һам Ұлытауға ғаскер шығарса қатын, бала-шағамыз шошып, падишаһ хазіретке қызмет қыла алмаспыз. Одан соңғы ғарызымыз сол: біз естиміз төрт кісі елші барды деп, бізді шағып, яғни жала қылып, керуенді талады деп һам жұртты шапты деп.

Егер біз керуен талаған болсақ, мойнымызға салсын. Біз бұл керуеннен алғанымыз жоқ, дүр. Біз ел шығарған соң қайттық. Басқа ешбір зарар қылғамыз жоқ және жүзіміз сол. Бізнің қосылуымыз — Ұлытау, жайлауымыз — Кішітау, Торғай, Жайық дүр.

Сізнің комиссия мекемесінен келген хабар уә хатны Ержан төре Тұрсыноғлы келіп мағлұм қылып, падишаһның манифесін айтып келді. Біз, әлбетте көңіліміз іблен қабыл қылып қызмет қылдық.

*1841 жылда, феуралдың 22 наумінде
Иланбақ үшін мөріміні бастым.*

ОРЫНБОР ХҮДИЕ МЕКЕМЕСІНІҢ САДЫРЫНШЫ ГЕНЕРАЛ-МОЙОР ҺАМ КАВАЛЕР ГЕНС ХАЗІРЕТЛЕРІНЕ СҰЛТАНЛАР КЕНЕСАРЫ, КҮШІК ҚАСЫМОҒЛЫЛАРЫНАН ТӨБӘНШІЛІК ИЛА АРЫЗ

1825 жылы Есіл, Нұраны жайлап жүрген уақытларда еш нәрсе ойларымызда жоқ еділер. Ол ұлығ император ағзам хұзіретлеріне атамыз Абылай хан ант етіп һам бізләрда атамызының жолы бойынша Россия жұртына қаралық деп жатқан заманымызда Қарқаралы-Қазылыққа Имантай Бөкеноғлы правитель болып, ешбір кінәсіз үстімізден дұшманлық көрсетіп, дуанбасы Иван Семенович Қарбышев дегенге үш жүз орыс, бір жүз қазаққа Иван Семенович өшлікбилен бас болып, Қаракесек руының қырғызның балақбасы сұлтан Саржан Қасымоғлының он ауылын және тоқа, тама деген еліне шапты. Қазығұртта алпыс төрт кісіні өлтіріп, қанша мал алып кеткені бихисапсыз. Әзер басылары қашып құтылды.

27-жылы Көкшетаудан екі жүз орыс, бастығы... майор Әлике шұбыртпалы деген елні шапты. Терісаққанда елу сегіз өлтіріп кетті, алған малларының хисабы жоқ.

30-жылы Қараөткелден жүз орыс, бастығы бір сотник Қоңырқұлжа Хұдаймендеоғлы алты жүз кісі, жамиғғаты жеті жүз болып, бұларды алдап шақыртып алып Қарағаш деген жерде жүз жиырма кісіні өлтіріп, өзгесі қашып құтылды дүр.

31-жылы Көкшетаудан бес жүз орыс, бастығы подполковник Алексей Максимович деген Саржан сұлтанның ауылын, алтай, тоқа, қаракесек, алшын, жағалбайлыны шапты. Төрт жүз елу кісіні өлтіріп, Саржан сұлтанның бір баласын алып кетіпті. Алған маллар сондайлық хисапсыз, Сарысудың бойында.

32-жылы Көкшетаудан екі елу орыс, бастығы Кулаков Николаевич деген сұлтанлар Есенгелді, Күшік оғланларны тұтып алып жүріп Ұзын, Торыжан ауылдарын шапты. Торғайның құм кешуінен алпыс өлтіріп кетті.

Ақыр соңында шыдамай, өз басымызды қорғап, ешбір падишах ағзам хазіреттеріне күнә қылған ісіміз жоқ еді, бізге мұндай зорлық қылғанын бір адам білдірмей Қаратауға көштік. Біраз жыл Қаратауда жүріп, қайта көшіп келгеніміз дүр.

34-жылы Ақтаудан төрт жүз орыс атланып, тентек майор бастығы, шапты: алшын, жағалбайлы, тоқа, тама деген елні.

37-жылы Көкшетаудан төрт жүз орыс, Иван Семенович Карбышев һәм Ян Яноғлы бас болып Әлике, алтай, қалқаман, төртуыл деген елдерні шапты. Басы Иман қаралы үш жүз елу кісіні өлтіріп кетті. Арғанатыдан қанша мал, қанша қазына алғаны бихисапсыз.

37-жылы Ақтаудан бес жүз орыс, бастығы тентен майор, Ұлытаудан қуып еш нәрсе ала алмай қайтты.

38-жылы Қараөткелден үш жүз орыс, жүз қазақ Қоңырқұлжа сұлтан Хұдаймендин оғлы, команданың бастығы бір майор сұлтан Күшік Қасымоғлы, алтай Сайдалы бидің елін шапты. Жиырма бір қыз, сегіз қатын, жиырма бес еркек кісіні өлтіріп кетті, сексен бір адамды ұстап алып кетті. Жалыншықтың бойы — Айырқұм, Аққұмнан.

38-жылы Жарқайыңнан бес жүз орыс Саржан сұлтанның ауылы, қарпық намаш деген елні шапты: төрт жүз кісі өлтіріп, Баянды биінің өзін бас қылып жүз кісіні ұстап алып кетті. Тоғайның бойы — Жалдаманың Қараобасынан.

38-жылы Жарқайыңнан төрт жүз орыс, бастығы қандай орыс екенін білмеймін, екі мың үш жүз ауылды айдап қайтқанда екі елманда таласқан: бірі «мен алдым» деп, бірі «мен алдым» деп, ақыр соңында Қоңырқұлжа сұлтанға тапсырған. Айдап көшіріп бара жатқанда Қоңырқұлжа сұлтан бек зорлық қылып, төртуыл елі шыдамай бұзылып қашты. Жүз алпыс кісіні өлтіріп, қалған елді айдап кетті.

38-жылы күзгі күн Көкшетаудан үш жүз орыс, бастығы қандай адам екенін білмеймін, сұлтандар Байқара Тайыроғлы, Жадай Айшауақоғлы екі жүз ауылны шапты, екі жүз қырық кісіні бір жерде өлтіріп кетті. Сұлтанларның қыз-қатынларын жесір етті.

40-жылы Қазылықтан үш жүз орыс, бастығы қандай адам екенін білмеймін, Саржан сұлтанның ауылын алтай, қанжығалы деген елні шапты, қырық кісіні өлтіріп, жиырма қыз-қатынды жесір қылып, екі мың үш жүз жылқы, үш жүз түйе, үш мың қой, жүз сиыр алып кетті. Білеуітнің Қалмаққырған жерінде.

40-жылы Қараөткел білен Жарқайыңнан жеті жүз орыс, екі команда қосылып Қозған, Қансал, Қалмақ, Қырғыз деген елні шапты. Сексен кісіні өлтіріп, жиырма кісіні жесір қылып, алты мың қой, екі жүз елу бес сиыр, отыз түйе алды. Бұл елдер өз төлеңгіттерім еді. Қарғалының Қызылжарында шауып, найман, қыпшақны айдап кетті.

40-жылы күзге күн Жарқайыңнан екі жүз орыс, қыпшақ ұзынторы деген елні шапты, отыз бес кісіні өлтіріп кетті.

Афзалатлу хазіреттеріңізге мағлұм қыламын: сұлтан Имантай Бөкейоглының Сібір орысына дұшпандық көрсетуі бойынша қанша өзіме қараған ауылдарымды шапты, неше бір адам күнәсіз екенлігімді білдірмекке өз басымызды қорғап қашып жүрдік. Енді хазіретіңізге мағлұм алынсын: Сібірге қараған жұрт зорлығына шыдамай бас тартып көшіп, мұндай бәлеге ұшырағаны сол дүр. Ешбір жұртты мұнда кел деп шақырғаным жоқ. Сібір орыстары аттанып шығып, өзіне қараған елі болсын һам сақраға шыққан елдер болсын, жаман бүлдіріп, қырып-жойып шапқылауда. Екі ортада куә шықты: сұлтан Кенесары Қасымоглы Сібір тұсына қарсылық істер қылды деп. Ақыр соңында Сібір тұсынан жақсылық орын болмай, Орынборның жеріне қарай көшіп, сол тұстан ол ұлығ император ағзам хазіреттеріне нахахтан бізлерні бүлдіріп шауып, қанша өзіме қараған ағайынларымды, қанша адамларымды өлтіріп, уә қыз-қатынларымызды жесір еткенлікні білдірмек үшін... өтірік айтмаймын. Қыпшақ руның алтыбас туралығына шыдай алмай инанмақ үшін.

Сұлтан Кенесары Қасымоглы мөрімні бастым.

Сұлтан Күшік Қасымоглы мөрімні бастым.

1841-жылда. Июннің 7-күнінде.

ХҰДИЕ МЕКЕМЕСІНІҢ САДЫРЫНШЫН ГЕНЕРАЛ-МАЙОР ГЕНС ХАЗІРЕТІНЕ

Біздің Кенесары сұлтан Қасымоглындан иғламнаме дүр. Ол ұлығ падишаһ хазіреттерінің ғинаят уә мархамат уә фарман канонлары бойынша Орынбор қаласынан ініміз Кінжан Көнекоғлы уә Нұтхан сұлтан Сәмекоғлы әрқайсысы бәдеулет падишаһның дидарлық мейірбанлығын көріп, есен-сау қауштылар. Одан соңыра сұлтан Ғабдолла Абылайоглы артынан жіберген ғарыз-хатны Сібір төрерлері жібермеді деп емтіп тұрмыз. Одан соң Еркін сұлтан артынан жіберген тілектерімізге жауап болмады. Және Қарабай сұлтан ұзақ тұрды келмей, әлбетте, жылдам қайтарғайсыз. Біз һам үміт тұтамыз бек лайықты жауап бермеклігіңізні.

Иланмақ үшін Кенесары сұлтан Қасымоглы мөрімні бастым.

Июннің 25-наумінде. 1842-ншіде.

КЕНЕСАРЫ СҰЛТАННЫҢ БИЛЕРГЕ ХАТЫ

Сізге — Байтөре биге уә Бешек биге уә Аушұнды биге уә Сүлеймен биге уә Қаракүшік биге уә жамиғи назарның кісілерге уә биләрге уә мырзаларға сөз!

Сол құдайныңтағдыры болып, бізнің біраз мұнша кісімізнің қаны сізнің мойыныңызда болып еді. Ол қылған ісіңізге тәубе қылып: бізні хан біліп, өзіңіз қараша болып бізнің бірлен ерісер деген ниетіміз бар еді. Сіз Құдайдан қорқып, әруақты сыйламадыңыз. Сізнің қылапатыңыз... тілеуді ұрды. Егер бұрынғы істеріңізден тәубе қылып

қайтсаңыз, жақсыларыңыз біздің алдымызға келіңіз. Біздің мейірбаншылығымыз сіздерге көп дүр. Егер келмесеңіз: біз отыз жасқа келіптіз, сізні Құдайдан тілеп енді отыз жыл жаулармын, еншала хаһ!!

Сіздерге Баубек құлымыңыз жібердік. Әрбір ауыз тіліне бауыр қылың.

**1844 ЖЫЛЫ РАМАЗАН АЙЫНЫҢ 8-і КҮНІ
СҰЛТАН КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМОҒЛЫНЫҢ
АРЫСЛАН СҰЛТАНҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ**

Сізге, ғизаилү әр хұрметлү правитель Арыслан сұлтан құдамызға бізден — Кенесары сұлтан Қасымоглындан дұғай сәлем... Әгер бізні сұрасаңыз сахат-сәлемат дәулет үстінде бармыз және сізге сөзіміз: көпірге бас қосып, һұжымдық қылып, мұсылманға дұшпанлық қылдыңыз. Тыңда!! Алла тағала хазіретіне не жауап берерсіз? Бізге мұнша дұшпанлық қылсаңызда, біз сізні һар заман көңілімізден салмаймыз. Және тағдыр құдай болып арамыздан бір сыпайгершілік етті. Оны көңіліңізге алмағайсыз. Және сөзіміз жаңа түскен генералға хат жазып, елші жібердік. Бізні көңіліңізге алсаңыз, бұ елшілерні жақсы қылып өткізгейсіз. Сізге молла Баймұхамедні жібердік. Оның һарбір ауыз сөзіне бауыр қылың...

Бү сөзнің растылығына

Кенесары сұлтан Қасымоглы мөрімің бастым.

Бұдан басқа мұрағат сөрелерінде Кенесары сұлтанның отыздан астам хаты бар. Алайда олардың ішінде өзінің мөрі басылған хаттарды ғана оқырман назарына ұсындық¹.

**ЖЕТІСУ КАЗАК ӘСКЕР ТОБЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҰЛЫ
ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ АЗАТТЫҚ СОҒЫСЫ**

Ең соңғы болып Қазақстанда 1867 жылы Жетісу өлкесін Ресейге қосу үшін жіберілген Сібір казак әскерлерінің негізінде құрылған Жетісу казак әскері еді.

1867 жылдың 11 шілдесінде Түркістан генерал-губернаторлығы құрылып, 13 шілдеде император ІІ Александрдың бұйрығы негізінде 9 — 10 Сібір казак әскер полктарынан тұратын дербес Жетісу казак әскерлерін құру туралы Жарлыққа қол қойылды. Құрылған әскери орталықтың міндеті — Жетісу аумағын Ресейдің қарамағына біржолата көшіріп бекіту, шекараға иелік ету, өлкені бодан ету. Жетісу казак әскерлерінің «Бастауын Сібір казак әскерлерінен алған

¹ // Ақиқат. 1994. №2, 47—51-бб.

Жетісу казак әскерлеріне, 1852—1903 жж.» деген жазуы бар Георгиев жалауымен марапатталуы да осыдан еді¹. Содан соң, XIX ғасырдың соңына қарай, Жетісу казак әскерлері патшаның басқыншылық саясатын жүзеге асыратын әскери күш санатына жатқызылды. Бұлардың қатарын Дон, Кубань, Терек казактарының еріктілері толықтырды. Казактар мен шаруалардың кулактар бөлігі басқыншылық жүйенің діңгегіне айналды. Сондықтан да Жетісу казактарына барынша ыңғайлы жағдай жасалды. Бір казакқа берілетін жер 30 десятинаға дейін өсті².

Жетісу казактары 1875 жылы Дон әскерлерінің Жарғысы бойынша 18 жастан бастап 20 жыл өскер қатарында қызмет етті. 1909 жылдан бастап өскер қатарында қызмет ету мерзімі 18 жылға қысқарды. Дайындық мерзімі қысқарып, үш жылдың орнына 1 жыл болды³.

Казактар Жетісу жеріне тірек пункттерін салды, 1831 жылы Сергиополь (*Аягөз*), 1848 жылы Қапал, 1854 жылы Іле, 1855 жылы Үлкен Алматы, Лепсі, Үржар, Көксу, 1858 жылы Софиевск (*Талғар*), Сарқант, Арасан, Қарабұлақ, Надеждинск, 1860 жылы Қаскелең, 1864 жылы Кіші Алматы стансылары (барлығы 14) салынды. Ал 1900 жылы стансылар саны 29-ға, 1914 жылы 34-ке жетті.

1867 жылы Жетісу казак қауымы өз алдына өскер тобы болып (*екі полк*) құрылды⁴. Жетісу казактары қазақ даласының оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөліктерін боданға айналдыру бағытында ауқымды соғыстар жүргізді⁵.

Есаул Ныхалев құрамында 250 казак, 80 жаяу өскері бар адамдармен орыс қаруының күшін көрсетіп, Ресей ықпалын арттыру мақсатында Іле өзеніне жорық жасады. 1847 жылы жүзбасы Абакумовтың 200 казак өскері Қапал өзенінің бойында бекініс салды және жолды бақылау үшін Қапал және Аягөз арасында 12 бекет жасалды. Қапал бекінісіне 1848—1850 жылдары 9 Сібір казак полкі құрамынан казактар келіп, бекініс жанынан Қапал стансысын қалыптастырды.

¹ Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20—40 г. XIX века. А-Ата, 1947. С. 60—64.

² Велецкий С.Н. Семиреченская область и ее колонизация. Верный, 1916, С. 52.

³ Большая Советская Энциклопедия. Т.П, М, 1973. С. 175—177.

⁴ Қазақ Кеңес Энциклопедиясы. IV т., Алматы, 1974, 438-б.

⁵ Айтиев. Колонизация Киргизского края. Советская Киргизия. 1924. №3-4, С. 6.

1853 жылдың жазында Қапалдан майор Перемышльскийдің эспедициялық отряды Іле өлкесіне қожалық ету үшін бекініске қолайлы орын іздеді. Ақырында оның таңдауы Үлкен және Кіші Алматы өзендері арасында жатқан алапқа түседі. Жергілікті қазақтар іштей қарсылық білдіргенімен Перемышльский отрядының қуатты күшінен тайсақтап, мойынсұнуға мәжбүр болды. Қазақтарға жүктерін тасымалдау үшін түйемен қамтамасыз ету талабын да ырықсыз орындатады. 1854 жылы Іле бекінісі (1855 жылы Верный форты атанды) ашылды. 1855 жылдың шілдесінде осы бекініске әскери старшын Шайтановтың басшылығымен Сібір казактарының отряды келіп қосылды да, Алматы стансысының іргетасы қаланды. Мұның өзі Іле өлкесіне орыстардың тұңғыш қоныстануы еді. Келесі, 1856 жылы казактардың тағы да 139 отбасы мен Томск және Тобыл губернияларының 200 шаруа отбасылары көшіп келді. Содан кейін Талғар, Есік, Қаскелең және Шамалған өзендері бойларына да келімсектер қоныстана бастады.

1855—1860 жылдар Жетісуды иемденудің белсенді кезені болды. Жаңа бекіністер, қамалдар, стансылар құрылып, байланыс жолдары салынды. Ресей казактары мен оларға ерген орыс шаруалары қазақ жерінің аса бай өрі құнарлы жері Жетісу өлкесіне нық орнығып, шекараларын кеңейте түсті.

Жетісу (*Cibir*) казактары Ресейге Орталық Азия жерін жаулап беру ісіне, оның ішінде Жетісу мен Солтүстік Қырғызстанды қосуға белсенді араласты. 1859 жылы Қастек бекінісі, бір жыл өткен соң Қоқан қамалдары, Тоқмақ пен Пішпек алынды. 1860 жылы 21 қазанда құрамында үш жаяу әскери ротасы (400 казак), 2 батарея зеңбірегі, 4 атты әскері және 2 зымыран станогі бар подполковник Колпаковский бастаған отряд Ұзынағаш тұсында Қоқан әскерлерін талқандап, Іле аймағын түгелдей Ресейге бекітіп берді¹.

1864 жылы 1 мамырда подполковник Черняевтің отряды бүкіл Шу аймағын жаулау үшін Верный қамалынан оңтүстікке аттанды. Жол-жөнекей Меркі, Әулие ата қамалдары алынды. Осы жылдың қыркүйегінде үлкен майданмен мықты бекінген Шымкет қаласы шабылды².

¹ Қазақ әдебиеті. Ермак Тимофеевич Костомаров. 5 шілде, 1991.

² *Бекмаханова Н.Е.* Начало присоединения Казахстана к России. А-Ата, 1979, С. 35—52.

Сондай-ақ Жетісу казак әскерлері Шыңжаңға да басқыншылық жорықтарын жасады, талай бейбіт адамдарды қырғынға ұшыратты. 1871 жылдың жазында казактар Қытай қаласы Құлжаны жаулап алады да, онда 1883 жылға дейін тұрақтап қалады. 1873 жылы Жетісу казак әскерлері Хиуаны алуға қатысты, бейбіт түрікмендерді жаулап алып, қырып-жойды. 2000-ға жуық балаларды, әйелдерді, қарияларды аяусыз жазалап, 2700 бас малды айдап әкетті. Хиуа сапарына қатысқан казактар «1873 жылғы Хиуа жорығына қатысып, ерекше көзге түскені үшін» белгісімен марапатталды. 1875—1876 жылдары I Жетісу полкінің екінші жүздігі Қоқанға қарсы жорыққа қатысып, бір қақтығыста 700 адамды шапқылап тастады. Өндіжан мен Қоқанды жаулап алуға қатысты¹.

К. Аманжолов. Түркі халықтарының тарихы.
Алматы, 1999.

ОТАРШЫЛДЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС КЕЗЕҢДЕРІ

... Қазақ елінің Ресей империясының құрамына кіргеннен бергі уақытта отарлық тәуелділікке қарсы жүргізген күресінің мынадай негізгі екі кезеңін аңғаруға болады. Бірінші кезең, XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың ортасы аралығын қамтиды. Қазақ қоғамындағы қалың бұқара атсалысқан азаттық қозғалыстың бұл алғашқы кезеңінде белгілі объективті себептерге байланысты феодалдық билеуші топтар жетекші рөл атқарды. С.Датұлы (1787—1797 жж.), И.Тайманұлы (1836—1838 жж.), К.Қасымұлы (1837—1847 жж.), Е.Көтiбарұлы (1855—1857 жж.) және Ж.Нұрмұхамедұлы (1856—1857 жж.) бастаған көтерілістер, ең алдымен, отарлық езгіге қарсы наразылықтың көрінісі болатын.

Академик Н.М.Дружинин Ж.Нұрмұхамедұлы бастаған Сырдария қазақтарының көтерілісіне байланысты: «Орыс-казактардың отарлауы нәтижесінде егіншілікке жарамды, игерілген жерлерінен айырылған бұқара өзінің экономикалық еркіндігі мен ұлттық тәуелсіздігі үшін күреске шықты. Патриархалдық-рулық ақсүйектер бастаған бұл

¹ Вяткин М.П. Материалы по истории Каз ССР. Т.2, я.2, А-Ата, 1948, с. 20.

қозғалыста еңбекші халық табандылық, ерлік және белсенділік танытты¹» — деп жазды.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Ресейдің Қазақстанды отарлау процесі бұрын болмаған, мүлдем жаңа сатыға көтерілді. 1868 жылғы әкімшілік реформа сол кезеңге дейінгі қазақ қоғамына тән болымсыз дербестіктің ізін қалдырмай жойды. Қазақ даласы темір құрсаудай әскери феодалдық басқару жүйесі орнаған еуразиялық империяның шет аймағына айналды. 1868, 1886 (Түркістан уалаятындағы қазақтар үшін) және 1891 жылғы қазақ елін басқаруға арналған заңдар қазақ жерін орыс мемлекетінің меншігі деп жариялап, оған ішкі Ресейден келіп қоныстанушыларға кең жол ашып берді. Столыпиннің аграрлық реформасы тұсында, патша үкіметі ашықтан-ашық қазақ шаруаларын егіншілікке жарамды жерлерінен ығыстыру саясатына көшті. Соның нәтижесінде, дәстүрлі қазақ мал шаруашылығы дағдарысқа ұшырады. 1897—1917 жылдары Қазақстанның орыс тұрғындарының саны екі есеге өсіп, олар өлке халқының бестен бір бөлігін құрады. Олар бір мезгілде қазақтарды христиан дініне шоқындыру, орыс оқу орындары, әкімшілік жүйесі арқылы пәрменді түрде орыстандыру саясатын жүргізді.

Ол жөнінде М. Дулатұлы: «1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты басқалардың дүбіріне елендеп, ұлт пайдасын қолға ала бастады. Сол бостандық жылдарында Семей облысының оқыған басшылары көзге көрікті іс қылып, жұртқа көсемдік пен жол-жоба көрсеткені үшін алды абақтыға жабылып, арты айдалып, қалғандары сенімсіз болып қалды²», — деп жазды.

Міне, осы мезгілден бастап ұлттың зиялы қауым өкілдері елде соны сипат, жаңа өрлеу ала бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа саналылық беру мақсатында газет шығару, күреске шақырған кітаптар бастырып тарату, көкейкесті қоғамдық-саяси талаптар қойған петициялар ұйымдастыру сияқты бұрын соңды қазақ тарихында болмаған саяси күрес құралдарын игере бастады. Олардың іс-әрекеті, мақсат-мүддесі жалпыұлттық, жалпыдемократиялық сипатта көрінді. Оған: 1905 жылы Ө.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлы

¹ Шойынбаев Т. Ж. Восстание Сырдаринских казахов. Алма-Ата, 1949, С. 3.

² Қазақ, 1913, №28.

бастаған бір топ қазақ зиялыларының қатысуымен жазылған Қарқаралы петициясы, Орал қаласында 1905—1907 жылдары шығып тұрған «Фикер» газетінде жарияланған Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының бағдарламасы және басқа көптеген құжаттар куә бола алады.

Қазақ елінің кеңес билігі тұсында мемлекеттің еркіндік алу үміті ақталмады. 1920 жылы жарияланған кеңестік Қазақ автономиясы тек әшекейлік дәрежедегі құрылым ғана еді, ал шын мәнінде Қазақстанның ішкі өміріне байланысты мәселелердің түйіні Орталықта шешіліп, Қазақстанның жақын және ұзақ мерзімдік даму бағыттары, алдымен метрополия мүддесі тұрғысынан анықталатын болды.

Алаштық зиялы қауым мен отаршыл күштер арасындағы бітіспес күрес қазақ бұқарасына кесілуге тиіс жер нормасы төңірегінде өрбіді. 20-жылдардың екінші жартысында жүрген бұл күреске атсалысқандардың қатарында Алаш қозғалысының белсенді мүшелері, сол тұстағы Жер комиссариатының басшы қызметкерлері — М.Есболов, Т.Жаманмұрынов, С.Қаратілеуов сияқты қайраткерлер болды. Ө.Бөкейханов Қазақстандағы отырықшылыққа көшуге тиіс қазақ шаруаларына тиесілі жер көлемін анықтау мақсатында КСРО Ғылым академиясы жанынан құрылған экспедицияны (төрағасы проф. С.П.Швецов) ұйымдастыру идеясының авторы болумен бірге, өзі де соның құрамына еніп, зерттеу жұмысына атсалысты. ОГПУ тыңшылары Мәскеуден шығуға тыйым салынған қайраткерді Ақтөбе қаласында тұтқынға алып, жедел түрде кейін қайтарды (1926 ж.). Соған қарамастан Ө.Бөкейханов проф. С.П.Швецов экспедициясы ұсынған жер нормасына байланысты пікірді қолдап және кеңес билігінің жер саясатын әшкерелеп, РКФСР мемлекеттік жоспарлау комитетінің коллегиясында сарапшы есебінде сөз сөйледі (1927 ж.). Ал 1929 жылдың мамыр айында ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Менің жер саясатына қатысты көзқарасым мынаған саяды: жер үлесіне байланысты орыстар (қоныс аударушы) мен қазақтарды теңгеруге болмайды, өйткені орыстар мәдениеттірек, сондықтан да олар әрқашан егіншілікте үстемділік көрсетіп, қазақтарды кіріптар етеді. Жер мәселесіндегі менің «ұлтшылдығым осы», — деп көрсетті.

Объективті түрде алаштық зиялы қауым күн тәртібіне қойған қоғамдық-саяси мәселелер, кеңестік-партия қайрат-

керлерінің (С.Сәдуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев, т.б.) қызметінде көрініс тауып жатты. Егер, алдымен патшалық билік, соңынан кеңестік үкіметке қарсы күрескен алаштық зиялы қауым «сеператистер», «буржуазиялық ұлтшылдар» атанса, отаршылдықтың жаңа кеңестік түріне қарсы шыққан ұлттық зиялы қауымның жаңа, жас буыны, яғни кеңестік-партиялық қайраткерлер «ұлтшыл-уклонистер» деп жарияланды. Өкінішке орай, ол кезде «буржуазиялық ұлтшылдықтың» да, «ұлтшыл-уклонизмнің» де тууына алып келген ортақ себепті түстеп айту, әрине, мүмкін емес-тін. Билеуші партия ондай шындықты тыңдауға ықылассыз еді.

Өлкелік партия комитетінің 1926 жылғы қараша пленумында жасаған баяндамасында Голощекин «алашордалықтардың екі буынын» анықтап, оларға мынадай сипаттама береді: «Алашордалықтар туралы айтқанда біз шатасып жүрміз. Алашордалықтардың екі түрі, яғни ескі басшылары және жаңа буыны бар. Бұлардың өзара үлкен айырмашылығы мынадай. Егер біз ескі тәртіптегі алашордалықтарды алсақ, маған олардың өткенде бірдемесі болғандай көрінеді. Олар өткен уақытта, қазақ жағдайында, қазақ болмысында революционер, буржуазиялық революционерлер болды. Ал жастарда ол жоқ, оларда ашу-ыза басым, олар Кеңестік билікпен күресте есейді»¹.

Алашордалықтардың ең басты жауы болған Ф.Голощекиннің бұл пікірінде тарихи шындықтың табы бар еді. Ол жауапты хатшының ұлт-азаттық қозғалыс зиялыларының екі буынын танып және олардың арасында тарихи сабақтастықтың барлығын мойындауы болатын. Сондықтан да қазіргі уақытта тарих ғылымында «буржуазиялық-ұлтшылдар» мен «ұлтшыл-уклонистер» арасындағы табиғи сабақтастықтың болғандығын мойындай отырып, бұл сабақтастықтың объективті негіздерін таратып зерттейтін уақыт жетті.

Сонымен ғасыр басында басталған жаңа ұлт-азаттық өрлеу 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басына дейінгі тарихи кезеңді қамтыды. Ол «алаштық» атанған ескі буын зиялы қауымның ең белсенді бөлігін қудалаумен, сондай-ақ олардың кеңестік-партиялық қызметтегі ізбасарларын

¹ Внутрипартийные вопросы на 3-м пленуме Казахского крайкома ВКП(б). Кызылорда, 1927, С. 162.

қызметтен аластаумен және оларды қудалаумен аяқталды. Күштеп ұжымдастыруға қарсы бағытталған Қазақстандағы 372 шаруалар көтерілісі бассыз, панасыз қалған халықтың зорлықшыл саяси жүйеге көрсеткен ең соңғы наразылығы еді.

Қай жағынан алғанда да, мұндай өрекет 1917 жылға дейін қазақ және татар ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлері арақатынасынан анық байқалды. Олардың мемлекеттік Дума жанындағы мұсылман фракциясы, татар және қазақ басылымдары («Фикер», «Тәржіман», «Уақыт», «Айқап», «Қазақ») арқылы отарлық езгіге қарсы бірігіп жүргізген күресі, сондай-ақ татар зиялыларының қазақ даласындағы ағартушылық қызметі осы айтылған пікірге айғақ.

Империя жағдайында тек қазақ және татар елдері арасында ғана емес, жалпыресейлік мұсылман, түркі халықтары көлемінде көрінген бұл табиғи, өзін-өзі сақтау ниетінен туындаған ынтымақтастыққа ұлыдержавалық, ұлыорыстық пиғылдың идеологтері «панисламизм», «пантюркизм» айдарын тағып, реакциялық мағына беруге тырысты. Өз ретінде бұл әдісті империялық күштер іліп алып, мемлекеттік саясаттың құралына айналдырды. Ал, шын мәнінде, мұсылман, түркі халықтарының метрополия алдында өздерінің табиғи талаптарын бірігіп қоюдан басқа ешқандай да ұйымдық негізде саяси өрекетке көшпегендігі анық.

Қазақ зиялыларының өз заманына лайық биік өресі 1916 жылғы майдан жұмысына алынған қырғыз, өзбек жігіттеріне жасаған қызметінен, осы жылғы көтеріліс нәтижесінде қуғын-сүргінге түсіп, үлкен қырғынға ұшыраған панасыз қырғыз халқына көрсеткен нақты көмегінен де айқын көрінді.

Бұл ретте, ең алдымен, И.Жайнақов бастаған Жетісу облыстық Қазақ комитетінің сіңірген еңбегі ерекше бөліп айтуға лайық. Ал А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы басқарған «Қазақ» газеті қырғыз елінің қайғылы халіне бүкіл қазақ және мұсылман жұртының көңілін аударды, оған көмек ұйымдастырушы ұйытқы орталыққа айналды. Уақытша үкіметтің Түркістан Комитетінің мүшесі М.Тынышпаев «Қазақта» жарияланған мақалалары арқылы қазақ жұртын қырғыз елінің ауыр жағдайынан хабардар етіп қана қоймай, Уақытша үкімет тарапынан босқындарға 5 млн сом қаржы бөліруге тікелей атсалысты, Қытайдан оралған босқын қырғыздарға жағдай жасау үшін жүр-

гізілген ерлік күрестің басында тұрды. Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы және басқа ондаған қазақ зиялылары босқын қырғыздарға жиналған қаржыға ақшалай үлес қосты. 1917 жылғы желтоқсанда жалпы қазақ съезі сайлаған Алашорда үкіметінің құрамына қырғыз елінің өкілі Ж.Солтонауев та енді. Ал «Бұқара» атты қырғыз демократиялық ұйымы келесі жылдың ақпаны мен наурызы аралығында Пішпекте өмірге келген «Алаш» кеңесімен бірігіп кетті.

Тура осы мағынадағы байланыс башқұрт ұлт-азаттық қозғалысымен арада да байқалды. Ө.Бөкейханов ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Өзімнің Валидовпен байланысым жөнінде айтар болсам, онымен соңғы рет Уфада өткен «мемлекеттік кеңес» дегенде кездесіп, сөйлестік. Сол жолы біз, арасында Кеңес өкіметі де бар, жауларымызбен бірігіп күресуге келістік»¹, — деп көрсетті.

Осы келтірілген тарихи деректер, қазақ ұлт-азаттық қозғалысының кеңестік тарих ғылымы соңғы уақытқа дейін тәптіштеп айтып келгеніндей, басқа түркі халықтарымен контрреволюциялық байланыста емес, өмірлік қажеттіліктен туған табиғи байланыста болғандықтан көрсетсе керек. Сондай-ақ бұл тарихи кезеңдегі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының кеңістік ауқымы империя көлеміндегі түркі халықтарымен болған өзара ынтымақтастықпен шектелмейді.

Қазан төңкерісінен кейін большевиктер ұлт-азаттық күресті зорлықпен басып, тоталитарлық жүйе біржола орнағаннан кейін, ұлт-азаттық күрестің қазақ жерінде өрісінің тарылуына байланысты, енді ол жаңа саяси жағдайда шетелдік эмиграция күшімен де жүргізіле бастады. 20-жылдарда оның бастау көзінде: Мұстафа Шоқай (Париж), Райымжан Марсеков, Ибраим Жайнақов (Шығыс Түркістан) сияқты бұрынғы Алаш қозғалысының белсенді қайраткерлері тұрды.

М. Қойгелдиев.

тарих ғылымдарының кандидаты

//Қазақ тарихы. №1. 1993.

¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағаты, 78754 іс, 124-қор, 3-тізбе, 192-б.

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС

Көтерілістегі желеу — соғыс майдандарындағы қара жұмысқа бұратана елдерден адам алу. Өкіметтің қара жұмысқа адам алғанда жер-жерде қолданылған шаралары мен тәртібі әртүрлі болды. Өкіметтің жер-жерде қолданған шараларын тұрғын ел өзінше ұғынды.

Түркістандағы бұратана елдердің 1916 жылғы көтерілісі — Түркістандағы төңкеріс тарихындағы ең үлкен оқиғалардың бірі десе болады. Өйткені бұл көтерілісте тұрғын ел 50 жылға жақын өкіметшілігін жүргізіп, дегенін істеп келген Ресей патшалығының, «Ақ патшаның» өміріне қарсылық көрсетуді бастады.

Бұратана елдердің 1916 жылғы көтерілісінің басталуына соғыс майдандарындағы қара жұмысқа бұратана елдерден адам алу желеу болды. Патша үкіметінің соғыс министрінің Түркістанның жанарал-губернаторына жеделхатпен берген бұйрығы бойынша, 1916 жылғы шілденің 8-інде бүкіл Түркістан өлкесіне Түркістан губернаторы бұйрық шығарды. Бұл бұйрыққа патшаның өмірі бойынша соғыс майдандарындағы жолдарды түзету, соғыс қорғандарын жасау жұмысына Түркістандағы соғыс міндетіне бұрын азат етілген бұратана елдерден соғыс біткенше жұмыс істеуге адам алатыны жарияланды. Патша үкіметі бұратана елдерді «саңылауы» бар орыс жұмыскерлері мен қара шаруаларынан сенімдірек көрді, оны айдағанына жүріп, айтқанына көнеді деп сенді, оның үстіне қара жұмысқа бұратана елдерден адам алынған соң, соғысқа жаңадан машықтандырып асығыста адам жимай, соғыстың қара жұмысындағы солдаттар мен орыс жұмыскерлерін соғысқа айдауға мүмкіндік туды.

Асығыс шығарылған бұл бұйрық Ресейдің әр тұсында күнделікті тұрмысқа айнала бастады. Бұратана елдердің «орыстың ағына, құралына» бағынуына сенген Түркістандағы патша әкімдері де бұл істің соңын ойлап тұрмай, өздерінің облыстық, уездік мекемелері арқылы бірден қара жұмысқа адам алуға кірісті. Бұл, бұратана елдердің бағыныштығына сенгені жанарал-губернатор Ерупеевтің Түркістан өлкесіне шығарған қысқа бұйрығынан да көрініп тұр. Шолақ бұйрықта елдерден адамның қандай жұмысқа, не үшін алынатыны да толық айтылмаған. Бірақ ұзамай-ақ, бұратана елдердің қара жұмысқа адам алу бұйрығына наразылығы туралы хабар келе бастады.

Алғашқы Жарлықтан кейін кідірмей Түркістан өлкесінің соғыс күйінде екенін жариялаған екінші — қосымша бұйрық шығарылды («Туркестанские ведомости» газетінің 57 нөмерінде басылған). Сол кезде теміржолдарда бұратана елдердің адамдарына билет сатпау (тұрғын елдің наразылығы білінуі себепті), бұратана елдердің адамдары орыстың офицерлеріне, түрмелеріне бас июге міндетті екендігі туралы бұйрықтар да шығарылды.

Кей жерлерде жаңа басталған көтеріліске жауап есебінде, жергілікті әкімдер түсіністік орнына, «патшаның өміріне», «патша әскерінің күшіне» сүйеніп, бұратана елдерге қатал бұйрықтар шығарып, қорқыта бастады. Мысалы: патша өмірінің алдында Ферғана облысының губернаторлығына сайланған жанарал-лейтенант Гиппиус сондай бұйрық шығарды: «Бодан елдерге мынаны жариялаймын: Ферғана облысына зеңбіректі әскерлер келді. Бұл әскерлерді билеу, керек жеріне өз білгенімше жұмсау соғыс губернаторы маған тапсырылды. Келген әскерлер бөлек-бөлек бейбастықшылар түгіл, бүкіл елді, бейбастықшылыққа бой ұратын қалаларды жермен-жексен қылып жіберуге жетеді». Бұйрығының ақырында Соғыс сотының тек бейбастықтық шығарған адамдарды ғана жазалаумен тұрмай, ел адамдарының бүкіл ауылы мен руын қатты жазаға бұйыратынын және ел бейбастықшыларды ұстап бермесе, ия оларды ұстауға үкіметке жәрдем бермесе, ауыл түгілі мешіт, медресені де жермен-жексен қылатынын білдірді.

Бірақ мұндай қатал бұйрық елдің зәресін алған жоқ. Наразылық онан сайын күшеюге бет алды. Сол кезде, Түркістанда бұратана елдерден адамды «тыныштықпен» жинап, көтерілістерді басу үшін, патшаның 22-шілдеде шығарған бұйрығы бойынша, Түркістан түрмесіне «білгіш» Куропаткин келді.

Куропаткин Ташкентке келгеннен кейін 23-тамызда қол қойып, Түркістан өлкесінің еліне белгілі Жарлығын таратты.

Жарлықта Куропаткин патшаның өмірі бойынша оған жұмысқа адам алу тәртібін, адам алу уақытын белгілеуге, тиісті адамдарды жұмысқа алудан босатуға, Түркістандағы әскерге ұлы бастық болуға ерік берілгенін айта келіп, жер-жерде жұмысқа адам алудың тәртібін жариялады. Бұл Жарлық бойынша Түркістан өлкесінен алынатын 200 мың адам жеке облыстарға бөлінді. Сырдария облысына — 60 мың,

Самарқан облысына — 32 мың 407, Ферғана — 13 мың 830. Бұл бұйрықта «мақта егетін елдерге жеңілдік» үшін Ферғана облысынан, Сырдария, Самарқан облыстарынан алынатын тиесілі адамнан 40 мың адам кемітілген. Бірақ бұл 40 мың адам «мақта екпейтін» көшпелі елдерге күш деп бөліп саналады. Сондықтан да көтерілістің көбі күлтісі көнбелі аудандарда болды.

Нұсқау бойынша жұмыскерлер (жұмысқа алынатын адамдар) әрқайсысы өз болыстарының атымен аталып онға, жүзге, мыңға бөлінетін, оларға «он басы», «жүз басы», «мың басы» сайланатын болды. Жұмыскерлердің жанында молдалар, мырзалар, тілмаштар, наншылар, етшілер, шаштаразшылар белгіленетін болды. Жұмыскерлерге белгіленген ақы күніне бір сом. Бұл ақыны жұмысына қарай көбейтуге де, кемітуге де болады. Жүзбасыларға ақы 2 сом, он басылар мен тілмаштарға 3 сом, молдаларға 2 сом. Бөріне де тамақ қазынадан. Нұсқау бойынша қара жұмысқа алынбайтындар:

- 1) жергілікті (ауылдық, болыстық) мекемелердегі жоғары лауазымды адамдар;

- 2) бұратана елдерден қойылған кіші дәрежелі полицейлер;

- 3) имамдар, молдалар, мударистер;

- 4) мемлекет жұмысындағы тұрғын елдің адамы;

- 5) дирурандар.

Қара жұмысқа адам жинау басталды. Бірақ жоғарыда айтылған бұйрықтар мен нұсқауларды әр ел өзінше түсінді. Өз орнына басқа біреуді жалдап жіберуге ерік болған соң, байлар елдің әкімдеріне пара беріп, өз орнына кедейлерді жалдап жіберуге бет алды.

Түркістанның еліне қара жұмысқа адам алу ойламаған жерден шыққан оқиға болды. Тұрғын ел бірден үкіметке дұшпандық көзімен қарап, қалай да болса бұйрыққа бағынбаудың әрекетіне кірісті.

200 мыңнан астам азамат тек өзінің ғана қамын ойлаған зиянгерлердің орнына, бұрын соңды көрмеген жат елге қан майданға кетуге мәжбүр болғанда, халықтың толқудан басқа шарасы жоқ еді. Халық соғыс майданына кеткен азаматының аман-есен еліне қайтып оралатынына сенбеді, бұл сенбестік ақыры расқа айналды. Қара жұмысқа барған көп азамат суықтан, ұрудан қырылды. Бірсыпырасы қан майданның өзінде окоп қазып оққа ұшты. Осындай жағдайдан кейін бұратана елдердің патшаға қарсы бас көтеругі 1916 жылғы көтеріліске ұласты.

**ОБЛЫСТАР КӨТЕРІЛІСІНІҢ БАСТАЛУЫ,
ӨРШПІ, КҮШЕЮІ.
СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫ (ДУАНЫ)**

Сырдария облысының бәрі бірдей бас көтерген жоқ. Бірақ бас көтерген аудандар жан аямады. Бұл облыста көтеріліс, алдымен 1916 жылы июльдің 11-інде ескі Ташкент қаласында басталды. Мыңнан астам халық ескі Ташкент полиция мекемесінің жанына жиналып, жұмысқа адам алу туралы бұйрықтың орындалуына қарсылық көрсетті. Ташкенттегі прапорщик школынан бір рота әскер келіп жиылған жұртты ыдыратқаннан кейін полиция мекемесінің жанында 6 өлік қалды. Бәрі де тұрғын ел. Біреуін полицияның қарауылшысы, біреуін полицияның бастығы атып өлтірген, қалған төртеуін жай полициялар атқан. Көпшіліктің қанша өлікті, қанша жаралыны алып кеткені мәлім емес.

Ескі Ташкеннен разверстка бойынша 8 мың адам алынбақ екен. Жергілікті әкімдерге қарсы шығушылар, көбінесе ескі Ташкеннің Көкші, Сібзар аудандарының жұмыскерлері еді. Бұйрыққа бағынған ішінара әкімдердің көтерілісті басуын дұрыстағандар да болды. Шайқантауыр ауданында халық көтерілісшілерімен түйісіп қалып та жүрді. Өзбектің патшаға қызмет еткен төрелері, көбінесе осы Шайқантауыр ауданынан алынатын еді. Бұл туралы охранке мекемесінің мағлұматында: «Соңғы уақытта ескі Ташкен халқының арасына алауыздық кіре бастады. Көкші, Сібзар аудандарының халқы қара жұмысқа адам беруге риза болып, көтерілісшілерден сақтауға әкіметтен жәрдем сұрағаны үшін Шайқантауыр ауданының халқына өте қас, реті келсе, аяйтын емес. Шайқантауыр ауданындағы кейбір сарттар көтерілісшілерден қорыққанынан басқа, жаңа Ташкенге көшіп шығып жатыр» — деген.

Охранке мекемесінің ескі Ташкен тұрғын елінің ішінен де агенттері болған. Охранкенің мағлұматтарына қарағанда, Қоджиев деген біреу охранке мекемесіне мағлұмат беріп тұрған. Мұнан басқа охранке агенттерінің арасында Құдияр Қаниптарының аттары ұшырайды. Бұлар белгілі хандардың тұқымдары.

Ескі Ташкенде көтеріліс жасағандардың ісі соңынан соғыс сотында қаралып, айыпталған 35 адамның бесеуінің мүліктері қазынаға алынып, 20-сын дарға асуға үкім етілді.

Қала төңірегінде басқа жерлерде де көтеріліс жасаған халықтың ішінен көп адам өліп, мүліктері қазынаға алынды.

Ташкен өңіріндегі қатты көтеріліс Тойтөбе қыстағында болды. Бұл істе айыпталып, сотқа тартылған 18 адамның 8-і дарға асуға үкім етілсе де, соңынан Куропаткин генерал сотының үкімін өзгертіп, олардың әрқайсысын 20 жылға Сібірге айдады.

Осы Тойтөбеде бірнеше қорғаушылар (адвокаттар: Иванов, Арсенов дегендер) сотқа тартылған адамдардан бір арыз жазып беруіне 5 мың сом алған. Бұл туралы соңынан газетке жазылып өшкереленді.

Ақмешіт уезінде бір азғана қозғалыс болған. Бұл қозғалыс жөнінен (ішінде Кұлжан, Кенжегүл, Жақай ауылдары бар) 70 шамалы адам сотқа тартылды. Осындай көтерілістер Ташкен уезі қазақтарының арасында да бірсыпыра жерлерде болды.

Сол жылы октябрьдің 16-сында Қазалының уездік начальнигі, Қармақшы учаскесі пристіпник қарары бойынша, бұл учаскеге қарайтын бірсыпыра қазақ болыстарының көтеріліс жасап жатқан Ырғыз, Торғай уездеріне көшіп кеткендігін білдірді.

Бұл туралы жазылған мағлұматтарға қарағанда, ол кезде Ырғыз, Торғай уездерінің қазақ елі көтеріліс жасап, үлкен жанжал шығарып жатқан екен. Қазалы уезіндегі қазақ елінің шет уезге көшуін тоқтату үшін әдейі әскер жіберілген. Сол сияқты Куропаткиннің өзінің бұйрығы бойынша Арал теңізіндегі балық кәсіпшілігі орындарын сақтауға да Қазалы уезіне әдейі әскер жіберілген.

Ағустың 25-інде Мерке ауданында соғыс үдеп кетеді. Қазақтар Мерке мен Пішпек арасындағы телеграмды үзіп, бірсыпыра орыс аудандарын қиратады. Бірнеше мың адам Мерке қаласына шабуыл жасайды. Бұлардың арасында, әсіресе бас болып атағы шыққан Тоқан «Ақкөз» деген бір шал болды. Соңынан қолға түсіріліп, өлтірілді.

Меркенің қазақтары бірнеше жиылыстар жасап: «Орыстарды, орыстың әскерін мың-мыңдаған жылқымен-ақ таптап кетпейміз бе?» — деген пікір айтқан. Дұрысында келе жатқан әскерді састыру үшін мың-мыңдаған жылқыны әскерге қарсы қойып, пәрменімен қаптатып жіберген реттер болған. Ағустың 29-30-ында найзасы, ішінара мылтығы бар бір жарым — екі мың қазақ Меркеге қайтадан шабуыл жасады да, Меркедегі бір рота әскер бірнеше рет жапатармағай атып, бетін қайырған. Бұл шабуылда қазақтан көп адам өлген. Келген әскер, әсіресе Ново-Троицк ауданында

аса қатандық істеген. Бұл ауданға жіберілген әскердің бастығы прапорщик Бундиrow еді.

Бұл отрядта (*әскерде*) Меркенің он шақты саудагер өзбегі де болған. Бундиrowтың отрядымен қазақтар арасында болған соғыста Бундиrowтың әскері 150 қазақты ұстап алып, бәрін де жолшыбай атып өлтірген. Мұнан басқа осы отряд қазақтан 4340 қой, 23 түйе, 225 сиыр малын тартып алған. Отрядтан бір солдат жараланып, бір ат өлген. Сол кезде Мерке қазақтарына Шу қазақтары да қосылды. Шу қазақтарын бастаушы Виноградов деген пристав болды.

Мұның нәтижесінде Мерке ауданында 30 адам тұтқынға алынып, соңынан соғыс сотына тартылды. Әулиеата уезінің начальнигі Сұлтанов пен оның хатшысы белгілі Әзімхан Кенесарыұлы көтеріліс туралы Ташкенге хабар жеткізіп тұрған. Әулиеата уезінің, әсіресе Мерке ауданының құр алданған мұжықтары үкіметтен рұқсат алып, қазақ ауылдарын қиратқан, малдарын поселкелеріне айдап алған. Сол кезде, әсіресе Мерке ауданында талаушы мұжықтарға өзбек саудагерлері мен қазақтың қызметтегі оқыған төрелері де қосылып кетті (Мәселен, Қарабай Әділбекұлы сияқты халық талаушылары...).

Тұрар Рысқұлов. Қаһарлы 1916 жыл. Алматы, 1998. №33 құжат. 175—182-б.

1916 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСУ

(Әубәкір Сұлтанбекұлының әңгімесінен)

Жаңылмасам, шілденің 10-ы күні ақжелке приставы Подборков Қарқарада албанның мен деген адамын алдына шақырды. Барлығымыз 20-дай кісіміз. Шақырғанда айтқаны: «Мына Қарқара жәрменкесінен сарт-ноғайдан, саудагерден 50-дей қара жоғалды. Осының бәрін ұрлап жатқан — қазақ. Болыс-болысқа бөліп алып төлейсіндер», — деді. «Қарқара қазақ жері болғанымен, бәрімізге ортақ қазынаға қарайды. Төлемейміз!», — дедік. Аяғында сөз ерегіске ұласып, пристав тақтай тепкілесе де біз қасарысып отырып алыстық. Пристав бастығын Жәмеңке, Ұзақ қылып 21 кісіні абақтыға қамады. «Түбі осы малды төлемесендер сендерді өлтіретін ыңғайы бар», — деп приставты маңайлаған адамдар айтып жүрді. Біз қорыққанымыздан «төлейік» деп уәде қып босанып, 30000 сом ақшаны албаннан алып бердік.

Ақшаны алып болған соң, ақжелке жігіт сұрады. Біз оны «көп біледіге» сүйеп жүре бердік.

Онда албандар екі учаскеге қарайтын. Тараншылармен қосып, тоғыз болыс елді Қалжат приставы сұрайды. 5 болыс елді Нарынқол приставы сұрайды. Нарынқол приставы бізді Қырғызсай қаласына жігіт алуға жауапқа шақырды. Пристав: «Кісі бересіңдер ме, жоқ па?» — деп сұрақ қылды. Біз: «Мұндай ауыр жұмысты жеке ашып айта алмаймыз. Біраз күн мәулет бер, біз көшпен ақылдасып, жауап берелік», — дестік. Пристав бізге біраз күн мәулет беріп, Алматыдағы жандаралға білдірмек болды және сол жерде пристав соғыс пайдасына жәрдем сұраған соң, жанымыздан 1000 сом ақша жинап бердік.

Астымда жайлау етінен жарап жүрген оқтаудай торы атым бар. Қырғызсайдағы жиналысқа барып қайтып, Қарқараға келіп, бір ағайынымыздың үйіне түсіп отырдым да, атыма бір баланы мінгізіп, тігіншіде тігіліп жатқан етігім бар еді, соны өкеле ғой деп жібере қойдым. Екінтіні оқыдым. Бір уақытта әлгі жіберген балам келді. «Атты орыс алып қойды», — дейді. Біз білмейміз. Орыстар күтініп, солдат өкеліп қойған екен. 30 шамалы солдат приставтың қорасында ойнап жатыр. Кравченков деген біреу келген. Бірталай қазақтың атын қашаға кіргізіп, байлап қойған. Менің атымды бір стражник құйқылжытып мініп келеді. Қасында бір қазақ жасауылы бар. Анадайдан: «Әй, бері кел!» — дедім. Бұрылды. Приставтың үйіне таман жүріп барды. Үйдің жанындағы бір құнанға міне сала жүгіртіп келіп, атымның шаужайына жармаса кеттім. «Түс аттан! Атымды мінгізбеймін!» — дедім. «Мінемін», — деп орыс айтты. «Мінбейсің», — деп мен айттым. Қазақ жасауыл: «Осылардың ниеті бұзылып жүр, шатақ шығады. Атты қоя беріңіз», — деді. «Өкеңнің аузын...», — деп боқтап өкеттім. Жасауыл жайына тұрып қалды. Стражник орысым омыраулатып жүргісі келіп еді, жуан қамшым бар еді, көмдім келіп. Екі көсіп жібергенімде аттан ыршып, жер құшты. Қорадағы солдаттың бәрі жүгіріп келіп, мені жүндеп берді. Атыма тақымым іліне алмай қалды. Ілінгенде кететін едім. Болмады. Орыс соғып, жабылып сүйреп Кравченковқа алып келді. Кравченков дәлізге шықты.

Пристав бұрын таныс болатын. Ауылға қонып, түстеніп, қымыз алғызып ішіп, аттың майын мініп жүретін араласымыз еді. Пристав «іздірәсти!» десем қырын қарайды. «Мына

иттерің атымды алып, өуре қылып тұрғаны», — деп айтып көріп едім, ілтисат қылған жоқ. Солдаттарға былдыр ете түсіп еді, мені апарып қараңғы үйге тығып жіберді. Не екенін білгенім жоқ. Менің үстіме таңға жақын албанның бас көтерер кісісін, бастығы Ұзақ, Жәмеңке қылып, айдап келіп кіргізді. Бұларды да аулынан әдейі солдат шығып ұстапты. Ұсталғандар: мен, Жәмеңке, Ұзақ, Тұрлықожа, Саза, Құрман, тағы басқалар.

Әңгіменің сырын енді білдік. Орыс елдің «бала бермейміз» дегенін естіп және мына Қытай шекарасындағы қазақтардан бүлік шығады деп қауіптеніп, Жетісудағы жандарал бұрын қам қылуға жасырын бұйрық берген екен. Қарқараға бір рота әскер жіберетін болыпты. Қала-қалаға мылтық үлестіреді екен. Әбден жабдықтанып болған соң, ел ішіндегі басты-басты кісілерді қамауға қаулы болады. Сонымен Шалкөдедегі жиналған жиналыс бұларға үлкен күдік болып, енді ізін суытпай пристав бізді әдейі ұстатып тұр.

Бізге кісі қатынастырмады. Қарауылды қатты қойды. Ел бізді тартып аламыз деп жиналып келіп, бірнеше кісі өліп, кейін қайтыпты. Төртінші күні бізді қамаудан шығарып алды да, пристав: «Сіздер Қарақолға барасыздар», — деді. «Онда не бар?» — деп едік. «Сонда қырғыз-қазақ бас қосады. Жігіт беру-бермеу туралы сөз болады. Алматыдан үлкен жандарал келеді», — деді. «Бізді босат, Қарақолға... ат мініп, киім жаңалап жүрелік», — деп едік, «Жоқ, сіздерді солдат апарары», — деді. Кешке таман 14 кісіні айдап жүрді. Айдаған солдат — 8. Менің атымды бұлардың бастығы мініп келеді. Иірсудан өтіп, Үкілінің кезеңіне келгенде сам жамырап, ымырт жабылды. Дәрет алып, намаз оқыдық. Көңіліме бір сайтан келді. «Шылымыңды бере тұр!» — деп ат үстінде тұрғанға жетіп келіп, шап беріп ұстап, қылышпен шауып-шауып жіберіп, қайрат қылайын деп лоблып тұрдым да, ана өзге шалдарды қимадым. Қарақолға баралық деп кеттік.

Мені Қарақолдағы ояздың алдына әкелді. Біз келгенде Қарақолға қараған 22 болыс қырғыздың жақсыларының бәрі ояз алдында иіріліп тұр екен. Бізді айдаған конвой солдат қолындағы пакетін беріп еді, бізді апарып абақтыға тығып жіберді.

Қарақолдың оязы мені шақырып сұрады да: «Сен бұзылғансың!» — деп кіжіңді. Мен: «Бұзылғаным жоқ, бұзық Крапшенко. Екеумізді қазылауға прокорор мұнда жібер-

ді», — дедім. Ояз: «Ендеше, өзiр абақтыда жата тұр. Сенiң iсiң туралы Алматыға жеделхат жiберемiн, соның жауабын күте тұр!» — деп қайта тықты.

Жарты сағат өтпестен 3 қызыл билет алған бiр солдат келiп: «Губернатор сiздердiң қарсылық жазаларыңызға бiр ай кесiптi, соның қағазы», — дейдi. Мен: «Жарым сағатта, тiптi губернатордан ештеме келген жоқ, мұны қылып отырған ояздың өзi», — деп билеттерiн жыртып тастадым. Солдат қайтып кеттi. Өрi-берiден соң бұрын өзiм писарь болып жүретiн Шафранов деген казак-орыс әлгiндей үш билеттi тағы алып келiп: «Қой Өубөкiр, ұлыққа қарсы айтпа, түбi жаман болады. Мен достық айтам», — дедi. Мен: «Достығыңды қылсаң босат, әйтпесе осы жердегi ояздың қылғанын алмаймын, губернатордан әмiр жоқ», — деп билеттердi тағы жыртып тастадым.

Қамауда 10 күн жаттық. 11-күнi алты солдат келiп: «Өубөкiр, Жәменке, Ұзақ үшеуiңдi судья шақырады», — дедi. Бұл уақта Жәменке, Ұзақ екеуi де кiсендеулi едi. Жәменке жаман ауру. Үшеумiздi солдаттар айдап шықты. Мен Жәменкенi сүйеп алып келдiм. Айдаған солдаттар жол бойы қарқылдап, балдырлап: «Аубакр батыр... Ұзақ батыр... Жаманке батыр... Үш батыр...», — деп мазақтап күлiп келдi. Соттың қорасына кiргiздi. Қораның iшiне сот үстелiмен, жазушысын алып шығып, сұрай бастады. Менi шақырды. Менi екi солдат алып келiп, аналарды 4 солдат бағып қалды. Айырыларда: «Бөрiмiздiң сөзiмiз бiр болсын», — дескенбiз. Сот менiң кiм екенiмдi, Кравченковтың ұрысын ұрғанды сұрап келiп: «Жiгiт беруге қалай қарайсың?» — дедi. Мен: «Алғашқы ақ патша солдат алмасқа уәде қылғалы 64 жыл болған екен. Солдатты крестьян, мешаннан алған едi. Бiзге түтiн ақша, ... салған. Қазак сол уағданы бiледi, басқаны бiлмейдi. Одан берi келе алым шегiнен асып, арқан, дарға (қап), ақша, ат, үй, жәрдем деген алымға елдiң тамтығы таусылатын болды. Солдат алам десең үстiмiздегi үйге дейiн алғаныңды қайтар. Бастапқы уағдадан тайдым деп қолыңнан қағаз бер. Сонда балаңды казак бередi», — дедiм. Сонда судья: «Бопты, буйамайт!» — деп көзiн адырайтып, үстелдi үш рет қойып қалды. Мен қаймыққам жоқ. Ақыр өлген кiсiмiз дедiм.

Түрмеде бiзбен бiрге жатқан 7 орыс бар едi. Мұның бiрi аял болатын. Бұлар бұрынғы қылмысты адамдар болса керек. Бұларды «мұнапас» болдың деп бөрiн босатып жiбердi. Бiз өңкей казак қалдық.

Сол күні түсте абақтының есік алдына мылтығымен 3 солдат келді де, тесіктен сығалап: «Әубәкір батыр, сендерге патшадан «мұнапас» келді. Сағат 2-де шығасыңдар», — деді. Мен: «Тоқта, бағана орысқа келген «мұнапас» бізге неге бірге келмеді. Одан да сағат 2-де атыласың десеңші, атаңның аузын», — деп боқтап жатырмын. Ұзақ: «Өттең-ай, мұны бекер айттың ғой. Неге өлтіруші еді», — деді. Көпшілік маған иланды. Дембе қағып, Кәрбозды имам қып, бесін оқыдық. «Ясынды» оқытып, ата-бабамыздың аруағына дұға қылдық.

Намаз оқып болғанда әлгі үш солдат тағы келді. Бірінде бесатар, бірінде әміркен тапанша, енді бірінде тағы берденке бар еді. Келе сала темір есіктің тесігінен мылтықтың астына алды. Түтін, тұман болды. Орнымнан «Аллалап» атып тұрып, қалпағымды кигенімде арқама екі оқ тиді. Қайта айналғанда сүбемнен бір оқ тиді. Үстелден ырғып түсіп, үлкен есіктің тасасына тығылдым. Оқ тиген алты кісі төрде аунап жатыр. Бұлар Нүке, Саза, Құдиярбек, Жәмпейіс, Қазбек, Кәрбоз еді. Бұлар біріне-бірі қақтығып, жығылып жатыр. Мен аз тұрып, ақыр өлдім деп шекпенімнің бір жеңімен бесатардың аузынан шап етіп ұстап, шапшан қимылдай бергенімде солдаттың шинелінің етегіне қолым тиді. Солдат бақырды. Қасындағы екі солдат мылтықпен атуға дөт қыла алмай, мен ұстаған мылтыққа үшеулеп таласты да, тартып алды. Солдаттың етегі менің қолымда қалды. Солдаттар қашып шыға берді. «Ал жылдам абақтыны бұзалық!» — дегенде, Ұзақ: «Өкшемнен оқ тиді. Сонда да шығып өлелік, есікті бұзыңдар!» — деді. Есікті ырғап тұрып бір тақтайын суырып алдым. Сол тақтаймен темір есікті түйміштегенімде 4 шегесі суырылып, есік сыртына қайрылып қалды. Ішіндегілер дүркірей жөнелді. Сыбанқұл, Ұзақ үшеуіміз артында қала бердік. Қақпа берік. Ұзақты және 5 кісенді қырғызды дауалдан лақтырып шығарып, дауалға ырғып өзім шыққанда, Сыбанқұл менің етегімнен ұстай шықты. Қарғып жерге түсе бергенде қарсы алдымыздағы үйдің бұрышынан мылтығын кезей берген солдатқа көзім түсті. «Сыбанқұл, қарғы!» — дедім. Оған сол дауалдың үстінде оқ тиді. Мен дауалдың бұрышын айнала бердім. Сол жерде әлгі шығарған бес қырғызды көрдім. Ұзақ жоқ. Ұзақты қарап жүргенде абақтының қақпасының алдынан Жаңабайды атып, жалп еткізді. Көшеге мылтықтылар толып кетті. Көше тұман, түтін, сасыды. Мен қашып қаланың ішіндегі бір ноғайдікіне келдім. Ноғай қақпасынан сүйреп

шығарып, қуып жіберді. Мешітке келсем, онда да ешкім жоқ. Молдалары терезесін талқандап шығып, қашып кетіпті. Мешіттің алдынан молданың тобылғы таяғын тауып, бір бұзылған ескі қораға беттедім.

Ол қорада кешке дейін жаттым да, күн батқан соң қорадан шығып, жақын жердегі Қарабөлдек деген тауға жеттім. Жаяумын. Өлім құрыды. Су ішіп, әл жиып, таң ата қырғыз Балпақ дегеннің үйіне келдім. Сол жерден оташы тапқызып, үш оғымды алғыздым. Жарама мылтықтың дәрісін құйғыздым. Ол жерден ат мініп, ертеңіне жүріп отырып, түнде Сарқырдағы үйіме келдім. Ел бөлініп, қырғыз да, қазақ та қалмай үркіп кетіпті. Қатын, баламды жиып алып, мал-мүлік, үйді тастап, елдің артынан Құмбелде қуып жеттім.

Ол жақта көрмегенді көрдік. Қалмақ еріксіз талады. Оның үстіне қолдағы көлік пен мал жұтады. Малдың көбі жұртта қалған. Албан алды болмасам да, орта дәулетім бар еді. 1917 жылдың жазында қонысқа 2 сиыр, 16 ат, 2 жылқымен келдім. 1917 жылы бостандық болды, — деп қонысқа келгенде шеке қызған жоқ. Бостандық казак-орыстікі болған екен. Келген соң бар малымды және сыпырып алды. Екі жыл атысып жүріп, тақыр кедей болдым.

Менің өкем Тазабек албанды алғаш орыс алғанда қараймын деп қарсыласып жүріп, орыстан оққа ұшып өлген екен. Менің де көргенім аз болмады. Бірақ өзiр жан тiрi.

Мiне, Кеңес өкiметi орнығып, қолдағы аз қанекемiз өзiмiзге тиiп, шаруамызды өсiруге ниеттенiп отырмыз.

Жiгiттер, жұртың тыныш болсын дендер!

Ақтоғай болысы, албан руынан: Сұлтанбекұлы Өубөкiр.

(Қолжазба, араб қарiпiнде.
Қазақстан Республикасының
Орталық мемлекеттiк мұрағаты.
P—1368-қор; 1-тiзбе; 56-ic.)

Алдаберген Қайшыбекұлының әңгiмесiнен

(Жаркент оязы, Түркөл болысы, Аламан аулының албаны)

Мен шiлденiң 10-ы күнi Шалкөдеден келе жатып, дүйсенбi күнi албандардың Қарқараға жиналатынын өсiттiм. Шiлденiң 11-i, дүйсенбi күнi албандар Қарқараға жиналды. Кеңесi — бала беру-бермеу. Көп бермеуге қаулы қылып келiп, Серiкбай, Айтбай, Тұрлықожа үшеуiне жауабын бердi. Үшеуi келiп приставқа айтты. Пристав бiр ауық ашуланды.

Бір ауық ақылын айтып, майдалады. «Қатты қатерге алынасыздар», — деді. Жұрт илікпей тұрып алысты. Аяғында пристав елге: «Тарқа, не жауап болса да болыстарыңнан естірсіндер», — деді. Ел тарқады.

Мұның алдында «песір», болыстар шетпұшпақтап «іспескі» жазып жүр дегенді жұрт күнкіл қылатын. Өлгі жиналыстан қайтып келіп, өзіміздің «песірдің» қолындағы «кінағаны» тартып алып, жыртып тастадым.

«Песір» елге өкпелеп, «ел қарсы болды» деп протокол жазып көрсетпекші болып еді. Ел старшын басы бір қозыдан 8 қозы ақша қосып «песірге» бермек болып басты. Мен тағы Шалкөдеге жүріп кеттім.

3-4 күннен соң қайтып келе жатып, Қарқараға Әбдіқалықты шақыртып кеткенін және мені де іздеп жүргенін естіп, үйге келдім. Үйім у-шу боп жылап отыр екен. Болыстан білейін деп болысыма келіп едім: «Сені ұлық бізге тап деп жатыр, айналайын, ұлыққа барайық», — деген соң екеуміз ұлыққа келдік. Пристав бізді Кравченковқа жіберді. Келдік. Келісімен мені екі солдат бағынға алды. Өрі-беріден соң Кравченков шақырып, жауапқа алды.

— «Ұзақтікінде бие сойғанның ішіндемісің», — деді. Мен «білмеймін» дедім. Қағазға қол қойдырып алып, мені Әбдіқалықтың қасына абақтыға тықты. Серікбай да сонда екен.

Екі күн жаттық. Бір күні кешке жақын Қарақолға бізді жаяу, өздері атпен үш солдат конвойлатып айдады. Сол күні жолда Қарақолдан бір арбалы орыс келіп, «қырғыз бүлінді» деп хабар қылды.

Көтерілісті шу дегенде жалпы қара бұқара өзі жасады. Көтеріліс көзсіз, көбелектей ретсіз, ұйымсыз, бастаушысыз тасқындап жасалды. Елдің аңғарын аңдаған рубасылары, өзге инабатты ақсақалдар көтеріліп кеткен көпшілік жағына шықты. Өйткені олар өз «көбінен» айырылуға лажсыз еді. Елдегі төре тұқымы, орыс әкімдерінің атқосшысы, тілмаштар, болыстар, жасауылдар, ұлықпен сыбайлас байлар, манаптар көтеріліске қарсы болды. Шама келгенше елді ірітумен, астыртын орысқа хабар берумен, елге орыс шыққанда бірге жауласумен болды. Көтеріліс қызып алғанда рубасыларының аузына қарап қалмай, қазақ-қырғыздың көтерілісін жуандар билеп кетті. Көтерілісті қазақ-қырғызда саяси партия бастаған жоқ. Ол жалпы бұқараның өзінің көзсіз көбелектей тулауымен болды. Өзі көтеріліп кеткен

жұртқа моллалардың, қажылардың «дін намысын», «мұсылманшылықты» өкеп тыққысы келгені де кей жерде камшы болды.

1916 жылғы көтеріліс тамырынан шірігі жетіп шетінеп келе жатқан патша өкіметінің құлауына тоқпақ болды. Өзінің құлақкесті құлы қара бақанымен қаптап қарсы көтерілгені тұмсығы қайтпаған өкіметке жұдырық боп тиді. Бұл ақпан революциясының басталуына недәуір демеу болды.

1916 жылғы көтеріліс қазақ-қырғыздың адамын азайтып, малын шашып кетсе де, орасан саяси қамауда ұстаған өкіметке қарсы елдің бетін ашып кетті. Елдің еті үйренді. Беті ашылды. Ел уытын шығарды. Қара бақан болса да қарсы қайрат болатындығын жүрегіне орнатты. «Қазан төңкерісінен» 21-жылдан кейін Жетісудағы жарлы-жалшы ұйымдасып, қара бұқара кеңес өкіметіне белсенді кірісіп кетуіне 1916 жылғы көтеріліс сабағы елді ысылдырып қосты. 1916 жылға дейін қазақ арасында тап таласы айшықталып қалған еді. 16-жылдың қозғалысы ол таласты одан әрі айшықтап өкеп, осы күнгі күйге жеткізді.

(Қолжазба, араб кәріпінде.
Қазақстан Республикасының
Орталық мемлекеттік мұрағаты.
Р—1368-қор; 1-тізбе; 56-іс.

1916 ЖЫЛ ДЕРЕКТЕРІ

«25 шілде Жарлығы» елдің төбесінен түскендей болды. Мұны бұрын жергілікті билеу мекемесіндегі өкімет қызметкерлері де білмеді. Өкімет қызметкерлері бұл жарлыққа ресми жағынан, «сөзсіз атқаруға тиіс» деген «үлкен жарлық» есебінде қарады. Жергілікті халықтың жан сырымен санасу, жарлық аяғының қандай халге соғатыны олардың есінде болған жоқ. Жарлық келісімен Алматыда «жандарал» Фольбаум басқаруында өкімет адамдарының тығыз кеңесі болды да (1916 жылы 1 шілдеде), «сөзсіз атқаруға кірісу керек» делінді.

«Жандарал» жергілікті халықтың «инабаттыларын» жинап алып, жігіт алудың мөнісін түсіндірді. Жетісудан алынатын жігіт саны 43000 жан еді. Бұл жігіттерді дуан-дуанға, болыс-болысқа, ауылға бөліп, әр болыс өз жігітін киіндіріп, тұрмандап жөнелтпек еді. Жігіт алу жобасы осылай жасалды.

Ояз-оязға болыстар, инабатты ақсақалдар, қадірлі адамдар арқылы түсіндіруге, жігіт алуға кірісуге болыстан жарлық қылынды. Алматы оязының «инабатты адамдарын» жинап, «жандарал» жарлық жайын ұғындырғанда жиналғандар түйткілденіп: «Жұртпен ақылдасалық, көп біледі ғой», — десе-дағы, «жандаралдан» сескеніп «берелікке» келіп тарқайды.

«Жандарал» Фольбаум шілденің басында барлық жергілікті қазақ, қырғыз, дүңген, тараншы халықтарына жігіт алу туралы шыққан «патша ағзамның» ұлы Жарлығын орындаудың керектігін айтып, жар салады: «Ешбір теріс ұғынушылар болмасын және кімде-кім бұл Жарлыққа мойынсұнбағандық қылып сөз таратса, тоқтаусыз ояздық начальниктердің қолына тапсырылсын. Біздің ісіміз ұлы патшаның жүрегі қуанарлық жақсы болып шығуына сенемін. Мен солай ойлаймын. Неге десеңіздер, монархымыздың атынан алғашқы шілдеде мен мұны өз аузыммен бәрін жинап алып жариялағанымда қазақтар, тараншылар және басқа болыстық правительдер менің бұйрығымды шын көңілмен қабылдаған...

Бұған «жандарал» қуанып, сол күні Ташкендегі Түркістан «жандаралына» мына жеделхатты жібереді:

«Ташкент. «Жандаралға».

Алматы оязының қазақтары мен басқа жергілікті халықтары, осы 22-шілде күні менің рұқсатым бойынша өздерінің болыстарындағы қадірлі адамдарының бәрін жұмыскер алу туралы ұғынуға жіберіпті. Бүгін түсте мыңнан аса «инабатты» қазақтар және тараншылар губернатордың үйіне жиналды. Мұның үстіне жай тыңдаушылар да көп болды. Мен патша ағзам қазіретінің аты қойылған күнінің құрметіне қазақтармен сөйлескендігім жақсы нәтиже беруін тілек қылдым. Нәтижесі мен күткеннен артық шықты. Барлық жиналыстағылар көңілдерінің ақтығына, бөтен ойының жоқтығына сенуді өтініш қылды. Егер де ақ патшаға ұнаса, Алматы оязының қазағының жетіден жетпіс жасқа дейінгі адамы қалмай жұмысқа, тіпті солдатқа баратындығына илануды құзыр қылды. Топтың көңілі дөуірлеп көтерілді. Молдалар халық алдына шығып, патшаға дұға қылуға рұқсат сұрады.

Қылынған дұғаға қол жайылып, «Әмин» делінді. Мұның артынан мен бұларға орыс әдеті бойынша патша құрметіне

қаһарман орыс әскерінің аруақты болуына «Ура!» деп ұрандауға ұсыныс еттім. Көп шын көңілден «Ура!» деп айқай салды. Қалтыраған бірқанша шалдар: «Сіздің жарлығыңыз айтқандай орындалады!», — деп көзінен жасын мөлтілдетіп тұрып құлдық айтып, аяғыма бас қойды. Етігімді сүйіп, жатып алысты, бұлардың дұғасының және шын көңілмен қылған құлдығының орайына мен азын-аулақ күнәмен ұсталып, абақтыда жатқандарын босат деп бұйрық бердім. Олар жігіт алу туралы жағдайдың ауырлаған кезінде ұсталған еді. Мен мұны «Анамыз Ресей мен монархымыздың» даңқы үшін ғана істегенімді өздеріне ұғындырдым. 2072.

Генерал-лейтенант Фольбаум.

(Қолжазба, араб қаріпінде.
Қазақстан Республикасының
Орталық мемлекеттік мұрағаты.
Р—1368-қор; 1-тізбе; 16-іс.)

МЕНІҢ ЕСІМДЕГІ

Онда Жетісу облысы, дуанымыз Қапал. Ояздық начальник — Голцев деген неміс. Қазақ мұны «ояз» дейтін. Мұның тілмашы — Нұртай Қожатайұлы. Нұртай руы — жалайыр. Участковой — пристав Конев деген орыс. Бұл да Қапал қаласында тұрады. Бейсембі — стражник. Ия, ол мойнында сарыала қылышын салақтатып шауып жүреді. Мұқаш деген ояздың начальнигінің шабарманы. Мұны қазақ «бір кез жасауыл» дейді. Мұндай бір кез жасауыл көп. Мінгендері лау. Болыс-болыста бір-бір казак-орыс «песір» бар.

Оязбен араласы бар қаланың саудагер байлары, молда, қазіреттер, даланың жуан аулынан шыққан жуан кісілері; жуан ауылда тұрған болыстар — бұлар оязбен ауыз жала-сады. Әсіресе Маман, Тұрысбек тұқымы. Ол бұларды «Көк үй» дейді. Бұлар өздері әрі далаша бай, әрі қалаша саудагер. Жоғары отағасы өзін, оязды және оның орынбасарын (Киров), тілмаштарын су-суанымен сыйласып... жалайырды — Қожақан, матайды — «Көк үйлер» басқарып, ұлықтар үлестірген «шенін» қолынан таратады. Өйткені Қапал оязындағы Маман аулы өзге қазақтан көзі ашықсымақ болатын. Олардың жергілікті орыс ұлықтарымен таныстығының үстіне қазақтың ол уақыттағы ұлтшыл оқыған-

дарымен де байланысы бар еді. «Қазақ» газетін әрқайсысы алдырып оқитын. Қазақ оқығандарының «Қазақ» газетінің ондағы ел көтерілісін жақтырмағаны ма, һәм осы себептерден біздің Қапал оязындағы «Көк үйлердің» де көңілі жігіт беруде болды. Бірақ жергілікті әкімдер «Көк үйге» де сенген жоқ. Жұртқа сен жігіт бер деп айтпапсың деп Тұрысбекұлы Құдайбергенді Қапалға шақырып алып қамап... Тұрысбекұлы Сұлтанғұлдан болыстыққа кандидаттығын Қожахмет Сейтбатталға алып берді.

Қазақтан солдат алады-мыс, ол Думада сөз болыпты-мыс, оны «Көк үйлер» біледі-мыс» деген ел ішінде ызың бар. Бірақ әлі анықталмаған, құр «мыс». Ояз, болыстарды бір кезбен жасауыл шығып, дуанға шақырды. Неге шақырғанын жалпақ ел білген жоқ. Ай сайын шақырып, жарлық айтып, елге салық сала беретін. Соның бірі шығар деді де қойысты. Болыстар дуанға барған соң, ояз ақ патшаның «жұмысшы жігіт алынады» деген жарлығын жариялапты. Оны ел өзінше алып қашып, «солдат сұрапты» деген суық хабар ел ішіне дүңк ете түсті. Ел тасқаяқтай қағысты. Халықтың төбесінен суық су сорғалатқандай ел құлағы елең ете түсті. Шырт ұйқыдан оқ оятқандай жетіден жетпістегісіне шейін серги кетті. Шаруа, жай-күй, өзіл әңгіме жайына қалып: «Солдат алу қалай? Қайда апарады? Болыстар не айтыпты? Қай ел қалай екен? Түбі не болады?..» Міне, жұрттың баққаны, айтқаны осы.

Алатаудың әсем жайлауынан ел етекке қайтты. Жайлау жақты. Мал оңалды. Бірақ соңғы жұманың ішіндегі қоқалақтан құры аттар ұсталып, ысылып қалды. Елде үрей жоқ. Қоқалақ, қопак. Біреуге біреу сенбейді. Әр ауыл өзіне қоғам. Әр ру өзіне икем. Не болыпты? Не хабар? Солдат алады дегені рас болды ма? — Міне, ел аузы осы, ел аңызы осы.

І. Жансүгіров.

«Жетісу: 1730—1916 ж.»

Алматы, 2001, 178-б.

ОН АЛТЫНШЫ ЖЫЛҒЫ ОЙРАН

(Соны деректер ізімен)

1916 жыл — қазақ тарихына қаралы да жаралы жыл болып еніп, ұлы ойранмен аяқталғаны баршаға мәлім. Дегенмен осы жылғы қанды оқиғалардың белгісіз, ескерусіз жақтары да жетіп жатыр. Мысалы, Торғайдағы ұлт-азаттық

көтерілісті басқарушылардың бірі Әбдіғафар Жанбосынұлын кейін төмендетіп, ақыры оны Амангелдіні өлтірген жендеттер қатарына қосып жіберуін тарихты бұрмалау демеске шара жоқ. Мұрағаттардағы мәліметтерде де, ел аузында да айтылып жүрген шындық біреу. Әбдіғафар қыпшақ руы қазақтарының әмірі (хан емес) болып сайланған. Амангелді оның әскербасы болған. Арғын руының болыстарын Оспан Шолақов басқарған.

1917 жылы бұл үш басшы және оған қоса Ахмет Өтетілеуов, Омар Тынымов және Байқадам Қаралдин көтерілісті басқарушылар ретінде айыпталып, түрмеге түскен. Оларды күтіп тұрған әскери соттың өлім жазасынан тек патшаның құлауы және Уақытша үкіметтің 1917 жылғы 6 наурыздағы амнистиясы ғана құтқарған.

(Орталық мемлекеттік тарихи мұрағат.
Ленинград, 1405-қор, 520-тізбе, 954-іс, 57-б.)

Сол сияқты Жетісуда көтерілісті басқарған нағыз батыр, патша сотынан тайсалмай, барлық күнәні өз мойнына алған қарт Бекболат Әшекеев. Өліби Жангелдиннен басқа қазақ зиялы қауымының өкілдері көтерілісті басқаруға тікелей қатыспаған. Оларды көтеріліс басталған кезде-ақ патша үкіметі тұтқынға алып, жолын бөгеген. Сонымен 1916 жылғы көтерілісті халықтың өз ішінен шыққан беделді, ержүрек адамдар басқарған. Бір қызығы, Торғай облысында 9 (тоғыз) басшы болғаны айтылады. Патша әкімдері олардың бәрін «хан» деп атаған. Бұл арада әңгіме кәдімгі хан емес, басшы, көсем деген мағынада.

...Көтерілістің шығуына себепкер болған, оны аяусыз басып-жаншуды әдейі ұйымдастырған және жеңілген халықты дегеніне көндіріп, 19—31 жас аралығындағы жігіттерді көгендеп айдап, Бірінші дүниежүзілік соғыс майдандарына зорлап жіберуші патша үкіметі болды. Қанды қырғын кезінде қанша адам қаза тапты, яғни өлген адамдардың шамасы қандай болды? 1916 жылы патша үкіметіне қарсы неге тек қазақ халқы көтерілді? Қазақстанды мекендеген орыстар, казактар неге патшаға қарсы шықпаған? Солардың арасындағы жұмысшы табының революциялық «саналылығы» қайда? Осындай сұрақтар еріксіз туындайды.

Кезінде М.Дулатұлы сияқты қазақ азаматтары көтерілісте 30 мыңнан аса халық қырылды деп дауыс көтерген.

Мұрағат деректері 30-жылдары емес, тіпті сол 1916 жылдың желтоқсанында социалист, IV Мемлекеттік Думаның депутаты А.Ф.Керенскийдің өзі-ақ: «Қазақстандағы 1916 жыл ойранын ұйымдастырған, бастан-аяқ бұл іске жауапкер тек патша өкіметі», — деп Думада саяси сөз сөйлеген.

Сонымен бұл мәселелерде шындықтың бетін ашқан кеңес тарихшылары емес, Алашорда қайраткерлерінің бірі М. Дулатұлы мен эсер А.Ф.Керенский болып тұр. Ендеше, қазақ тарихын кеңестік (буржуазиялық емес) бұрмалаушылардың жалған пікірлерінен аршып алу қажет.

Әңгімеміз дәлелді болуы үшін А. Ф. Керенскийдің (Саратов губерниясы депутаты) 1916 жылы 13 желтоқсанда IV Мемлекеттік Думаның жабық мәжілісіндегі сөйлеген сөзінде депутат әр сөзін құжаттармен дәлелдеп, істі өзі тексерген. Ол мәселені, әрине, қазақ халқының мүддесі тұрғысынан емес, керісінше «бұратана» халықтар арасында жүргізілген Ресей империясы саясаты тарапынан сөз етеді. Сөз арасында, «...мырзалар, Түркістан мен қырғыздардың (қазақтардың — Ә.Т.) далалық облыстары, әрине, Тула немесе Тамбов губерниясы емес. Ағылшындар өз отарларына қалай қараса, бұларға біз де солай қарауымыз керек», — деп ескертеді.

(Государственная Дума. Стенографический отчет.
Созыв 4, Сессия 5. Петроград, 1916, С. 99.)

Керенскийдің қазақтарға және басқа бұратаналарға жаны ашып тұрмағаны түсінікті. Соған қарамастан шындық жағдайдың беті ашылып, нақты мәліметтер беріледі. Оппозиция жағында тұрған депутат кеше ғана тыныш жатқан аймақтың бір мезгілде апат аймағына айналып кеткендігін патша өкіметі жіберген заңсыз әрекеттердің салдары деп түсіндіреді. Елдегі экономикалық шығын Ресейдің көптеген облыстарына эсер етіп отырғанына және адам шығыны болғанына да тоқталды. Керенскийдің мәліметі бойынша тыныш жатқан өлкеде бірнеше мың (2-3) орыстар және ондаған мың («много десятков тысяч») бұратаналар-қазақтар қаза болған. «Мен оқиғалардың бірден-бір себепкері жоғары мәртебелі бұйрық (1916 жылғы 25 маусым Заңы — Ә.Т.) деп есептеймін», — деп қорытады. Керенский бұл арада «реквизицияға» қарсы емес, тек оның дұрыс, нақты жүргізілмегеніне өкініш білдірді. Мобилизация кезінде кедейлердің 60 жас-

тағы шалдары 30 жаста болып жазылып, 25—30-дағы бай балалары 50 жаста болып жазылған. Яғни, орыс шенеуніктері мен жергілікті қазақ әкімсымақтарының парақорлығын шенейді. Оқиғаның ушығуына патша өкіметінің көтеріліс кезіндегі тағылық саясаты тікелей әсер еткенін де жасырмай жайып салды.

Бірақ социалист-демократ депутат өз мақсатын да жасыра алмайды. Ол Қазақстан (Түркістан) сияқты өлкені басқарудың жаңа түрін іске асыруды ғана талап етеді, ал оларға тәуелсіздік беру немесе автономия ұсынуды ойына да алмайды. Бұл ойдан орыс партиялары кадеттер де, Керенский де, меньшевик Чхеидзелер де аулақ болғаны белгілі. Сондықтан қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күрескерлер Ә.Бөкейханов кадет партиясынан шықса, М.Шоқай меньшевиктерден күдерін үзіп, Қазақ ұлттық автономиясы ұранын 1917 жылы тек «Алаш» партиясы ғана көтерді.

Дегенмен бұл арада тағы бір мәселенің бетін ашып кету қажет. 1916 жылы қазақ зиялыларының көсемдері, яғни ұлт-азаттық қозғалысты бастаушылар, халық көтерілісіне қалай қарады? Олар патшаға қарсы қарулы көтерілісті жақтаған жоқ. Өйткені құр қол халық патшаның талай жыл үйретілген, мұздай қаруланған әскеріне қарсылық көрсете алмай, қырғынға ұшырайтынын сезді. Бірақ тасқыны тау суындай дүркіреген халық көтерілісін тоқтату мүмкін болмады.

Бір сөзбен айтсақ, стихиялық халық көтерілісінен ұлт-азаттық қозғалыстың көсемдері бөлініп қалды. Өмір олардың болжамы дұрыс екенін дәлелдеді: қазақ халқы тағы бір қырғынды басынан өткізді, ал 1917 жылы 27 ақпанда, бас-аяғы бірнеше айдан кейін, патша тағынан құлады. Осындай жағдайды ескермей, кейінгі зерттеушілер тарапынан болашақ «Алаш» партиясының өкілдері 1916 жылы патшаны жақтады, тіпті көтерілісті басып-жаньшты деген де ұшқары, жалған сөздер айтылды.

Ал көтеріліс жеңіліп, қазақ жігіттері майдандарға оқоп қазуға жіберіле бастаған кезде, оларға бас-көз болып, кейін аман-есен ауылға жеткізу қажет болған жағдайда Ә.Бөкейхановтың өзі бастаған қазақ зиялылары (оқытушылар, заңгерлер, т.б.) өз серіктерімен майдандарға «реквизицияланғандармен» бірге аттанды. Бұлай істемеген жағдайда

сауатсыз, орыс тілін түсінбейтін қазақ жігіттерінің елге аман оралуы екіталай еді.

1916 жылдың күзінде қырғынға ұшырап, жеңілген халық лажсыз көніп, 19—31 жас аралығындағы жігіттерді оқоп қазуға аттандыруға мәжбүр болды. Олардан «бұратаналық жұмысшы топтар» (инородческие рабочие партии — ИРП) деген құрылды. Жұмысшы қазақтар Батыс майданына, ал Маңғыстау қазақтары Кавказ майданына жіберіліпті. Жұмысшыларды жинау оңайға түспеген. Мысалы, 1916 жылдың 20 желтоқсанындағы ақпар бойынша шақырылуға тиіс адамдардың толмай жатқаны байқалады. Атап айтқанда: Орал облысы бойынша — 14157, Торғай облысынан — 25737 адам кем алынған. Ал бұл сандар Түркістан өлкесінен жиналған 90 мыңға кірмеуге тиісті, ол өлкеге қазақтың Жетісу және Сырдария облысы қараған ғой. Адам алу Торғай облысының екі уезінде ол шамада іске аспаса керек: Ырғыз уезінен — 74 адам, Торғай уезінен — 15 адам-ақ алыныпты (1917 жылғы 3 қаңтардағы мәлімет). Сонымен 90 мың адам Түркістан өлкесінің өзбек, қазақ, түрікпен, тәжіктері десек, қалған қазақ облыстарынан — Торғай, Орал, Семей, Ақмола, Бөкей ордасы және Маңғыстаудан қанша адам алынғанын анықтау қажет. 1916 жылы 2 шілдеде генерал-губернатор Сухомлинов Ақмола облысынан 26 мың адам алынады деп хабарлапты. Семей облысынан 50 мыңдай адам шақырылмақшы болған. 25 қыркүйек пен 19 желтоқсан арасында белгіленген графикте Ақмола облысынан енді 26 мың емес — 42800 адам белгіленген.

(Орталық мемлекеттік мұрағат,
369-қор, 1-тізбе, 6077-іс. 318-б.)

Дегенмен бұл жоспарлар қанша тырысса да уақтылы іске асырылмаған. Мысалы, 1916 жылы 18 қарашада Ақмола облысынан небәрі 5319 адам, ал 1917 жылы 18 ақпанда 64515 адам жіберіледі депті. Олай болса, тек Ақмола облысынан бастапқы 26 мың емес, кемі 64515, ал 18 қарашада жіберілген 5319 адам бұл есепке кірмесе, одан да көп болғаны. Маңғыстаудан 3000 адам жіберіліпті.

(Орталық мемлекеттік мұрағат,
40-қор, 1-тізбе, 1080 іс, 10-11-бб.)

Қолымыздағы мәліметтерді жинақтағанда әр облыстан төмендегі мөлшердегі адам реквизицияланғаны көрінеді:

Түркістан өлкесі — **90 мың (бәрі қазақ емес).**

Семей облысы — **50 мың.**

Ақмола облысы — **69834.**

Маңғыстау — **3 мың.**

Орал облысы — **мәлімет анық емес.**

Торғай облысы — **50 мың.**

Барлығы: 262 834.

Сонда Орал облысын және Бөкей ордасын қоспағанда Қазақстан мен Орталық Азиядан 250 мыңнан аса адам реквизицияланған деуге болады.

Әбу Тәкенов,

тарих ғылымының докторы, профессор.

//Қазақ тарихы. 1993. №1.

II тарау. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН АҒЫМДАР

БИІК МАҚСАТ ЖОЛЫНДА

Мұстафа ШОҚАЙ

1929—1939 жылдар аралығында Мұстафа Шоқай (1890—1941 жж.) Париж бен Берлинде «Яш Түркістан» журналын шығарғаны белгілі. Журнал, негізінен, Берлинде шығып тұрды, М. Шоқай оны Парижден басқарып отырды. Он жыл ішінде журналдың 117 саны шықты. Мақалалардың көбін М. Шоқайдың өзі жазды.

Барлық түркістандықтарға түсінікті болсын деген мақсатпен журнал шағатай тіліне ұқсас түркістандық түркі тілінде шығып тұрды. Шындығында да, оны оқу сол кезде өзбекке де, қазаққа да, қырғызға да, түрікменге де, Түркия түріктеріне де қиын болмаған сияқты (1883—1918 жылдары шыққан Ысмағұлбек Гаспринскийдің «Тәржіман» газетін еске түсіріндер). 1929—1939 жылдарда түркі жұрттары (Түркия да) әлдеқашан араб графикасымен біржола қоштасып, латын жазуына көшіп кетсе де, журнал сол баяғы араб әріптерімен шығып тұрды. Бұл журнал Түркістан хақындағы сол кездегі ең маңызды басылым болды. Онда саяси-экономикалық, мәдени тақырыптардағы мақалалармен, хабарлармен қатар әдеби шығармалар да жарияланып тұрды. Журналдың материалдары Түркістан халықтарының тұрмыс-тіршілігі туралы ащы шындықты баяндап, отаршылдарға, большевиктерге қарсы ұлт-азаттық күрес бағытында түркістандықтарға рух беріп отырды, түркі бірлігі мұраттарын насихаттады. 1939 жылы 1 қыркүйекте Алманияның Польшаны басып алуы мен Екінші дүние-

жүзілік соғыстың басталуына орай журнал шығуын тоқтатты. Немістер М.Шоқайды Берлинге алып кетеді. 1941 жылдың 27 желтоқсанында Виктория ауруханасында жұмбақ жағдайда қайтыс болады...

«Яш Түркістан» журналын Берлинде шығаруға көмектескен М.Шоқайдың екі сенімді серігі, адал досы болды. Екеуі де өзбек азаматы. Олар 1922 жылы Берлинге оқуға барған, кейін сонда қалып қойған.

Тайыр ШАҒАТАЙ

Тайыр (Шәкірұлы) Шағатай 1902 жылы 27 наурызда Ташкентте туған. Оның әкесі Шәкір Разықбайұлы Ташкентте мешіт салдырып, медресе ұстаған діндар адам болған. 1933 жылы қажыға барған. Бірер жылдан кейін Ауғанстан арқылы Түркияға қоныс аударған.

Тайыр бастауыш білімді әкесінен, жергілікті молдалардан алады да, кейінірек Мүнәууәр Қари (1878—1931жж.) ұйымдастырған жәдит мектебіне барады. Орыс мектебінде де оқиды. Бір жолдасымен Уфаға медресеге барады. Онда ауа райы жақпай небары бір жыл ғана болады. Содан соң Әзірбайжан мұғалімдер училищесінде оқу үшін Бакуге барады. Бакуде жүргенде Тайыр Әзірбайжанның сол жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысына қатысады, сенімге ие болады. Жаз айларында Ташкентке барып, Түркістан ұлттық бірлігі ұйымына кіреді. 1922 жылы жоғары білім алу үшін ол Алманияға жіберілді. Ол алдымен Хейдельберг университетінің экономика, әлеуметтану (социология) бөлімдерінде оқиды. Университетті бітіріп, 1930 жылы «Көшпелі өмір экономикасының басты бағыттары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды, кейін бұл еңбегі жеке кітап болып басылып шығады. Сол жылдары М.Шоқаймен танысады. 1931 жылы Берлинге барып орналасады. 1932 жылы Қазан татарлары жетекшілерінің бірі, жазушы әрі саясаткер Мұхаммед Аяз Ысқақидың (1878—1954 жж.) қызы Сағадат ханымға үйленеді.

Тайыр Шағатай 1929—1939 жылдары «Яш Түркістан» журналының жауапты хатшысы ретінде үлкен түркілік қызмет атқарады. Ал 1939 жылы күзде жұбайы Сағадат Шағатаймен бірге Алманиядан Түркияға қоныс аударады. 1984 жылы Бурса қаласында 82 жасында қайтыс болады.

Тайыр Шағатай неміс, түрік тілдерінде жазылған жиырмаға тарта кітаптың авторы. «Яш Түркістан» журналында да оның көптеген мақаласы жарық көрген. Олар: «Көшпелілер экономикасы» (алман тілінде), «Түркістанның мақта шаруашылығы», «Түркістанның ұлттық әдебиеті және әдебиетшілердің қасіреті туралы», «Түркістанның ұлттық мұраты және Өлішер Науаи», «Қазіргі отбасы және әлеуметтік проблемалар», «Кеңестік Ресейде ұлттық мәселелер шешілген бе?», «Түркістанның ұлт-азаттық қозғалысына қатысты оқиғалардан сахналар», «Түркістандағы түркішілдік және халықшылдық» (екі кітапша), «Қызыл империализм» (алты кітапша), т.б. Бұлардың бірқатары Алманияда, бірқатары Түркияда жарық көрген.

Әбдулақап ОҚТАЙ

Әбдулақап Оқтай «Яш Түркістан» журналын шығаруға атсалысқан үшінші кісі. 1904 жылы Ташкентте туған өзбек азаматы. Бастауыш және орта білімін Ташкент пен Бакуде алған соң, жоғары білім алу мақсатымен 1922 жылы Алманияға оқуға жіберілген. 1929 жылы сол Хейдельберг университетінің медицина факультетін бітіреді де, әйел ауруларын емдейтін маман болып шығады. Бірер жылда ғылым кандидаты атанады. 1933 жылы Әбдулақап Оқтай Алманияға биология ғылымы бойынша кандидаттық диссертация дайындауға барған (1922 жылы) өзбек қызы Саида Шерахмет ханымға үйленеді. 1939 жылы журналдың жабылуына байланысты бұлар да Түркияға қоныс аударып, өмірінің соңына дейін Стамбұлда тұрып еңбек етеді. Ә.Оқтай 1968 жылы 12 шілдеде қайтыс болған.

Әбдулақап Оқтай «Яш Түркістан» журналына көп мақала жазған. Оның сондай-ақ «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай» атты кітабы Стамбұлда 1950 жылы жарық көрген.

Осылайша Алманияда басталған Тайыр Шағатай мен Сағадат Шағатайдың, Әбдулақап Оқтай мен Саида Шерахметтің тағылымды тағдырлары туысқан Түркияда қайта тоғысты, сонда аяқталды. «Адамдарды, ең алдымен, идея содан соң, мұрат достастырады», — деген нақылдың біз үшін ең тамаша үлгісі осы болса керек. Мұстафа Шоқай бастаған

бұл ғажайып топтың бүкіл түркі әлеміне қалдырған ең маңызды ұлы мұрасы — «Яш Түркистан» журналы. Бұл журнал оны шығарушылардың тірі кезінде өздеріне өздері орнатып кеткен мәңгілік ескерткіш!

Фадли ӘЛИ, түркітанушы
Заман Қазақстан. 23 қаңтар, 2002.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ КӨЗҚАРАСЫ

*(Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінің
оқырмандарына арнау сөзі)*

«Заманына қарай адамы» деген сөз бар. Мұның мағынасы — заманның түріне қарап іс істеу. Төңірекке қарасақ, түнерген-түнерген бұлттар көрінеді. Түбі қандай, белгісіз. Не боларын білмейміз. Нұр болып жауып, жерімізді көгертіп, несібемізді молайтар ма, болмаса дауыл боп соғып, үйімізді жығып, үй ішімізді шашып тастар ма?! Көзіміз бұған жетпейді. Жалаңаяқ, жалаңбас, жендеріміз киосіз, етектеріміз жиюсыз ашылып-шашылып қамсыз жатқан халықпыз. Күннің не боларына көзіміз жетіп тұр, дауылды жауын ету қолымыздан келмесе де үйлеріміз қирамай, үй ішіміз шашылмай қалуына амал ету керек емес пе? Сол амалға кіруге жұртқа мұрындық болатын нәрсенің бірі — газет. Халыққа газеттің керегі қандай екенін айтып өткеніміз ұнамсыз болмас.

Әуелі, газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ. Бөтен дүниежүзіндегі халықтар жеделхат, телефон, пошталардың арқасында бір-бірімен хабарласып, газет арқылы жұртты жиып, бір үйдегі адамдардай сөйлесіп отыр. Дүниеде болып жатқан істер, сөйленіп жатқан сөздер кімге пайдалы, кімге залалды екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса шаттанып, залалдысынан сақтанып тұрады.

Екінші, газет жұрттың уланбасына медет нәрсе. Олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық етіп тұрады.

Үшінші, газет халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттерден жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте молайып, запаны өсіп, пікірі ашылып, қыр асты жетпекші.

Төртінші, газет халықтың дауысы. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады.

Халыққа газеттің осындай пайдалы қызметтері бар екендігін білген жұрттар газетті киетін киімі, ішетін тамағы, үстіндегі үйінен соңғы керек нәрсеге санайды. Газеттің пайдасын білімді, өнерлі халықтар көбірек біледі. Сондықтан неғұрлым білімді, өнерлі халық болса, соғұрлым газет, журналдары көп. Оны мынадан байқауға болады.

1907 жылғы санаққа қарасақ Ресейде сол жылы екі мың бір жүз жетпіс үш газет пен журналдар шыққан екен. Оның бір мың үш жүз тоқсан алтысы орыс тілінде, сегіз жүз алпыс жетісі басқа тілде. Сол 867-нің ішінде біздің татар бауырластарымыздың 30 шамалы газет-журналдары болған. Бізде біреу де болмады. Одан бері 5 жыл өтті. 5 жылдың ішінде газет-журналдардың саны бұрынғыдан да өсті. Біз қосылар болғанымыз жоқ. «Айқап» шықты. Бұл бұрынғыдан да гөрі ілгері басқанымызды көрсетеді. Бірақ бір адым ілгері басып, сонымен тұрып қалсақ, онымен ұзай алмаймыз. Ілгері басқанның үстіне ілгері басарға керек. Озғандарға жету керек, жеткендерімізден озу керек. Дүниенің төріне тырысқандар төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай, төрге тырмысалық. Басқалар төрге қалай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік...

Ал алаштың азаматтары, ақсақ қойдай, басқадан кейін қалғанымыз ба, жоқ қалмас амалын іздеп қамданамыз ба?! Қалмаймыз десек, қарап жатпалық. Көп ісіне көп болып жабылайық. Саңылаулы, саналы халық азаматтары көмек етіп, күш қосып демер деген үміт зор. Қолымнан не келеді деп қорынбаңдар. Ұлтына қызмет етуге ниет болса, жұмыс табылғандай. Көп жұмыстың ішінде ауыры да, жеңілі де болады. Қазақтың бітіп, тынып тұрған нәрсесі жоқ. Әркім әлі келер жұмысын алсын. Жадымызда болсын, аз нәрсе

көпке сеп болмақшы. Сәл демеу, зорға сүйеу болады. Ұлы іс ұсақтан ұлғаяды. Кірпіш зор емес, қаласаң қандай зор үй шығады. Шөп жиып, шөмеледей илеу істейтін құмырсқаны көрмейміз бе? Ұлы іс ұсақ істен құралып, зор болатындығын осылардан аңғаруға болады.

Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесе қызмет ету қазақ баласына міндет. Қызмет етемін десеңдер, азаматтықтың зор жолының бірі осы.

Милет халін ойымызға алып, қызмет етуді мойнымызға алып, талаптанған бір ісіміз осы. Құдай сөтін салғай. «Әмин» деп қол жайып, «оп» деп күш қосып, «Алла» деп іске кіріселік.

Қазақ, 1913 жыл, №1.

Ә. БӨКЕЙХАНОВ:
«МЕН КАДЕТ ПАРТИЯСЫНАН НЕГЕ ШЫҚТЫМ?»

Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді.

Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз, Алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық.

Француз, орыс һәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді, молла хукіметтен ақша алса, сатылып кетеді. Рухани іс аяқасты болады. Жалование алған моллалар хукіметке жетекшіл болып, еріп кетеді. Біздің қазақ-қырғыздың ісін көркейтетін болсақ, хукімет ісінен бөліп қойған оң болады. Оны орысша «отделение церкви от государства» дейді. Кадет партия менің бұл пікіріме өзгеше қарайды.

Осы үш жол айырылғаны биыл ашыққа шықты. Мен содан соң қазаққа «Алаш» партиясын ашуға тырыстым. Мұны мен шілдедегі жалпы қазақ съезіне айтқан едім.

Ғалихан

Қазақ, №256. 23 желтоқсан, 1917 жыл.

«АЛАШ» ПАРТИЯСЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ
(Нұсқалардың салыстырма кестесі)

Жобаның қазіргі қазақ әліпбиіне түсірілген нұсқасы	Кейбір түсініктер қазіргі қазақ орфографиясы бойынша берілген М.Құл-Мұхаммедтің нұсқасы
1	2
<p align="center">«АЛАШ» ПАРТИЯСЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ</p> <p align="center">I</p> <p align="center">Мемлекет қалпы</p> <p>Росиа димократически, фидиративни риспоблика болу. (Демократиа мағнасы мемлекетті жұрт билеу. Фидиратсиа мағнасы құрдас мемлекеттер бірлесуі. Фидиративни риспобликада һәр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Һәрқайсисы өз тізгінін өзі алып жүреді).</p> <p>Хүкімет басында учредительное собрание мен Г. Дума қалауынша кесімді жылға сайланатын призидинг болу. Призидинг халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер учредительное собрание мен Г.Дума алдында жауабдар болу.</p> <p>Дипутаттар тегіс, тең, төте һәм құфия сайлаумен болады. Сайлау хұқында қан, дін, еркек әйел талғаусыз болу.</p> <p>Законды жалғыз ғана Г.Дума шығару һәм Г.Дума хүкімет үстіне қарап, ісін тексеру, запрос (сұрау) жасау хұқы да Г.Думада болу. Мемлекеттік салығы Г.Думансыз салынбау.</p> <p align="center">II</p> <p align="center">Жергілікті бостандық</p> <p>Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Росиа риспобликасының фидиратсиалық бір ағзасы болу.</p>	<p align="center">«АЛАШ» ПАРТИЯСЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ</p> <p align="center">I</p> <p align="center">Мемлекет қалпы</p> <p>Ресей демократиялық, федеративтік республика болу. (Демократиа мағынасы — мемлекетті жұрт билеу. Федеративтік мағынасы — құрдас мемлекеттердің бірлесуі. Федеративтік республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Өрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді.)</p> <p>Үкімет басында Учредительное собрание мен Г. Дума қалауынша кесімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер Учредительное собрание мен Г. Дума алдында жауапты болу.</p> <p>Депутаттар тегіс, тең, төте һәм құпия сайлаумен болады. Сайлау құқында қан, дін, еркек, әйел талғаусыз болу.</p> <p>Законды жалғыз ғана Г.Дума шығару һәм Г.Дума үкімет үстіне қарап, ісін тексеру, запрос (сұрау) жасау құқы да Г.Думада болу. Мемлекеттік салығы Г.Думасыз салынбау.</p> <p align="center">II</p> <p align="center">Жергілікті бостандық</p> <p>Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Ресей республикасының федерациялық бір ағзасы болу.</p>

1	2
<p>Реті келсе, қазақ автономиясы сыйбалас жұрттармен өзiрге бiр-лесe болу, ретi келмесе, бiрден-ақ өз алдына жеке болу. Қайткенде де осы күнгi зимствольқты қабыл алу.</p> <p>«Алаш» партиясы қазақтың би, болыс, аулнайлары сияқты орындарында қызмет ететiн адамдар жұртқа файдалы, жұрт үшiн қызмет етерге көңiлдi адамдар болуына жаһид қылады. Зимстволардың управаларында, милицияларында таза қызметшi боларлық адамдардың атын халық қалауына салады.</p> <p>«Алаш» партиясы ғадiллiкке жақ, нашарларға жолдас, жөбiрлерге жау болады. Күш-қуатын игiлiк жолына жұмсап, жұрт тарақи ету жағына бастайды.</p>	<p>Ретi келсе, Қазақ автономиясы сыйбалас жұрттармен өзiрге бiр-лес болу, ретi келмесе, бiрден-ақ өз алдына жеке болу. Қайткенде де осы күнгi земствольқты қабыл алу.</p> <p>«Алаш» партиясы қазақтың би, болыс, аулнайлары сияқты орындарында қызмет ететiн адамдар жұртқа пайдалы, жұрт үшiн қызмет етерге көңiлдi адамдар болуына жаһид¹ қылады. Земстволардың управаларында, милицияларында таза қызметшi боларлық адамдардың атын халық қалауына салады.</p> <p>«Алаш» партиясы ғадiллiкке жақ, нашарларға жолдас, жөбiрлерге жау болады. Күш-қуатын игiлiк жолына жұмсап, жұрт тарақи² ету жағына бастайды.</p>
<p style="text-align: center;">Ш</p> <p style="text-align: center;">Негiзгi хұқық</p> <p>Россия республкасында дiнге, қаңға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу.</p> <p>Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жариа сөйлерге, газит шығаруға, китаб бастыруға еркiншiлiк; хұкiмет қызметшiлерi иесiнен рұқсатсыз һөкiм табалдырығын аттамаушылық; зақонсыз жолмен һөкiмдi хұкiмет адамдары ұстамаушылық; суд сұрамай, билiк айтылмай, тұтқын қылмаушылық; қылмысты болған адам судиа бар жерде 24 сағат iшiнде, судиасыз жерде бiр жетiден қалмай судиаға тапсырылып жабылса, судиа хұкiмiмен жабылу.</p>	<p style="text-align: center;">Ш</p> <p style="text-align: center;">Негiзгi хұқық</p> <p>Ресей республикасында дiнге, қаңға қарамай, еркек-әйел демей, адам баласы тең болу.</p> <p>Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлерге, газет шығаруға, кiтап бастыруға — еркiншiлiк; үкiмет қызметшiлерi иесiнен рұқсатсыз ешкiмнiң табалдырығын аттамаушылық; заңсыз жолмен ешкiмдi үкiмет адамдары ұстамаушылық; сот сұрамай, билiк айтылмай, тұтқын қылмаушылық; қылмысты болған адам судья бар жерде 24 сағат iшiнде, судьясыз жерде бiр жетiден қалмай судьяға тапсырылып жабылса, судья үкiмiмен жабылу.</p>

¹ *Жаһид* — арабтың жаһд немесе жуһд сөзiнен ауысып қолданылған нұсқа, «тырысады, талпынады, құлшынады» деген мағынаны бiлдiредi (Борисов В.М. Русско-арабский словарь. Том II. М., 1982, С. 332.).

² *Тарақи* — арабтың тарақкаи сөзiнен ауысып қолданылған нұсқа, «дамыту, өркендету» деген мағынаны бiлдiредi. (Борисов В.М. Русско-арабский словарь. Том II. М., 1982, С. 163.)

1	2
<p>Кісі хатын ашқанға айып, оқығанға жаза болу.</p>	<p>Кісі хатын ашқанға айып, оқығанға жаза болу.</p>
<p>IV</p>	<p>IV</p>
<p>Дін ісі</p>	<p>Дін ісі</p>
<p>Дін ісі мемлекет ісінен айырылы болу. Дін біткенге тең хұқық. Дін жайуға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық.</p>	<p>Дін ісі мемлекет ісінен айырылы болу. Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға¹ ерік. Кіру-шығу жағына бостандық.</p>
<p>Муфтилік қазақта өз алдына болу. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер мұллада болу, жесір дауы судта қаралу.</p>	<p>Муфтилік қазақта өз алдына болу. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болу, жесір дауы сотта қаралу.</p>
<p>V</p>	<p>V</p>
<p>Билік һәм суд</p>	<p>Билік һәм сот</p>
<p>Һәр жұрттың билік пен суды тұрмыс ынғайына қарай болу. Би һәм судиа жергілікті жұрттың тілін білу. Аралас жерде судтың тергеу-тексеруі һәм хүкімі жергілікті жұрттың қай көбінің тілінде айтылу. Би һәм судиа орнынан тергеусіз түспеу. Билік һәм суд жүзінде жұрт біткен тең болу; Құдайдан соңғы күшті би һәм судиа болып, кім де болса, олардың хүкіміне мойын суну. Айтылған хүкім тез орнына келу. Зор жазалы қылмыстар присиажни судпен қаралу. Қазақ көп жерде суд тілі қазақ тілі болу. Присиажнилар қазақтан алыну. Қырдағы ауыл, болыс ішіндегі билік пен суд жұрт ұйғарған ереже жолымен атқарылу.</p>	<p>Өр жұрттың билік пен соты тұрмыс ынғайына қарай болу. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу. Аралас жерде соттың тергеу-тексеруі һәм үкімі жергілікті жұрттың қай көбінің тілінде айтылу. Би һәм судья орнынан тергеусіз түспеу. Билік һәм сот жүзінде жұрт біткен тең болу; Құдайдан соңғы күшті би һәм судья болып, кім де болса, олардың үкіміне мойынсуну. Айтылған үкім тез орнына келу. Зор жазалы қылмыстар присияжный сотпен қаралу. Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болу. Присяжныйлар қазақтан алыну. Қырдағы ауыл, болыс ішіндегі билік пен сот жұрт ұйғарған ереже жолымен атқарылу.</p>
<p>VI</p>	<p>VI</p>
<p>Ел қорғау</p>	<p>Ел қорғау</p>
<p>Ел қорғау үшін ғаскер осы күнгі түрде ұсталмау. Ғаскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету: ғаскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Ғаскерлік міндетін қазақ атты милитсиа түрінде атқару.</p>	<p>Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмау. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету: әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару.</p>

¹ «Жаюға» сөзі түпнұсқада анық көрінбегендіктен (сөздің соңы «-уға» деп аяқталыпты), логикалық тұрғыда осылай деп бердік (кұраст).

1	2
<p style="text-align: center;">VI Салық</p> <p>Салық әл-ауқат, табысқа қарай байға — байша, кедейге — кедейше әділ жолмен таратылу.</p>	<p style="text-align: center;">VI Салық</p> <p>Салық әл-ауқат, табысқа қарай байға — байша, кедейге — кедейше әділ жолмен таратылу.</p>
<p style="text-align: center;">VII Жұмысшылар</p> <p>Жұмысшылар закон панасында болу. (Қазақ жерінде зауод-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылар да аз. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меншевик табының бағдарламасын жақтайды)</p>	<p style="text-align: center;">VII Жұмысшылар</p> <p>Жұмысшылар заң панасында болу. (Қазақ жерінде зауыт-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меншевик табының бағдарламасын жақтайды.)</p>
<p style="text-align: center;">VIII Ғылым-білім үйрету</p> <p>Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылу. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу; Хүкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер-профисорлар өзара сайлаумен қойылу; ел ішінде кітапханалар ашылу.</p>	<p style="text-align: center;">VIII Ғылым-білім үйрету</p> <p>Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылу. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолы өз алдына автономия түрінде болу; үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылу; ел ішінде кітапханалар ашылу.</p>
<p style="text-align: center;">IX Жер мәселесі</p> <p>Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілісін деу; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеу; бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайту; қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті</p>	<p style="text-align: center;">IX Жер мәселесі</p> <p>Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы, алдымен жергілікті жұртқа берілісін деу; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеу; бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайту; қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті</p>

1	2
<p>камитеттер кесу; сыбаға өлшеу — норма — жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай жасалу; сыбағадан артылған жер зимство қолында болу; артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп берілу; Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілу; жерді қазақ үй басына иеленбей ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу; өзара өділдік жолмен пайдалану.</p> <p>Жер заңында жер сату деген болмау, һәркім өзі пайдалану. Файдасынан артық жер сатылмай, зимствоға алыну. Жердің кені, астығы байлығы қазнанікі болып, билігі зимство қолында болу.</p> <p>Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш һәм көл байлықтары зимство мүлкіне саналу.</p> <p><i>Жоба жасаушылар:</i> <i>Ғалихан Бөкейханф, Ахмед Байтұрсынф, Мирижақоб Дулатф, Елдес Ғұмарф, Есенғали Тұрмұхамедф, Ғазымбек Бірімжанф.</i></p>	<p>комитеттер кесу; сыбаға өлшеу — норма — жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай жасалу; сыбағадан артылған жер земство қолында болу; артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп берілу; Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілу; жерді қазақ үй басына иеленбей ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу; өзара өділдік жолмен пайдалану.</p> <p>Жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астыңғы¹ байлығы қазынанікі болып, билігі земство қолында болу.</p> <p>Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земство мүлкіне саналу.</p> <p><i>Жоба жасаушылар:</i> <i>Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғазымбек Бірімжанов.</i></p>

¹ «Астыңғы» сөзі түпнұсқада «астығы» деп қате басылды ма деген ойдамыз. — (Құраст.)

ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕНКЕСІ

Халықтың саяси-әлеуметтік, экономикалық даму тарихында жәрменкелердің алар орны ерекше. Өйткені олар сауда-саттық ісін дамытып қана қоймай, көрші елдермен саяси-экономикалық байланыс жасау, тұрақты қарым-қатынас орнықтыру мәселесінде аса маңызды қадамдар жасауға жол ашты. Онда халықтық өнер мен мәдениетті кеңінен насихаттаудың да мүмкіндігі мол. Ендеше, жәрменкелер тарихымен жете танысудың, олардың халықтың даму тарихына қосқан үлесін байыптап, саралаудың маңызы зор. Осындай саяси-экономикалық орталықтардың бірі — Орталық Қазақстандағы Қоянды жәрменкесі.

Қазақстан аумағында XIX ғасырдың 20-жылдары сыртқы округтер деп аталған әкімшілік орындары құралады. Олар Қарқаралы (1824 ж.), Көкшетау (1824 ж.), Баянауыл (1826 ж.) округтері.

Сауда өз кезегінде ішкі саяси жағдайларды шешуге де айтарлықтай әсер еткен. Сөзіміз дәлелді болу үшін Ташкенттегі Қяхта көпестерінің коммерциялық агенттігінің жазбаларына үңіліп көрейік: «...окончателное сближение наши с народами описываемого края все более зависит от развития непосредственной нашей торговли... с развитием торговли начнутся частые сообщения, постоянные сношения по делам обмена товаров и неизбежный при этом обмен мыслями при котором на населения Средней Азии может быть оказываемого русскими громадное влияние»¹.

Негізінен, сауда қазақ руларымен Кереку, Өскемен, Семей, Қарқаралы арқылы жүзеге асып отырады, келер жылдары Зайсан арқылы шекаралық өкімет әкімшілік бөліктің рөліне көп көңіл аударды².

Ресейге қосылғанға дейінгі кезеңде, XVII ғасыр мен XVIII ғасырдың басында, Қазақстанда сауда нашар дамыды. Өйткені шапқыншылық салдарынан ірі қалалар мен қала базалары қираған еді. Бірақ ауыл шаруашылық өнімдерімен айырбас тоқтаған жоқ. Қазақтар көрші Хиуа, Қоқан, Бұхара, Қытай мемлекеттерінің халықтарымен тығыз байланыста болды.

¹ Материалы к вопросу о торговых путях с Среднею Азию. СПб., 1869, С. 9.

² Касымбаев Ж. Социально-экономические отношения в городе и деревне Казахстана. Сб. науч. статей, Алматы, 1988, С. 42.

Ал Қазақстанның Ресеймен тығыз сауда байланысы XVIII ғасырдың екінші жартысынан, патшалық Ресей қол астына кіргенінен кейін басталды. Сауданың өрістеуіне Қазақстанда орыс қалаларының салынуы үлкен әсерін тигізді.

Ресейге қараған кезде Қазақстанда бар жоғы үш-төрт қала қалған еді. Оның біреуі — Түркістан қаласы. Ал басқа Тараз, Созақ, Сайрам қалалары ұсақ кәсіпкершілік пен ауыл шаруашылығы орталықтары (поселка) ретінде жеткен-ді.

Қазақстанда кәсіпорынды қалалардың болмауы, әрине, сауданың, өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізді. Бұл жағдай Ертіс, Орынбор және Оралдағы алғашқы бекіністердің салынуына байланысты өзгере бастады. Сауда байланысының барысында бұл әскери бекіністер бірте-бірте қалаларға айналды. Қазақстан аумағында қалалардың, селолардың, станциялардың салынуы тауар мен ақша қатынасының орнығуына әсерін тигізді. Шалғай жатқан аудандарға қарағанда орыс шекарасына жақын орналасқан аудандарда сауда қатынасы ертерек дамыды.

XIX ғасырдың 40-жылдары осы жәрмеңке ауданында тау-кен өндірістері¹ дами бастады. Сондай-ақ Александровск күміс балқыту (1849 ж.), Богословск (1857 ж.), Николаевск (1859 ж.) және Спасск мыс қорыту зауыттарының іске қосылуы дала саудасының дамуын жеделдете түсті.

1855—1862 жылдары қазақтардың мал санының азайып кетуіне қарамастан 1869 жылы Қоянды жәрмеңкесінің сауда айналымы² жарты млн-нан артып түскен.

Патша үкіметінің көршілес елдермен сауда қатынасын дамыту үшін жасаған қадамдары да Қазақстандағы сауданың дамуына ықпал етті. Мысалы, Ресейдің Сібір линиясындағы салықты жоюы Сібірге келген Азия көпестеріне өз тауарларын сауда куәлігінсіз сатуға мүмкіндік берді. 1852 жылы, бастапқыда бес жылға, ал 1857 жылы одан әрі ұзартылды. Осының бәрі Қоянды жәрмеңкесінің дамуына өз әсерін тигізді.

1869 жылы Семей губерниясының әскери губернаторы Полтарацкий мен Қарқаралы уезінің бастығы штабс-капи-

¹ *Смирнов А.* Куяндинская ярмарка. Семипалатинск, 1924, С. 51.

² ҚРОМА, 64-қор, 1-тізбе, 3613-іс, 123-парақ.

тан Тихонов Қоянды сауда орнын жәрменке ретінде тануға бұйрық¹ шығарды. 1868 жылдың 12 қыркүйегіндегі Батыс Сібір бас басқармасының кеңесі Қоянды жерінде жыл сайын 15 мамырдан 15 шілдеге дейін жәрменке ұйымдастыруды хаттап², бекітті. Сонымен бұл сауда орны оның негізін қалаушы орыс көпесінің құрметіне орай Ботов жәрменкесі деп аталды.

Қоянды жәрменкесі жылдан-жылға күшейе түсті. Жәрменкеге әкелінетін мал саны маусым сайын сан мыңдап көбейіп отырды. Осыған байланысты 1871 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторының жарлығымен жәрменкеге әкелінген малды бағып-жаю үшін 55 шаршы шақырым³ жер бөлінді.

Қоянды жәрменкесінің біраз жылдық есебін қарап отырып, жергілікті ұлт өкілдері жағынан, негізінен, төрт түлік мал және оның өнімдері (тері, қой жүні, ешкінің түбіті), өсімдіктер, тағы басқа заттардың саудаға тартылып отырғанын байқаймыз. Мал шаруашылығы өнімдерінің аса маңызды болғаны сонша, мұнда жыл сайын тек малдың өзі ғана 7 00000 сомнан 1 250 000 сомға дейінгі көлемде⁴ әкелінген. Жалпы, жәрменкедегі айналымның қырықтан алпысқа дейінгі пайызы ірі кара мен ешкі, қойдың үлесіне тиді. Ал екінші орынды, жалпы, осы жәрменке айналымы бойынша мал шаруашылығы өнімдері алады. Олар өңделмеген терілер, ешкі түбіті мен жылқының қылы, қойдың жүні — жалпы айналымның 8%-нан 22%-на дейін құрады...

Жәрменкеге көпестер мен саудагерлер дайын тауарлар жеткізіп отырған. Олар: күйдірілген ыдыстар, шай, қант, шыны-әйнек, темір, шойын, тағы басқа заттар. Бұлар сауда айналымының 28-ден 40%-ға дейінгі бөлігін құрады, 3%-дан 6%-ға дейін Азия маталары құрады.

Семей губерниясындағы барлық жәрменкелер, жалпы қазақ жеріндегі барлық жәрменкелер бір-бірімен тығыз байланыста болған. Осы Қоянды жәрменкесінде сатылмай қалған мал, одан сатылып алынған тері, жүн, тағы басқа тауарлар Семей, Павлодар, Петропавловскіге, ал бұл жерден

¹ ҚРОМА. 64-қор, 1-тізбе. 3613-іс. 123-арт. парақ.

² Бұл да сонда. 123-арт. парақ.

³ Бұл да сонда. 124-парақ.

⁴ Смирнов А. Куяндинская ярмарка. Семипалатинск, 1924, С. 53.

Ресейдің ішкі базарына жеткізіліп отырған. Ал мал Ақмола, Орынбор, Саратов, Тобыл, Пермь, Томск губернияларына, Сырдария, Ферғана, Торғай облыстарына және Мәскеу, Петерборға дейін өкетілген.

Қоянды жәрмеңкесінің 1905 жылғы есебіне көз жүгіртер болсақ, мынадай жағдайларға куә боламыз. Жәрмеңке 1 маусымда басталады, оның ашылуына саудагерлер мануфактуралық, азық-түлік өнімдері (бакалейный) басқа тауарларымен алғашқы жылдармен салыстырғанда аз. Мал тіптен аз болды. Малды 5 маусымнан бастап әкеле бастайды, осы айдың 14-не қарай мал саны көбейіп, жәрмеңкеде сауда қызады. Бірақ бұл қарқын 21 маусымнан кейін қайта бәсеңдей түсті. 28 маусым күндері сауда мүлдем тоқтап, 30-ы күні жәрмеңкенің жалауы түсірілді.

Бұл жәрмеңкеде қойдың бағасы алғашында өте жоғары болды, ортасына таман аздап бағасы төмендеді. Ал соңына қарай Түркістан өлкесінен кешігіп жеткен сатып алушылардың келуіне байланысты қайта көтерілді. 1904—1905 жылдары Қояндыдағы малдың бағасы қандай болғаны төмендегі кестеден айқын байқалады:

Малдың түрі	Бөлшек сауда (сом, тиын есебімен)		Көтерме бағасы (сом, тиын есебімен)	
	1904 жыл	1905 жыл	1904 жыл	1905 жыл
Қой	3 с. 40 т. — 6 с. 50 т.	3 с. — 7 с.	3 с. 20 т. — 4 с. 30 т.	2 с. 50 т. — 4 с. 30 т.
Ешкі	1 с. 80 т. — 2 с. 70 т.	2 с. — 5 с.	1 с. 50 т. — 2 с. 40 т.	1 с. 20 т. — 2 с. 50 т.
Өгіз	23 с. — 30 с.	20 с. — 35 с.	20 с. — 33 с.	19 с. — 28 с.
Сиыр	17 с. — 20 с.	18 с. — 25 с.	17 с. — 21 с.	15 с. — 27 с.
Жылқы	22 с. — 50 с.	20 с. — 45 с.	17 с. — 20 с.	15 с. — 27 с.
Түйе	32 с. — 35 с.	25 с. — 35 с.		

...Ташкенттік саудагерлердің жәрмеңкеге келмеуіне байланысты, 1905 жылы Азия тауарлары өткен жылғыдан едәуір төмен болды.

Осы көрсетілген сауда айналымының мәліметтеріне қарап мынадай қорытынды шығаруға болады. Семей және Жетісу облыстарының көшпелілері үшін Қоянды жәрмеңкесінің өмірлік маңызы зор болды. Осы жылдары тұрғындар өз тауарларын жәрмеңкенің арқасында көп қиындықсыз жеңіл және еркін сатқан.

Жәрмеңкеде мал және шикізат өнімдері сәтті сатылғанда мануфактуралық, азық-түлік өнімдері және басқа да тауарлармен сауда қызу жүрді. Бұл кездерде жәрмеңкеде сауда қолма-қол ақша айырбасымен іске асып отырған.

Мануфактуралық, азық-түлік өнімдері, галантереялық, темір және басқа да тауарлар — Омбы, Қызылжар, Ақмола, Павлодар, Семей, Түмен, Барнауыл, Томск, Мәскеу және Қазан қалаларынан жәрмеңкеге тартылып отырды.

Ал Азия тауарлары болса — Ташкент, Сырдария облысынан, Қапал, Лепсі, Сарқанд стансысынан, сонымен қатар Семей, Қарқаралы, Зайсан қалаларынан әкелінді. Ұн, негізінен, Жетісу облысының — Лепсі, Қапал уездерінен, аздаған бөлігі Семей, Ақмола, Павлодар қалаларынан жеткізілді...

...Қоянды жәрмеңкесінің арқасында дала халқы өз өнімдерін өткізді, өздеріне қажет тауарларды сатып алды. Сөйтіп, істеген еңбегінің игілігін көрді.

«Мамания» кітабынан.
Алматы, Атамұра, 1999.

III тарау. XX ҒАСЫРДЫҢ 20—30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, МӘДЕНИ ЖАҒДАЙЫ

ҮЛКЕН САЯСАТ САХНАСЫНДА

1924 жылы Жалау Мыңбаев Орал губерниялық атқару комитетінің төрағасы болды. Ол кезде Адай, Гурьев уездері Оралға әкімшілік бағыныста еді. Губерния орталығы Орал — Батыс Қазақстан өңіріндегі үлкен қалалардың бірі саналады. Бұрынғы Жайық казачествосының кіндігі, Қазақстанның батыс аймағын отарлау саясатының туын тіккен ордасы. Жайықтың ен байлығын армансыз емген, егін егуге қолайлы, құнарлы жер атаулының бәрін иеленген келімсектер әбден қонданып алған. Олардың, әрине, Кеңес үкіметін оңайлықпен мойындағысы жоқ. Бұл өңірде азамат соғысының өте қызу жүрген себебі де осы. Соғыс шарпуы оңай емес. Одан, алдымен шаруашылық күйзеледі, ел көбесі сөгіледі. Мұнда да сондай болды. Ақ армияға қатысқан, іштартқан ауқатты қазақтар босып кетті. Иелерінің басына қара күн туған соң мал басы кеміді. Егістік жерлер тусырап қалды. Төңкеріске дейін қазақтарға Жайық бойына егін салу түгілі жақындап қоныстануға, мал суаруға рұқсат етілмеген еді. Солай сырт тартып қалған қазақ ауылдары «өлі қайтіп кетеді?!» деген қауіппен Жайыққа жақындай қойған жоқ.

Жаңа төраға жаңа жұмысын қазақтардың өзегі талмайтын өзенді жағалатуға күш салудан бастады. Бұрынғы казак-орыс станицаларына көшпенділер аулы ат басын тіреді. Бай қазақтардың ау құралдары, егін құралдары соларға берілді. Қазақтың қара домалақ балалары сауат ашты.

Орал әуелден қазақ зиялыларының шоғырланған жері болған. Бақытжан Қаратаев, Сейтқали Мендешев, ағайынды Өлібековтер, Өбілқайыр Әйтиев — бәрі де оралдық. Екі Досмұханбетов Халел мен Жаншалар да Оралмен біте

қайнасқан. Жәкең жаңа қызметінде осы ағалармен жете танысты, араласты, төліміне суарылды. Солар арқылы Орынбордағы қазақтың басшы қызметкерлерімен таныс-білістігін шыңдады.

Жәкеңнің Оралдағы қызметі бір жылға жетер-жетпес мерзімге ғана созылды. 1925 жылы Қазақстан Орталық Аткару Комитетінің төрағасы болып Орынборға ауысты¹.

Міне, С.Қожанов осындай батыл адам еді. Ой-пікірін ашық айтатын. Осы кеңес үстінде С.Қожанов Сталиннен төмендегідей хат алады.

«Қожанов жолдас! Сіз бүгін өте жақсы айттыңыз. Егер сіз жергілікті жерде де осылайша жақсы жұмыс істейтін болсаңыз (Мен әзірге бұған толық күмәндімін), мен сіздің досыңыз, жолдасыңыз болуға дайынмын. И.Сталин»².

...1925 жылдың көктемінде астананы Ақмешітке көшіру жөнінде төраға Ж.Мыңбаев қол қойған арнаулы қарар қабылданды. Сұлтанбектің жұбайы Күлөнданың естелігіне қарағанда бұлар — Ж.Мыңбаевтікімен екі үй, Орынбордан Ақмешітке сапарында бір вагонға мінген. Күлөнда — қазақтың аяулы қызы. Ерінің талайлы тағдырының ауыртпалығын бөліскен қаһарман әйел. Күлекеңнің айтуынша, арнаулы поезд Ақмешітке жеткенше әлденеше жерде аялдап, митингілер өткізген. Сонда С.Қожанов пен Ж.Мыңбаев шығып, елмен кездесіп, сөйлеп отырыпты. Жазушы Сәбит Мұқанов «Өмір мектебінде» өзінің Ақмешітке осы пойызбен келгенін баяндайды...

«Қожановтың салон вагонына барып, бірнеше сағат әдемі мәжіліс жасап қайттық. Сонда көрсем Сұлтанбек, пынында да, адамшылық қасиеттері мол, ойыншы-күлкіші, әзілқой, кеңесші, әдебиет пен көркемөнерді сүйетін кісі екен», — деп жазады ол. Сәбен солай деуін деп алады да, енді бір жерде былай деп те жібереді: «Менің Сұлтанбек Қожанов туралы бұған дейін білетіндерім: 1. Кеңес өкіметіне қарсы өлең-жыр жазудан тынбай келе жатқан алашордашыл ақын Мағжан Жұмабаевтың Қазақстанда бастыра алмаған өлең, поэмаларын 1923 жылы Ташкент қаласында бастырды да, өзі кіріспе сөз жазып, Мағжанды аспанға шығара мақтады; 2. «Алаш лидері» Ахмет Байтұрсынұлының 1923 жылдың

¹ *Әлмашұлы Ж.* Сұлтанбек Қожанұлы. Алматы, 1994. 46-б.

² Сонда, 47-б.

күзінде 50 жылдық мерейтойын Ташкентте өткізіп, Түркістан республикасының басқарушы газеті «Ақ жолда» А. Байтұрсынұлын мақтаған мақала бастырды, портретін жариялады; Түркістан Республикасын Қожанов басқарған кезде (1922—1925 жылдары) Алашорда партиясының көшбасшылары: Халел Досмұхамедов, Хайретдин Болғанбаев, Мырзағали Есполов, Жүсіпбек Аймауытов, тағы басқалар Ташкент қаласынан пана тапты да, ондағы «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» және «Сана» журналдарына ұлтшылдық бағытта, кейде Кеңес өкіметіне ашық қарсы шыққан бағытта жазған шығармаларын жариялап тұрды...» («Өмір мектебі», 124-125-бб.)

ОРТАҚ МҰРАТ ПЕН ОРТАҚ МҮДДЕ ЖОЛЫНДА

Ф.И.Голощекиннің жергілікті қазақ кадрларына тағатын басты айыбы — тапшылдық, жікшілдік болады да отырады. Сонда өз халқының ортасынан өсіп, күресте шынығып шыққан саналы басшы азаматтардың, серкелердің үкімет басындағы барлық әрекеттерінен тек: тапқа, жікке бөлініп алып, ұрысып-керісуден әріге бармағаны ма деген сауал туындамай ма?! Өкінішке орай, Кеңес кезеңінің тарихшылары осы сауал төңірегінде көп бас қатырып жатқан жоқ. Сол баяғы үйреншікті жолмен тарта берді. Соның салдарынан С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Ж.Мыңбаев, Н.Нұрмақов, Н.Мұстанбаев, т.б. қайраткерлердің шын келбеті көрінбей, тасада, танылмай қалды. Жағдайдың мүлдем басқаша болғандығына енді ғана көз жеткізе бастағандаймыз. Қиын-қыстау кезде ел басқарған ағалар ақиқатында дамудың дұрыс жолын таңдаудай-ақ таңдаған екен. Олар сол кездің өзінде-ақ, орталықтың белден басқан өміршілдік саясатына өре тұрып қарсы болумен бірге, ұлт республикаларының экономикасын өркендетудің сара бағытын белгілепті. Және олар бұл күресте жалғыз болмаған.

Тарихқа «индустрияландыру съезі» деген атпен енген партияның XIV съезі бүкіл елді индустрияландыруды міндеттеді. Бұл ауыр өнеркәсібі дамымаған, бүкіл экономикасының негізі ауыл шаруашылығы ерте заманғы соқаға қараған Кеңес Одағы үшін ең қажетті және дұрыс жол еді. Көшпелі мал шаруашылығымен тек негізгі тұрғындары — қазақтар айналысатын, аз мөлшердегі егін кірме орыстардың қолындағы қазақтар үшін бұл съезд шешімдерінің жүзеге асуы шын мәнісінде кемелділіктің басы болуға тиіс

еді. Өйткені бұған дейін қазақ даласы тек шикізат көзі болумен ғана келген-ді. Қарағанды көмірі, Алтайдың түсті металы, Жезқазғанның мысы, Гурьевтің мұнайы — мұның бәрінен өнім тек шикізат түрінде ғана өндіріліп, игілігін басқа жақ көрді. Мыңғырған малдың жүнін өндейтін жалғыз Қарғалы шұға фабрикасы ғана болды. Оның да қуаты шағын, айналасындағы бір-екі уездің малының жүнін ғана өндей алады. Соның өзінде дайын өнім — шұға ішкі Ресейге жөнелтіліп отырды. Базары жақын қыр елі малының жүнін там-тұмдап шетке арзан нарықпен ғана шығара алатын. Ал жырақтағы елдің жүн өнімі тонналап далада шашылып қалатын. Ал мал егін дайындау мәселесі тіпті сын көтермейтін. Ресеймен шектес аймақтар малын жақын орыс қалаларына айдап жеткізеді. Қыста сойып, қатырып, темір жолмен жеткізу де төңкеріске дейін үдеріске енген жоқ. Сырторалдағы елдер малының егін өздері жейді немесе қажетіне орай көршілес Хиуа, Бұхараға айдап апарып сатады. Қалғанының қызығын ара-тұра соғып кететін жұт көреді...

...Қырдағы елінің жағдайын көре білген Қазақстанның ұлтжанды басшылары индустрияландыру съезінің шешімдеріне қызу үн қосты. Мысалы, Смағұл Сәдуақасов «Большевик» журналының 1928 жылғы 1-санында былай деп жазды: «Біз бұл жерде ең әуелі шаруашылық мәселелері жөнінде айтпақпыз. Өйткені оның дұрыс шешілуі Одақтағы ұлттардың шын мәніндегі теңдігінің орнауына оң әсер етеді. Өртүрлі ұлттар мекендеген шет аймақтар шаруасының жай-күйі туралы әңгіме қозғайтын кез келді, бұлай болатын себебі, біз қазір шаруашылықты қалпына келтіру дәуірін бітіріп, енді оны қайта құру кезеңіне қадам бастық. Миллондаған орыс пролетариатының санына жыл сайын шет аймақтарда тұратын жергілікті ұлт өкілдері көптеп қосылған сайын елді индустрияландыру тез жүріп, ұлттардың одағы да нығая бермек. Деревнядағы кедей шаруалардың жағдайы жерге ие болумен қатар, фабрика-зауыттардың көптеп салынуына қарай жақсаратын болса, ұсақ ұлт өкілдерінің жағдайы да сондай болмақ.

Қысқасын айтқанда, егер империалистік орыс буржуазиясы шет аймақтардан шикізатты ішке жөнелтіп, ал фабрика-зауытты өзінің қолы жететін жерге салдырса, социалистік өнеркәсіп шаруашылыққа қай жер тиімді болса, сол жерде дамытуға тиіс.

Голошекин мен оның жақтас сойыл соғарлары осылай байбалам салғанымен, ақты — ақ, қараны — қара деп ашығын, әділін айтқандар да болмай қалған жоқ. Соның бірі Жалау Мыңбаев болды. Жастайынан арқасын ауыртпалыққа тосып, еңбекқор ортада өсіп шыныққан Жәкең осы бір қиын сәтте табаны тайсақтамай ел мүддесінің жоқшысы бола білді. Бұл екеуін Сұлтанбек Қожанов қуаттады. Алайда сыйынғанынан сүйенгені мықты Голошекин мен оның жақтастары күшті еді. Олар алып та, шалып та жыға алатын.

Әбілқайыр Спан

Информ. Арна. Алматы, 2000. 246-б.

БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ХАТШЫСЫ ЖОЛДАС СТАЛИНГЕ

ОК-нің¹ 8 желтоқсандағы хаттамасынан БОАК-тың² Қазақстанға мал шаруашылығын тексеретін комиссия жіберу туралы өтінішпен кіргені көрініп тұр. БОАК бұл мәселені қандай тұрғыда қойғаны маған белгісіз (мәтінде қате беріліп, белгілі болып жазылып кеткен — Т. О.), бірақ маған БОАК-тың Президиумында Нұрмақов³ пен Мырзағалиевтің⁴ сөз алғандары, олардың өлке басшылығына қарсы Қазақстандағы мал шаруашылығының құлдырауына алып келгендер деген пиғылмен шабуылдағандары белгілі.

Осы мәселеде тоғысатын Қазақстандағы мал шаруашылығының жағдайы туралы басқа да орталық мекемелерде көптеген әңгімелердің орын алып отырғаны маған да белгілі.

¹ Орталық Комитет, әңгіме Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитеті туралы болып отыр.

² Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті.

³ *Нұрмақов Ныгмет* (25.04.1895—1937) 1921—1924 жж. Қазақ Жоғарғы рев. трибуналының төрағасы, өлкенің заң халкомы және прокуроры. 1924—29 жылдары ҚазАКСР ХКК-нің төрағасы. Кейіннен РК(б)П ОК жанындағы Жоғарғы партия мектебіне оқуға жіберілген, оны бітіргеннен кейін БОАК хатшысының орынбасары болған.

⁴ *Мырзағалиев Мұхаммед-Қафий* (1890—17.7.1941) 1921—1922 жж. Қырғыз (қазақ) Еңбек және Қорғаныс кеңесін басқарды. ҚазАКСР Халком Кеңесі төрағасының орынбасары, РК(б)П Қырғыз (Қазақ) обкомының хатшысы. ҚазАКСР халком Кеңесінің төрағасы. 1923—1926 жж. ҚазАКСР-інің Мәскеудегі өкілетті өкілі. 1926—1929 жж. ҚазАКСР қаржы халкомы. 1930 жылдан РКФСР-дің жер халкоматында жұмыс істеді. БОАК-тің мүшесі болды.

Дәл осы мәселені Қазақстанның өзіндегі ұлтшылдар көпіртіп айтуда және Өлкекомға¹ қарсы, дәлірек айтқанда, мал дайындауға қарсы күресті жандандыруда. Өлкеком мұндаймен қатты күресуде.

Осылардың бөріне байланысты мен Қазақстандағы мал шаруашылығының шын мәніндегі жағдайы туралы Орталық Комитетке тағы да мәлімдеуді қажет деп санаймын.

Қазақстанда мал шаруашылығының дамуында екі түрлі қарама-қарсы процестер жүріп жатыр.

Алғашқысы жағымсыз, мал басының апатты құлдырауынан көрінуде; егер соңғы үш жылды алар болсақ, мал басының кемуі төмендегідей болып шығады.

1929 жылы — 36 млн бас², 1930 жылы — 20 млн және 1931 жылы 8,5 млн бас мал. Бұл финхалкомның³ есебі бойынша. Егер мұнда есепке енбей қалғандарды, тығып қойғандарды және с.с. түзетіп толықтырсақ бәрібір мал басының азаю динамикасы өзгермей, оның үстіне ең үлкен кему өсімтал етті-сүтті малда және әсіресе қой отарларында байқалуда.

Мал басының мұндай апатты азаюының себептері неде?

Ұлтшылдар және оппортунистер бәрін мал дайындауға әкеліп тірейді. Бұл дұрыс емес. Рас, соңғы екі жылдың мал дайындау жоспары, қалыпты өсу қажеттілігінен әлдеқайда көп болды. Рас, мал өсіру кезіндегі «Союзмясопродукт⁴» органдарының жүгенсіз әрекеттерінің және жергілікті органдардың асыра сілтеулерінің салдарларынан мал басының белгілі бір бөлігін қырып-жою болып тұрады. Бірақ негізгі себептер мұнда емес. Негізгі себеп мынаған тіреледі:

а) Бүкілодақтағы мал шаруашылығының жағдайына ықпал еткен жалпы себептер, әсіресе 30-жылдың көктеміндегі ұжымдастыру саясатындағы асыра сілтеулер;

ә) Қазақстан үшін ең маңыздысы, негізгісі, біріншіден, жекешелердің, кедейлердің және орташалардың, қазақ

¹ Қазақстанның өлкелік партия комитеті.

² Кейбір ресми деректерде 1929 жылдағы Қазақстандағы мал басы 39—40 млн бас деп көрсетіледі.

³ Финанс халық комиссариаты.

⁴ «Союзмясопродукт» — күштеп ұжымдастыру жылдарында КСРО-ның өнеркәсіпті аудандарын және әскери мекемелерді Қазақстанның мал шаруашылығында дайындалған етпен қамтамасыз етумен айналысқан одақтық мекеме.

ауылының кей жерлерінде табиғи мал өсіретін қожалықтарынан басқа қосалқы шаруашылық салалары жоқ жағдайда, артта қалған жемшөп базасының болуы. Олар тауарлы шаруашылыққа өтерде — ұжымдық шаруашылыққа өтудің ерекше қиын және күрделі жағдайында тіршілік етуге қабілетсіз. Бұл туралы мен төменде айтамын. Мұнан шығар жолды бұл қожалықтар отырықшыландыруға көшуден, кеңшарларда күнкөріс табудан, өз ауылдарынан кетіп қалудан іздеп, өздерінің мал басын жойып, бір бөлігін мемлекеттік дайындауларға өткізіп, бір бөлігін күш көрсетіп алуда. Екіншіден, дәл осы 3 жыл бойына қазақ аулының капиталистік қатынастар қарсаңынан социалистікке өту процесі басталды, артта қалған жемшөп базасы бар ескі мал шаруашылығының күйреуі, ұжымдық түрлерге өту және мал өсіруші шаруашылықтардың егіншілікпен үйлесу процесі басталды. Және бұл аса шиеленіскен тап күресінде көрініс беруде. Рулық қатынастар қалдықтары әлі сақталған. Біздің партия мен кеңес кадрлары әлсіз қазақ аулындағы тап күресін ескергені жөн. Байлар көбінесе бұқараның басшысы болып табылады. Шиеленіскен тап күресінде бай шаруашылық та, ру да өз үстемдігі үшін күресіп жатқанда бұл мемлекеттік дайындауларға, жемшөп базасын қайта құруға, ұжымдастыруға, қазақ қожалықтарын отырықшыландыруға жанталаса қарсыласу түрінде көрініс беруде және малды аяусыз қырып-жоюға, малды құмды шөлейт жерлерге айдап тастауға, сондай-ақ ауа көшулерге ықпал етуде. Осы негізде байқалған тап күресінің күші туралы ГПУ-дің мына анықтамасынан білуге болады: соңғы екі жылда ірі бандалардың¹ 15 көтерілісі болды. Оларға 34 000-ға жуық адам қатысты. Осы екі жылда 1350 контрреволюциялық топтар жойылды және олардың 7,5 мыңдай қатысушылары қолға түсті.

30—31-жылдардағы ауа көшулер негізінде халықтың 12—15%-ға азайғаны байқалды. Қолдағы мәліметтер бойынша, қоныстарынан ауа көшкен халық өздерімен бірге кем дегенде 1,5—2 млн бас малды айдап кетті. Оның үстіне екі түрлі сипаттағы ауа көшулерді көріп отырмыз. Төменгі және Орта Еділге, сондай-ақ Сібірге, бұрынғы Орал, Ақтөбе және Қостанай округтері аудандарынан осы аудандардағы

¹ Ф. Голощекин «ірі бандалардың» көтерілісі деп шаруалардың бұқаралық бас көтерулерін айтып отыр (кұраст).

3 жылға созылған құрғақшылықты бастан кешуден, бұған қосымша таза контрреволюциялық сипаттағы «а» п. көрсетілген себептерден Батыс Қытайға және Орталық Азияға көшу. Қытай өкіметінің көмегіне сүйенген Қытайдың Шыңжаң провинциясындағы арнаулы ұйымдар ауа көшулерді ұйымдастыруда, ауа көшулерді арнайы қарулы бандылар өз қорғауларына алуда. Кейбір құжаттар Орталық Азияда — Түрікменстандағы басмашылықпен байланысты және Қазақстаннан ауа көшулерді ұйымдастырушы арнайы ұйымдар бар екенін көрсетіп отыр...

Коммунистік сәлеммен Ф. Голощекин.

//Қазақ тарихы, 1993, № 1.

ҰЖЫМДАСТЫРУ НАУҚАНЫ ХАҚЫНДА

1928 жылы шілдеде болған Ақтөбе ұжымшаршыларының округтік съезінде ұжымшар құрылысын қарқынды дамыту мәселелері қаралды. Сол бір қайғы-қасіреті мол заманда *«Ірі бай-феодалдардың малы мен мүлкін тәркілеу туралы»* Декретке орай, Ақтөбе округінде 59 бай шаруашылығы тәркіленіп, 31147 бас малды өкімет тартып алды.

Қазақ халқы бағзы замандардан бері мал бағумен айналысқаны тарихтан белгілі. Көшпелі өмірдің өзі де осы мал шаруашылығымен сабақтаса байланысып жатыр. Емін-еркін көшіп-қонып үйренген халыққа Кеңес өкіметі жүргізген өктем саясат жат еді.

1927 жылдың қараша айында өткен VI Бүкілқазақстандық партия конференциясы малды бөліске салу мәселесінің бағытын белгіледі: «Кедейлердің байларға тікелей және жартылай крепостниктік тәуелділігін батылырақ жою, оның қоғамдық-саяси салмағын және иегерлік жағдайын көтеру, бөліс кезінде алынған жерлерін тиімді игеру мақсатында ірі байлардың малдары мен құрал-саймандарын тартып алуға рұқсат берілсін¹». 1927 жылдың желтоқсанында ірі феодал-байлардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы заң жобасын әзірлеу үшін комиссия құрылды. 1928 жылы 27 тамызда ҚазАКСР Орталық Атқару Комитеті *«жартылай феодалдық-патриархалдық және рулық*

¹ ҚОММ (Қазақстанның Орталық мемлекеттік мұрағаты). 64-қор, 2-тізбе, 41-іс, 79-б.

қатынастарды сақтай отырып, өзінің мүлкімен және қоғамдық ықпалымен ауылдарды кеңестендіруге қарсылық көрсетуші жергілікті халықтың арасындағы аса ірі мал иелерін «кәмпескелеу туралы» қаулы қабылдайды. Онда төркілеуге жататындарды «халықтың кедей топтарын бұл адамдардың (байлардың) экономикалық тәуелділігі мен қанауынан босату және еңбекшілердің экономикалық тұрғыда тездетіп еңселерін көтеруі мен мәдени дамуына қажетті жағдай туғызу»¹ деп жазылған.

Сөз бен істің қайшы келуі кеңестік тоталитарлық қоғамға тән құбылыс.

1923 жылы 22 қарашада қабылданған Қазақстан үкіметінің «Іс қағаздарын қырғыз (қазақ) тілінде жүргізу туралы» жаңа Декреті Қазақстанның барлық болыстарында және кейбір үйездерінде 1924 жылдың 1 қаңтарынан бастап іс қағаздарды қазақ тілінде жүргізуді ұсынды. Жалпы, Қазақстан бойынша бұл жұмыс 1924 жылдың 1 шілдесінен кешікпей жүзеге асырылуы қажет болды. Ал өлкелік аппараттардың бөрінің қазақ тіліне көшуінің ең соңғы мерзімі 1925 жылдың 1 қаңтары болып белгіленді². Осы мәселеге байланысты арнайы комиссиялар құрылып, ұйымдастырылды.

Алайда қазақ тілі бөрібір кең қолданыс таппады. Сондықтан да 1927 жылы 14 сәуірде Қазақстан үкіметі осы мәселеге байланысты жаңа қаулы қабылдады. Жергілікті жерлерде Ауылдық кеңестер мен болыстық атқару комитеттерінде іс қағаздарын қазақ тіліне көшірудің ең соңғы мерзімі — 1927 жылдың 1 қазаны болып белгіленді. Сонымен қатар бұл қаулыда: *«Қазақ болыстық атқару комитеттеріне және ауылдық Кеңестеріне мекемелерден қазақша емес қағаздар түскен жағдайда қазақ атқарушы және ауылдық кеңестері бұл туралы өздерінің прокуратураларына мәліметтер түсірулері, ал соңғылар бұған жауаптыларды жедел түрде жауапқа тартулары тиіс»,* — деп көрсетілді³.

Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатымен тұтыну кооперативтері құрылды. 1927 жылғы мәліметтер бойынша олар губерниялық аумақта 16,1 мың адамды, яғни

¹ ҚОММ (Қазақстанның Орталық мемлекеттік мұрағаты). 64-қор, 2-тізбе, 41-іс, 18-б.

² Қазақтандыру науқаны // Ақиқат. 1996, №7, 22-б.

³ Систематическое собрание законов КазССР. Алматы. 1989. С. 19.

халықтың 15,5%-ын біріктірді. Ұжымдасудың алғашқы түрлері коммуналар, артель, серіктестіктер болғаны мәлім. 1928 жылы губернияда 221 ұжымшар, 88 қарапайым бірлестік құрылады... Олар шаруалар шаруашылығының 4,3%-н құрады¹.

Қазақ халқының ата-баба дәстүрімен дамып келе жатқан мәдениеті, салт-дәстүрі, шаруашылығы кеңестік кезеңде түбірімен қайта өзгертіле бастады. «Жаппай сауатсыздықты жою» деген желеумен қазақ тіліне қысымшылық жасалып, «мәдени ағарту» жұмыстары ұжымдастыру қарқынынан асып түспесе, кем түспеді.

Өкінішке орай, біздің еліміздің бірнеше ұрпағы тарихты бұрмалаушылықтың ғана емес, өткенді мүлдем мансұқ ету, жоққа шығарудың да куәсі болды.

Байлар мен жартылай феодалдардың малдарын тәркілеу науқанын өткізу үшін құрылған аппарат, ықпал ету комиссияларының құрамына коммунистер, комсомолдар және партияда жоқтар кірді. Ірі байлар мен жартылай феодалдардың мүлкін тәркілеу науқанына Ақтөбе округінен 64 өкіл жіберілді. Ықпал ету комиссиясының құрамындағы 21 комиссияда 389 мүше бар еді. Оның 39-ы БК(б)П, 18-і БЛКЖО мүшесі болатын².

Малды тәркілеу мәселесін талқылау үшін кедей, орта шаруа қатысқан 355 жиналысы шақырылыпты. Ол 14200 адамды қамтиды³.

1928 жылдың 28 тамызында Қазақ АКСР Орталық Атқару комитеті мен Халық комиссарларының Кеңесі «*Мал мен мүлікті кәмпескелеу және байлардың шаруашылықтарын қоныс аудару туралы*» Қаулы қабылдады. 1928 жылдың 27 қыркүйегінде Қарабұтақ ауданы №7 аулының кедейлері жиналыс жасап, «байлар Ұлтан Қисықовты, Құдайберген Павлановты және олардың құйыршығы Жанұзақ Сейсекеновті қоныс аудару туралы» үкім шығарды⁴.

Міне, сол бір жылдардан басталған ақиқатты жоққа шығару, адамшылық арды таптау, шындықты айтқан адамды жау санау — кешегі Кеңес өкіметі жүйесінде қалып-

¹ Журин Н. И. «Сверяя шаг по Ильичу». С. 106.

² Дахшлейгер Г. Ф. 351-б.

³ Сонда. 352-б.

⁴ Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты (Ақтөбе ОММ), 63-қор, 1-тізбе, 38-іс, 36-б.

тасқан өлшем болғаны анық. Сондықтан да біздің өткен тарихымызда бар дүние бүркемеленіп көрсетілді.

Күштеп ұжымдастыру жылдарында әділетсіздіктер жиі кездесіп, тек қана «байлар» емес, орта дәулетті кісілер де тәркіленіп, тырнақтап жиған-тергендерінен айырылды. Мәселен, Ақтөбе округі бойынша барлығы 80 ірі бай, жартылай феодалдардың шаруашылықтары тәркіленіп, олардан 14426 бас мал (ірі қараға аударғанда) тартып алынды¹. Ол малдың 72%-ы жеке шаруашылықтарға, 10,5%-ы ұжымдық шаруашылықтарға, жалпы тәркіленген малдың 15,3%-ы кеңес шаруашылықтарына бөлінді. Байдан тартып алынған малдың негізінде бір малшаруашылық кеңшары құрылды. Жаңадан ұйымдастырылған шаруашылыққа байлардан алынған 6388 мал, оның ішінде 5370 қой бөлінді².

Ақтөбе облысы бойынша малмен бірге 93 арба, 4 ұй, 76 жертөле және басқа да 64 құрылыс тәркіленді. Байлардан ат пен қол құрал-саймандарынан: 15 соқа, 37 шөп шапқыш машина, 22 ат тырма, 16 егін оратын машина, 3 тұқым сепкіш, 3 сепаратор тартып алынды³.

1928 жылдың 18 қазанында Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросы өтті. Онда бай, жартылай феодалдардың шаруашылықтарын тәркілеу науқанының маңызы **«ауылды жартылай феодалдық-патриархалды және рулық бұғаудан босатудың нәтижесінде жаңа социалистік ауыл құру үшін жағдай жасаудың төңкерістік шарасы»**⁴ ретінде көрсетілді.

Бұрынғы тарихи, әдеби еңбектерде жиі қолданылатын «феодал, патриархалдық-феодалдық қатынастар» деген ұғымдар сол кезеңдегі қазақ даласына мүлдем жат еді. Дәстүрлі рулық-туыстық қатынастар — қазақ қоғамына, қазақ ұлтына тән ерекшелік. Кеңес саясаткерлері осы бір ерекшеліктерді халық бірлігін нығайтуға емес, керісінше елдің ішіне іріткі салуға пайдаланды. Бірқатар ауылдарда, өсіресе көшпелі және жартылай көшпелі, сондай-ақ қала мен өндірістік орталықтардан қашықта орналасқан ауылдарда байлардың ықпалы басым деп түсінген Кеңес өкіметі қарқынды қимылға кірісті.

¹ Ақтөбе ОММ. 63-қор, 1-тізбе, 38-іс, 36-б.

² Бұл да сонда. 36-б.

³ *Дахилейгер Г. Ф.*, 357-б.

⁴ ҚРОММ. 38-қор, 41-іс, 1-тізбе, 42-б.

Осы мәселеге байланысты ауылдық кеңестерді пролетариат диктатурасының нағыз орталығына айналдыру үшін БК(б)П-ның Бүкілқазақстандық V конференциясы 1925 жылдың желтоқсанында «ауылды кеңестендіру» деген ұран тастады.

Кеңестік тарихнамада «1925—1927 жылдары Қазақстанда жүргізілген ауылдық-селолық кеңестердің сайлауы кезінде «ұлтшыл элементтердің» тигізген зардаптары көп болды» деп көрсетілді. Бұл көзі ашық, көңілі ояу азаматтарды ел билігінен аластатудың амалы еді. Соның нәтижесінде, кеңестерде жалшылардың, кедейлердің, коммунистердің және комсомолдардың салмағы артады, ал жұмысшылар 1,7%-ды құраған¹.

Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1929 жылы 6 қарашадағы бюросы «Қазақ халқын отырықшыландыру туралы» мәселе қарап, қарар қабылдады. Бұл құжат қазақ ауылдарындағы жағдайды одан әрі шиеленістірді. Себебі ғасырлар бойы бабалар өмірімен қалыптасқан ұлттық шаруашылықтан өздеріне беймәлім социалистік құрылыстың әлі орнықтамаған белгісіз болмысына көшпуге халық дайын емес еді. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей, астық, ет дайындау науқандары да қабаттаса жүргізілді.

Ата-бабаларынан беріліп келген қасиетті шаңырағын, киелі байлығын өздеріне аты да, заты да түсініксіз өкіметке беруге наразы болған байлар күштеп ұжымдастыруға жанұшыра қарсылық көрсетті: артық астықтарын жасырды, өз малдарын өздері ұрлап, тығып сойып жеді. Мәселен, 1929 жылдың күзінде Ақтөбе округінде «астық толы 132 ұра табылған²». Артық астықты тартып алу процесіне қосшы одақтары, шаруалардың өзара қоғамдық комитеттері, кедейлер мен өндірістердің жұмысшылары қатысқан. Күштеудің нәтижесінде, Ақтөбе округінен мемлекетке 211197 тонна астық немесе жоспардың 92,1%-ы тапсырылған³.

Біздің тарихымыз қайғылы да қасіретті. Шаруа шаруашылықтарын кооперациялау туралы мұрағат құжаттарына үңілсек, 1926 жылы Ақтөбе округіндегі барлық шаруа шаруашылықтары жалпы санының 16%-ы немесе 12312-сі ауыл шаруашылығы кооперациясымен қамтылып, 1928 жылы ол 19034 шаруашылықты немесе 24%-ды құрайды⁴.

¹ Кукин А. П. Советизация казахского аула. М., 1962, С. 238.

² «Советская степь». 1929 жыл, 20 желтоқсан.

³ Ақтөбе ОММ. 41-қор, 32-іс, 21-б.

⁴ Ақтөбе ОММ. 63-қор, 1-тізбе, 38-іс, 87-б.

1925 жылдың 1 қазанына дейін округте 256 ұжымшар бой көтерді. 1928 жылдың 1 сәуірінде 272 ұжымшар, оның ішінде: жерді бірлесіп өңдейтін 79 серіктестік, 180 ауыл шаруашылығы артелі, 13 ауыл шаруашылығы коммунасы болды¹.

1928 жылдың шілдесінде өткізілген ұжымшарлардың бірінші Ақтөбе округтік съезіне 115 адам қатысты, оның 46-сы қазақтар. Ұжымшарларды ірілендіруге, мамандандыруға, материалдық қажеттілігін арттыратын еңбекақы төлеуге бағыт ұстады. Сонымен бірге съезд ұжымшарларды байлар мен құлақтардан тазартуды өз еріктерімен ұйымдастырған кедейлер мен малайларға алғыс айтқан². Съезд, сондай-ақ жерге орналастыру, кооперациялау, ұжымшар өнімдерін кооперациялық жолмен сату мәселелерін және ұйымдық мәселелерді қарайды. Съезд ұжымдық құрылысты құру және секцияның ұжымшарлар одағының жарғысына көшуін рәсімдеу және тұрғылықты жерлерде ұжымшарлардың топтасып бірігуін ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдады³.

Елдегі жағдайды толық бақылап, өз саясатын жүргізу үшін 1921 жылдың шілдесінде Қырғыз (Қазақ) Орталық атқару комитеті мен Қырғыз (Қазақ) төңкеріс комитеті бұған дейін Торғай облысына қараған Ақтөбе және Ырғыз уездерінен Ақтөбе губерниясын құру туралы қаулы қабылдады. Губерния 1921—1928 жылдар аралығында өмір сүреді⁴. 1928 жылы Қазақстанда аудандастыру процесі басталып, Ақтөбе губерниясының 3 уезі мен 41 болысынан 14 аудан ұйымдастырылды. 1928 жылы Ақтөбе округі құрылады. Құрылғанға дейін оның аумағында 26249673 га жер, 416490 адам болған. Оның ішінде қазақтар 236793, қала тұрғындары 38761 адамды құрады. Тұрғындардың ұлттық құрамына тоқталсақ: қазақтар — 62,7%, орыстар — 33,2%, басқалары — 4,1%. Отырықшы халықтар — 28%, жартылай көшпелілер — 72%-ды құрады⁵.

Махмұт Тәжібаев

тарих ғылымының кандидаты, доцент

//Қазақ тарихы. 2002. №1.

¹ Ақтөбе ОММ. 32-қор, 1-тізбе, 112-іс, 21-б.

² Ақтөбе ОММ. 63-қор, 1-тізбе, 38-іс, 36-б.

³ Бұл да сонда. 117-іс, 21-б.

⁴ Бұл да сонда. 3042-қор, 15-іс, 8-б.

⁵ Бұл да сонда. 63-қор, 1-тізбе, 38-іс, 1-б.

БҰРЫНҒЫ ОДАҚТЫ ЕТПЕН КІМ АСЫРАДЫ?

Қазақстандағы күшпен тәркілеу және ұжымдастыру науқандарында қазақ шаруаларының КСРО-ның негізгі өнеркәсіп аудандарын етпен қамтамасыз еткені тарихымызда әлі де ашық айтылмай келеді. Кеңес өкіметінің мұндай төтенше науқандары, әсіресе мал шаруашылығымен айналысатын қазақ шаруаларына ауыр тиді. Өйткені күшпен ұжымдастырудың алғашқы кезеңінде малдың басым көпшілігі, негізінен, әлі де қазақ шаруаларының қолында болды.

Осылайша негізгі малдың жекеше қазақ шаруалары қолдарында отырғанын жақсы білген жоғарғы өкімет органдары ет дайындау жоспарын жекешелер есебінен орындауға күш салды. Мұны біз ет дайындаумен айналысатын Қазақ өлкелік «Союзмясопродукт» мекемесінің округтерге 1929 жылы 12 сәуірде жіберген нұсқау хатынан айқын аңғара аламыз. Онда Ресейдегі орталық өнеркәсіп аудандарында және Орталық Азиядағы орталықтарда етке сұраныстың өсе түсуіне байланысты Қазақстанда ет дайындауды күшейте түсу қажеттігі атап көрсетілген...

Осылайша ет дайындаудың басты ауыртпалығы негізгі халқы қазақтар болып табылатын шеткергі және шалғай аудандарға көшіріледі. Бұл аудандардағы әртүрлі ұйымдардың 1928—1929 дайындау жылының он айы ішіндегі көрсеткіштері мынадай:

Ұйымдар	Ірі қара		Қойлар		Етке айналдырғанда		
	Мал басы	Жоспарды орындау	Мал басы	Жоспарды орындау	Мал басы	Жоспарды орындау	Үлес салмағы
«Союз-мясопрод»	225043	70,3	289290	41,6	438338	63,4	43,2
«Животноводсоюз»	157136	96,0	258149	74,8	321080	90,3	31,7
«Потребкоопер»	82881	107,7	131675	268,0	168250	121,7	16,6
«Ленмясопрод»	38080	81,0	20960	51,5	67580	77,5	6,6
«Мосмясо»	9549	63,7	11006	18,3	18360	47,0	1,9

Кестеден көріп отырмыз, қазақтар тұратын алыс аудандарда ет даярлаумен бірнеше ұйым белсенді айналысқан. Бірақ олардың ішінде ақшасы мен тауары бар тұтыну кооперациясынан басқалары тым жоғары жоспарды орындай алмаған. Өсіресе одақтың негізгі өнеркәсіпті қалаларына және Орталық Азияның мақта өсіруші аудандарына, сондай-ақ Қызыл Армияға ет дайындайтын «Союзмясоның» жоспары тіптен жоғары. Оны орындай алмаса да бұл ұйымның дайындаған мал басының өзі де аз емес.

Ресейдегі одақтық екі үлкен астана Ленинград пен Мәскеуге ет дайындаумен Қазақстанда арнайы айналысқан «Ленмясо» мен «Мосмясо» ұйымдары да өздеріне берілген жоспарларды орындауға тырысып баққан. Мұны біз Мәскеулік жұмысшылар бригадасы өкілдерінің қатысумен 1930 жылы 5 ақпанда болып өткен Мал дайындаушылар ұйымдарының кеңесінде орталық ұйымдардың өкілдерінің төмендегі сөйлеген сөздерімен және осы мәжілістің қаулысымен танысқанда айқын байқаймыз:

...ж. *Эрин (мәскеулік)*: «...өнеркәсіптік жұмысшы аудандарын және военведті (*әскери мекемені* — Т. О.) жабдықтауды үкімет енді тек «Союзмясоға» жүктеді. Осыған байланысты барлық округтік ұйымдар соңғыға барынша көмектесіп, оған берілген жоспарлы міндеттемелерді, дәлірек айтқанда (етті) тиеуге байланысты тапсырмаларды орындауын қамтамасыз етулері керек.

Қолдағы жергілікті жерден түскен мөлiметтерге қарағанда, көптеген аудандардың мекендерінде мал сою тоқтатылған... Қандай малды союға болатыны туралы шалғай жерге дәл бүгін анық та қатаң нұсқаулар беру керек. Шартқа тіркеуді кең өрістетуді ұсыну және малды соятын жерге айдап апаруды қамтамасыз ету, етті тиеуді жедел бастау қажет.»

...ж. *Шенкмен («Союзмясо»)*: «...малды жыртқыштықпен сойып тастаудың нәтижесінде әрбір шаруа қожалығында еттің үлкен қоры бар екеніне күмәндануға болмайды. Оларды сығып алу қажет. Сойысты жеделдету мақсатымен малдәрігерлік кедергілерді қайта қарау және малды соятын жерге жедел айдау мүмкіндігін қарастырған жөн.

Қаулы етілді: ... 2) мал, ет дайындайтын ұйымдарға шаруалар сойып алған етті дайындауға байланысты ең бағыл шаралар қолдану, сондай-ақ малды шартқа тіркеуді

осы жөніндегі жоспарлы тапсырмаларды ауылға, селоға және өр аулаға жеткізу арқылы барынша тездетіп тапсырылсын»¹.

Біздің есебіміз бойынша, Қазақстандағы малдың басты үш түрі — жылқыдан, мүйізді ірі қарадан, қойдан — 1927—1928 және 1930—1931 шаруашылық жылдары ішінде барлығы 11753,1 мың бас өлген, ал 10022,8 мың бас мал сойылған². Соңғы көрсеткіш, негізінен, ет дайындау және оны ішкі қажеттілікке тұтыну нәтижесі болып табылады. Дегенмен де біздің есебіміз бойынша, егер Қазақстанға сойылған еттің жергілікті жабдықтауға небары 8—9%-дай ғана қалдырылғанын ескерген болсақ³, жоғарыдағы 10022,8 мың бас малдың 9120,7 мың басы көрсетілген жылдары Қазақстаннан сыртқа әкетілген болып шығады.

Ал енді жалпы 1929—1933 жылдар ішіндегі қазақтарды ашаршылыққа ұрындырған мал басының шұғыл кему процесіне осындай талдау жасасақ, осы жылдары шығын болған Қазақстандағы 36 млн-ға жуық бас малдың⁴, шамамен 15 млн басы ет дайындау науқандарында сойылған деп қорытынды жасауға болады. Ал қалған шығынның 1,5—2 млн бастайын, егер Ф.Голощекиннің И.Сталинге 1931 жылы желтоқсанда берген мәліметтеріне сенсек, қазақ босқындары өздерімен бірге айдап өкеткен⁵.

Қорытып айтқанда, жыл сайынғы ет дайындау науқандары мал басының кемуіне басты себеп болған дер едік.

Көп кешіктірмей БК(б) ПОК 1932 жылы 27 мамырда осы бағыттағы тағы бір — «Жылқының басын сақтау және дамыту туралы» қаулы қабылдады. Мұнда «жылқыға жыртқыштықпен және немқұрайды қарау олардың жапшай қырылуына жол берсе, халық шаруашылығы мүддесіне қарсы қылмыс ретінде қарастырылатыны және заңмен барынша қатал жазаланатыны» ескертілді⁶.

¹ Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, 116-қор; 2-тізбе; 61-іс; 291—293-парақ.

² Сонда, 116-қор; 1-тізбе; 19-іс; 20, 22-парақ.

³ Сонда, 116-қор; 1-тізбе; 29-іс; 55-парақ.

⁴ Сонда, 141-қор; 1-тізбе; 6366-іс; 337-338-парақ.

⁵ Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының орталық мұрағаты, 141-қор; 1-тізбе; 605-іс; 108-парақ.

⁶ Сонда, 420-б.

Бұл шешімдер жағымды рөл атқара бастаса да, кезінде орын алған өрескел қателіктердің ауыр салдарын жоя алмады. Мал шаруашылығының дамуы ұзақ жылдарға тежелді. Мысалы Қазақстанда 1928—1931 жылдар ішінде ғана 1119.0 мың бас жылқы өліп, 1157.0 мың бас жылқы сойысқа түсті. Сондықтан да 1931 жылдың соңында Қазақстанда небәрі 3952.0 бас жылқы қалды¹.

Кеңес өкіметінің 1928 жылдан бастап 1932 жылдың 17 қыркүйегіне дейінгі қазақ даласында жасаған жантүршігерлік зобалаң қылмысын тарих бәрібір ұмыта алмады. Тегінде, мұны тарих ешқашанда кешіре қоймас.

Талас Омарбеков,

тарих ғылымының кандидаты, доцент

//Қазақ тарихы. 1993. № 1.

ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ДӘРІГЕРІ

1858 жылдың қысында Торғай даласында көшіп-қонып, киіз үйде күн кешіп жүрген кедей шаруаның отбасында Мұқаметжан атты бала дүниеге келеді. Басқа балалардай емес, оқу-жазуға зерек Мұқаметжанды ағайындары қаумалап, Троицкідегі гимназияға береді. Ол кезде қазақ ауылдарында хат тани білетін, көзі ашық адамның өзі ілеуде біреу болмаса, ұшыраспайтын.

Ал дәрігер деген атымен болмайтын. Басы ауырып, балтыры сыздаған пенде бақсы-балгерге табынатын. Тосыннан келген індет кәрі-жас демей ондап, жүздеп жалмап кететін. Ең аяғы шешек ауруының өзі бір тайпа елдің жас өндірі сәбилерін жосадай қырып кетер еді... Тағдырдың осындай опасыз озбырлығын, мазағын көзбен көрген жас талап Мұқаметжан халықтың мүддесін өтеуге талпынады, бейкүнә момын елді қынадай қыратын ажалға ара тұру жолын іздестіреді. Сөйтіп, жиырмадан жаңа асқан қазақ жігіті 1881 жылы атақты Қазан университетінің медицина факультетіне оқуға түседі.

...Университеттің теориялық курсың толық аяқтап, қаланың емдеу орындарында бір жыл тәжірибе сынынан өтеді де, 1888 жылы дәрігерлік куәлік алып шығады.

¹ Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты. 116-қор; 1-тізбе; 19-іс; 20-парақ.

Мұнан кейін жас маман еліне қызмет ету үшін туған өлкесіне келеді. Ол кезде қазақ аулында бірде-бір емдеу орны болмаған еді. Сондықтан жас маман Қостанайдағы қалалық ауруханаға қызметке орналасады. Бұл кезде Қостанай тұрғындарының саны жиырма мыңнан асатын.

«Дәрігерлік жәрдем алған адамдардың саны 661 болды. Дұрыс ұйымдастырылған аурухана жағдайы болмағандықтан, науқастар амбулаториялық жәрдем алумен шектеліп жүр. Асылында, дұрыс ұйымдастырылған аурухана қажеттігі қатты білінуде», — деп жазады жас дәрігер 1891 жылы облыстық басқармаға жазған жолдамасында¹. Жас дәрігер өлкеде медициналық орындарды кеңейту, тым болмаса 10—20 төсекті аурухана ашу жөнінде талап қояды.

1890-жылдарда Қостанай өңірінде шешек індеті өріс алды. Дәрігер М.Қарабаев ел аралап, індетке қарсы күрес жүргізді. Ол уездік дәрігер болып істейді.

Дәрігер Қарабаевтың атақ-даңқы Қостанай өңіріне ғана емес, одан былайғы Ырғыз, Шалқар, Арал аймағына дейін тараған. Жергілікті халықтың ана тілінде сөйлейтін, тұрмыс-салт, әдет-ғұрпына қанық, салт жүріп ауыл-ауылды аралауға икемді дәрігер қалың қауымның қолайына әбден жағады. Дәрігер Қарабаевқа бір көрінуге әркім-ақ ынтығады. Қарабаевты дәрігер етіп жіберу жөнінде әр тұстан өтініш, хаттар да түседі.

Дәрігер Қарабаев 1910 жылы Ырғыз уезінде оба індетіне қарсы күрес жүргізді. 1911 жылдың бас кезінде ол өз ықтиярымен Якут облысына қызметке барып, онда алапес ауруына қарсы күрес жүргізді². Туысқан Якут АКСР-інің Орталық мемлекеттік мұрағатында Якут облыстық басқармасының қорында дәрігер Мұқаметжан Қарабаевтың үш жүз беттен тұратын жеке ісі сақталған³. Ондағы құжаттар дәрігер Қарабаевтың Якутияға қашан келгені, онда қай жерлерде, қашанға дейін, қандай ауруханаларда қызмет істегені, ондағы жұмыс жайы, бастан кешкен оқиғалары жөнінде нақты мағлұматтар береді. Елуінші жылдарда Қазақстанда жұмыс істеген ғалым, тарих ғылымдарының докторы, КСР Ғылым академиясының Сібір

¹ Қазақ КСР ОМА, 25-қор, 2-тізбе, 168—170-бб.

² Қазақ КСР ОМА, 25-қор, 2-тізбе, 168—170-бб.

³ Якут АКСР ОМА, 12-қор, 2-тізбе, 5329-іс.

бөлімшесінде қызмет істеген профессор Владимир Семенович Познанский Якут тарихшысы А.А.Калашниковпен бірлесіп тұңғыш қазақ дәрігері Мұқаметжан Қарабаевтың Якутиядағы қызметі жайлы зерттеулер жүргізген¹.

«Дәрігер Қарабаев — еңбек майданында 40 жыл бойы жанқиярлықпен қызмет істеген бірден-бір қазақ дәрігері. Ол Кеңес өкіметі орнаған кезде оған қызмет етуге тайсақтамай ден қойған санаулы зиялылардың бірі. Оның жасы бұл кезде 60-тан асып кеткенін еске алсақ, дәрігер Қарабаевтың бұл қадамы онан сайын бедерлене түседі», — деп жазған белгілі революционер Әліби Жангелдин².

Кеңес өкіметі дәрігер Қарабаевтың еңбегін жоғары бағалады. Халықтың денсаулығын сақтау ісіне сіңірген ұзақ жылғы адал қызметі үшін дәрігер Мұқаметжан Қарабаевқа КСРО Өлеуметтік Қамсыздандыру Халық Комиссариатының жанындағы зейнетақы комиссиясы 1927 жылы дербес зейнетақы тағайындады.

С. Байжанов

Мұрағат-Айғақ. Алматы, 1998.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНА ҚЫРҒЫН ҚАЛАЙ КЕЛДІ?

1931—1933 жылдардағы аштық туралы тоталитарлық жүйе тұсында шындықты айтуға тыйым салынды. «БК(б)П тарихының қысқаша курсынан» қалған мұра ретінде оқулықтар мен тарихи еңбектерде бұл қасіретті «асыра сілтеу», «ұжымшар құрылысындағы партия жолын бұрмалаушылық» деп атап келді. Өйтсе де аласапыран заманда қолдан жасалған зұлматтың құрбандары туралы естелік, халық санасында берік ұялап қалғаны айқын-ды. Ал енді қазақ сахарасына осы қырғын қалай келді?

Бостандық пен теңдікке ұмтылу саналы адамзат тарихының қай кезеңінде болмасын ерекше орын алып келгені белгілі. 1917 жылы Ресейдегі Ақпан революциясы мен Қазан төңкерісі қарапайым халыққа, әсіресе езгіге түсіп отаршылар тепкісінде келген аз ұлттар мен халықтарға өздері ежелден аңсаған бостандық пен тәуелсіздікті, әділеттілік пен теңдік идеялары тез арада орындалатындай болашақтан көп үміт күттірген еді.

¹ КСРО Ғылым академиясының Сібір бөлімшесінің хабарлары. 1983. 3-шығарылуы, 116—120-бб.

² Қазақ КСР ОМА, 90-қор, 1-тізбе, 648-іс, 7-б.

Шын мәнінде кеңес қоғамындағы өзгерістер 20—30-жылдары қалыптасқан тоталитарлық жүйенің қыспағымен халықтың белгілі бір бөлігін құрбан ету арқылы іске асырылды. Бұл, әсіресе жер мәселесінде ауыл шаруашылығын ұжымдық негізде күштеп қайта құру саясатында айқын көрінді. 20-жылдардың екінші жартысынан бастап қоғамды әбден меңдеп алған аса қатал әкімшілдік-әміршілдік лаңкестік шаруаларды кооперация жолына түсіру идеясын бұзып қана қойған жоқ, сонымен бірге оның пайдалы жақтарын да жоққа шығарды. Сөйтіп, ауылшаруашылығындағы экономикалық заңдылықтарға жатпайтын «Ұлы бетбұрыс» шаруашылықтағы бұрыннан қалыптасқан жүйені аяусыз қиратып, қоғамды неше түрлі қиындықтарға ұрындырудың алғышартын жасады.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы кезеңде көптеген қуанышты өзгерістердің болғаны, оларды көпшілік қолдағаны аян. Бұл, ең алдымен, бұрынғы патша өкіметі тұсында қазақ шаруаларынан зорлықпен тартылып алынған шұрайлы жерлердің өз иелеріне қайтарылуы жөнінде қаулымен, қазақ халқының ұлттық-мемлекеттік құрылымының пайда болуымен, мәдени құрылыс саласындағы жұмыстармен және тағы басқа да шаралармен тікелей байланысты болатын. Бірақ, анығына келсек, жер мәселесі ақырына дейін шешілген жоқ еді. Ол көшпелі және жартылай көшпелі халықты отырықшылыққа көшіруге байланысты болды. Жалпы, қазақтың зиялы қауымы, соның ішінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы және басқалары, сол сияқты 20—30-жылдары республикада басшылық қызметте болған бірқатар азаматтардың өздері де дәстүрлі шаруашылық жүйесінің шырқын өрескел күшпен қиратуға болмайтынын қатты ескерткен болатын.

Буржуазиялық «Алашорда» қайраткері деп айыпталған А.Байтұрсынұлы 1929 жылы тергеуде берген жауабында көшпелі қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшіруге қарсы болмағандарын, бірақ мұны іске асыру үшін, алдымен оларды жермен қамтамасыз ету қажеттігін, тыңғылықты өзірлік жұмыстарын жүргізу қажет екендігін дәлелдеді.

Жер мәселесіне байланысты айтыс республика партия ұйымы мен үкіметінде де қатты болды. Кейбір қазақ басшылары индустрияландыру саясатына байланысты сырттан жән-жосықсыз адам күшін лек-легімен әкелуге қарсы

тұрып, жұмысшы күшін жергілікті жерде дайындау мәселесін ұсынды. Олар республикадан тысқары жерден қоныс аударуды доғару қажет деген мәселені де айтты. Бұл сол кезде КазЦИК-тің жер мәселесіне байланысты қабылданған Декретінен де көрініс тапқан еді. Бірақ өлкелік партия ұйымына басшылыққа келген Ф.Голощекин тұсында Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, С.Қожанов, Н.Нұрмақов сияқты басшылар әртүрлі сылтаулармен Қазақстаннан шеттетілді.

20-жылдары қазақ зиялыларын қатты ойландырып, іштей наразылығын тудырған мәселенің бірі — орталықтың Қазақстанның жергілікі ерекшеліктерімен және ұлттық мүддесімен көп жағдайда санаса бермеу саясаты еді. Халықтың қамын ойлаған Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов сияқты қайраткерлер батылы жетіп, бұған барынша қарсы тұруға тырысты. Бірақ сол үшін кейіннен күйіп кетті.

Қапаста отырып, қиналғаннан айтса да, кезінде республика партия ұйымында жауапты қызметте болған, 30-жылдар қасіретіне моральдық жағынан болса да тікелей жауапты қайраткерлердің бірі 1937 жылы күзде халық жауы деген айыппен ұсталып, тергеуде берген жауабында былай дейді: «Ұзақбай Құлымбетовтің үйінде (1927 жыл — авт.) Н.Нұрмақов, О.Жандосов, Ж.Мыңбаев, Ә.Әлібеков, Ж.Сұлтанбеков, Ә.Досов бәріміз отырғанда Смағұл Сәдуақасов былай деп еді: «Ауылдың жағдайы тым нашарлап кетті. Ауылға коммунистік принциптермен барып соқтығыстық. Бұл ауыл табиғатына жат нәрсе, пайдасынан зияны көп екендігін ескермедік... Бай деп ауыл ауқаттыларына жөн-жосықсыз қысым көрсетіліп жатыр. Оларға қарсы кедейлерді айдап салып, түрмеге жапты... Кеңес өкіметі патша заманында салынған жолмен кетті... Мұның бар айырмашылығы — кешегі сауатсыз адамдар бүгін бәрін жапырып келеді. Мұны тоқтатпаса болмайды».

Қазақстанның жағдайына орталықтың жүргізген кадр саясаты да әсерін тигізді. Өзіндік пікірі бар, принципті мәселелерде табан тіресе алатындар Ф.Голощекинге қажет емес еді. Сондықтан 30-жылдар зұлматы кезінде республикадағы партия мен үкімет басшылығында Е.Ерназаров, І.Құрамысов, О.Исаев сияқты қайраткерлердің болуы тегін болмаса керек.

«Революциялық қызумен» желігіп алған отырықшылыққа көшірушілер кейбір жерде жүздеген шаруа қожалықтарын күшпен бір жерге жинастырып, орыс дерев-

нялары үлгісімен сахарада қаз-қатар тігілген киіз үйлерден түп-түзу көшелері бар «поселкелер» жасауға кірісті. Мұның арты малшылардың шаруа кеңістігінен, жайылымынан қол үзуіне, малға қолайы суаты мен жемшөбінен айырылуына әкеліп соқты.

Сөйтiп, аз ғана уақыт iшiнде республика халқы ауыр жағдайға душар болды. Күнкөріс малынан, азын-аулақ азық-түлігінен айырылған халық аштан қырыла бастады. 1929 жылы республикадағы 44 млн 723 мың 200 бас малдан, 1934 жылы 4,5 млн бас мал ғана қалды. Қысымнан қашып, босқын болған адамдар саны көбейді. 1930 жылы Қазақстандағы халық саны 317,4 мың адамға, 1932 жылы 769,1 мың адамға кеміді. Әрине, бұл деректерді толық деп айтуға болмайды. Оның үстіне 1929—1931 жылдары болған шаруа көтерілістері кезінде мыңдаған адам жауапқа тартылды немесе қаза болды. Сол жылдары болған 372 көтерілістің бәрі де қарулы күш арқылы басылып, оған қатынасқандар аяусыз жазаланды. ОГПУ органдарының мәліметі бойынша, ұжымдастыру жылдары 150 мыңдай адам жауапқа тартылды. Ұжымдастыру мен ашаршылық салдарынан жүздеген мың адам республикадан тысқары жерге кетіп қалды, біразы шетелге өтіп кетті.

Мұрағат құжаттарына сүйенген мамандардың жобалауынша, 1931—1933 жылдары Қазақстанда 2 млн 100 мың адам опат болды. Олардың 1 млн 750 мыңы қазақтар. Бұл деректер әлі де болса анықтай түсуді қажет етеді. Өйткені ресми құжаттардан ашаршылық кезінде құрбан болғандар туралы егжей-тегжейлі деректерді кездестіру қиын. Бұл тоталитарлық жағдайда қалыптасқан тәртіптің мансабынан айырылып қалудан қорыққан басшылардың психологиясын айқын дәлелдейді. Өйткені сол кездегі аудан мен округ басшыларынан бастап республика басындағы Ф.Голощекинге дейін шындықты көпке дейін айтпағаны белгілі. Әрине, бар шындықты жасырмай айтып, дабыл қаққандар да болды. Бұған Т.Рысқұлов, Ғ.Мүсірепов, М.Ғатауллин және басқаларының хаттары куә. Жалпы, қазақ даласына келген зобалаңның түп-тамыры осындай.

Манаш Қозыбаев,
академик, Қазақстанның халық депутаты

Қайдар Алдамұманов,
тарих ғылымдарының кандидаты

АУЫР КҮН ЕСТЕН КЕТПЕЙДІ

Мен 1930—1931 жылдары 13-14 жас шамасында едім, аздаған сауатым бар. Таршылық заманда өскен балада не аңғарым бола қойсын. Үш жасымда шешем өліп, жетім қалдым. Жас та болсам өз отбасымыз, тума-туыстарым, ағайын-жекжаттарымыз көрген таршылық, ашаршылық оқиғалары есімде. Кейінгі Ұлы Отан соғысынан тірі қалып, елге оралып, үй болып, тіршілік жайын ойластырған кезімде өзімнен жасы үлкен Ақмолдин Сисен, Жолдыбаев Оразалы, Басжанов Махамбетқали ағалардан 1928—1937 жылдар аралығында біз қалай болдық деп көргендерімді анықтап алу үшін әңгімелестім. Ол кісілер көпті білетін аңғарымды адамдар еді.

Қонысымыз Ырғыз ауданынан 40—50 шақырым жерде, Ырғыз өзенінің бойында болатын еді. Әрбір үй бөлек-бөлек шұқырда, екі-үш отбасынан кесек үйлерде тұратынбыз. 1928 бен 1937 жылдар аралығы. 1928 жылы ірі байлардың мал-мүлкі төркіленді, орта шаруалары қалды. Байдың малы алынып болғаннан кейін көп ұзамай, орта шаруаның малына кезек келді. Әуелі күнкөріс, азық қылып отырған малды алды. Содан кейін халық көліксіз, жаяу қалды, тіршілік етер халы болмады. Бара-бара кедейдің бір аты мен сиырына қол салды. Мұны «кедейдің кер қасқасы» деп атады. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген әңгіме тарады. Қалған малды соғымға деп қолдан сойып алды. «Жұт жеті ағайынды» деген, сол жылы су тасымай, Торғай өзені кеуіп қалды. Халықтың жиған қоры жоқ, жұрт ашаршылыққа ұшырады. Әуелі Торғай елі шұбырды. Ілгері-кейін босқан халық, осы бір 1930—1932 жылдың қысы болуы керек. Ісіп-кеуіп, бала-шағасын арқалап шұбырып жүрді. Түнде болсын, күндіз болсын келген жерде қорада мал болса не жарады, не тірсегін қияды. Жолда кетіп бара жатқан көлігі бар жолаушы адам болса, сәлемдескен болып қамап ұстап көлігін жарып тастайды, адамға зиянын тигізбейді. Бірде Ырғыздың балалар үйіне бардым. Түскен үйлерім аш, қалада өлушілер көп, соның ішінде бала жағы басымырақ. Өлген балаларды Ырғыздың ит моласының қыр құдығы жағына сүйреп апарып көмеді екен. Ол кезде «продпомощь» деп аздап азық-түлік таратады. Ол да тегіс жетпейді.

... Екі ағайым бір түйемен қырға егін салуға кетті. Мен үш үйлі жанның отбасын, су басқан жерде шығатын

атиоңқай деген шөп болады екен, сонымен асырадым. Соны қазып әкеліп кептіріп, қуырып, келіге түйіп диірменге тарттық. «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» деген, өзеннен қармақпен балық аулап, күніне екі-үш балық әкелемін, соны сорпа етеді. Сол жылы Ырғыздың көптеген халқы өз қоныстарын тастап, қырға қоныстандық. Сарыбұлақ, Басқұдық деген жер, бұлар қазір Комсомол ауданына қарайды. Үш үйдің ортасында бір түйе, бір бие бар. Жұмыс көлігі мен адам күшін ұйымдастырып, «Басқұдық» ұжымшарын ұйымдастырды. Екі көлікке жететін жалғыз түренді соқамен тары айдадық. Тары күзде жақсы шықты. Күзде соны еңбеккүнге, жұмыс көлігінің күшіне бөліп берді. Сарыбұлақ деген жерден шымнан қыстау салдық, кесек басуға әл келмейді. Төбесін тапқан-таянған ағашпен жаптық. Шамамыз келмеген кейбір үйлер терезені түйенің қарнынан жасады. Қысқа жағатын отынымызды көде, шотаяқпен шабамыз, сүттігеннің түбірін жинап, арқалап басамыз. Сол жылы бір-бір баспақ, бірлі-жарымды жандық берді үкімет. 1934 жылдың жазында егін өте бітік болды.

Егінді мол алдық, алған астықты сақтайтын сарай жоқ, өр үй жанынан ұра қазып, сонда сақтады. Міне, жаңа өмір, тіршілік осылай басталды.

Б. Ағыбаев, Ақтөбе қаласы

Қызылдар қырғыны/Құраст. **З. Қыстаубаев, Б. Хабдина.**
Алматы, Өнер, 1992.

РОМЕН РОЛЛАН ҚАЗАҚ МҰЗЫКАСЫ ЖАЙЫНДА

Дүниежүзіне әйгілі француз жазушысы, музыка тарихын зерттеуші Ромен Ролланның есімін білмейтіндер кемде-кем. Оның зерделі қаламынан туған ондаған ғылыми еңбектері мен көркем туындыларын былай қойғанда, ұлы музыкант, сазгер Бетховеннің өмірін өзек ете отырып, өмір жайлы, махаббат жайлы, музыка жайлы мәңгі көнермес жыр-дастан деп бағаланатын он томдық «Жан Кристоф» романы уақыт сынынан өтіп, дүниежүзінің көптеген тілдеріне аударылып, әлемдік әдебиеттің алтын қорына қосылып отырғаны мәлім. Ал Ромен Ролланның қазақ өнері, қазақ музыкасынан да хабардар болғанын, қазақ музыкасы жайлы жекелеген кітаптарды оқып, пікір түйгендігін музыка зерттеушілері мен тарихшылар ғана болмаса, былайғы жұрт біле бермесе керек.

Ромен Роллан қазақ музыкасын жинастырушы Александр Затаевичке үш рет хат жазған. Алғашқы екі хаты 1926, 1929 жылдары Швейцарияның Вильнев қаласынан жазылған, ал соңғы үшінші хаты 1935 жылғы 29 шілде күні Мәскеуден жазылыпты. Бірі Еуропа төрінде, бірі Қазақстан қиырында жүріп, өмірінің құнарлы кезеңдерін музыка әлеміне бағыштаған екі ел ұлыларының хат арқылы білісіп, танысуы өзара кітап, сурет алмасумен ұласады. Ақыры бұлар 1935 жылдың жазында Мәскеуде Максим Горькийдің Горкадағы саяжайында жүзбе-жүз кездесіп, кең мәслихат құрғаны, музыкалық шығармаларды бірі ойнап, өзгелері тыңдап, бірге суретке түскені мұрағат материалдарында айғақталады. Сол бас қосу үстінде А.Затаевич күйсандықта бірнеше қазақ әндерін орындаған, қазақ музыкасы жайлы өрбіген әңгімеге А.Горький де қатысқан көрінеді. Мәслихат барысында Алексей Максимович «*Қазақ халқының 1000 әні*», «*Қазақтың 500 әні мен күйлері*» атты кітаптарға итальян музыканттары қызығушылық білдіргенін айтқан.

А.Затаевич қазақ ән-күйлерін жинастыру ісімен 1920 жылы Орынборға қызметке келгеннен кейінгі кезеңде шұғылданғаны белгілі. Ромен Ролланға жазған алғашқы хатында, бұл кезде революция оятқан байтақ қазақ жерінің түкпір-түкпірінен өнер-білімге құштар, жігерлі қалың нөпір жас күштер Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынборда тоғысқанын айта келіп, соның арқасында орталықтан ұзап шықпай-ақ байтақ жатқан елдің мыңнан астам ән мен күйін жазып алғанын баяндайды. Қаражаттың жоқтығы, аштық, індеттің жайылуы қосымша қолбайлау болғанына қарамастан, бар уақытын сарп етудің нәтижесінде дүниеге келген еңбегін, халық музыкасын танып білуді мұрат ететін сұңғыла зерттеушінің сарабына ілтипатпен жолдап отырғанын білдіреді Затаевич.

Халық музыкасының білгірі Р.Роллан кітаппен, ондағы қазақ әндерімен егжей-тегжейлі танысып, бірсыпырасын нота бойынша ойнап көріп, сырына терең бойлағаннан кейін, өзін осыншалық құнарлы қазынаға кенелткені үшін кітап авторына ризалығын білдіруге асығады. Затаевичке жазған жауап хатымен қоса, өзінің «Өткен дәуір музыканттары», «Ертедегі елге музыкалық саяхат» атты кітаптарын жолдайды. Алғашқы кітапқа жазған: «Александр Затаевич мырзаға, маған қырғыздың халық әндерінің қазынасын ашып бергені үшін туысқандық ілтипат пен құрмет белгісі

ретінде», — деген сөздері Ромен Ролланның жүрек сезімін білдіреді.

Екінші, үшінші хаттарында Ромен Роллан қазақ өнері жайлы ойларын одан әрі жалғастырады. «Қазақ-қырғыз пьесаларының жаңа сериясы мені таң-тамаша қалдырды. Ондағы халық рухының қымбат қазынасы ғана емес, сонымен бірге сол шығармаларға өзінің шығармашылық жан дүниесін дарыта білген музыканттың стиль айшығы мен поэтикалық дарынына таң-тамашамын». «Сіз беймәлім халықтың музыкалық жан-дүниесін алдымызға жайып салдыңыз...», «Кеңестік Шығыстың өсем өуендерінің жинағын ынтызар көңілмен қабыл алатыныма еш күмәніңіз болмасын...»

С. Байжанов.

Мұрағат-Айғақ, Алматы 1998.

Замана бұлбұлдары

ӘМІРЕ

«Әміре сахнада. Ол халық сыймай отырған залды бір шолып өтіп, домбырасына қарады. Әміре залдағылардың құлағын жарып кетерліктей бір-екі рет дауысын көтеріп, шарықтатып алды да, тына қалды. Бірақ ол тек бастауы ғана екен. Онысы залдың дыбыс ерекшелігін байқайын дегені болу керек, енді өзінің дауысының да, домбырасының да қандай күш дәрежесінде шығуы керек екенін түсініп алғандай болды. Енді аз ғана уақыт өткенде әнші залды да, онда құлаққа ұрған танадай болып тыңдап отырған тыңдармандарды да ұмытып кеткендей болды. Оның ойында осы бір ән тыңдап отырғандар, бұл арадағы жағдайды ұмытып, осы сияқты адам жүрегі қуанышпен де, ренішпен де соғатын сонау отарланған малмен, алқақотан отырған ауылдары бар сахараға қарай ойлары ауысса деген болуы керек. Әміренің даусы күннің күркірегеніндей кейде аспанды жерге түсіріп дүрілдеп, кейде баяу соққан самал желмен қозғалған бидайықтың шашағындай сусылдап, сыбырлап кетеді», — дейді, 1927 жылы сәуір айында Мәскеуде Бүкілодақтық кеңестер съезінде болған концертке байланысты жазылған бір мақалада.

Әміренің аты тек Қазақстанға ғана емес, бүкіл Одаққа, бүкіл Еуропаға әйгілі болды. Әміре арқылы қазақтың

әншілік өнері мемлекеттік шекараны сонау жиырмасыншы жылдардың ортасында-ақ аттап өтті, орыстың, батыстың ұлы мәдениет қайраткерлерінің ауыздарына түсті. Өміре — қазақтың қалай мақтаса да, қалай мақтанса да бола беретін, сыя беретін асқан өнерпазы.

Өміре 1888 жылы (кейбір деректерде 1886 жылы) Семей облысы, Абыралы ауданына қарасты Дегелең тауының етегінде туды. Әкесі Қашаубай кедей адам болып, тек күнелту айналасында ғана, күнбе-күнгі өмірді қуып жүрді. Ауылды жерде тиянақты кәсіп болмаған соң, Қашаубай көп ұзамай Семейге көшіп барды. Қалада да кәсіп істеу оңай болған жоқ. Дала байы мен қала байының кедейдің, жалшының еңбегін жеуде қандай айырмасы болсын, ол әрең дегенде үй ішін асырап тұрды. Бірақ жасынан бейнет шегіп, иықбасты болып қалған Қашаубайдың жағдайы нашарлап, жұмысқа жарамайтындай халге келді. Ал Өміренің шешесі Тойған да үй ішінің ұсақ-түйегі болмаса, білекпен келетін ауыр жұмысқа да жарамай қалды. Мұның бәрі келіп, ақыры жас Өміренің мойнына үлкен ауыр бейнет қамытын кигізудің басы болды. Басқа амал болмаған соң жас Өміре Жаңа Семей жағында тұратын Исабек деген байдың (кейбір деректерде Қаражан деген бай) көлік айдаушысы болады. Өміреге бұл бөгет болған жоқ. Өйткені таза ауада, аузы бос, жол қысқарту үшін, іштен лықсып шыққан үнін басып тастамай, Өміре ыңылдап әндетіп жүретін болды. Бара-бара Өміре дауыстап, өзінің үн қабілетінің барлығын сезіп, кей кездерде ат айдаушы екенін ұмытып кетіп, әннің қызығына түсіп, қожасынан қатаң сөгістер алып та жүрді. Бірақ оның бәрі де Өміре үшін мәнді нәрсе емес, алған бетінен қайтпады.

Ертісті жаңғыртып ән салып бара жатқан Өміренің өнін халық сілтідей тынып тындап тұрысты. Бүкіл Жаңа Семей болып енді Өмірені жақсы білетін болды. Ол арада болған ойын-сауық Өміресіз өтпейтін. Әншілігінің үстіне әсем мінезді, ақкөңіл жігіт халықтың назарын үнемі өзіне аударып алатын. Осындай екі бірдей қасиетінің арқасында Өміренің атағы көп ұзамай Ертісті кесіп өтіп, Семей қаласына жетуге айналды. Сөйтіп, Қашаубайдың «жаман баласы» бүкіл қаланы аузына қаратуға айналды.

Мұның бәрі де Исабек байға ұнамай, ол қалай да Өміренің мына бір кедейге «келіспейтін» қылығын тоқтатқысы келді. Бірінші шара есебінде ол жәмшік айдағанда қаланы аралап, көзге түседі, құлағын түріп оның өнін тындайтындар

көбейеді, сондықтан бір жерге қадап қою мақсатымен, Өмірені тері күзеттіріп қойды. Бірақ бай қанша бөгет болғысы келсе де, әнші өзін таныта білді.

ҒАРИФОЛЛА

1950 жыл, қараша айының ортасы. Тұрфан қаласы. Бір қызығы, бұл қала теңіз бетінен 200 метрдей төмен екен. Сондықтан онда еш уақытта қыс болмайды, үйлерінде пеш жоқ. Қылтанақ жоқ тақыр, тасты таумен жүріп отырып бірден үлкен, бірнеше шаршы шақырымнан қазан шұңқырға түсесің. Міне, сол бір төмендікте «қысы-жазы» үнемі көк жасыл ағаш ортасында Тұрфан қаласы тұр. Кеңестер Одағынан келген өнер қайраткерлерінің тобын тұрфандықтар 20 шақырым жерден қарсы алды. Қытайдың бұрынғы қала салу дәстүрлеріне тән ылғи шикі кірпіштен соққан биік-биік дуалдар, тұрғын үйлерінің негізі бірқатардан салынған. Біз барар алдында ғана салынып біткен үлкен клубы бар екен, сол клубтың шымылдығын ашуға біз тура келіппіз. Тұрфандықтар қатты қуанысып, клубтың шамасынан екі есе артық адам болып, аса тығыздықта концерт бастадық. Мұнда келген Қазақстанның 45 кісіден құралған концертті тобы болатын. Құрманғазы атындағы оркестрден құралған шағын топ, әншілер, бишілер, көркем-сөз шеберлері.

Клубтың ішкі қабырғасы бойына салынған балконда ылғи әйелдер, ал партерде тек ер адамдар отырды. Бұл сияқты жасанды түрде еркек-әйелді айырып отырғызу Кеңестік адамдардың көзіне біртүрлі оғаш көрінді.

Концерттің екінші бөлімінде республиканың халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиев сахнаға шығады деп жарияланғанда залдағылар ду қол шапалақтап, үлкен жылылықпен қарсы алды. Бірақ жаңағы балконда отырған әйелдер баста партердегі еркектерге қарап, рұқсат сұрағандай кідіріп барып, артын ала қол соғып кетті. Халықтың негізі ұйғырлар екен. Ғарифолла Мұхиттың «Үлкен айдайынан» бастап, әдеттегісіндей жоғары нотаны шырқыратып көтеріп, домбырасының басын ырғап қойып, кейбір ұзын ноталарда екі жағын қозғап, аузында шайнап отырған сағызы бар адамдай қайзандап қояды. Ол Жетісу ақындарының жыр төгер алдында құлақтарын бұрайтыны сияқты, Мұхит өндерін орындағанда кездесетін жайлар болатын.

Біраз шарықтап, ашы терін шығарып алғансын Ғарифолла біркелкі, дауысқа аса күш түсірмейтін, құлаққа жеңіл, һас сұлудың еркелігін еске түсірерлік «Ақ Айша» сияқты әндерге көшті. Халық аса жақсы қарсы алып, тіпті әннің аяқталуын күтпей, кейде ән кеудесін бітіріп қайырмаға көшіп болмай да қол соғып жібергендер болды. Екі-үш әннен кейін басын изеп, рақметін айтып, сахна сыртына жол тартқан Ғарифолланы қайта шақырған қол соғу секунд санап үдей берді. Сахнаға жылдам басып шықты да, Ғарифолла конференсьеге бірдеме деп орындығына жайласып отырып, аспабының құлақ күйін келтіре бастады. Конференсье «Он алты қыз» деп жариялағанда отырған халық оның сөзінің аяғын есіттірмей қол соғып, тағы да ду ете түсті.

Ғарифолла шабытына жаңа мінгендей, күлім қағып, қасын керіп, әннің кей жерінде көзін ойнақшытып, «Он алты қызды» қыздыра бастады. Қайырмасындағы қыздардың атын санағанда баяғы балконға қарап, сонда оның атаған қыз-келіншектері отырғандай кейбіреулеріне тікелеп қарап, басын изеп, өздері үркердей болып, көрермендерден бөлініп отырған әйелдерді еріксіз қозғады. Олар, шынында да, бізді танып отыр ма дегендей, біреулері орамалдарының ұшымен беттерін жауып, көздерін тайдырып, ұялып қалады. Оны көріп ойындағысы болғандай Ғарифолла әннің екінші қайырмасында тіпті балконды ерсілі-қарсылы сүзіп, аралай қарап, өзінің қалжың оғы дарымады ма екен дегендей, жақын адамдарын түгендеп те қойды.

Ғарифолла «енді болған шығармын» дегендей тағы да бірнеше рет басын иіп, сахна сыртына кетіп еді, халық тіпті делебесі қозып, залды сатырлатып, конференсьеге ауыз ашуға мұрша бермеді. Амалы жоқ, Ғарифолла тағы шығып, енді өзінің жорға мінгендей тымақты алшы қиетін «төл аты» — «Термеге» басты. Мұнда Ғарифолланың аузы әнде, саусақтары домбырада, ал көзі баяғы балкон деңінен төмен түспей, сол жаққа көзін ойнақшыта қарап, біресе күлімдеп, есіл-дерті әйелдер тобы болды. «Оның қалай?» — деп кейін сұрағанымызда, ол әйелдердің бөлек отырғанына өзінше «саяси наразылық» көрсеткендегісі екен де, екіншіден, оның наразылығының аяғы төменде партерде отырған еркектердің көзінше сол әйелдерді көтеріп, дәріптеу екен.

Ғарифолла қайда, қандай елге, қай жерде шықса да, оның көркемдік табысы әр кезде де аса жоғары болды. Ол дауысы шалқып жатқан кең дариядай, айта қалғандай әнші.

Термелеп, желдірмелетіп кетсе алдына қара салмайтын жыршы. Ол халықтың мол ән байлығын, орындаушылық дәстүрін жете меңгерген халықтан шыққан, ілуде бір кездесетін суреткер. Ол халық әндерін, термелерін, желдірмелерін бабына келтіріп орындаумен қатар операның бейне галлерейсын жасаған сахнаның да шебері. Ол тек республиканың бір өлкесінің әндік, орындаушылық дәстүрін ғана қуып қоймай, оның әр бұрышының музыкалық ерекшеліктерін үйреніп, баурап алған үлкен талант иесі. Ол орындаушылығымен қатар халыққа эстетикалық тәрбие беруде өзінің білгенін аямайтын қоғам қайраткері.

Ғарифолла Орал облысы, Қаратөбе ауданы, Ақкөл деген жерде 1909 жылы туды. Әкесі Құрманғали кедей шаруа болған адам. Басқа айта қалғандай өнері болмаған Ғарифолла 4 жасқа келгенде әкесі қайтыс болады, ал он жасқа жетер-жетпесте шешесінен айырылады. Он жасынан бастап домбыра тартып, ән салады. Ол өреде Мұхит және одан тараған үлкен әншілік дәстүрінің салқыны Ғарифолланың болашақ музыка қайраткері болуына әсерін тигізеді. Ғарифолла сол айтылған Мұхиттың жолын қуған адамдармен жақындасады. Ол кезде Ғұбайдулла, Хамидуллалар Ақкөлдің құмын қыстап, жазда Шұбарқұдық, Құмсай, Сарыалжын араларында көшіп жүретін. Сондықтан бұрынғы қазақтың жер шалғайымен есептегенде Мұхит балаларына айналасы көшіп жүретін Жымпиты маңы алыс болмай Ғарифолла Шынтас, Шайқымен кездесіп тұратын. Бұл екеуі Мұхиттың ән репертуарын да, орындаушылық әдісін де қаз қалпында алып қалған, кейбір жайларда Мұхиттан кем түспейтін музыка қайраткері болды. Ғарифолла енді Шынтас пен Шайқыға ән жағынан шәкірт болып, олардың қасына еріп ел аралады. Өзі әнге, домбыраға зерек және аз да болса жасында қазақша сауаты ашылған Ғарифоллаға, оның үстіне келіп жаратылыс берген шалқыған кең дауыспен айтарлықтай қабілет қосылғансын, ол көп ұзамай-ақ белгілі әншілер «тізіміне» енеді. Бір жағынан, өздері демалу үшін, екіншіден, үйрене берсін деп, айт-тойда, базар-жиында Шынтас, Шайқы әнді көбіне Ғарифоллаға айтқызады...

Домбырада сүйемелдеуді жақсы меңгерген, еркін түрде қалай соза да жете беретін, ырыққа көне беретін дауысының арқасында Ғарифолла біраздан кейін ауыл арасының шеңберінен шығып, атағы басқа көршілес өңірге жете бастайды. Ғарифолланың бақытына орай, ол ес жыйып, етек

жаба бастаған кезінде, ата-анадан бірдей айырылса да, Кеңес үкіметі келіп, халықтан шыққан таланттарды қадірлейтін күнге кез болады. Жас шағында кемдік көрмей өнер қууға мүмкіншілігі болады. Сөйтіп, 1927 жылы Ғарифолла Ойыл ауданында, Бөрте болыстарында (*Орынборға қарасты 1-і және 2-і Бөрте болыстары деген болды — А. Ж.*), Орынбор қаласында, не бары үш айдай ән салып, ел аралады. Одан кейін Гурьев облысында, Қарағашта, Табында болды.

КЕНЕН

«Екейде елу бақсы, сексен ақын» дегендей, Жетісуда Сүйінбайдан, Жамбылдан келе жатқан ақындық дәстүр дүниеге көптеген таланттар берді. Олардың бәрі бірдей тек сөз қуып қана кеткен жоқ, ішінде жыршылары, әншілері болды. Ақындық, айтыс дәстүрі әлі күнге дейін бұл өңірде сол қалпымен сақталып келеді. Тіпті жаттап алған өлеңдері болса да еркек демей, әйел демей, той-топырда айтысып жүре береді. Ол дәстүр тек егде тартқан адамдарда емес, жастарға да ауысқан. Сондықтан да Жетісу өңірінде сөз қуу, айтысу дегендер кең жайылған дәстүр.

Міне, осы топтың ішінен ерекше көзге түсетіні — Кенен. Ол біріншіден, суырып салма ақын да, екіншіден, жақсы әнші, ал үшіншіден, өзі көптеген ән шығарған халық композиторы. Кененнің өмірінде кейінгі жас ұрпаққа үлгі боларлықтай кезеңдер көп. Ол адам бақыты үшін күрестің жырын жырлады, кейінірек кеңес таңы атқанда жеңістің, туысқандықтың, шын мәнісіндегі бақыттың жырын жырлады.

Кенен Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Киров атындағы ұжымшар тұрған жерде 1884 жылы туды. (Бұдан ширек ғасыр бұрынғы деректе туған жылы 1888 болатын да, жерінің аттары Қоңыр адыр, Мәтібұлақ еді.) Жыл жағынан болмаса, жер шамасының бәрі біріне-бірі жақын сияқты. Әкесі Әзірбай айтарлықтай өнерлі болмаса да, ауыл арасында ән салып, домбыра тартып жүрген. Бірақ не ақын, не әнші болып аты жайылған емес. Ал шешесі Ұлдар әнші, ақын адам болған. Ұлдардың ол өңірде атағы кең жайылады. Кішкене күнінде Кенен шешесінің өлеңін, әнін есітеді. Бірақ (Ұлдар ұл көрмей көп зарығып жүреді) Кененді баулып, төрбиелеп, мәпелеп өсіруге мүмкіндігі болмай, Кененнің жасы жетіге келе бергенде қайтыс болады.

Ұлдардың өлімі Кененге де, ол кезде жетпісті алқындырып қалған Өзірбайға да оңай тимейді. Үй ішіндегі үлкен қайғы-қасірет жас бала мен көрі әкенің басына төнеді. Оның үстіне Өзірбайдың екі-үш ешкіден басқа малы болмайды. Кенен қабырғасы қатпай жатып байдың қойын бағады. Аз да болса аужал болсын дейді. Күндіз қой бағып, кешкілік ауыл шетінде кішкене итарқаның астында әкелі-балалы екеуі жоқшылықтың мұң-зарын тартып, айран-шалабын ішіп отыра береді. Айлар, жылдар тізбектеліп, көңілсіз өте береді. Күндіз далада жүріп шаршайтын Кенен көбіне ауыл жастарының түнгі ойындарына да қатыса алмай, ұйықтап қалады. Кейде оның күнұзаққа күнге күйіп талып келгеніне қарамай, бай оған түні бойы қой күзеттіріп қояды. Бірақ жас, қажырлы дене оның бөріне де төтеп беріп, тіпті оннан асқаннан кейін сол бір ауыр бейнеттің ортасында жүріп, домбыра тартып, ән салуға уақыт табады. Баяғы бала кезінде шешесі Ұлдардан үйренген, жадында сақталған аздаған ән, жыр нұсқалары енді жас талапкердің көңілінде қайта қозғалып, біртіндеп оларды есіне түсіреді...

...Жетісу дәстүріндегі ақындықтың жайылуы Кененге жақсы әсер етеді. Бай аулына келіп жыр жырлаған, өлең айтқан әнші, ақындар Кененнің санасында үлкен із қалдырады. Қабілетті бала есік алдында, кейде үй сыртында жүріп-ақ, олардың маржандай сөздері мен аңыраған әндерін көкірегіне құйып алады.

...Кенен осылай жүріп өз әндерінің санын көбейтеді. Қойшылармен кездесіп олардан ертегі, нақыл сөздер есітеді, кейде сыбызғының үніне қосылып бала даусымен Қордайдың даласын жаңғыртып ән салады. Кейде белбеуіне қыстырып жүрген домбырасын алып, оған өзінің сазды, қоңыр дауысын қосып, ән шығару талантына ие болады. Өлеңді Кенен ерте шығара бастайды. Ол сол бір далада жүрген кезінде-ақ жаратылыстың небір әсем көріністерін өлеңіне қосып, өзімен қатар жүрген қойшыларға айтып береді. Олар Кененнің қабілетін мойындап, осындай таланттың ең далада қой соңында күні өтіп бара жатқанына қынжылады.

Кенен даланың дыбыс симфониясын құлағына іле жүре, солардың ішінен өзіне рухани серік болатын дос тауып алады. Ол аспанда пырылдап жүрген бозторғайдың емін-еркін шарлап жүргенін көріп, жаратылыстың оған берген сыйына қызығады. Бозторғайдың қайда барам десе де

жететінін, аспан әлемінде кезіп жүруіне мүмкіндігі бар еркіндігін, басқа күш-қуаты шамалы болғанымен қанаты болғансын күн көруге оның да жәрдемін ойлап, біраз кідіреді. Өзінің өмірінің бай қойына байланып қалғанын ойлап, налиды. Бірақ торғайда бар қанаттың өзінде де барын, оны да жаратылыстың сый етіп бергенін есіне алады. Оның қанаты — өлең, ән шығару, өнер қанаты, ол құстан да алыс ұшпай ма. Ол Қордай түгіл анау Алатаудан асып кетпей ме, сөзді, әнді кім тоқтатады, кім оның «етегінен» тарта алады. Міне, өнердің осындай қасиетін толық жетіп білмесе де, жас Кенен өзінің қабілет қылын қозғап, дүниеге бірінші рет жаңа бір туынды береді, жанынан жаңа ән шығарады. Әнді аспандағы бозторғайға қарап айтады, өнінің атын да «Бозторғай» қояды.

Бозторғай, шырылдайсың жерге түспей,
Мен жүрмін кешке шейін тамақ ішпей.
Ат қылып ақ таяқты қолға ұстап,
Сандалып қой артында азар кешкей.

О, Бозторғай!
Шырылдайсың шіркін-ай.
Құтылар күн болар ма,
Қой бағудан бір күні-ай?! —
Келемін қойды жайып Қоғалыға,
Шығады бүркіт салған Обалыға.
Қой соңында жүрсең де кешке дейін,
Қарамайды бай, манаптар обалына.

Қойшылар қой жайғанда кеш батпайды,
Отырсақ мал күзетіп таң атпайды.
Қарайтын обалына иесі жоқ,
Төсекке белін шешіп бір жатпайды, —

деп келеді өннің сөзі. Бұл ән радио толқынындай, басқа қойшылар, малшылар арасына, кейін бүкіл халық арасына тез тарап кетті. Өннің әсем сөзі де қорлық көргеннің, зорлық көргеннің, бейнет тартқанның жүрегінен орын алады. Әрине, байларға, оның сойыл соғарларына бұл ән ұнай қоймайды. Бірақ халық дуылдап көтеріп алып кеткенсін топыраққа от қоя ма, ән қанаты самғап, сол өңірді шарлап кетеді.

А. Жұбанов.

Замана бүлбұлдары. Алматы, 1975.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСПАСӨЗ
(ҚазАКСР-і)

Өңгімені республикалық баспасөздің атасы — «Егеменді Қазақстан» газетінің тарихынан басталық. Байқаған боларсындар, оның үстіңгі сол жақ бұрышында «Газет 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шығады» деп жазулы тұр. Бірақ ол тарих сахнасына бірден осы атпен шыға қалған жоқ. Сол уақыттан бастап көрінген 2-3 газеттің орнына шықты. Солардың мұрагері, жалғасы болды. Өз бастауын, негізін солардан алды. Алдымен оқырмандарды «Егеменді Қазақстанның» сол түп-төркіндерімен таныстырып алайық.

«Үшқын» газеті. 1919 жылы Орынбор ақтардан тазартылды. Кирревком құрылып, іске кірісті. Өкімет орындары баспасөз мәселесін күн тәртібіне қойды. Кирревком баспасөз секциясын құрып, орысша, қазақша екі газет шығару туралы қаулы алды. Баспасөз жөнінде өткен, газеттерді не деп атауды шешкен бір мәжіліске қатысқан қарт журналист Мерғали Ешмұхамбетов кейін былай деп жазды:

«...Кирревкомның залына көп адам жиналды. Ревком мүшелері, басқа да қызметкерлер көп-ақ. С.Меңдешев мәжілісті ашып, қысқаша сөз сөйледі. «Енді газетсіз болмайды, Кеңес өкіметінің саясатын елге түсіндіріп, ол саясаты іс жүзіне асыру үшін халыққа үгітші, жаршы болатын құрал керек», — деді ол. Енді газеттің атын не деп қоямыз деген сұрақ туды. Әркімдер әртүрлі ұсыныстар енгізді... Егде тартқан большевик Терегулов... қазақ газетін Ленин шығарған «Искра» газетінің атымен атауды ұсынды, бұл газеттің мән-жайын, кезінде атқарған қызметін қысқаша баяндап өтті. Әрине, қазақшалап қою керек.

— Сонда қазақшасы не болады?

— Үшқын деген сөз, — деп жауап берді әлдекім.

— Болсын, болсын, Ленин газетінің атымен аталсын, табылған ат десіп тұс-тұстан мақұлдаған дауыстар естілді»¹.

Сөйтп, I Құрылтай съезі өткізіліп, ресми өкімет орындары сайланғанша қазақ жұртын билеген өзгеріс хәм Әскери комитет 1919 жылы 17 желтоқсанда, сәрсенбі күні Орынборда аптасына екі рет шығатын саяси, әдеби хәм шаруашылық «Үшқын» газетінің тұңғыш нөмірін жарыққа

¹ Социалистік Қазақстан (мерекелік арнаулы қосымша). 1970, 4-б.

шығарды. Оның редколлегиясына Тамимдар Сафиев, Бернияз Күлеев, Әмірғали Меңешов, Тунганшин деген кісілер өткен. М.Ешмұхамбетов пен Әміржан Қаратаев әдеби қызметкер болып белгіленген.

Газет тұңғыш нөмірінде оқушыларға арнау хат жолдап, онда былай деді: «Күнделікті керектің бірі — ел айнасы — газет еді... Мінеки, сәті жаңа түсіп, қазақ Бас мекемесі атынан жас иісті жаңа талап «Ұшқын» алдарыңда сәлем беріп, қол қусырады. Революция өрті бұрынғы зиянды бұтақтарды жандырып, оның орнына халық дүниесіне жаңадан көк шығарады... Революцияны жасаған — фабрика, зауыттарда неше жылдай иықтары жауыр болған жұмысшылар мен түрлі бейнетқор еңбекшілер. Олар болмаса, олар бастамаса, қазақ сияқты бұратана жұрт босағадан оза алар ма еді... Бізге жол салып, жөн көрсеткен ішкі Ресей жұмысшылары, бізге олардан түсіп отырған ұшқын ұлғайып, өрт болмақшы... «Ұшқын» газетінің мақсаты — шаруа халқына бас-көз болу, саяси халдер, маңызды мақалалар, соғыс хабарлары, сыртқы-ішкі хабарлар, әйелдер туралы, ел хабарлары, тағы басқалар туралы жазып тұрмақ». Бернияз «Ұшқынға» деген арнау өлеңінде:

Құтты болсын, жас «Ұшқыным», қадамың,
Алға бассын ақ ниетті талабың.
Тлегінде үлкен-кіші азамат,
Еркін үшін еңіреген қазағың.

Бұл «Ұшқыннан» еркін жоспар табарсың,
Ен далаға ерінбестен барарсың.
Ұлды ерікті, жерді сөулелендіріп,
Ел ошағы ортасында жанарсың, —

деп газетке тілек, ниет білдірді, зор сенім, үміт артты.

«Жалпы қазақ съезіне әзірленейік!» деген мақалада келер жылы Құрылтай съезінің өткізілетінін, Қазақстанның түкпір-түкпірінен делегаттар келетінін, онда өкімет орындары сайланып, жер-суды пайдалану, мал шаруашылығын өркендету, азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері шешілетінін баяндады. Ел-жұртты съезге әзірлеп, әлгі мәселелерді сөз етуге белсене қатысуға шақырды.

Газет Азамат соғысының барысы жайында, РК(б)П-нің Бүкілресейлік VIII конференциясы мен Кеңестердің VII съезі болғаны, оларда В.И.Лениннің баяндама жасағаны туралы хабарлар берді.

Газеттің алғашқы нөмірін жұрт алақайлап қарсы алды: «Бір күні,— деп жазды кейін С.Мұқанов, — кешқұрым Жанұзақ... үйге келе қалды да, май шамның жарығына біреуді біреу танып болмайтын қара көлеңке бөлмеде отырған бізге:

— Жігіттер, сүйінші, сүйінші! — деді дауыстап.

— Не, Жәке, қандай сүйінші? — дедік біз.

— Жоқ, сүйіншімді бермей айтпаймын.

— Қалағаныңды ал, — дестік біз.

— Қалағанымды кейін айтамын. Әуелі неге сүйінші сұранымды айтайын, — деп оң қолын сол жақ өңіріне тығып бүктеулі қағазын суырып алды. — Мынау қазақ тілінде Орынборда шыққан Кеңес өкіметінің бірінші газеті...

— Кәне, — дей қалып, бәріміз де Жанұзақтың қолындағы қағазды көргіміз келді.

— Міне, — деп бүктеулі қағазды жазып еді, өңсіз сары қағазға басылған екі беттік газет екен. Сәулесі көмескі шамға төніп, атына қарасақ, «Ұшқын». Бұл Орынбордағы Қырғыз (қазақ) революциялық комитетінің тілі екен. Жарықтың нашарлығынан газеттің өріптерін айырып оқу қиын болғанымен, оншақты мұғалім бірінен соң біріміз алып, газеттің атынан бастап, аяғындағы редколлегияның қол қойғанына дейінгі сөздерінің бәрін түп-түгел оқып шықтық»¹.

«Ұшқын» 1920 жылғы көктем айларындағы нөмірлерінде В.И.Лениннің 50 жылдығына материалдар жариялап, қазақ жұртын Ұлы көсемнің революциялық өмір жолымен таныстырды. Қазақ АКСР-ін құру туралы В.И.Ленин мен М.И.Калинин қол қойған Декретті де елге осы «Ұшқын» газеті жеткізді. Осылайша ол сол тұстағы күн тәртібіне қойылған зор міндеттерді орындау күресінде жергілікті партия-кеңес ұйымдарының сенімді көмекшісі болды. Олардың қаулы-қарар, нұсқау, директиваларын халыққа ана тілінде жеткізді, түсіндірді. Кеңес органдарын нығайтуға күш салды.

«Еңбек туы» газеті. 1920 жылы қазанда Құрылтай съезі өткізіліп, Қазақ автономиялық республикасы құрылды. Делегаттар ұсынысы бойынша партия мен үкімет органы бұдан былай «Қазақстан» деген атпен шықсын деген қаулы алынды. «Ұшқын» 25 қазандағы 35-нөмірінде өзінің орнына

¹ Социалистік Қазақстан (мерекелік арнаулы қосымша), 1970, 6-б.

жаңа газет шығатынын хабарлады. Артынша, 1920 жылы 13 қарашада Орынборда Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен РК(б)П-ның ұйымдастыру бюросының органы «Еңбек туы» газеті жарық көрді. Шығарушы «редакциялық алқа» деп көрсетілді. Алқа «Үшқынға» дау-дамайға жаңа басшылық жауап бермейтінін ескертті.

Шешім бойынша, «Еңбек туы» төрт бет болып, аптасына үш рет шығуға тиіс еді. Жағдайдың ауырлығынан, қаржы тапшылығынан бұл ниет орындалмады. Сол жылы газеттің үш-ақ нөмірі жарық көрді, 4—6 нөмірлері келер жылы ғана шықты. Оған С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Сералин белсене қатысты.

«Еңбек туының» бірінші нөміріндегі «Кеңестік Россияның жайы» атты бас мақаланы Манап Шамиль (С.Сейфуллин) жазған. Онда көп жылдар бойы кеудеге мініп, шеңгелдеп ұстаған патшалықтың жөн-жосығын, заң-тәртібін талқандап, Кеңес өкіметінің бірте-бірте нығайып, жаңа тұрмыс орнатып жатқанын айтты. Аласапыран замандарда астан-кестен болған шаруашылықты жөндеуге кіріскенін, алғашқы жемістерге қол жеткенін көрсетті. «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен» деп, Кеңес өкіметін екі жақтап жөргегінде тұншықтырмақ болған ішкі, сыртқы жаулардың беті қайтқанын хабарлады.

Осы нөмірде 6 қараша күні Мәскеуде Кеңес өкіметінің үш жылдығына арналған салтанатты жиналыс өткенін, оған Орталық Атқару Комитетінің, Халық Комиссарлары Кеңесінің мүшелері, фабрика, зауыт комитеттерінің қызметкерлері қатысқанын, В.И.Ленин бастаған партия қайраткерлерін халықтың қол шапалақтап қарсы алғанын қуана айтқан.

«Жастар дүниесінде» деген бөлімде Қазақстан жастарына басшылық ету жайы, Мәскеуде комсомолдың үшінші съезі өткендігі, онда ұлы көсемнің жастар міндеттері туралы сөйлегені мәлімделген. Кеңестердің бүкілресейлік VIII съезіне Қазақстаннан С.Мендешев, В.А.Радус-Зенькович, С.Сейфуллин, Ө.Жангелдин кетті деген ішкі хабар жарияланған.

Газеттің 25 желтоқсандағы 3-нөмірінің «Кеңес өкіметі хәм оның дұшпандары» деген бас мақаласын да С.Сейфуллин жазған. Мұнда да Кеңес өкіметінің нығайып келе жатқаны, Еуропа қорқауларының оны біртіндеп тани бастауға, қатынас орнатып, алыс-беріс жасауға мәжбүр болып отырғаны айтылады. Бір жерден жемтік тапқан қорқауды өзге

корқаулардың қызғанбай тұра алмайтыны сияқты, Кеңес Одағы жөнінде Еуропа жұртқыштарының өзара алақөз боп, өзара қызғаныш тудырып жатқаны әшкереленеді. Қазақ жұрты соңғы жылдары күйзелген шаруашылығын, шайқалған дәулетін қалпына келтіруге шақырылды.

Осы 3-нөмірде Ә.Жангелдин 1920 жылы қыркүйекте Бакуде өткен Шығыс халықтарының I съезінен алған әсерлерін жариялады. Ояна бастаған Шығыс жұрттарының бүгінгі міндеттерін, болашағы туралы айтылған пікірлерін, өз түсініктерін ортаға салды.

Газет 1921 жылғы 10 наурыздағы нөмірінде бүкіл қазақ еңбекшілеріне *ашық хат* жариялады. Оның негізгі пафосы өнер-білім, мәдениеттен мақұрым қалған жұртты оқуға, сауат ашуға үндеді. «Тіршілікке — тамақ, ауа қандай керек болса, оқу сондай керек. Оқусыз адам болмаймыз, онбаймыз, бұл — даусыз ақиқат» деп келіп, «шабан-шардақ қазақты сүйреп адам қылуға алдымызда талай кедергі, неше қиын асулар жатыр. Ол асулардан өтуге қару-құрал керек. Күшті құралдың бірі — кітап» деп баспасөзді насихаттады.

Мұнан соң саңлауы бар оқығандарды, елмен араласып жүрген оқытушыларды қазақ тілі, әдебиеті, тарихы, Қазақстан географиясы жөнінде кітаптар жазуға материал жинасуға, ғалым, жазушыларға қолқабыс жасап, көмек көрсетуге шақырды. Қажетті сөз, дерек, факт жинаудың әдіс-тәсілін түсіндірді. «Есіткен сөзді айтушының өз аузынан шыққандай, бұлжытпай жазу керек. Естіп алып, өз сөзімен жазғанның бағасы кемірек болады. Өйткені сөз терушінің бәрі жақсы сөйлеуші болуы мүмкін емес және көбі бір ұйқасты, суретті сөздер өз қалыбымен жазылмаса, рухы жоғалып, су татып кетеді», — деді. «Қазақ елдігін сақтап, ел қатарына кіретін заманда, азаматтары іске кіріскен заманда, жұрт оқуға, білімге шөлдеп анталап отырғанда күнделік тамақты ғана ойлап, бос, мағынасыз жүру — сәулелі жігіттерге ұят», — деп қайрады.

«Еңбекшіл қазақ» газеті. «Еңбек туы» газеті 1921 жылғы 7 қарашадан бастап «Еңбекшіл қазақ» газеті деген атпен шықты. Бұл ел үстіне қара тұман төніп, жағасына ашаршылық пен жұт шеңгелін салып тұрған жыл еді. Өрі Қазақстанда еңбекшілер өкіметінің жаңадан ғана орнап жатқан кезі болатын. Ел ішіндегі бұзықтар «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деген жаңа өкімет орнап сорладық деп қазақ кедейлеріне Кеңес өкіметін құбыжық етіп

көрсетуге, одан бездіруге жанын салды. Сондықтан «Еңбекшіл қазақтың» бірінші міндеті — ашаршылықпен күресу, ел мұңына ем табу, тап құралы ретінде әлгі теріс үгітті әшкерелеп, қара бұқара мен үкіметті жақындастыру, түсіністіру болды.

Жағдай, кезең қиындығының үстіне, қаражат тапшылығы, жаза білетін адамдар жоқтығы, баспахана нашарлығы газет шығаруды мүлде ауырлатты. Баспахана суық, әріп аз, терушілер аш, іске мүлде ынтасыз. Сегіз адамның орнына үш-ақ қызметкер бар. Осыған қарамастан шығарушылар: Әбдірахман Байділдин, Темірбек Жүргенов, Ерғали Алдонғаров газеттің бар ауыртпалығын мойындарымен көтеріп, оны елдің көз-құлағы, ел мен үкіметтің арасындағы дәнекер етуге тырысты. Өрқайсысы 2-3 қызметтен атқарды. Мысалы, Ә.Байділдин әрі редактор, әрі хатшы, әрі шаруашылық жағын басқарушы болып істеді.

Алғаш газет аптасына бір рет шығып, тегін таратылып тұрды. Қазақ бейнетқорларының арман-аңсары — жер мәселесі туралы көп жазды. Кеңес өкіметінің міндет-мақсаты, ел игілігі үшін жүргізіп жатқан шаралары жөнінен мол мағлұмат беріп отырды. Бірақ тегін болса да, байланыс мекемелерінің салақтығынан республиканың түкпір-түкпіріне уақтылы жетпеді, ел ішін ен жайлап, орын тебе алмады.

Келесі жылы қарашада «Еңбекшіл қазақ» аптасына екі рет ақылы болып шыға бастады.

«Жұмысшы» газеті. БК(б)П XV съезі мен өлкелік VI партия конференциясының шешімдері бойынша «Жұмысшы» газетінің міндеті социализм құру жолында жұмысшылар мен ауылдағы малайларды ұйымдастыру, олардың еңбегін қорғап, тұрмыстарын түзеу, өзара байланыстарын күшейтіп, міндеттерін түсіндіру, интернационалдық тәрбие беріп, мәдени жұмыстар жүргізу, жалпы саясатпен таныстырып отыру болды. Оның көп тарауына Кәсіпшілер одағы атсалысуға, әрбір мүшесі оны алдырып оқуға міндетті. Бұл істе қазақ еңбекшілері мәдени дәрежесінің қаншалықты өскенін, газет өзі ел қажетін қаншалықты қанағаттандырып отырғанын көрсетуге тиіс делінді.

Осы ұйғарым бойынша, 1928 жылы 1 мамырдан «Өлкелік партия комитеті мен Кәсіпшілер комитетінің тілі», «Жұмысшы» газеті жарық көрді. Ол шала сауатты жұмысшыларға, қазақ кәсіпшілерінің төменгі қызметкерлеріне арналды. Үлкен көлеммен, төрт бет болып «Еңбекші қазақ» газетінің

жанынан шығып тұрды. «Жұмысшы» газетінің шығуы Қазақстанда мәдени құрылыстың күн санап ілгері дамып келе жатқандығының, жұмысшылар мен малайлардың тап сезімінің, саяси санасының өскенінің айғағы болды. Қазақта пролетариат жоқ дегендерге соққы боп тиді.

«Жұмысшы» газеті шығысымен еңбек, мәдениет, салт-сана майданында мыңдаған жұмысшы жалшы малайлардың жоғын жоқтауды, оларды партия жолымен тәрбиелеп, мұнын мұндауды қолға алды және оларға жолбасшы, кеңесші болуға тырысты. Кедейлер еңбегін емген байларды жауапқа тартуға, тап ретінде жоюға шақырды. Жалшылардың жалақысын алуына, одақ болып бірігуіне, партия қатарына өтуіне көп көңіл бөлді. Жергілікті жерде еңбек шарттарының орындалуын кәсіпшілер мен кеңес орындарының бақылауын қадағалады.

Қазақ жұмысшыларының санасын оятып, білімін көтеру мақсатымен газет «Сұрақ-жауаптар» бөлімін ашқанда жұмысшы, жалшылардың білгісі келген нәрселеріне жауап беріп, ұғындыру істерін жүргізіп отырды. Кәсіпшілер одағы деген не, оған мүше болу жайы қалай екенін үнемі түсіндірді. Бірінші бетінде, шетелдердегі жұмысшылар қозғалысын, екінші бетінде, өз еліміздегі жұмысшылардың ісін, тұрмысын көрсетіп отырды. Үшінші беттегі «Хабар-ошар» бөлімінде, Кеңес Одағында болып жатқан жаңалықтарды жеткізді. Ал «Денсаулық жайы» деген бөлімінде түрлі аурулар, одан сақтану, емдеу жолдары жөнінде кеңестер ұйымдастырды. Газеттің үлкен бір бөлімі «Жастар тұрмысынан» деп аталды. Онда жергілікті жастардың еңбегін, тілегін, ниетін білдіріп отырды. Жас жұмысшыларды демалыс сағаттарын бос өткізбей, газет, журналдар оқып, білімдерін көтеруге үндеді.

Орыс, қазақ жұмысшыларының арасында достық қатынас орнату үшін газет белсене күрес жүргізді. Ұлттар достығына зиян келтіретін теріс әрекеттерді әшкерелеп отырды. Өртүрлі ұлт жұмысшылары арасында тату-тәтті достықтың болуын насихаттады. 1928 жылғы 27 тамыздағы нөмірінде жарияланған «Ұлт наразылығы болмасын!» деген мақаласында: «Жергілікті одақ жұмысшылар арасында тәрбие жұмысын күшейтулері керек. Жұмысшыларға білім беріп, саяси санасын оятуға атсалысуы қажет. Жұмысшылар одағындағы ұлттар наразылығын жою тиіс. Мұндай оқиғалардың шығу себептерінің тамырына балта шабу керек»,—

деп жазды. «Жұмысшы» газеті тіл, техника жағынан оқушыларына түсінікті, көрікті болуға, шамадан келгенше ауыр, ұғымсыз атау, терминдерді қолданбауға тырысты. Күнбе-күнгі өмірде кездесетін мәселелерді көтеріп, лайықсыз қылықтарға қарсы батыл күрес ашты. Кәсіпшілер одағының бір пленумында оның бұл еңбегі лайықты бағаланды. «Жеті айлық өмірінде «Жұмысшы» газеті аз жұмыс істеген жоқ. Осы күні газет түр, маңыз жағынан да байырғы газеттерден қалыспай отыр»,— делінді.

Өрі пленум газеттің жергілікті жерлерге таралуы көңілдегідей емес, мазмұны елдегі батырақтарға әлі де жақын, ұғымды бола алмай отыр, жұмысшы тілшілері аз деген сын ескертпелер жасады. Бұл кемшіліктер Кәсіпшілер одағының өз кінәсінен. Оның таралуына Одақ көңілдегідей атсалыспайды, мүшелеріне газет маңызын жете түсіндірмейді, тілшілер ұйымдастырумен айналыспайды деп мойындады («Еңбекші қазақ» газеті, 22. X. 1928). Мұнда Кәсіпшілер одағының өз кемшіліктері де сыналып тұрсын, оған мүше боп жүргендердің тілек-талабы кең жазылсын, жұмысшы тілшілерін газет өз айналасына тарта білсін. Өр жерде тілшілер үйірмесін ашып, оларға нұсқау беріп, жол-жоба көрсетіп отырсын деп міндеттеді.

Бұл газет Қазақстанда жұмысшы табының бар екендігін, орыс пролетариатымен қол ұстасып өсіп келе жатқандығын, олардың басын социализм негізінде құрылған өндіріс орындары қосып отырғандығын дәлелдеді. Ол 1930 жылға дейін жарық көрді. Бұл аралықта бұрын өнеркәсібі болмаған Қазақстанда жаңа өнеркәсіп орындарының көптеп ашылуына, олардағы жұмысшылар санының көбеюіне, мәдени-білім дәрежесінің өсуіне ықпал етті. Республикамызда маман жұмысшы кадрларын даярлауға көмектесті. Сөйтіп, өзіне жүктелген абыройлы да зор сенімді ақтай алды.

Жоғарыда айтылған мысал, деректер қазақ кеңес баспасөзінің тарихында жұмысшы, шаруа газеттерінің өзінің орны бар екендігін, оларды даралап, зерттеп сөз етуге болатындығын көрсетеді.

Ұлы Қазан төңкерісінен кейін коммунистік партия жастарға деген қамқорлықтың үлгісін көрсетті. Оларға Кеңес өкіметінің сипатын, мақсатын, лениндік партия саясатын түсіндіріп, мәдениетін көтеру үшін жастардың газет, журналын шығаруды қолға алды. Жастар баспасөзі оларды жаңа құрылысқа белсенді қатыстыруға, басын қосып, ұйым етіп біріктіруге қызмет етті.

«Өртең» газеті. ҚазАКСР-індегі жастардың тұңғыш «Өртең» газеті 1922 жылы Орынборда жарық көрді. Оның шығарушы жазушылары — А.Байтұрсынұлы, С.Садуақасовтар. Газет өз мақсатын жастарды жаңаша, коммунистік рухта тәрбиелеу, өнер-білімге баулу деп түсіндірді. Осы бағытта бірсыпыра іс жүргізді. Сол кездегі теріс ағым, қате түсінік — жергілікті ұлтшылдыққа, ұлы орысшылдыққа, отаршылдық ұғым-пиғылға қарсы үн көтерді. Ұлт өкілдерінің арасындағы жікшілдік әрекеттерді сынға алды.

Бірақ «Өртең» кей реттерде асыра сілтеп, саяси ұстамсыздық көрсетіп, қателесіп те жүрді. Ілияс Жансүгіровтің «... алашордашылар алғашқы жылдарда Кеңес мекемесінен, мектебінен қызмет алысты. Ол кезде қазақ еңбекшілерінің өз оқығандарының өте аздығы алашордашылардың ел жұмысына еркін араласуына жағдай жасады. Газеттерді солар жазып, кітапты солар шығарып, мектеп сабағын солар берді, солар жастарды баулыды» («Лениншіл жас» газеті, 27, 28. VIII. 33.), — деген пікірі «Өртеңге» де қатысты. Оның да бетіне ұлтшылдықты қоздыратын, екіұшты идеялы материалдардың өтіп кетіп отыруы осыдан. Мысалы, «Шырша» деген атпен бүркенген біреу газеттің 4-нөмірінде былай деп жазды:

«Бақ ерікте екеніне ешкім дауласпас. Ерік ерлік пен бірлікте екендігін түсіндіру үшін тәжірибе алыс емес. Алты млн қазақтың ішінде ат төбеліндей азғантай ғана адай деген ел бар, басқа қазақтарды патша үкіметі бағындырып, аяғына бас ұрғызып, табанына салып тастап, езіп-жаншып құл қылғанда, сол үкімет адайға түк қылған жоқ. Қазақты қан қақсатып қатыр-құтыр шайнаған патша үкіметінің алты қарыс азуы адайға батпаған. Барғанын бауыздап, маңайына жолатпай о дүниеге асыра берген. Көрдім, білдім деген ешкім болмаған. Патша шенеуніктері адайдан алты көш аулақ жүретін болған. Бұл адайдың істеген ерлігі мен бірлігі арқасында».

Газет пен автордың мұндағы ерлік пен бірлікті паш етуі өте орынды. Сөйте отырып, Кеңес өкіметі тұсында да қазақ жастарын адайлық істеуге жымысқылап үндеп отыр, әйтпесе адай елінің патша өкіметіне қарсы көрсеткен әлгі қылығын кеңес тұсында еске салып, мақтан етіп, дәріптеудің қажеті не еді деп те түсінуге болады. Осындай ой-пікірлер салдарынан, қаржы тапшылығынан, кадр жоқтығынан «Өртең» газеті екі айдай ғана өмір сүрді, небәрі 6-ақ нөмірі жарық көрді.

«Жас қазақ» журналы. «Өртең» шығуын тоқтатқан соң, Қазақстан жастарының өзіне арнаулы баспасөз керектігі күн тәртібіне қайта қойылды. Ел тілегін ескеріп, Қазақстанның Аймақтық жастар комитеті 1923 жылы қазаннан «Жас қазақ» журналын шығарды. Оның алғашқы шығарушылары — Е.Алдонғаров, А.Оразбаева, А.Сегізбаевтар. Журнал 1925 жылға дейін өмір сүріп, 13 нөмірі жарық көрді.

«Жас қазақ» бірінші нөмірінде «Оқушыларымызға!» деген хат жазып, өзінің мақсатын былай таныстырды: «Тұнық суға лақтырған тастың суды толқындандырып, үйірілткені сықылды, қамсыз, қаперсіз, ұйымдаспай жатқан жалпы надан, кедей жастарымыздың ортасына барып салмақты адал сөзін айтсын. Жолбасшылық қылып еркіндікке, адамшылыққа жеткізетін түзу жолды көрсетсін деп «Жас қазақ» атты журналды шығарып отырмыз... Бұл журнал — жауыз дұшпандарымызды қайткенде жеңетін амалды дұрыс сілтейтін, адастырмайтын қазақ жастарының қыбыланамасы (компасы)».

Осы мақсатына лайық журнал алғашқы нөмірінен бастап жастардың міндетін түсіндірді. Оларды ұйым болып, тап жастары болып бірігуге үндеді. «Жастардың міндеті!» деген мақаласында: «Заман заңы бойынша болашақ — жастардікі... Жастар бала емес, аға болады» деп олардың болашағына зор сенім білдірді. Жастарды оқуға, өнерге шақырды. «Осы күні жастардың оқымағандығынан көріп жүрген қорлығымыз көп. Надандықты салт қылып бара жатқандар да бар. Жастардың ұйымы мұндаймен бар күшімен күресу керек. Жастардың міндеті көп. Өсіресе ең басты міндет — олар оқу керек», — деп жазды журнал.

Жастарды құр оқындар деп қоймай, журналдың өзі өнер-білім таратты, тынбай үйретті. «Ми қалай құрылған?», «Жер жайынан», «Күн», «Ауа», «Су тасу», «Планеталар», «Материализм», «Ислам діні қайдан шықты?» деген сияқты ғылыми материалдарды үзбей жариялап отырды.

Бұл кезде партия мен үкіметіміз ауылды кеңестендіру, шаруашылықты, мәдениетті социалистік жолмен өркендету шараларын жүргізіп жатты. Жастар бұл істерге де белсене қатысты. Журнал жергілікті жердегі жастар ұяларының бұл саладағы жұмыстарын үнемі хабарлап тұрды. Ауыл жастарына шаруашылық ғылымын үйретіп, социализм негізінде құрылған үкімет құрылымын, кооператив, кеңшар, артель, ұйымдарын ашу жолдарын түсіндірді. «Жас қазақ» өз бетін

жастарға кең ашып, олардан жазушылар, ақындар шығаруды да мақсат етті. Оған Е.Алдонғаров «Тамшы», «Сартай», «Шұбартеңіз баласы», «Қоғылшы», А.Сегізбаев «Жөнеу», С.Дөнентаев «Жетім» деген бүркеншік атпен көп жазды. Бұлар кейін көрнекті журналист-жазушы болып қалыптасты. Журнал оқушыларын өзіне тарту үшін жұмбақтар, ертектер, әңгімелер, сықақтар, оқшау сөздер жариялап отырды. Оның 10-11-нөмірлерінің «Күлкі бөлімінде», «Сақая Рахметтің ісі», «Байдың сыры» деген оқшау сөздер, 12-13-нөмірлерінде «Құран», «Қырық өтірік» атты сықақ әңгімелер орын алды. Журнал халық ауыз әдебиетіне де ден қойды. Асанқайғы, Жиренше шешен әңгімелерін, «Қаракесек Қазбектің қаз дауысты атануы» деген аңыздар жариялады.

Жастар арасында журнал үлкен өсер, ықпалға ие болды.

«Лениншіл жас» газеті. «Жас қазақ» журналы шығып тұрған кезде-ақ Орынбордағы, жергілікті жердегі жастардың арасында комсомолецтердің өз алдына газеті болуы керек деген пікір айтылып жүрді. Аймақтық Жастар комитеті бұл пікірді орынды деп тапты, қолдады. Бірақ қаржының тапшылығы жеке газет шығаруға мүмкіншілік бермеді. «Еңбекшіл қазақ» газетінің төртінші бетін жетісіне бір рет жастар газеті етіп шығаруды ұйғарды. Оны «Лениншіл жас» деп атады. Ондағы мақсат еңбекші жастардың тәрбиешісі, жүрегіне жақын сүйікті В.И.Ленинді мәңгі есте сақтау еді. Комсомолға болсын, жалпы еңбекші жастарға болсын «Лениншіл» деп атақ алғаннан артық дәреже, бақыт жоқ деп қарады.

Сөйтіп, «Лениншіл жас» газеті 1924 жылы 8 ақпаннан шыға бастады. «Қазақстанның Аймақтық Коммунист жастар комитетінің жетілік беті» деп аталды. Бірінші нөмірінде оның редакторы Е.Алдонғаров «Лениншіл жас» деген басмақала жазды. Онда газет шығарудағы мақсатты түсіндірді. «Елдегі надан, батырақ жастарға, оқушы жастарға, жалпы шаруа жастарға интернационал тәрбиесін беру, жергілікті комсомол ұйымдарының жұмыстарын айқын көрсетіп нұсқау беру, шет жастардың қимылы мен олардың істеген жұмыстарын таныстыру, елдегі надан жастарды оқуға шақыру», — деп жазды.

Бұл беттің дербес газеттен айырмашылығы — онда, газеттегідей бөлімдер бола қоймады. Орынның аздығынан үлкен мәселелер жайында өріс кеңітіп, қаламды еркін сілтеп жазуға мүмкіндік берілмеді. Бетте, негізінен, жастардың

өнеге аларлық жақсы ісі, жиренерлік жаман ісі — әдеті, жергілікті ұйымдардың орындап, орындамаған жұмыстары, жастар өмірінің басқа да хабарлары жарияланып тұрды. Беттегі әрбір материал жастарды білімге, бірігіп ұйым болуға шақырды.

Т. Қожакеев, ф. ф. д., профессор
Жыл құстары. Алматы. Қазақстан, 1991.

ДАРА ДАРЫН

Қазақ халқы да тарих сахнасына талай саңлақ ұл-қыздарын шығарған. Оның да жұрт бастаған көсемдері, сөз бастаған шешендері, ақыл-ойға тереңдері, жауға шауып қамал бұзған берендері көп болған. Халық атынан сөйлеген, «елім» деп еңіреген небір ерлерін «бөйгеге» қосқан. Солардың көбі сыннан сүрінбей, «төрт аяғын» тең тастап, большевиктік партия сенімін адал ақтап «мәреге» жеткен. Өз есімдерін халқының тарихына алтын әріптермен жаздырып қалдырған. Осындай мақтан тұтар өмірі мектеп, ісі үлгі, жұлдызы жарық, даңқы асқақ ардагерлеріміздің бірі — Н. Төреқұлов.

Нәзір Қоқан қаласында 1892 жылы дүниеге келген. Алғаш ескі әдісті діни мектебінде оқып, артынша жергілікті орыс мектебіне ауысқан. 1905 жылы оны бітіріп, сауда-саттық училищесіне түскен. Қайда оқыса да байсалды, пайымдағыш, алғыр қабілет танытқан, зеректік көрсеткен. Осындай ол бірінші орыс революциясының лебін сезеді, көшеде қызыл ту көтеріп, шеру өткізіп, ереуілдеп жүрген елді көреді. Оның бостандық туралы сезімі селт етеді. Қоқан социал-демократтарының үйірмесіне қатысу көкірек сәулесін мүлде аша түседі. Бұған әрі шыққан орта, әкесінің орысша, қазақша сауаттылығы, өнер-білімге үйірсек жүруіне себеп болады.

Сегіз жылдық сауда оқу орнын бітірген Нәзір — 1913 жылы Мәскеудегі коммерциялық институттың студенті атанады. «Жайлы жерге жатсаң, жақсы түс көресің» демекші, Мәскеудей мәдениет ошағы, оның талантының бұлақ көзін ашады. Барлық пәнді үңіле, үлгере оқыған ол, әсіресе филология саласында көп ізденген, тілді сүйген. Бұған дейін-ақ еркін игерген өзбек, шағатай, араб, парсы тілдерінің үстіне орыс, неміс, француз тілдерін жетік білуге күш салған.

Осылайша көз майын жеп, көп оқудың, жатпай-тұрмай ізденудің нәтижесінде, Нәзір «сегіз қырлы, бір сырлы» азамат болып қалыптасқан.

Н.Төрөқұлов — ең алдымен революционер. Патша самодержавиесінің озбырлығына, бұратана елдерге жасаған қысастығына өштігі оны 1916 жылы Батыс майданына, қара жұмыста жүрген түркістандықтардың ортасына апарған. Ол сондағы «Земсоюз» мекемесіне нұсқаушы болып орналасады да, еріксіз айдалып кеп, қор болып жүрген отандастары арасында саяси-үгіт жұмыстарын жүргізген. Большевиктер партиясының күрес мақсаттарын түсіндіріп, патша өкіметінің саясатын әшкерелейді. Түркістан, Қазақстан еңбекшілерінің ұлт-азаттық қозғалысына дем беру, көмектесу ниетімен Минскіде «Еркін дала» атты құпия қоғам құрған.

Қоғам жұмысы енді қыза бергенде Ақпан революциясы жеңіп, патша үкіметі құлайды. Нәзір елге қайта тартады. Жол-жөнекей Орынборға соғып, революциялық жұмыстарын жалғастырады. Ел арасында орыс пролетариатының ерлік күресін жыр ғып әңгімелейді. Жұмысшы, солдат депутаттарының кеңестерін құруға қатысады. Уақытша үкіметтің екіжүзді, халық мүддесіне жат саясатын, орыс буржуазиясының империалистік ниетін әшкерелейді. В.И.Лениннің Апрель тезистеріндегі буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру идеясын насихаттайды. Қазақ елі ішінде де жергілікті «Земство» құру мақсатымен Торғай жағына барады, сайлау өткізеді. Осы тұста ол солшыл эсерлер қатарында болып, қателікке де ұрынады.

Нәзір Ұлы Қазан төңкерісін сол Торғай даласында қарсы алды. Ә.Жангелдин тобы қатарында еңбекшілерді төңкеріс жеңісін қорғауға, Кеңес өкіметін нығайтуға жұмылдырады. Ауылдық кеңестер сайлауын өткізуге басшылық жасап, қазақ, орыс және басқа ұлттар арасында достықты нығайтуға күш салады.

1918 жылғы 21 наурыз — 3 сәуір аралығында Торғай облыстық кеңестерінің бірінші съезі өткізілді. Нәзір мандат комиссиясына еніп, съезд барысын бұра тартқысы келген оңшыл эсерлерге, бетін бүркеген алашордашыларға соққы беруге, делегаттарды большевиктер төңірегіне топтастыруға атсалысты. Қызыл Армияны жасақтау, жер-су, азық-түлік мәселелері, Кеңес өкіметінің жергілікті органдары жөнінде съездің дұрыс шешім қабылдауына үлкен үлес қосты.

1918 жылы көкектің аяғында Нәзір туған еліне оралады. Қызыл жасақшылар сапына тұрып, буржуазияшыл-ұлт-

шыл «Қоқан автономиясын» жақтаушыларға, басмашыларға қарсы күреске араласады. Артынша қалалық ревкомға хатшы болып, коммунист партиясы қатарына алынады. Келесі жылы Ферғана облыстық ревкомына енгізіліп, революция жауларын жойысады.

Н.Төреқұлов — қоғам қайраткері. Ферғанада жүріп, ол Түркістан Орталық Атқару Комитетіне мүше етілді. Уезд, қыстақтарды аралап, үлкен түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Кеңестердің 1919 жылы кыркүйекте өткен VIII съезінде Түркістан Республикасы Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болып сайланды. Осы істе мемлекет қайраткері ретінде танылды, партия бағытын табанды жүргізді. Саяси, әскери, экономикалық, ұйымдастырушылық үлкен шараларды іске асырды.

1920 жылы күзде Түркістан коммунистік партиясының V, келесі жылғы VI съездерінде Нәзір оның Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Бұл жауапты жұмыста ауыл-қыстақтарда кеңесті нығайтуға, жер-су реформасын жүргізуге, еңбекшілерді біріктіріп, жаңа өмір жасау үшін күреске оятуға күш салды. Басмашылар қозғалысының бар сырын ашты. «Ол мұсылман байларының таптық артықшылығын: жоқтауға, қорғауға бағытталған контрреволюциялық кеңеске қарсы қозғалыс» деп әшкереледі. Ұлы державалық шовинизмге, буржуазияшыл ұлтшылдыққа қарсы аяусыз күрес жүргізді. Партия ұйымдарын идеялық жағынан нығайтуға, шыңдауға білікті басшылық етті. 1921 жылы қаңтарда Әулиеатада өткен кедейлер съезінде мазмұнды баяндама жасап, «Қосшы» одағының міндеттері туралы бағдарламалық тезистер тастады.

Осы тұстағы Нәзірді В.В.Куйбышев: «Түркістанда жергілікті халықтар арасынан шыққан тума таланттар бар. Солардың бірі — Төреқұлов, зиялы, бұрынғы студент, кедей қазақ отбасынан шыққан, марксистік тұрғыда ойлайтын адам» (*Орталық Азиядағы коммунистік ұйымдар тарихы, Ташкент, 1967, 512-б.*) — деп мінездеген.

Орталық Азия республикалары мен Қазақстанда ұлт мәселесін дұрыс шешіп, Қазан жеңісін баянды етуде, Кеңес өкіметін нығайтуда зор рөл атқарған Түріккомиссияға кейінірек жергілікті ұлт өкілдері де мүше етілді. 1921 жылдың басында ұлтшыл-ауытқушылар қасақана «Түріккомиссия өз міндетін орындап болды, енді оны тарату керек» деген

мәселе қойды. Бұған Түркістан компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Н.Төреқұлов, оның мүшелері Г.Т.Оразбаев, С.Қасымқожаев жолдастар Түркістанда партия, кеңес ұйымдарының әлі буыны бекіп, бұғанасы қатпағанын ескертіп, Түріккомиссияны сақтай тұруды өтінді. РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросы Лениннің қатысуымен 1921 жылы 21 наурызда «Түркістан коммунистерінің өтініші бойынша Түріккомиссияны тарату туралы мәселе кейінге қалдырылсын!» деген қарар қабылдады. Оның құрамына Н.Төреқұловтың өзін де енгізді. Нәзірге В.И.Ленин қол қойған, «осыны ұсынушы Төреқұлов жолдас Халық Комиссарлары Кеңесінің осы 29 наурыздағы шешімімен Түріккомиссия мүшесі етіліп бекітілді» деп жазылған куәлік тапсырылды.

Комиссия құрамында Нәзір ұлт саясатының лениндік қағидаларын жүзеге асыру, ұлы державалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдыққа соққы беру, пролетарлық интернационализм туын жоғары ұстау күресіне белсене қатысты.

1922 жылы көктемде С.Орджоникидзе РК(б)П Орталық Комитетіне Түркістан партия ұйымын басқару үшін табанды да тәжірибелі адам керек екенін айта келіп, сондай қайраткерлер ретінде Я.Э.Рудзутак, Ш.З.Элиава және Н.Төреқұловты атаған (*Орталық Азия коммунистік ұйымдарының тарихы, Ташкент, 1967, 564-б.*).

Сол жылы 26 қыркүйекте Ош қаласында баскесер басмашы Муэтдинбек пен оның серіктеріне сот болды. Сонда қоғамдық айыптаушы Нәзір басмашылар қозғалысының бүкіл арам пиғылын, жауыздығын тағы қатал да әділ әшкереледі. Тәгілте, төндіре, әсерлі сөйлеген Нәзір отырған 10 мың адамның алғысына бөленді (*Кеңестік Түркістан үшін. Ташкент, 1963, 135-б.*).

РК(б)П Орталық Комитеті 1922 жылы Н.Төреқұловты Мәскеуге алдырып, КСРО халықтарының Орталық баспасы басқармасының бастығы етті. Бұл істе ол, әсіресе кеңестік Шығыс халықтарының саяси-қоғамдық және мәдени жағынан өсуіне, жазу-сызудан кенже қалған елдерге әліппе, оқулықтар, көмекші құралдар жасау ісіне, автономиялық республикалар мен облыстардағы баспа жұмысын жолға қоюға қамқорлық жасады. Жергілікті ұлттар тілінде көптеген кітаптар шығарды. Садриддин Айнидің «Бұхара революционерлері», Ж.Арыстановтың «Жаңа тұрмыс жолында» кітаптарына өзі алғы сөз жазып, сәт сапар тіледі.

Әрі жастар тәрбиесіне, оларды баулуға көп көңіл бөліп, комсомолдың III съезінде сөйлеген В.И. Лениннің сөзін және «Біздің Ғани» атты жинақты бастырып, ел арасына таратты. Араб әрпін өзгерту комиссиясының 1923 жылы ақпанда Мәскеуде өткен мәжілісінде Нәзір оның Орталық Азия халықтарына бірыңғай әліппе жасау жөніндегі тобына төраға етіліп белгіленді. Бұл тұста ол әрі Мәскеу жоғары оқу орындарында оқытушылық қызмет атқарды.

Н.Төреқұлов — үлкен журналист. Жоғарыда айтылған Торғай кеңестерінің съезіне дайындық кезінде жабылған «Қазақ» газетінің орнына шыққан «Қазақ мұңы» газетінің тұңғыш редакторы — Нәзір. Ол оған бірден жаңа мазмұн, жаңа идея, тың леп берген.

Газеттің бірінші нөмірінде Нәзірдің «Торғай съезі» деген есебі жарияланды. Онда Ақтөбе, Ырғыз, Қостанай, Торғай уездерінен 600-дей делегат келгенін, съезді төтенше халық комиссары Ә.Жангелдиннің ашып, қазақ кедейлері мен орыс мұжықтарын патшаны құлатып, Керенскийді қуып, билікті өз қолдарына алуымен құттықтағанын хабарлады. Қазақтардың бұрынғы көрген қорлығы, енді жаңа өмір үшін күреске дайын екендігі, съезге орыстармен қол ұстасып елге игілікті қызмет істейміз деп келіп отырғанын атап өтті. Орыс мұжығы егінші болса, қазақ кедейі — малшы. Екеуі де жатып ішер емес, табан егі, маңдай терімен күн көреді. Сондықтан олар өзара алақөз болмай, тап жігі негізінде бірлесіп, «қазан түбінде қалған шеміршекті» жоқтаспай, түсінісіп еңбек етуге тиіс. Ұлтшылдықты қою, партиягершілікті жою, тар жол, тайғақ кешуде «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», көпті құлатпай өткізу парыз екенін ескертті.

Автор: «Жасасын қазақтың һәм дүниедегі бар халықтардың бейнетқорлары! Орнықсын бірлік һәм туысқандық!» — деп ұран тастады. Осылайша әр материалында интернационалдық тәрбие беру, тап негізінде езілгендерді бірлікке, ынтымаққа, өзара ұғынысқа үндеу — Нәзір шығармашылығының бір ерекшелігі.

1918 жылы Қоқанға келіп, кеңес жұмысына араласысымен Нәзір үгіт-насихат жұмысын жүргізу үшін қалалық партия және Кеңес Атқару Комитеттерінің органы «Халық газетін» ұйымдастырады. Алқа мүшесі бола жүріп, көптеген материалдар жариялайды. Ферғанаға барғанда да үгіт-насихат жұмысының барлық түрлерін іске қосуға тырысады. Үндеу хаттар жазып, плакаттар салып таратады.

Облыстық газетте партия мен Кеңес өкіметінің ұлт саясатын түсіндіріп, материалдар жариялайды. Оның бұл тұстағы қаламгерлік қызметі туралы ғалымдар: «Н.Төреқұлов журналист ретінде тамаша талантты болған, фельетон, заметкалар жазып, басмашылықтың контрреволюциялық мәнін, үгіт-насихатының халыққа қарсы сипатын әшкерелеп отырған» (*Революционерлер, бұқара жетекшілері. Ташкент, 1967, 124-б.*), — деп жазады.

Түркістан республикасының Орталық Атқару Комитетінде істеп жүргенде де Нәзір өзбекше шығатын «Инхилаб» («Революция»), орыс, өзбек тілдеріндегі «Коммунист» журналдарының алқа мүшесі болды. Оларға тікелей өзі жазып қатысып, басшылық етті. Қазақша «Жаңа өріс» (1920ж.), «Ақ жол» (1920 ж.) газеттерін ұйымдастырған да Нәзір. 1922 жылы «Ақ жолға» оның өзі редакторлық етті. Замандасы Ж.Арыстановтың айтуынша, мұнда да «неше алуан саяси, ғылыми мақалалармен қатар, очерктер, памфлеттер, әдеби сын мен фельетондар, әртүрлі маңызды хабарлар оның дарынды қаламынан тынымсыз туып жатады» (*Естен кетпес есімдер. Алматы, 1972, 57-б.*).

Мұнан соң Нәзір 1923 жылы Мәскеуде Ұлттар комиссариаты жанынан шыққан «Темірқазық» журналына редактор болды. Оның бірінші нөміріне жазған алғы сөзінде былай деді: «Қазір заман тағдыры білімде қалды. «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген рас сөз. Қазір жұртты оқыту керек. Ел бастайтын оқығандарды көптеп шығару, дайындау керек. Елдің елдігі, теңдігі өнер-білімге байлаулы». Яғни, журналды шығарғанда елге өнер-білім таратам, ел тілегіне, ел мұңына үн қосам, жұртқа түзу жол сілтеймін, елдің қисығын, теріс-тетігін түзетем деп ниет етті. Бірақ ескіше оқығандар оған журналды таза кеңестік бағытта, коммунистік идеяда шығаруға мүмкіндік бермеді.

Н.Төреқұлов — әдебиетші, сыншы, ақын. Бұл салада С.Сейфуллиннің «Асау тұлпар» жинағына («Темірқазық» журналы, № 1, 1923 ж.), «Тар жол, тайғақ кешу» романына («Еңбекші қазақ» газеті, №296, 1927 ж.) жазған сындары белгілі. Бұл еңбектерінде ол әдебиетті жақсы түсінетінін, әлсіз тұстарды дәл басатынын, ой-пікірін өткір де әсерлі етіп жеткізе алатынын танытқан. Сөкеннің «Асау тұлпарындағы» «біраз өлеңдерінің саяси-идеялық қате, кемшіліктерін көрсеткен, сынаған. Шынын айту керек, өте орынды көрсеткен, әділ сынаған. Оны Нәзірге жазған жауабында Сөкеннің

өзі де мойындаған деген профессор Б.Кенжебаевтың пікірі дұрыс. Тек қана кей тұстарда бас араздықтың, сезімге берілудің салдарынан ағат пікір, артық айыптауларға орын беріп алғаны өкінішті.

Н.Төреқұлов Түркістан, Қазақстан Орталық партия комитеттеріне, үкімет орындарына әлденеше рет мүше болып сайланды. РК(б)П X, XI съездеріне делегат етіліп, ұлт мәселелерін қарауға қатысты.

1937 жылы Нәзірге «Партияның X съезі қарсаңында Қожанов, Жандосов және басқалары троцкист бандит Сафаровпен одақтасып, ұлт мәселесі туралы троцкистік-ұлтшылдық тезис жасап, оны Сталин жолдастың тезистеріне қарсы қойды... Бұл тезиске Досов пен Төреқұлов та қол қойды» («Социалистік Қазақстан» газеті, 27. IX. 1937 ж.) деген кінә тағылды. Бірақ ол Лениндік жолда жанын сала адал еңбек еткен, өмірінің соңына дейін коммунистік партия мүшесі атағын жоғары ұстаған.

ТУМЫСЫНАН БОЛЬШЕВИК

«Батыр да бір оқтық», «ұлтшыл фашист», «халық жауы» деген жалған, саяси айыптармен А.Асылбеков те 1938 жылы атылған. Енді осы жаламен қара таңба басылған азаматтың өмір жолына, революция жеңісіне сіңірген еңбегіне, сол жолдағы көрген қорлық, тартқан азабына, сөйлеген жалынды сөз, жазған пікірлеріне құлақ қойындар.

* * *

Бай аулы Қарағанды өңірі, Нұра бойындағы Тасқудық басында отыр. Күн ыстық. Өуе айналып жерге түскендей. Өрістегі қой соңында шаңырақ мүйіз, тарғыл өгіз мінген 11-12 жасар бала келеді. Үстіндегі өрім-өрім жүн шекпен, тері шалбардан тақымы жылт-жылт етеді. Шілденің ыстық күні шыжылдатып қыздырғанда жалпақ тастың үстіне сүт пісірерлік. Төбеден төнген күн ми қайнатады. Жерге түсейін десе, сорлы бала жалаңаяқ баса алмайды. Көлеңкелер көк желек кездеспейді. Шөлдеген, қарны ашқан. Ішерге сусын, жерге шайнам жоқ.

Жылдар өтті. Өмір итшілеп жылжып жатты. Бірте-бірте ол бұл тұрмысқа наразы болды. Басқа тұрмыс іздеді. Оқысам деді. Ақыры мұғалімдер мектебіне түсті.

Міне, сол бай езгісін көп көрген, теңсіздік тепкісі жас қабырғасын қайыстырған жалшы бала — әлгі «халық жауы» еді.

1913—1916 жылдар. Ақмола губерниясындағы татар-қазақ жастарының арасында белсене жұмыс істеп, отты көзді, ойнап басқан бір жалынды жас жүрді. Ол — сол кездегі мәдени-ағарту үйірмелерін ұйымдастырушылардың бірі. Жастар жетекшісі болып жүрген де әлгі «халық жауы».

1918 жыл, 2 маусым. Қараөткелде лаң шықты. Казак-орыстар депутаттар кеңесі мүшелерін тұтқындады. «Сәкенді, оның серіктерін түгел табыңдар, ұстандар» деген тапсырма алып, қару-жарақ асынған әскерлер қаланы тінтіп кетті. 4-5 атты депутаттар кеңесінің бір мүшесін басқа-көзге тепкілеп, қан-жоса қылып айдап келеді. Соққыдан есін жия алмай қиналған оны біреулер атпен омыраулатып кеп, «тез жүр» деп осып-осып өтеді. Енді біреулері «бас аяғыңды, большевиктің күшігі» деп ат үстінде тұрып желкеден теуіп-теуіп жібереді.

Қараөткел түрмесі. Қараңғы бөлме, қабырғасы сыз, табаны сыз. Қоңырсық иіс. Депутаттар кеңесі мүшелерін осында әкеп, өз киімдерін сыпырып алып, кенеп көйлек-дамбал кигізіп, тоғытып тығып жатыр. Басы күпшектей болып ісіп кеткен әлгі депутаттар кеңесі өкілін де киімін ауыстырып, қол-аяғын кісендеп, желкеден бір түйіп, түрмеге сүнгітіп жіберді.

Темір торлы, тас зынданда қара су мен қара нанды нәр қылып, жеті ай жатқан осы азамат та — жоғарыда айтылған «халық жауы».

1919 жыл, қаңтар. Осы Ақмола совдепшілерін пойызға салып, Сібірге жөнелту үшін 500 шақырым жердегі Қызылжар қаласына жаяу айдап келеді.

Бұлар 18 күн жүріп, қаңтардың 23-інде Қызылжарға ілінді. Тұтқындарды айдаған бойы қала шетіндегі бір лагерьге әкеп қамады. Лагерь дегені — тақтайларды қаластырып шегелей салған 5-6 үй. Төбесі мен қабырғасының кей тақтайлары желге ұшқан. Сол ашық саңлаулардан қар үріп тастаған, ерсілі-қарсылы гулеп соққан суық жел. Жол ұрып өбден қалжыраған тұтқындар лагерьдің тоң қатқан жер еденіне қылжия-қылжия құлады. Сондағы жаяу жүре алмай, Қызылжарға шанада үсіп жеткен де әлгі «халық жауы» Асылбеков еді.

Келесі күн. Тұтқындар Анненковтің азап вагонында. Вагон суық, қараңғы. Түнімен сүйреп қолды болған ерлерді Омбыға әкелді. Омбы стансысында, мұзды тоң, күл, көмір төселген, қабырғасын қырау басқан вагонда бұларды 16 күн ұстады. Есіл ерлердің кейбірі суықтан үсіп, аштықтан азып шейіт бола бастады...

Мұнан кейін «өлім вагонын» Шығысқа қарай сүйрей жөнелді. Айнала түтеген ақ боран. Ұйытқи соғып азынаған жел қарды үйіріп әкеп вагонға тықпалайды. Вагон іші — тозақ. Бірнеше күнде Барнаулды басып, Семейге бет алды. Сусынды кұнара, бір тілім нанды үш күнде бір береді. Тұтқындар бірінен соң бірі о дүниеге өтіп жатыр. Солардың ішінде өлгі «халық жауының» да кұр сұлдері келеді.

Ақыры бұлар Семейге жетті. «Өлім вагонынан» енді кұтылатын шығармыз деп кұанды. Бірақ бұл үміт ақталмады. Сол күні кешке қарай қайта ала жөнелді. Сібірдің бораны жолды көміп тастаған. Пойызды жүргізбейді. Бір тоқтап, бір жүріп ілбіп келеді. Сусын да жоқ, тамақ та жоқ, тұтқындар шетінен өліп жатыр.

Ол өлімге бас байлап, 1920 жылы лагерьден қашып шықты. Колчакқа қарсы күрес жүргізіп жатқан қызыл партизандарға барып қосылды. Тағы да Кеңес өкіметі үшін күресті. С.Сейфуллин лагерьден қашып кеткенде Асылбеков ауырып жатқан. «Өліп қалды ғой» деп жүрген Сәкен оның тірі екенін естіп, 1920 жылы «Ұшқын» газетінде: «Жауыздардан аман қалған жоқ» деп жұрт күдер үзіп қойған бауырым Ғабдолла (кейде Абдолла болып жазылады — Т. Қ.), тірі екенсің, кұшақтап сүйдім, бауырым», — деп кұанады.

«Ұлтшыл фашист», «халық жауы» деген сол А.Асылбеков 1921 жылы 21 наурызда Омбыдағы Сіббюроның қарамағына кірді. Сіббюро оны Ақмола губерниясындағы басмашылар көтерілісін басуға өкіл етіп жіберді. Қызыл Армияның Петропавл, Ақмола, Көкшетау уездеріндегі контрреволюциялық көтерілісті басу жөніндегі штаб бастығының орынбасары болып істеді. Губком, губревком мүшесі болып сайланды.

Т. Қожакеев, ф. ғ. д., профессор

Жыл кұстары. Алматы. Қазақстан, 1991.

**IV—V тараулар. ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ
ЭТНОГРАФИЯСЫ.
КЕҢЕС ДӘУІРІНІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ
ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ**

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛЫ

Қазақстан республикасының қазіргі кезеңдегі демографиялық ахуалындағы басты ерекшелік — тұрғындар санының күрт кемуі.

Соңғы халық санағының мәліметтеріне қарағанда, елдегі тұрғындар саны 1 млн 246 мың адамға, 7,7%-ға азайған. 1989 жылы қазақстандықтардың саны 16 млн 199 мың адам болса, қазір 14 млн 953 мың адамды құрайды. 2724,9 мың шаршы км жерді алып жатқан Қазақстанның әрбір шаршы шақырымына 5,5 адамнан келеді. Бұл Қазақстанның әлемдегі халық аз қоныстанған елдер қатарында екендігін аңғартады. Тұрғындар санының күрт кемуі Қарағанды (335 210 адамға немесе 19,1%), Шығыс Қазақстан (236 201 адамға немесе 13,4%), Ақмола (228 135 адамға немесе 21,5%), Қостанай (206 115 адамға немесе 16,7%), Солтүстік Қазақстан (186 085 адамға немесе 20,4%), Павлодар облыстарында (135 330 адамға немесе 14,5%) анық байқалуда. Қазақстандықтар санының кемуі өлке тұрғындарының демографиялық құрылымындағы ерекшеліктерге байланысты. Дәлірек айтқанда, орыс тілді тұрғындардың атамекеніне көшуінен және табиғи өсімнің төмен деңгейде болуынан туындауда.

Ресми статистикалық мәліметтер бойынша, Қазақстан тұрғындарының 56%-ы қалаларда, 44%-ы ауылды жерлерде тұрады. Тұрғындардың кенттену деңгейіне қарай Қарағанды (қала халқының үлес салмағы 82,2%), Маңғыстау (78,4%), Павлодар (63,4%), Қызылорда (60,5%), Шығыс Қазақстан

(58,8%) Атырау (58,2%) Ақтөбе (56,2%), Қостанай (54,2%) облыстары ерекшеленеді.

Қазақстан тұрғындарының этникалық құрамында қазақтар мен орыстардың үлес салмағы басым. Қазақтардың үлес салмағы жыл өткен сайын өсіп келе жатса, орыстардың саны 70-жылдардың соңынан бері қарай кемуде. Қазақтар 1989 жылдан 1999 жылға дейінгі аралықта 1 488 181 адамға көбейіп, қазір 7 млн 985 мың 39 адамға жетіп отыр, яғни тұрғындардың 53,4%-ын құрайды. Бұл көрсеткіш 1989 жылы 40,1% болатын. Сонымен 1930 жылдардан соң қазақтар өз Отанында алғаш рет сан жағынан көп ұлтқа айналды. Қазақтар санының көбеюі мен үлес салмағының артуы олардың табиғи өсімінің нәтижесі және елден қазақ емес ұлттардың көшуіне байланысты. Сондай-ақ оған қазақтардың алыс (Қытай, Моңғолия, Иран) және таяу (Ресей, Өзбекстан, Түрікменстан) шетелдерден елге оралуы да әсер етуде. Орыстар 1989 жылдан 1999 жылға дейінгі аралықта 1582399 адамға кеміді. Олардың қазіргі саны 4479620 адамды құрайды. Осылайша орыстардың елдегі үлес салмағы 37,1%-дан 30%-ға түсті. Елдегі кейбір басқа этностардың да саны кемуде. Немістер — 593414 адамға, украиндар — 328637 адамға, татарлар — 71793 адамға, беларусьтар — 66011 адамға, өзірбайжандар — 10656 адамға, көрістер — 1074 адамға азайды. Ал Қазақстандағы өзбек пен ұйғыр халқының саны мен үлес салмағы артуда. Өзбектер 39621 адамға, яғни 2,5%-ға көбейіп, 370663 адамды; ұйғырлар 28839 адамға, яғни 1,4%-ға көбейіп, 210365 адамды құрады.

Республика тұрғындарының жастық құрылымында туудың төмендеуіне байланысты ересек адамдардың санының артып, қартаюы белең алуда. 1990 жылы 9 жасқа дейінгі балалар тұрғындардың 22%-ын құраса, 1999 жылы 17,8%-ын құрады. Жалпы, 19 жасқа дейінгі жастардың үлес салмағы 41%-дан 37,8%-ға түсіп кетті. Керісінше 60 жасстан асқандар 1990 жылы 9% болса, 1999 жылы 10,8%-ға көтерілді. Мұндай жағдай көбінесе орыс, украин және беларусь халықтарына тән. 60 жасстан асқандар орыстар арасында 17%, украиндар арасында 24,7%, беларусьтар арасында 23,8%. Қазақтар тұрғындар ішіндегі ең жас халық. Олардың орташа жасы — 25, себебі олардың басым көпшілігі балалар мен жастар.

Халықтың өсіп-өнуіне тұрғындардың жастық, жыныстық құрылымы тікелей әсер етеді. Тұрғындар неғұрлым жас болып, жыныстар арасындағы үйлесімділік қолайлы болса, солғұрлым өніп-өсу қарқынды жүреді. Ал табиғи өсім — Қазақстан үшін тұрғындар саны өсімінің бірден-бір көзі. 80-жылдардың соңынан республикада туу төмендеп, керісінше өлім-жітім көбейе түскен-ді. Соның нәтижесінде табиғи өсім бәсеңдеді. Бұрын табиғи өсім коэффициенті 18,1 промилль болса, 1999 жылы 4,4 промилльге төмендеді. Ауыл тұрғындарының табиғи өсім деңгейі қалалықтарға қарағанда 4,3 есе жоғары. Республикадағы ұлттар арасында табиғи өсім біркелкі емес. Табиғи өсім өзбектер (22,0) мен қазақтар (13,5) арасында жоғары. Ал орыстар (4,9), украиндар мен беларусьтар (8,6) арасында соңғы жылдары туу-дан өлім жоғары болып тұр.

90-жылдары тұрғындар арасында некелесу коэффициенті күрт төмендеді, ол жыл сайын үш еседен астам қысқарды. Қазіргі кезде ауылды жерлерге қарағанда қалаларда некелесу 1,2 есе көп болып тұр. Сондай-ақ ажырасу да біршама азайды. Қазіргі кезде тіркелген 3 некенің біреуі ажырасуда. Ажырасқандардың төрттен бірі (23,8%) бес жылға дейін некеде тұрған.

1988 жылдан бастап республикада туу азая бастады. Қазақстанда бүгінде бір әйелге 2,5 баладан келеді. Ең төменгі көрсеткішке Алматы қаласы (бір әйелге 1,5 баладан) мен Солтүстік, Шығыс өңірлерінің (бір әйелге 1,8 баладан) тұрғындары, ал жоғары көрсеткішке Оңтүстік өңір (бір әйелге 3,4 баладан) тұрғындары ие. Тұрғындарының басым көпшілігін қазақтар құрайтын Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстарында балалар көп туылуда. Көпке дейін қазақтар арасында туылудың азаюы ашық байқала қойған жоқ еді, тек 90-жылдардың ортасынан туу көрсеткіші бәсеңдей түсті. Қазақ әйелдерінің туу коэффициенті қазір 3,1%-ға тең. Бала туудың бәсеңдеуі Оңтүстік Қазақстан өңірлеріне де тән бола бастады. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданында бір әйелге орта есеппен 3,2-ден 3,6-ға дейін баладан келеді. Бұл қазақтардың да біртіндеп көпбалалықтан бас тарта бастағанын аңғартады. Орыс, украин әйелдері қазақ әйелдеріне қарағанда әлдеқайда аз босанады. Олардың бір әйеліне 1,7 баладан келеді.

Қазақтардың орташа өмір сүру жасы орыстарға қарағанда төмен. Ол қазақтардың үлес салмағы басым түсетін ауылды

жерлерде әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлығымен байланысты. Сондай-ақ қазақтар тығыз тұратын жерлердің біразы экологиялық апатты аймаққа жатады. Салыстыра қарау үшін шетелдердегі орташа өмір сүру көрсеткішіне назар аударайық: ол Жапонияда — 76,1, Испанияда — 75,7, Коста-Рикада — 75,6, Андоррада — 75,3, Гонконг пен Израильде — 75,1, Аустралияда — 75, Швецияда — 74,8, Испания мен Грекияда — 74,6, Ұлыбританияда — 73,2 жас.

Қазақстандағы тұрғындар санының азаюының басты себептерінің бірі — көші-қондық теріс сальдо. Көші-қон үдерісінің қарқынды жүруі 90-жылдары бұрынғы Кеңестер Одағы құрамындағы елдердің бәріне де тән болды. Қазақстанда оның алғышарттары Кеңестер Одағы ыдырағанға дейін қалыптасты. Өлкені патшалық Ресейдің ұзақ уақыт отарлауы, кеңестік дәуірде оның зорлау және әкімшілік төсілдерімен жүзеге асырылуы 70-жылдардың соңына қарай тыйылды. Соның салдарынан республикадан қазақ емес тұрғындардың кетуі заңдылық. Сондай-ақ оған елдегі қолайсыз әлеуметтік-экономикалық жағдай да әсер етті. Ұзаққа созылған экономикалық дағдарыс, өндірістің құлдырауы, өнеркәсіп орындарының жабылуы, жұмыссыздықтың өсуі, бағаның көтерілуі тұрғындардың ертеңгі өмірге сенімсіздігін күшейтті. Сондықтан да Қазақстаннан көшушілердің көпшілігі (28,4%) өздерінің бұл қадамдарын әлеуметтік-экономикалық себептермен байланыстырды. Қазақстаннан көшуге субъективті факторлардың да әсер еткенін теріске шығаруға болмайды. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы басқа республикаларда болып жатқан ұлттаралық жанжалдар жайлы объективті емес хабарлардың таратылуы тұрғындар арасында мұндай ахуал Қазақстанда да қалыптасуы мүмкін деген күдік тудыра бастаған-ды.

Көші-қондық теріс сальдо 90-жылдардың басынан бастап барлық облыстарда орын алды. Соның нәтижесінде Қазақстан халқының саны 1993 жылға қарай қысқара бастады, оның орнын табиғи өсім жаба алмады. Көші-қон барысында 1993 жылдан 1999 жылға дейінгі аралықта тұрғындар саны 1637,3 мың адамға қысқарды. 1994 жылы 410,4 мың адам республикадан көшті.

Қазақстаннан көшушілер, негізінен, таяу шетелдерге қоныс аударды. ТМД елдеріне көшушілер саны 1132,6 мың адамға жетті. Олардың басым көпшілігі Ресейге көшті.

1990 жылы көші-қоншылардың 74%-ы, 1999 жылы 89,8%-ы сонда барып орнықты. Ресейден кейін таяу шетелдер арасында қоныс аударушыларды қызықтыратын елдер қатарына Белоруссия, Украина және Өзбекстан кіреді.

ТМД елдерінен тыс жерлерге көшушілердің көпшілігі Германияға ағылуда. 1996 жылы Германияға көшіп барғандардың 94,4%-ы, 1999 жылы 91,3%-ы Қазақстаннан шыққандар болды. Қазақстан тұрғындары Израильге, Грекияға, АҚШ-қа және т. б. елдерге де кетуде. Альп шетелдермен көші-қондық теріс сальдо бүгінге дейін 506,1 мың адамға жетті.

Мәлік-Айдар Асылбеков

ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫМЫЗДЫҢ ДЕРЕКТЕРІ МЕН ДӘЙЕКТЕРІ

Қазақтар қайда тұрады? (Алдын ала есеп бойынша 1991 жыл, шілде — 2003 жыл, ортасы) (12 жыл — бір мүшел ішінде)

I. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗІНДЕ (1991—2003 жылдар арасы)

№	Облыстар	Саны, мың	Мың адаммен	Өсім, пайыз
1	2	3	4	5
1.	Шымкент (ОҚ)	1 млн 85 мың	1,430	31
2.	Қызылорда	540	620	15
3.	Жамбыл	535	700	30
4.	Семей	450	490	9
5.	Алматы	440	525	20
6.	Ақтөбе	430	505	17
7.	Атырау	385	425	11
8.	Талдықорған	380	440	16
9.	Орал (БҚ)	375	420	12
10.	Кереку	290	320	10
11.	Алматы қаласы	285	500	70
12.	Шығыс Қазақстан	265	290	9
13.	Қарағанды	250	280	12
14.	Жезқазған	240	265	10

1	2	3	4	5
15.	Ақмола	205	300	46
16.	Қостанай	200	215	7
17.	Көкшетау	195	205	5
18.	Маңғыстау	170	250	47
19.	Торғай	130	120	-7
20	Солтүстік Қазақстан	120	125	4
Республика бойынша, барлығы		6 млн 970 мың	8 млн 415 мың	21

Соның ішінде ірі аймақтар бойынша (12 жылдағы өсім пайызы)

№	Облыстар	Саны, мың	Мың адаммен	Өсім, пайыз
1.	Оңтүстік Қазақстан	3 млн 265 мың	4,205	29
2.	Солтүстік Қазақстан	2 млн 345 мың	2,610	12
3.	Батыс Қазақстан	1 млн 360 мың	1,600	18

**II. ЕГЕМЕНДІ РЕСПУБЛИКАЛАР БОЙЫНША
(1991—2003 жылдар арасы)**

№	Елдер	Саны, мың	Мың адаммен	Өсімі
1.	Өзбекстан	870	1000	өскен
2.	Ресей	660	730	
3.	Түрікменстан	90	100	
4.	Қырғызстан	40	50	
5.	Украина	15	12	кеміген
6.	Тәжікстан	12	7	
7.	Белоруссия	5	3	
8.	Грузия	3	2	
9.	Әзірбайжан	3	2	
10.	Молдова	3	1	
11.	Литва	2	1	
12.	Латвия	2	1	
13.	Армения	1	0,5	
14.	Эстония	1	0,5	
	Барлығы:	1 млн 707 мың	1,910	12

Соның ішінде кейбір аймақтар бойынша

№	Елдер	Саны, мың	Мың адаммен	Өсім, пайыз
1.	Орталық Азия	1 млн 12 мың	1,157	14
2.	Ресей Федерациясы	660	730	
3.	Батыс республикалары	23	14–	
4.	Кавказ республикалары	7	4,5–	1,4 есе
5.	Балтық республикалары	5	2,5–	1,4 есе
Бұрынғы КСРО бойынша, барлығы (Қазақстанмен бірге)		8 млн 677 мың	10,325	19

**III. СОНЫҢ ІШІНДЕ ҰЛТТЫҚ АВТОНОМИЯЛАРДА
(барлығында кемушілік)**

№	Елдер	Саны, мың	Мың адаммен	Өсім, пайыз
1.	Қарақалпақстан	319	300	
2.	Таулы Алтай	11	10	
3.	Қалмақ елі	6,5	5	
4.	Башқұртстан	3,7	3,2	
5.	Татарстан	2,2	2,0	
6.	Коми елі	2	1,1	
7.	Саха елі	1,9	1,5	
8.	Бурятия	1,4	1,0	
9.	Дағыстан	0,9	0,6	
10.	Чешен-ингуш	0,6	0,3	
11.	Карелия	0,5	0,2	
12.	Қарашай-Малқар	0,2	0,1	
13.	Тува-Хакас елі	0,1	0,0	
Ұлттық автономияларда, барлығы:		350	325,0	-7

Әртүрлі аймақтар бойынша

1	2	3	4	5
1.	Әмударияның төменгі ағысы	370	345	—
2.	Еділ бойы	310	350	+

1	2	3	4	5
3.	Ташкент маңы	300	340	+
4.	Оңтүстік Орал	160	180	—
5.	Сібір өңірі	125	130	+
6.	Тамды аймағы	100	90	—
7.	Мырзашөл өңірі	60	50	—
8.	Еуропалық Ресей	45	40	—
9.	Қиыр Шығыс	10	7	—
10.	Солтүстік Қап тауы	5	3	—

IV. ШЕТЕЛДЕРДЕ (ҰЛТТЫҚ АВТОНОМИЯЛАР МЕН АЛЫС ШЕТЕЛДЕРДЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ КЕМҮІ ТЕК КЕРІ КӨШ-ҚОН ДЕМОГРАФИЯДАН ҒАНА ЕМЕС, ОНДАҒЫ ШАШЫРАНДЫ ДИАСПОРАЛАРДЫҢ БІРТІНДЕП СІҢШ, АССИМИЛЯЦИЯЛАНУЫНДА БОЛДЫ)

№	Елдер	Саны	Мың адаммен	Өсім, пайыз
1.	Қытай	1 млн 296 мың	1,500	16
2.	Моңғолия	157	150	-5
3.	Ауғанстан	45	16	—
4.	Түркия	30	10	—
5.	Иран	15	8	—
6.	АҚШ	10	7	—
7.	Германия	7	6	—
8.	Канада	5	4	—
9.	Франция	4	3	—
10.	Пәкстан	3	2	—
11.	Англия	2	1,5	—
12.	Швеция	1	1	—
13.	Аустралия	0,9	0,8	—
14.	Арабстан	0,8	0,7	—
15.	Аустрия	0,6	0,5	—
16.	Аргентина	0,4	0,3	—
17.	Үндістан	0,3	0,2	—
Шетелдерде барлығы:		1 млн 578 мың	1,700	14

Соның ішінде үлкен аймақтарда

№	Елдер	Саны	Мың адаммен	Өсім, пайыз
1	Шығыс елдерінде	1 млн 453 мың	1,650	13
А	Құлжа-Іле ойпаты	450	540	+
Ә	Шәуешек-Тарбағатай облысы	300	345	+
Б	Сүмбе-Алтай өлкесі	230	260	+
В	Үрімжі-Баркөл беті	225	250	+
Г	Қобды-Баянөлгий аймағы	130	105	+
Д	Ішкі Қытай провинцияларында	40	60	+
Ж	Ішкі Моңғол аймақтарында	15	20	+
2	Мұсылман елдері	95	37	—
3	Батыс елдері	31	223	—
	Жержүзіндегі қазақтың барлық саны	10 млн 255 мың	12,025	17

V. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӨЛЕМДЕГІ ЖИЫНТЫҚ САНЫ — 10 млн-нан АРТТЫ. 1991 ж. — (10.155.000 АДАМ); 12.025 мың (17%) — 2003 ж.

Соның ішінде:			
Қазақстан ұлысының өзінде	6,970	8,415	20
Егеменді республикаларда	1,707	1,910	12
Шетелдерде бұрынғы	1,578	1,700	14

VI. ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫ (1991 ж.)

Қазақ ұлысында		2003 ж.	Қазақтар (57)	Орыстар (27)	Басқалар (16)
	Орта есеппен	(57)	41,5	36,9	21,6
1.	Қызылорда облысы	(95)	81,5	12,6	5,9
2.	Атырау облысы	(90)	75,0	19,0	6,0
3.	Шымкент облысы (ОҚ)	(70)	58,2	14,7	27,1

1	2	3	4	5	6
4.	Орал облысы (БҚ)	(67)	57,5	34,0	8,5
5.	Ақтөбе облысы	(75)	57,1	22,9	20,0
6.	Семей облысы	(65)	54,0	34,5	11,5
7.	Жамбыл облысы	(68)	52,5	24,0	23,0
8.	Талдықорған облысы	(65)	52,1	31,9	16,0
9.	Маңғыстау облысы	(80)	52,0	33,0	15,0
10.	Жезқазған облысы	(60)	48,2	34,0	17,8
11.	Торғай облысы	(62)	48,0	33,9	18,1
12.	Алматы облысы	(61)	43,5	29,8	26,1

1990 жылдары мен 2000—2003 жылдары қазақ халқының орташа жылдық табиғи өсімі Қазақстан бойынша 120—125 мың, бұрынғы Кеңес Одағы көлемінде 140—150 мың, ал әлемдегі барлық жиынтық санымен 165—180 мың адамға өсіп келе жатыр (орташа жылдық өсу қарқыны 2,1—1,5 пайыз). Қазақтардың өз республикасы — Қазақстан ұлысында жыл өткен сайын 0,6—0,7%-ға үлес салмағы үнемі артып отыратын болады. Біздің есептеуіміз бойынша 2002 жылдың ортасында қазақ халқының барша саны, яғни әлемдегі ісі қазақтардың толық саны 13 млн 500 мың адамға жетті. Алда әрбір жеті жылда халық саны бір млн адамға үнемі өсіп отыратын болады.

1988 бен 1999 жылдар арасында Қазақстанда олардың табиғи өсімі 2,7%-дан 1,1%-ға дейін қатты бәсеңдеді.

Соғыстан соңғы 55 жыл ішінде қазақтар саны демографиялық дүмпудің арқасында 1945—2000 жылдары айтарлықтай 4 есе өскен болса, ендігі алда, яғни ХХІ ғасыр бойы оның саны екі есе ғана алады (24-25 млн-ға дейін).

Шетелдердегі қазақ диаспорасы мен ирреденттерінің жартысы Қазақстанға оралатын болса, онда Қазақстанды біртекті унитарлық мемлекет ретінде сақтап тұруға септігін тигізеді.

Қазақ халқының даму динамикасы, әсіресе өткен ХХ ғасырда өте күрделі болды. Келтірілген динамикадан оның санының күрт төмен түсіп, қайта қаулап өскенін көресіз (соғыстан соңғы 60 жылда (1945—2005 жылдары) санымыз

республика көлемінде 4 еседен артық өскен: 2,1—8,7 млн). Ал енді осы кезеңде пайыздық үлес салмағымыз тың игерілген жылдардағыдан (1955—27%) бүгінде екі есеге қайта көтеріліп (2003 жылы — 57%), оның түбінде 77—82%-ға дейін жететіні «Құм сағаттай» айқын көрініп-ақ тұр. Сол сияқты «Жұмбақ тас» ретінде Қазақстанның негізгі екі жұртының (қазақтар мен орыстардың) жастық құрамы этнодемографиялық «сфинкс» ретінде келтірілген. Одан күрделі өзгерістердің алдағы ХХІ ғасырдың бірінші жартысында күшті болатыны көрініп-ақ тұр...

Сонымен қатар егемендік кезеңіндегі миграциялық үрдістер жүрісі ғылым тілімен (болжамымен бірге) айқын суреттелген.

КСРО бұрынғы республикалары — қазіргі ТМД елдеріндегі ұлты қазақ тұрғындардың ең соңғы 1989 жылғы Бүкілодақтық санақтан 2000 жылдың басына дейінгі өтпелі 11 жыл ішінде мемлекеттік статистикада тіркелген табиғи өсімі (туу мен өлім айырмасы) және миграция сальдосы (келім-кетім нәтижелері)

Елдер	Табиғи өсімі	Миграция сальдосы	Жалпы нәтижесі
КСРО мен ТМД — барлығы, Қазақстансыз	332,436 (+21%)	106,888 (-7%)	225,748 (+14%)
1. Өзбекстан	226,592 (+28%)	48,020 (-6%)	178,572 (+22%)
2. Ресей Федерациясы	63,558 (+10%)	19,600 (-3%)	43,958 (+7%)
3. Түрікменстан	27,524 (+33%)	27,895 (-33,5%)	-371 (-0,5%)
4. Қырғызстан	7,266 (+19%)	1,276 (-3%)	5,990 (+16%)
5. Украина	848 (+8%)	1,710 (-17%)	-862 (-9%)
6. Тәжікстан	2,204 (+20%)	6,698 (-60%)	-4,494 (-40%)
7. Молдова	1,674 (+158%)	81 (-7%)	1,593 (+151%)
8. Грузия	284 (+12%)	238 (-10%)	46 (+2%)
9. Белоруссия	162 (+8%)	234 (-11%)	-72 (-3%)
10. Латвия	984 (+94%)	238 (-23%)	746 (+71%)
11. Әзірбайжан	360 (+48%)	225 (-27%)	135 (+21%)
12. Литва	603 (+89%)	442 (-65%)	161 (+24%)

2000 жылдың басында (1 қаңтар) бұрынғы одақтас республикалар, қазіргі егеменді елдердегі қазақтардың мемлекеттік ресми саны

Елдер	Саны, адам
1. Өзбекстан	986,799
2. Ресей Федерациясы	679,823
3. Түрікменстан	87,431
4. Қырғызстан	43,308
5. Украина	9,643
6. Тәжікстан	6,882
7. Молдова	2,701
8. Грузия	2,677
9. Белоруссия	2,194
10. Латвия	1,790
11. Өзiрбайжан	1,720
12. Литва	824
13. Эстония	736
14. Армения	222
Барлығы, ТМД-да	1 млн 826 мың 750
Соның ішінде:	1 млн 124 мың 420
— Орталық Азияда	679 мың 823
— Ресей Федерациясында	14 мың 538
— Батыс мемлекеттерінде	4 мың 601
— Закавказье елдерінде	3 мың 350
Қазақстан Республикасында	8 млн 266 мың 415
Бұрынғы КСРО-да, барлығы	10 млн 093 мың 165

**Әлем қазақтарының саны (2007 жылдың ортасында
жасалған алдын ала деректері)**

№	Елдер	Саны
1.	Қазақстан Республикасында	9 млн 250 мың (66%)
2.	Орталық Азияда	1 млн 960 мың
3.	Қытайда	1 млн 540 мың
4.	Ресейде	1 млн 50 мың
5.	Моңғолияда	140 мың
6.	Түркияда	25 мың
7.	Иранда	10 мың
8.	Украинада	5 мың
9.	Ауғанстанда	3 мың
10.	Басқа шетелдерде	17 мың
	Барлық әлем қазақтары	14 млн (100%)

Ескертулер. ТМД-ның бүгінгі егеменді елдеріндегі бұрынғы кеңестік мемлекеттік статистиканың ағымды есеп-қисабы бойынша.

Қазақстанда 2002 жылдың 1 қаңтарына дейінгі туу-өсу мен келім-кетім және өлім-жітім есебі қосылған (шамамен 200 мың адам).

КСРО-да бұрынғы кеңестік ағымды статистика деректері санақтардың нәтижесінен үнемі жоғары болған, мысалы, республикамыз бойынша ғана 1989—1999 жылдар аралығында шамасы 187 мың адамға көп сан көрсетті (тиісінше 3—2%-ға жоғары).

1999 жылдың басында бұрынғы КСРО-дағы қазақтар саны мынадай болды: $7,985,039 + 1,795,426 = 9,780,465$ адам, яғни 1989—1999 жылдардағы 10 жылдық кезеңде 1,600 мың адамға өсім берді (20%-ке жуық). Қазақстандағы осы кезеңдегі 23,4% өсімнің 3—4%-ы үстеме көші-қоннан болды.

М. Тәтімов, демограф

Заман Қазақстан, 3 қаңтар, 2003 жыл.

VI тарау. ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ МЕН КОМСОМОЛЫНЫҢ ТАРИХЫНАН

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

Бірімжанов Ахмет Қорғанбекұлы (1871 ж. бұрынғы Торғай облысы, Торғай уезі — 5.I.1927 ж. Ленинград) — Алашорда үкіметінің мүшесі, қоғам қайраткері, заңгер. Орынбор гимназиясын (1891 ж.), Қазан университетінің заң факультетін (1899 ж.) алтын медальмен бітірген. 1899 жылдан Орынбор мен Троицк округтік, Ақтөбе, Торғай және Бұзылық уездік соттарында қызмет еткен. Торғай облысынан I және II Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланған. Думада мұсылман фракциясы төрағасының орынбасары болған. Ол шет аймақтар халықтарының мүдделерін қорғады. II Думада қазақ халқының жерге байланысты шешілмей жатқан мәселелері жайлы сөз сөйледі, мұсылман фракциясының аграрлық заң жобасын жасауға қатысты. 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Уақытша үкіметтің Қостанай уездік комиссары болып тағайындалды. Алаштың Орынборда 1917 жылы 21—26 шілдеде өткен I Бүкілқазақ съезінде Бүкілресейлік құрылтайға депутат етіп ұсынылды. 5—23 желтоқсанда өткен II Бүкілқазақ съезінде Алашорда үкіметі — Ұлт Кеңесінің құрамына сайланды. 1918—1926 жылдары Семейде заң кеңесшісі, Орынбор мен Қызылорда қалаларында, яғни Қазақ АКСР-і ішкі істер халкоматы мен заң орындарында қызмет істеді.

Құлманов Бақтыгерей (1857—1919 жж.) — Алаш қайраткерлерінің бірі. 1887 жылы шығыс тілдері мамандығы бойынша императорлық С.-Петербург университетін үздік дипломмен бітірген. 1888 жылы филология ғылымы бойынша диссертация қорғап, ғылым магистрі атанған.

Ресей империясының I және II Мемлекеттік Думаларына қатарынан депутат болып сайланған ірі қоғам қайраткері. 1917 жылдың желтоқсанындағы «Алашорда» үкіметін құрған II Бүкілқазақтық съезд төралқасының төрағасы, Алаштың басшылығына ұсынылған үш қайраткердің бірі.

Алашорда үкіметінің Бөкей Ордасындағы өкілі. 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін Бөкей Ордасының жерінде алғаш Қазақтың Ұлттық Автономиясы құрған уақытша үкіметтің комиссары болды.

Танашев Уәлихан (1880 жыл шамасы, Құрманғазы ауданы — ө.ж.б.) — Алашорда қайраткері. Қазан университетінің заң факультетін 1909 жылы бітірген. Заң ғылымының кандидаты. Ресей қалаларында адвокат болып қызмет атқарған. Алашорда үкіметін құруға байланысты құжаттардың дайындалуына тікелей атсалысты. Алаштың Орынбор қаласында өткен съезіне қатысқан, Бүкілресей құрылтайына өкіл, Ұлт Кеңесіне мүше болып сайланған. Қуғын-сүргінге ұшырап, қайтып келген соң, Қазан қаласында қайтыс болды.

Аманжолов Садық Аюкеұлы (1885 ж. қазіргі Алматы облысы, Шелек ауданы, Қаратұрық ауылы — 5.XII.1941 ж. Ташкент қаласы) — Алаш қозғалысының қайраткері, заңгер. Верный гимназиясын (1902 ж.), Қазан университетінің заң факультетін (1907 ж.) бітірген. 1917 жылға дейін Жетісу облысының заң орындарында қызмет атқарған. Ақпан революциясынан кейін Үржар уезінде құрылған Қазақ комитетінің төрағасы болды. Алаштың Орынборда 21—29 шілдеде өткен I Бүкілқазақ съезінде Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутат, сол жылғы 5—13 желтоқсан күндерінде өткен II Бүкілқазақ съезінде Алашорда үкіметі — Ұлт Кеңесіне Жетісу облысынан мүше болып сайланған. Ол Жетісуда Алаш партиясының жергілікті ұйымдарын құруға белсене араласып, Алашорда милициясын жасақтауға басшылық етті. 1923—1930 жылдары Қазақ АКСР-і Заң халкоматы саласында қызмет атқарады. 1930 жылдары Қазақстаннан кетуге мәжбүр болып, Қырғызстан мен Өзбекстанда жұмыс істеген.

Ғаббасов Халел (1888—1931 жж.) — Алаш қозғалысының қайраткері, оқытушы. Мәскеу университетінің физика-математика факультетін бітірген. Семейде ұсақ қарыз инспекторы, губерниялық революциялық комитетте төраға, Жер бөлімі меңгерушісі, педагогикалық техникумда алгебра пәнінің мұғалімі. Алаштың 1917 жылы 21—26 шілдеде

Орынбор қаласында өткен I Бүкілқазақ съезінде Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутат етіп ұсынылған. Сол жылғы желтоқсанның 5—13 күндері Орынбор қаласында өткен Алаштың II Бүкілқазақ съезіне күн тәртібіндегі өзекті мәселелер (автономия, милиция, Ұлт Кеңесі, т.б.) бойынша баяндама жасап, Алашорда үкіметі — Ұлт Кеңесінің құрамына мүше болып сайланады. 1918 жылы 2 сәуірде Ө.Бөкейханов және Ө.Ермековтермен бірге Халық комиссарлары Кеңесі төрағасы В.Ленин, Ұлт істері Халық комиссары И.Сталинмен Алаш автономиясын тану жөнінде келіссөздер жүргізеді. 1928 жылы қуғынға ұшырап, жер аударылған.

Досмұхамедов Жанша (Жаһанша) (1886—1937жж.) — заңгер, Алашорда қайраткері. 1917 жылғы ақпанға дейін Томск сот округі прокурорының орынбасары. Орал облыстық I қазақ съезінің төрағасы, құрылтай жиналысының мүшесі болып сайланған. Алашорданың шешімімен 1918 жылдың сәуірінде (жана стильмен) Х.Досмұхамедовпен бірге Халық Комиссарлары Кеңесінің және Ұлт істері Халық комиссариатының басшыларымен (В.И.Ленин және И.В.Сталинмен) ұлттық автономия жариялау туралы келіссөз жүргізеді. 1918—1919 жылдары Алашорданың Батыс бөлімшесі — Ойыл уәлаяты үкіметінің басшысы қызметін атқарады. 1920 жылдан Қазақстаннан тыс жерлерде шаруашылық жұмысында болды. 1930 жылы қуғынға ұшырап, Воронежге жер аударылады.

Досмұхамедов Халел (24.IV.1883 ж. Қызылқоға ауданы — 23.IV.1939 ж.) — Алашорда көсемдерінің бірі, дәрігер, ғалым, публицист. Орал реалдық училищесін үздік медальмен (1903 ж.), С.-Петербург Императорлық Әскери академиясын алтын медальмен (1909) бітірген. 1909—1913 жылдары Пермь губерниясында, 1-Түркістан, 2-Орал орыс-қазақ атқыштар батальонында әскери дәрігер, 1913—1917 жылдары Темір уезінде дәрігерлік қызмет атқарды. Ол 1905 жылдан бастап саяси күреспен айналыса бастады. Осы жылдың желтоқсан айында Қазақстанның бес облысының игі жақсылары бас қосқан Оралдағы жиынына қатысып, қазақ халқының тәуелсіздігін ту еткен Алаш қозғалысының жұмысына белсене араласады. 1913 жылы әскери дәрігерлік қызметін тастағаннан кейін біржолата Алаш қозғалысына ден қойып, оның саяси

қызметіне араласа бастайды. 1913 жылы «Қазақ» газеті ұйымдасқанда оның тұрақты авторы ретінде қатысып отырады. 1917 жылдың Ақпан революциясынан кейін Қазақстанның батысында Алаш қозғалысын өрістетіп, 1917 жылы 19—22 сәуірде өткен, 800-ден астам делегат қатысқан Орал облыстық съезінің жұмысына белсене араласып, облыстық комитет мүшелігіне сайланады.

1917 жылы 1—11 мамыр аралығында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат ретінде қатысып, бүкілресейлік саяси күреске тартылады. 1917 жылы 21—26 шілдеде Орынборда өткен бүкілқазақтық съезге төрағалық етіп, онда Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылады. 1917 жылдың 5—13 желтоқсан күндері Орынборда өткен Бүкілқазақ съезіне төрт адамның бірі ретінде съездің төң төрағасы болып сайланып, 15 адамнан тұратын «Алашорда» үкіметінің мүшелігіне өтеді. «Алашорда» тапсырмасы бойынша Жаһанша Досмұхамедовпен бірге 1918 жылы РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы В.И.Ленин және Ұлт істері Халық комиссары И.В.Сталинмен Алашорда және Кеңес өкіметінің арақатынасына байланысты келіссөздер жүргізеді.

Азамат соғысы жылдарында Алаш қозғалысының бір орталыққа бағынған біртұтас қызметін жүргізу қиын болған кезеңде, 1918 жылдың 18—21 мамырында Жымпиты қаласында өткен Орал қазақтары 4-облыстық съезінде Мәскеуде өткен келіссөз барысын баяндап, съезд шешімі бойынша Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметін құрады.

1918 жылдың қыркүйек айында Ойыл уәлаятының орнына Батыс Алашордасы құрылып, оның басшылығына Ж.Досмұхамедов тағайындалды. Осылайша ол Алашорданың өзге қайраткерлерімен бірге Алаш партиясының жұмысына, Алаш автономиясын жариялау ісіне, Алашорда үкіметін құруға белсене атсалысып, оның басшылары қатарында болды. 1920 жылы Алаш қызметіне тыйым салынған соң, бұдан кейінгі саяси қызметтің тиімсіздігін түсінген ол, бүкіл күш-жігерін ғылым-білімге жұмсайды. 1920—1925 жылдары Ташкенттегі Орта Азия университетінің медицина факультетінің ординаторы, Түркістан Автономиялық Республикасы Орталық Атқару Комитеті жанындағы қырғыз-қазақ Білім комиссиясының төрағасы қызметін атқарды.

1926 жылы Қазақ педагогикалық институтының проректоры. 1927 жылы 21 наурызда Қазақ мемлекеттік университетін (кейінгі ҚазПИ, қазіргі ҚазҰПУ) құру жөніндегі комиссияның төрағасы қызметін атқарып, кейін оның проректоры, доценті (1926 ж.), профессоры (1929 ж.) болды. 1930 жылы Алашордаға қатысқаны үшін саяси айып тағылып, Воронеж қаласына жер аударылды. Кейін 1938 жылы 26 шілдеде қайта тұтқынға алынып, 1939 жылы 23 сәуірде атылған. Ол 1958 жылдың өзінде ақталса да, ұзақ жылдар бойы оның есімі аталмай, еңбектері жарияланбай келді.

Ақбаев Жақып (7.XI.1876 ж. қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы — 4.VII.1934 ж., Алматы қаласы) — Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушы, қоғам қайраткері, қазақ халқынан шыққан тұңғыш құқық магистрі. С.-Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген (1903 ж.). 1903—1905 жылдары Омбы сот мекемелерінде қызмет еткен. 1905—1907 жылдары бірінші ресейлік революция оның саяси көзқарасының шыңдалуына үлкен әсер етті. Бұл жылдары ол Омбы, Петропавл, Семей, Павлодар, Баянауыл, Қарқаралы қалаларында демонстрацияларға қатысып, митингілер мен жиналыстарда сөз сөйледі. «Степной край» (Омбы) газетінде отарлау аппаратының озбырлығы мен жүгенсіздік әрекеттерін, самодержавиенің халыққа жат саясатын әшкерелеген мақалалар жазып, еңбекшілерді патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен езгісіне қарсы күреске шақырды.

1906—1918 жылдары (ішінара үзілістермен) Семей округтік сотында қызмет істеді. 1906 жылы императорға тіл тигізгені, патша үкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізген мемлекеттік қылмысы үшін тұтқындалып, 1908 жылы Омбы арқылы Якутияға, ал 1910 жылы патша үкіметіне қарсы күресін тоқтатпағаны үшін Тобыл қаласына жер аударылды. 1917 жылы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясын Якутияда айдауда жүріп қарсы алды. 1917 жылы наурызда саяси қызметі үшін қуғындалып, тұтқынға алынды. 1917 жылы Алашорда үкіметінің мүшесі болып сайланды. 1919 жылы шілдеде Қолчактың әскери далалық соты Ж.Ақбаевты әскери-казак диктатурасын құлатып, Кеңес өкіметін қалпына келтіру үшін халықты көтеріліске шақырды деген айыппен өлім жазасына кесті.

Кеңес өкіметінің қалпына келтірілуімен азаттық алған Ж.Ақбаев 1919—1927 жылдары Семей губревкомының құрамында заң бөлімін басқарып, Семей облыстық сот мекемелерін ұйымдастыру ісіне белсене қатысты. 1927—1928 жылдары Сырдария округтік адвокаттар алқасының мүшесі болды. 1929 жылы жалған айыптармен қуғын-сүргінге ұшырап, Воронежге жер аударылды. 1934 жылы сырқатының мендеуіне байланысты түрмеден босатылып, Алматыға келген соң көп ұзамай қайтыс болады. Оның өмірі мен қызметі, саяси және құқықтық көзқарасы оның саяси серіктері А.Байтұрсынұлы мен Ж.Досмұхамедов, т.б. Алаш ардагерлерімен үндес келеді. Ол қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, соның ішінде отбасы және неке құқығын зерттеп, баспасөз бетінде публицистикалық материалдар жариялайды.

Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы (1870 ж. қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы — 27.IX.1937 ж. Мәскеу) — Алашорда үкіметінің премьер-министрі, аса көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым, публицист, аудармашы. Әуелгі білімді Қарқаралы үш сыныпты мектебі мен Қарқаралы қалалық училищесінде алған (1879—1986 жж.). Омбы техникалық училищесін (1890 ж.), С.-Петербург Императорлық Орман институтын (1894 ж.) бітірген. Студент кезінде отаршылдыққа қарсы «Зар заман» тобының жұмысына белсене қатысып, саяси күреске араласа бастайды. 1894—1908 жылдары Омбы орман мектебінде оқытушы, Омбы қоныс аударушылар басқармасында қызмет істейді. 1896 жылы Императорлық Орыс география қоғамының Батыс Сібір бөлімшесінің мүшелігіне өтеді.

1896—1901 жылдары әуелі Тобыл губерниясы экономикасын зерттеуге арналған экспедицияның, кейін Ф.А.Щербина экспедициясының құрамында болды. Осы кезеңде ол қазақ елінің экономикалық жай-күйін, шаруашылығын, этнографиясын, тұрмыс-салтын, материалдық және рухани мәдениетін зерттейді. 1903 жылы С.П.Швецов басқарған Сібір экспедициясы құрамында болып, қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы қой өсірудің жай-күйіне арналған іргелі еңбегін жазады. 1905 жылдан бастап қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы саяси күрес ісіне белсене араласады.

1905 жылы Ресей конституциялық демократтар (кадет) партиясына мүше болып, осы жылы Қарқаралыда орыс отаршылдығына қарсы өткен қозғалысқа басшылық жасап,

14 500 адам қол қойған арыз-шағымдар (петиция) ұйымдастырды. Осы жылы Орал қаласында Қазақстанның бес облысы зиялылары мен игі жақсылары бас қосқан съезге басшылық жасап, бастапқыда Ресей кадет партиясының филиалы ретінде құрылған Алаш партиясының іргесін қалайды. 1906 жылдың 9 қаңтарында саяси қозғалыс көсемі ретінде тұтқындалып, Павлодар түрмесіне жабылады. Сол жылы Ресейдің І Мемлекеттік Думасына мүше болып сайланар алдында түрмеден босатылып, саяси күресін жалғастырады. Патша үкіметінің І Мемлекеттік Думаны күшпен таратуына қарсы бағытталған «Выборг үндеуін» ұйымдастыруға қатысқаны үшін 1907 жылдың соңында қамауға алынып, түрмеге отырғызылады. 1908 жылы абақтыдан босағаннан кейін Омбыға қайтып оралған Ө.Бөкейхановты патша үкіметі Самараға жер аударады.

1908—1915 жылдары Самарада тұрған кезінде Батыс Қазақстандағы қазақ зиялыларымен бірлесе отырып, Алаш қозғалысының жұмысын жандандыра түседі. 1913 жылы А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлымен бірге бүкілқазақтық, жалпыұлттық баспасөз ұйымы — «Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырады. Саяси партия құру жөніндегі ісінде одақтастар іздеу мақсатымен 1914 жылы социал-революционерлер партиясымен («эсер») жақындасып, 1914—1915 жылдары оның басшысы А.Ф.Керенскиймен үш рет кездеседі. 1914 жылы С.-Петербургте өткен Ресейді мекендейтін 10 мұсылман халықтарының өкілдері қатысқан Мұсылман съезіне қатысып, Ресей мұсылман халықтарының орыс отаршылдығына қарсы ортақ күресі идеясын ұсынады.

Уақытша үкіметтің 1917 жылдың 3 наурызында Торғай облысы бойынша комиссары, ал 7 сәуірде Түркістан комитетінің мүшесі болып тағайындалады. 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін 1917 жылдың 21—26 шілдесінде Орынборда Бүкілқазақ съезін өткізіп, Алаш партиясы атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін тәуелсіз қазақ мемлекеті — Алаш автономиясын құру мақсатымен Орынборда 5—13 желтоқсанда Алаш партиясының ІІ съезін өткізіп, Алаш автономиясын құру туралы шешім қабылдайды. Осы съезде «Алашорда» үкіметі құрылып, Ө.Бөкейханов жасырын дауыспен оның төрағалығына сайланды. Алашорда үкіметі Батыс бөлімшесінің қызметіне рухани басшылық етті.

Ресей Федерациясы құрамында қазақ мемлекеттігін сақтап қалуға тырысқан ол, 1918 жылы наурызда Семейден тікелей телефон арқылы РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы В.Ленинмен, Ұлт істері Халық комиссары И.Сталинмен келіссөз жүргізеді. Азамат соғысының аяқталу қарсаңында Алашорданың қазақ халқы арасындағы беделінен қаймыққан Кеңес өкіметі Қырғыз (қазақ) революциялық комитетінің 1920 жылғы 9 наурыздағы бұйрығымен Алашорда мекемелерін таратып, оның басшыларын қуғын-сүргінге ұшыратты. 1922—1927 жылдары ол Мәскеуде КСРО халықтары Орталық баспасының қазақ секциясында әдеби қызметкер болып істейді. 1927—1937 жылдары Мәскеуде бірыңғай ғылыми, әдеби, аудармашылық қызметпен айналысады. Осы мерзім ішінде бірнеше рет саяси айып тағылып, жауапқа тартылған Ө.Бөкейхановты 1937 жылдың тамызында түрмеге жауып, 27 қыркүйекте ату жазасына кеседі.

Ол экономист-ғалым ретінде орыс тілінде «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры», «Қазақтар», «Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы», «Қарқаралы уезіндегі қазақтардың рулық құрылымы», «Павлодар уезі» және «Адай уезінің қазақтары» атты іргелі ғылыми еңбектер жариялады. Алашорданың органы болған — «Қазақ» (1913—1918жж.), «Сарыарқа» (1918ж.) газеттерін, «Абай» (1918ж.) журналын шығаруды ұйымдастырып, Кеңес өкіметі жылдарында «Темірқазақ», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет», т.б. журналдармен, «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Советская степь», т.б. газеттермен жиі араласып, олардың беттерінде «Қыр баласы», «Ғ.Б.», «Қ.Б.», «Ө.Б.», «Сын степей», «Туземец» деген бүркеншек аттармен көптеген публицистикалық еңбектерін жариялады.

Ө.Бөкейханов қазақ тарихы, әдебиеті мен фольклорын зерттеу ісіне де зор үлес қосты. 1907 жылы Абай қазасына арналған «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты қазанамалық мақала жазып, 1909 жылы Абайдың ұлы Тұрағұл Құнанбаев пен Кәкітай Бсқақов дайындаған қазақтың ұлы ақыны — А.Құнанбаевтың бір томдық шығармалар жинағын басып шығарады. Әр жылдары «Қарақыпшақ Қобыланды», «Батыр Бекет», «Мырза Едіге», «Роман бөйгесі», «Роман деген не?», «Ән, өлең һәм оның құралы», т.б. еңбектерін, қазақтардың шығу тегіне арналған «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» этнографиялық сипаттағы «Қазақтардың ас беруі» зерттеулерін жариялады. «Ер Тарғын» мен «Қозы Көр-

пеш — Баян сұлу» жырларын жинап, бастырды. Орыс жазушылары Л.Толстой, А.Чехов, В.Короленко, Д.Мамин-Сибиряк, француз жазушысы Ги де Мопассанның шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Ол 1989 жылы 16 мамырда толық ақталып, туған халқымен қайта табысты.

Мұхтар Құл-Мұхамед,

Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық
көзқарастарының эволюциясы

Алматы, Атамұра, 1998.

ӨЗІМ ЖӘНЕ ӨЗГЕЛЕР ЖӨНІНДЕ

... Лигачев пен Соломенцев туралы бірдеме деудің өзі батпан жүк көтергеннен ауыр. Егор Кузьмичпен КОКП Орталық Комитетінің партиялық-ұйымдастыру бөліміне меңгеруші болып тағайындалғаннан кейін таныстым. Онымен республикадағы кадр мәселесін, атап айтқанда, Н.Назарбаевты Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағалығына тағайындауды бірлесіп шештік. Ол өз төңірегіне кіл жақсылығы қара басынан аспайтын, кадр мәселесін шешуге келгенде өділдіктен айналып өте беретін адамдарды жинады. Ол — Могильниченко, Мищенко және басқалар. Ал Лигачев Орталық Комитеттің хатшылығына және Саяси Бюроның мүшелігіне сайланғаннан кейін күрт өзгерді. Қазақтың «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас» деген мәтелін еріксіз еске түсіретін. Жеңімен сәлем беретінді шығарды. Оған кірудің өзі ақырет болды, қашан көрсең жау шапқандай қапылып жүретін, қашан барма мұрнынан шаншылып отыратын.

...Лигачев Орталық Комитеттің хатшысы ретінде кадр саясатымен айналысты. Бірді бірге соқты. Сосын идеология мәселесі жүктелді. Бұны да ұшпаққа шығара алмады. Ең ақыры ауыл шаруашылығы өндірісімен шұғылданды. Бірін қудалап, бірін қуартқаннан басқа не тындырғаны өздеріңізге белгілі, қысқасы Лигачев қай саламен айналыссын, сол жерде жұмыс ақсап жатты. Яғни, басы жетпес орынға аяғын салды. Оған мысалды алыстан іздемей-ақ қойыңыз. Лигачев білек сыбанып кіріскен ішімдікке қарсы күрестің немен тынғанын еске алсақ та жетеді. Күллі ел шаш-етектен шығынға батты. Самогон қайнату, нашақорлық сияқты анайы тірліктер жайлап кетті.

Лигачев естелік жазып, онда К. Черненко қайтыс болғаннан кейін Гришин Орталық Комитеттің Бас хатшысы болуға жанталасып, үкіметті қалайда басып алудың қамын жасады деген айып тағады. Шығармасына орынсыз «шытырман сюжет» қосуын түсінбедім. Мен, Саяси Бюроның мүшесі ретінде Гришин партияның бірінші басшысы болғысы келіп, сол үшін төңірегіне «сыбайластарын» жинапты-мыс деген хабарды естіген емеспін.

Лигачев бір ернімен жер тіреп, бір ернімен көк тіреп жүргендей көрінуі көрер көзге ғана. Оның әліптiң артын күтпейтiн сабырсыздығы мен асығыстығынан көп мәселе атүсті шешіліп, арты дауға айналып жататын. Лигачев пен оның қарамағындағылардың жұмыс стилі мен әдісі, меніңше, сын көтермейтін және уақыт талабына сай келмейтін. Қырына алған адамдар туралы түскен «домалақ» арыздарға көктен іздегендері жерден табылғандай жата жармасып, індетте тексеретін. Қалайда «абыройын аяқасты етіп, беделден жұрдай қылатын материалды» жіпке тізіп отыратын. Тырнақ астынан кір іздеп, аш арыстандай ыңыранып отыратын. Егор Кузьмичтің бір иіні ішінде екенін, тіпті мінезінің бір ұрттығын өз басымнан кешпесем, айтпаған да болар едім. Қай шырағына көлеңке болғанымды білмеймін, қараптан қарап жүріп аузын айға білей бастады. Ол қайта құруды бет перде етті. Тәртіп орнатып жатқандай қар борандатты, елдің бөріне көрін төкті. Тура айтқанда, астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырды. Ал шын мәнінде мұның астарында бұлаң құйрық тірлік жатыр еді. Ол бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін қоймаған, қара басының қамы үшін кімді де болса құрбандыққа шала салатын ұждансыздарды қанатының астына алып, қорған болды. Мысалы, Османходжаевты аузы-басы қисаймай: «Ол — нағыз коммунист, Өзбекстан партия ұйымындағы ел таныған басшы. Қайта құрудың бірден-бір қаһарманы», — деп, қол-аяғын жерге тигізбей мақтағанын өз құлағыммен естіген едім. Сөйтіп, шаң жуытпай жүрген «қаһарманы» істі болып, басына бұлт үйірілген тұста Лигачев жалт беріп, басқаша сайрай бастады. Осыдан-ақ оның кім екенін топшылай беріңіз.

М.Соломенцев туралы әңгіме айтыла бастаса, жерге түкірмейтін қазақ кемде-кем. Халық арасында «Жақсыны жақсы деген мақтау емес, жаманды жаман десен, болмайды өсек» деген бар. Мені оқырман дұрыс түсінер деп ойлаймын. Қартайғанда сөз қуалаған жақсы емес және ешкімде алынбай

жүрген кек, тимей жүрген есем жоқ. Бар жайды біле жүрсін деген ой ғана.

Зады, әділетке шөлдеген халықпыз ғой. Кезінде айта алмай, тілімізді тістегеніміз рас. Бірақ Соломенцев жайындағы пікірімде бүкпе болған емес. Оны өзі де біледі. Ол — 1959—1962-жылдары Қарағанды облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, сосын 1964 жылға дейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы. Онан кейін Қазақстаннан қалай ел бетіне қарағысыз боп кеткенін бұған дейінгі тараулардың бірінде айтқанмын. Республикада жоғары дәрежелі қызметте жүріп, жасыратыны жоқ, бетін жел қағып, маңдайынан күн шалса, қане?! Елдің экономикасын, мәдениетін көтеруге, әсіресе ұлттық кадрларды тәрбиелеп өсіруге келгенде ауыз тұщырлық еш нәрсе тындырмай кетті. Өзекті проблемаларды зерттеп, зерделеуді былай қойғанда, бір нәрсеге қолы тиіп кетсе болды, содан секем алып, ұлтшылдықтың сарынын сезгендей үрке қашып жүретін. Ол Горбачевтің арнайы тапсырмасымен Алматыға келгенде, бір бүйіріне балта сақтап жүргенін дәлелдеп берді. Қанды көбік жұтқызған 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын сабасына түсіргелі келдім деп, саптыаяқтың сабынан қарап, ушықтырып, қарабауырлығын көрсетті. Қанын торсыққа байлап келгені сонша, бүкіл бір халыққа ұлтшыл деген айып таққан ҚОЖП Орталық Комитетінің атышулы қаулысының ең басты авторының бірі болды. Ақыры асқақтаған амалшыдан аяндаған адалдық озды. М.Соломенцев қара жер қапты.

Кадрларды басшылық жұмыстарға ұсынарда олардың іскерлік және адамгершілік қасиеттері барынша сараланып, жете зерделене бермеді. Соның біразы Комитеттің бюросында менімен ұзақ уақыт қызметтес болды. Былайша айтқанда, «кемедегінің жаны бір» дегендей жұмыс істедік. Соған қарамастан мен қалай зейнетті демалысқа шықтым, солай олар өткен күндерден іргесін аулақ салып, аттанға ұран қосты. Бұрынғы атаулыны қосыла қаралады. Олар «екі таудың шүйгінін аңсаған киіктің аш қалатынын» білмеді. Бәрінен де халық су алған қайнарға тас лақтырды, одан әрі де талай ұрпақ сусындайтынын түсінбеді. Өз мақсаттарына жету үшін аққа қара жағудан тайынбады, бұған дейін істелгендерді түгелдей жоққа шығаруға тырысып, сыңаржақ бағалауға дейін барды, кем-кетікке келгенде «түймедейді түйедей» етіп көрсетуге ұмтылды. Менің халық алдындағы

азды-көпті қызметімді сынаған кезде, ол адамдар мені өңі түгілі түсінде көрмеген кісідей сыңай байқатты. «Қоғамдық пікір» тудыру үшін өткенді додаға салып, бөрі тиген қойдай қылды, өткеннің арбасы алысқа бармайды деп ұқты, бірақ сол арбаның кешегі иелерінің бірі өздері екендерін естен шығарып алған еді. Ондай адамдар туралы Лев Толстой: «Барлық уақытта сүттен ақ, судан таза болғысы келетін пенделер — ең қорқынышты адамдар. Олар өздерін күнөдан пәк қып көрсету үшін жазықсыз жандарды, әулие-әмбиені, тіпті Құдайдың өзін жазғырудан тайынбайды», — деген екен. Шынтуайтына келгенде, олар обал, сауап дегенді білмейді.

Солардың бірі З.Камалиденов еді. Сөзіне қарауыл қоятынның өзі. Айтқаны ісіне сәйкес келмейді. Қазақ: «Атқа отырса атасын да танымайды», — деп осындайларды айтқан. Олардың алған беттен қайтпас табандылығы, кемшілікке ымырасыздығы көрер көзге ғана. Камалиденов Орталық Комитеттің хатшысы ретінде республикада идеологиялық және тәрбие жұмыстарын жақсартуға қатысты бірде-бір ұсыныс жасамай-ақ кетті. Оның айналып келіп айта беретін бар шаруасы — біреуді орнынан алып, орнына қоюмен шектелетін. Және оның көбісі біздің зиялыларымыздың бетке шығар қаймақтары болатын. Жасыратыны жоқ, мен оның талаптарын қолдаған емеспін. Мен зейнетті демалысқа қалай кеттім, Камалиденов солай өз дегенін түгелге жуық жүзеге асырды. Ол жайында кейін кеңірек тоқталамын.

Камалиденовтың ұртын алып, мұртына жалғап жүргенін жұртшылық бірден білді, ол «денсаулығына байланысты» жұмыстан босатылып, 52 жасында «зейнетті» демалысқа шығарылды.

1986 жылы желтоқсанның 11-і күнгі Саяси Бюроның мәжілісінде зейнетті демалысқа шығуыма байланысты мені қызметтен босату туралы шешім қабылдады. Ал желтоқсанның 16-да Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы болды. Оны өзім ашып, КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Г.Разумовскийге сөз бердім. Ол менің зейнетті демалысқа шығуыма байланысты Саяси Бюроның шешімін оқып беріп, маған тілегін айтып, ыстық ықыласын білдірді. Орталық Комитеттің бірінші хатшылығына Г.Жолбинді сайлады. Пленум жұмысының соңына қарай мен оған қатысушыларға бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып істеген жұмыстары үшін өз алғыс-сезімді жеткізіп, табыс тіледім. Орталық Комитеттің мүшелері құрмет көрсетіп, мені ду қол

шапалақтау үстінде шығарып салды. Разумовский Пионерлер сарайын, В.И.Ленин атындағы сарайды, Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесін аралады. Уақыттың тапшылығына байланысты көрменің бас павильонын көруге ғана мұршасы келді. Сағат бірде Мәскеуге ұшып кетті. Орталық Комитеттің хатшысы кеткен соң, Разумовскийді шығарып салуға аэропортқа келген Орталық Комитеттің бюро мүшелерімен түгел қоштасып, үйге қайттым.

Желтоқсанның 17 күні сағат 11-де маған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы О.С.Мирошхин телефон соқты. Орталық Комитетке келуімді өтінді.

— Жайшылық па? Мен зейнетті демалыстамын ғой? — деп едім, ол:

— Алаңға бір топ жастар жиналды. Олар кеше өткен Орталық Комитеттің Пленумының шешімін дұрыстап түсіндіріп беруді талап етеді. Жиналғандардың алдында сөйлеп, істің мән-жайын түсіндіріп берсеңіз дұрыс болар еді, — деп жауап берді.

— Жақсы, — деп және мынаны сұрадым. — Колбин келісе ме бұған?

Мирошхин телефон тұтқасын Колбинге берді. Ол Орталық Комитетке келіп, жастар алдында сөйлеуімді өтінді. Мен келісімді бердім. Табан астынан жиналып, айтқан жерге бардым. Бірінші хатшының кабинетіне кірсем, Бюро мүшелері түгел жиналып, алаңға жиналғандарға не істеу керектігін ақылдасып отыр екен. Колбин екі адамға: Назарбаев пен Камалиденовке жастар алдында сөйлеуді ұсынды. Маған сіз былай етсеңіз қайтеді деген тапсырма болмады. Колбиннің кабинетінде бақандай екі сағаттай тапжылмастан отырдым. Тіпті менің сөз сөйлеуім туралы әңгіме көтерілген жоқ. Сосын Колбин Мәскеумен байланысып, әлдекімен сөйлесе бастады. Әңгімесіне кедергі болмайық деп, Мирошхиннен басқамыз шығып кеттік. Араға аз-кем уақыт салып, Колбин барлық бюро мүшелерін жинап, оларға қосып мені де шақырды. Кірген бойда ол маған:

— Сіз боссыз, дем ала беріңіз. Біз өзіміз-ақ тиісті шара қолданып, тәртіпке келтіреміз, — деді.

Мен шығар алдында Мирошхиннен:

— Не үшін шақыртты, неге сөйлетпедіңіздер? — деп сұрадым.

Ол былай деп жауап берді:

— Ақылдаса келіп, сізге алаңға шығып сөйлеуіңіздің қажеті бола қоймас деп шештік.

1987 жылы маусым айында Мәскеуде өткен КОКП Орталық Комитетінің пленумында маған алаңға шығып, сөз сөйлеуге рұқсат етпегенін Мирошхин тағы да растады.

Күндізгі сағат бір шамасында Орталық Комитеттен оралдым. Дәл сол кезде Горбачев телефон шалып:

— Жастардың бұлай алаңға шығуын немен түсіндіруге болады? — деп сұрады.

— Қазір Республика басшылары Орталық Комитетке жиналып, кеңесіп жатыр, — дедім. — Олар сізге баяндайтын болар.

— Бұны кімдер ұйымдастыруы мүмкін?

— Маған ұйымдастырушылары белгісіз.

— Жақсы, біз реттеп, шара қолданамыз. Тәртіп орнатамыз.

Горбачевтің соңғы сөзі осы. Ал белгілі ақын Мұхтар Шахановтың комиссиясының деректері бойынша, 1986 жылы 17 желтоқсанда жастарды ұрып-соғу тәулік соңына қарай басталып, ол желтоқсанның 18-і күні де жалғасқан.

Аталмыш қаулы қалай қабылданды? Оны кім дайындағанында емес, тіпті қалай әзірленгенінде емес, өңгіме — қаулыға тайға таңба басқандай ғып жазылған кемшіліктердің орын алғаны рас па, рас болса, себебі неге дегенді неге сұрамайды? Неге айыпталушыны айналып өтеді? Адам құқы жөнінде аузымыз көпіріп айтқанда желдей есіп, ешкімге дес бермейміз. Ал кісі тағдыры таразыға, халық талқысына түскелі жатқанда оны аттап өтіп, ойына не келсе, соны жазады. Басқасын былай қойғанда, адамгершілік жолы неге аяқ асты болады? Мен қара басымды арашалағалы айтып отырғаным жоқ, қалың елдің көшін бастаған азамат ретінде «мынау қалай?» дегенді сұрау жөн емес пе еді? Тіпті мен кінәлі-ақ болайын, бірақ бүкіл халықтың, қазақтың не жазығы бар? Соны түсіне алмай-ақ қойдым. Ары ойлап, бері ойлап, шегіне, шыға алмадым. Басты тауға да, тасқа да соқтық, бірақ уақыт емшіге төрелігін қалдырып, әліптің артын тостым.

Менің Қазақстан Компартиясының да, КОКП-ның да Орталық Комитеттерінің құрамынан шығып қалуыма ең басты себеп — 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы. Осы оқиғаға байланысты КОКП Орталық Комитеті асығыс әрі шикі қаулы қабылдады. Қазақстанда естіген ел күлген-

дей — ешқандай ұлтшылдық болған жоқ және оған еш негіз де жоқ еді. Сондықтан республика жұртшылығы, біз ғана емес, біздің халқымыздың табиғатын түсінген барша ел аталмыш қаулыны қабылдамады. Неге десеніз, Қазақстандағы жағдайды әділетсіз бағалағаны үшін ғана емес, қазақ халқын қорлағаны үшін мойындамағанды. КОКП Орталық Комитетінің бұл қаулысы жұртшылықтың заңды талап етуімен, дәлірек айтқанда, елдің қысымымен 1990 жылы сәуір айында өз күшін жойды. Орталық Комитеттің идеология бөлімінің меңгерушісі басқарған КОКП Орталық Комитетінің комиссиясы атап көрсеткендей: «Қабылданған қаулыда жекелеген тұжырымдар мен саяси бағалар шын мәнінде қате және өткен оқиға қазақ ұлтшылдығы бола алмайды». КОКП Орталық Комитеті өзінің қателігін ресми түрде мойындап, тұтас бір халықтан әділетсіз айыптауын алып тастады. Ел бетіне шіркеу болған қаулы іс жүзінде Орталық және республикалық газеттердің барлығында жарияланған еді, ал оны жоққа шығарған шешім туралы тек «Известия ЦК КПСС» журналында қысқа хабар берумен шектелді.

Желтоқсан оқиғасы өткеннен кейін үш жыл бойына мені және менің жақындарымды қуғындаумен болды. Ол үшін ар-ұяттан безген журналистсымақтар мен ғалымсымақтарды айдап салып, екі кісі бас қосқан жерде жамандап, сөз сөйледі, газет беттерінде құлаш-құлаш «сын» материалдар жариялады. «Қолынан келген қонышынан басадының» керін келтірді. Олар шімірікпестен тілдеуге дейін барды. Мені «таптап» өтіп, күллі республика тарихына қара күйе жақты. Шыңгуайтына келгенде, республикада тамаша істер мен ерлікке толы жеңістер жетерлік еді...

... Колбин, бет-аузы бүлк етпестен, бір жылдың ішінде қазақ тілін үйреніп, баяндаманы жергілікті ұлт тілінде жасайтын боламын деп уәде берді. Кейін «Правда» газетінде өткен дөңгелек столда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумдарында баяндаманы қазақша жасап жүрмін деп бөсіп те жіберді. Бірақ екі жарым жыл ішінде қазақша дұрыстап сәлем бере алмай кеткен кісіге имандай сеніп жүрген аңғалдығымызға не дауа. Қазақ ондайларды «Ұялмас бетке, талмас жақ береді» деп бір ауыз сөзбен сілейте салған. Бұл арада Қазақстанда тұратын басқа халықтарды былай қойғанда, түпкілікті тұрғындарының тілін айтпағанның өзінде, жалпы мәдениетінен, ғылымынан,

өнерінен, экономикасынан мүлде бейхабар жан еді және исі мұрнына бармай-ақ кетті. Соған қарамастан, бірқатар қазақ зиялыларын жөнсіз сынап, кейбіреулерінің соңынан шырақ алып түсті. Өз саласындағы аса ірі мамандардан жоғары баға алған ғалым-антрополог О.Ысмағұлов бірінші хатшының беталды айтылған сынынан көп қуғын-сүргін көрді. Орталық Комитет бюросының көптеген қаулылары кезінде асығыс және дәйексіз, електен өтпеген деректерге негізделіп қабылданғандығын уақыт дәлелдеп берді. Ондағы мақсат — жекелеген коммунистерді, ең бастысы, қазақ зиялыларының таңдаулы өкілдерін әшкерелеу, кемсіту және негізсіз айыптау. Белгілі оқымысты, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Қазақ мемлекеттік университетінің бұрынғы ректоры Ө.Жолдасбеков, сондай-ақ ірі химик-ғалым, күрді халқының өкілі, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Н.Надиров осындай орынсыз кінәлаудың құрбаны болды. Бірақ олар өздерінің білімімен, парасатымен, іскерлігімен, азаматтық абыройына кір шалдырмай, уақыт сынына табандылықпен төтеп берді. Ал осындай ұлттың намысы болғандай азаматтарды жазықсыздан жазықсыз шырылдатып, қуғындауға мұрындық болған кім? Ол — жоғарыда атап өткенімдей, Колбиннің шылауынан шықпай, бас кеңесшісі болған З.Камалиденов. Бір ғажабы, Колбинді Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығынан босатқан кезде кейбір тізе бүгіп, қол қусыруға еті өліп кеткен жағымпаздар «республикада істеген жемісті еңбегі үшін» алғыс жариялауды ұсынудан тайынбағанын қайтерсіз. Өлі де болса «Ата-анадан мал төтті, алтын үйден жан төтті» дейтіндер арамызда бары қандай өкінішті. Елдің намысын қара басының бір күнгі рақатына айырбастап кетуден асқан сатқындық болмас. Сақтансаң, осындайлардан сақтан, болашақ!..

Дінмұхамед Қонаев.

Өтті дәурен осылай. Алматы, Санат.

Қазақ тіліндегі нұсқасын дайындаған

Серік Әбдірайымұлы

VII тарау. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ

БӨЛІСКЕ САЛЫНҒАН ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН ЕЛІ

Тарихта «Шығыс Түркістан», «Кіші Бұхара» немесе «Қашқария-Жоңғария» деп аталатын бұл өлке кейінгі кезде «Синьцзян» немесе «Синьцзян ұйғыр автономиялы ауданы» деп аталады. «Синьцзян» — қытай сөзі. Қазақшаға аударғанда «жаңа жер немесе жаңа қосылған өлке» деген ұғым береді¹.

Өлкенің жер көлемі 1 700 000 шаршы шақырым келеді. Бұл бүкіл Қытай Халық Республикасы аумағының алтыдан бірінен астамы. Өлкенің солтүстік, солтүстік-батыс және батыс жағы Қазақстанмен, солтүстік-шығысы Моңғолиямен, оңтүстік-батысы және оңтүстігі Ауғанстанмен, Үндістанмен шектеседі. Шығысы мен шығыс-оңтүстігі Қытайдың Гансу, Шинхай өлкелерімен, оңтүстік жағы Тибетпен түйіседі.

Шығыс Түркістанның негізгі байырғы халықтары: ұйғырлар, қазақтар, қырғыздар, т.б. 13 ұлт өкілдерінен тұрады. Олардың ішінде мұсылмандар саны 20 млн-ға жуық². Бұл өлкенің, әсіресе Шығыс Түркістан халықтарының тарихы тым әріден басталады (бұл жөнінде қараңдар: «Түркі халықтарының тарихы», Ұйғыр қағандығы)³.

Қытайлықтар 1756—1765 жылдарда Шығыс Түркістанға еніп, 1882 жылға дейін Қытай әскері тарапынан басқарылып тұрды. 1882—1884 жылдары ол Қытайдың батыс облысы — «Хсию», ал 1884 жылы 18 қарашада Қытайдың жаңа уәлаяты — «Шыңжаң» болып жарияланды. Сол кезден бастап Батыс Еуропа ғалымдары «Шығыс Түркістанның» орнына «Синьцзян (Шыңжаң)» атауын қолданып келеді.

¹ Котов К. Новая Синьцзян, Алма-Ата, 1955, С. 11.

² Егемен Қазақстан. 1998. 31 қаңтар.

³ Аманжолов К., Рахметов К. Түркі халықтарының тарихы. Алматы, 1996, 130—134-бб.

Бұған қарамастан, Батыс Еуропа әдебиетінде «Шығыс Түркістан» термині де оқта-текте қолданылады. Орыс әдебиетінде XIX ғасырдан бері «Шығыс Түркістан» термині қолданылатын. Бірақ ол тарих, география және этнография термині ретінде қолданылмаған. Шығыс Түркістандағы түркі зиялылары XX ғасырда «Шығыс Түркістан» терминін қолдануға көңіл бөлген. 1930 жылдардан кейін «Шығыс Түркістан» мұраты биіктей түседі.

«Қытай, Ресей: батыс, солтүстік шекараны өлшеп, айыру тоқтамының» 5-тармағында: «Қазақ халқы бұрын қай жерді қоныстанып келген болса, байырғы мекендерінде отырып, бұрынғы кәсіптерін істеп, бейбіт өмір өткізе береді. Шекара айырылғаннан кейін бұл жерлер қайсы мемлекетке қараса, сол жерді мекендеген адамдар жерімен бірге сол мемлекетке қарайды»¹, — деп белгіледі.

1881 жылы Петербургте «Қытай — Ресей мен Іле шарты» жасалды. Бұл шарт бойынша, Іле және Текес алқабындағы байтақ өңір Қытай мемлекетіне алынды. Қорғастың батысындағы жерлер Ресейге берілді, сонымен бірге Ресейге 9 млн сом төленді. 1882 жылы ақпанда Ресей әскерлерінен Іле ресми түрде қайтарылып алынды.

1881 жылы 14 мамырда Шан Шин Гансудың зундуы Жун Лин Шыңжанды өлке етіп құру мәселесін қайта ұсынды. Сол жылы Зо Зунтаңының орнына Долижы Дубан болып, Шыңжаңның әскерін басқарып тұрған Лиу Жуңтаң да Ежен үкіметіне Шыңжанды өлкеге айналдыру жобасын ұсынды. 1882 жылы 14 қазанда Ежен хан үкіметі жоғарыдағы ұсыныстарды бекітті. 1884 жылы Шыңжаң өлке болып құрылды². Лиу Жуңтаң алғашқы Шунфу болып тағайындалып, Үрімжіде тұратын болды. Бірыңғай әкімшілік басқару жүйесі жүзеге асырыла бастады. Бұдан бұрын Іле, Тарбағатай, Алтай қазақтары Ежен ханның Іледе тұратын генералына бағынып келген. Шыңжаң өлке болып құрылғанда Алтай мен Қобда ерекше аймақ болып орталыққа төте бағынды. Оны Қобдада тұратын өкіл әкім басқарды.

¹ *Нығмет Мыңжан*. Қазақтың қысқаша тарихы. Шыңжаң халық баспасы, 1986. 550-б.

² Информационный бюллетень, № 3 (1). Для служебного управления. Среднеазиатский военный округ. Политическое управление. А., 1971. С. 32—34.

Моңғолиядағы қазақтар. Қазақ халқы Моңғолияның батысына ХІХ ғасырдың 60-жылдары шамасында қоныстана бастады. Ең алдымен, қазақтың абақ керейінің екі руы келді. Моңғол өлкесіне қазақтар дәл қай дәуірде, қай жылдары келгені туралы шетел саяхатшылары мен қарт шежіреші қариялар әртүрлі пікір айтып келді.

Қазақстанның кейбір ғалымдары: С.Мұқанов, Л.Бадавов, М.Мұқановтар Моңғолия қазақтары Алтайдың күнгеі бетінен теріскей бетіне 1864—1868 жылдар шамасында қоныс аударып, көшіп барған дейді¹.

Революцияның алдында қазақ-уранхайлар өлкесіне әлденеше рет келген ғалым Г.Н.Потанин, саяхатшы Г.Е.Грум-Гржимайло мұндағы қазақтар бұл өлкеге қай кезден бастап қоныс аударғанын өз еңбектерінде жазған болатын. Мысалы, 1903 жылы Г.Е.Грум-Гржимайло: «Мұндағы қазақтар өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғында Алтайдың арғы бетінен бергі бетіне өткен»², — деп жазды.

Шығыс Түркістан өлкесі мен Моңғолияның батысына саяхат жасаған орыс ғалымы Г.Н.Потанин болса: «Қара Ертістің аржағын мекендеп жүрген қырғыз (қазақ) биі А.Көбешпен біз екінші рет осы өлкеге барғанымызда Алтайдың арғы бетінен өтіп, Құрымты деген жерді жайлап отырғанда кезігіп әңгімелестік. Олар мұнда біз келуден 6-7 жыл бұрын қоныстанған екен»³, — дейді. Сондай-ақ тарихшы Ә.Мініс: «Қазіргі Баян-Өлгий қазақтары ХІХ ғасырдың екінші жартысында немесе 1868—1869 жылдардан бастап Қобда жерін біржола мекендеп қалған», — деп жазады. 1924 жылы МХР-дың ең алғашқы Ұлы Құрылтай жиналысына қатысқан Т.Дәуітбай өзінің сөйлеген сөзінде: «Мұндағы қазақтар осы өлкеге бұдан 60 жыл бұрын мекендей бастаған болатын»⁴, — дейді.

Қазақтардың дәл қай жылдан орныққанын анықтау үшін көптеген материалдарды салыстыра зерттегенде, олар 1867 жылдан бастап қоныстана бастағаны дәлелденеді. Сондай-ақ Моңғолия қазақтарының Қобда бетіне қоныстануына байланысты сол кездегі Ховдамбысының (айма-

¹ *Ислам Хабышұлы*. Моңғолия қазақтарының тарихы. «Қазақстан коммунисті», 1991, №4. 88-б.

² Сонда.

³ Сонда.

⁴ Сонда.

ғының) мұрағат материалдары, моңғолдың Боғды ханының Моңғолияның батысына қоныстана бастаған қазақтар туралы мағлұматтары мен оның жіберген өкілдерінің анықтаулары бұл деректі толық растай түседі.

Қазақтар Моңғолия жеріне не себептен қоныс аударды? Әрине, ежелден көшпелі мал өсірумен шұғылданған елге өріс пен қоныстың маңызы зор екені белгілі. Оларға, ең алдымен, малының өріс-қонысының тарылуы себеп болуымен бірге, әрі қарай мал өсіріп, жан бағу үшін тыныш өлке қажет болды. Мұнда келген қазақтар қашаннан «киіз туырлықты, ағаш уықты» моңғолдардың әулетімен қоныстас болуы, әдет-ғұрып, салт-санасы етене жақын, экономикалық болмыстары ұқсас болғандықтан, келешек ұрпақтың мал өсіріп, жан сақтауына осы өңірді лайық көрді. Сондай-ақ малды жылдың төрт мезгілінде өз тұяғымен жайып, бағып-қағатын қазақтарға моңғолдардың тұрмыс-тіршілігінің ұқсастықтары да әсер етпей қоймады. Сол кездегі тарихи шиеленістер, Маньчжурия үкіметінің басқыншылық саясаты күн өткен сайын үдей түскен болатын. XIX ғасырдың 60-жылдарында Шығыс Түркістандағы Маньчжурия үстемдігіне қарсы шыққан ұлт-азаттық қоғалысы аса қаталдықпен басып тасталды. Маньчжур үкіметінің осы зорлық-зомбылығында бірталай адамдарды құрбан еткен қазақ рулары бейбіт жатқан иек артпа жердегі Қобда бетіне қоныс аударуды көздеді. Алтайдың қысы қатал, табиғаттың осы қолайсыздығы да мал шаруашылығымен шұғылданған қазақтардың көшіп-қонуына түрткі болды.

К. Аманжолов.

Түркі халықтарының тарихы.
Алматы. Білім, 1999.

ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТШІЛЕРІ

Ұлттық рухани мұрамыздың бір саласы шетелдегі қазақ әдебиеті болып есептеледі. Елімізден сырт жерде тұратын қандастарымыздың мәдени-әдеби өнерінің қалыптасып, өсу жолында елеулі еңбек еткен қаламгерлер баршылық. Бүгінгі сөз сол шеттегі қазақтардың ішінен шыққан әдебиетші-зерттеушілер жайында болмақ.

Шыңжаң қазақтарының әдебиеттану ғылымының алғашқы нұсқасы 1940 жылы таратылған. Осы кезден бастап әдебиеттің әр жанрында қалам тартып, жазушы-әдебиет-

ші ретінде танылған адамның бірі — Нығмет Мыңжани. Оның ең алғашқы «Қыз Жібек жөнінде» деген тырнақалды зерттеу мақаласы 1942 жылы «Шыңжаң газетінде» жарияланады. Автор мақаласында жырды тудырған тарихи дәуір мен сол кездегі әлеуметтік жағдайларға назар аударған. Оның қазақ мектептеріне арналған «Тіл — әдебиет» деп аталатын оқулығы да осы жылы басылып шығады.

Нығмет Мыңжани — тіл мен әдебиет, этнография мен тарих ғылымдары саласында айрықша еңбек еткен оқымысты. 1946 жылы жазған «Қазақ тарихы» мақаласы «Шанхай» журналында қытай тілінде жарияланса, осы еңбегінің негізінде кеңейтіліп жазылған зерттеуі 1949 жылы «Қазақ тарихының дерегі» деген атпен үш тілде (қазақша, ұйғырша, қытайша) жеке кітап болып шыққан. Ал этнографиялық сипаттама ретінде жазған «Қазақтың тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптары» туралы мақаласын 1950 жылы жариялайды. 1940 жылдан 1959 жылға дейінгі аралықты, шартты түрде ғалымның шығармашылық жолының алғашқы кезеңі деп айтуға болады. Бұл аралықта ол үлкенді-кішілі ғылыми зерттеулермен қатар көптеген поэзия және прозалық шығармаларын жазады. Қазақтың ауыз және жазба әдебиетінің кейбір үлгілерін қытай тіліне аударумен де айналысады.

Қытайда «Мәдениет төңкерісі» деген атпен жүргізілген онжылдық ойран ғалымның тиянақты еңбек етуіне аз кесірін тигізген жоқ. Оның он жылдан астам уақыты қараңғы қапаста өтті. Біраз үзілістен кейін қаламын қолына қайта алған ол, ғылыми-зерттеу жұмысына құлшына кіріседі. Сөйтп, оның шығармашылық жолының екінші кезеңі басталады. Ғалым бұл тұста халықтың ауыз әдебиеті, яғни фольклорлық мұраларына көбірек көңіл аударады. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1980 ж.), «Қазақ тіл-әдебиетінің қалыптасу және даму дәуірлері» (1981 ж.), «Қазақ қиссасы «Бақтияр» және оның қырық бұтағы» (1982 ж.), «Қазақ әдебиетінің қисса-дастан жанры» (1982 ж.), «Қазақ халық дастандарының тарихына тән кейбір деректер жайында» (1982 ж.), «Қорқыт ата кітабы және қазақтың Қорқыт жыры жайында» (1984 ж.), «Қазақ ел аузындағы екі жүз дастаны» (1986 ж.), «Қазақтың мифтік аңыздары» (1996 ж.) секілді ғылыми-зерттеулер жазған. Бұл еңбектері әртүрлі басылым беттерінде қазақ, ұйғыр, қытай тілдерінде жарияланады және кейбірі жеке кітап болып шығады.

Нығмет Мыңжанидың сонау қырқыншы жылдан бастап өмірінің соңына дейін көп көңіл бөліп зерттеген мәселесінің бірі — қазақ тарихы. Ұзақ жылдарғы ізденіс нәтижесінде 1987 жылы «Қазақтың қысқаша тарихы» деген көлемді монографиясы жарық көреді. Автор кітаптың алғашқы тарауларында «қазақ» атауының төркіні мен мән-мағынасына назар аударумен бірге, қазақ халқының түпкі тегі болып саналатын ежелгі түркі тайпаларының (сақ, ұлы жүз, үйсін, қаңлы, алан, ғұн, т.б.) тарихына, сондай-ақ қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалар және олардың таңбалары мен ұрандарын, антропологиялық типін қарастырады. Зерттеуші қытай және басқа елдердің ертедегі жылнамаларына, жазба деректеріне сүйене отырып, «қазақ» атауы IX—X ғасырлардан бұрын-ақ төңіректің төрт бұрышына таныс, әлемге әйгілі ат болған деген тұжырым жасайды.

Автор қазақ халқының тарихын бірнеше кезеңге бөле отырып, халықтың құралу және қалыптасу барысын кеңінен зерделейді. Монографияда қазақ хандықтарының қоғамдық құрылымына да талдаулар берілген. Жинақтай айтқанда қазақ халқының арғы тегі болған тайпалар мен ұлыстардың тарихынан тартып, таяу заманға, яғни XIX ғасырға дейінгі халқымыздың тарихы, тұрмыс-кәсібі, қоныс-мекені, ереже-заңы, ел басынан өткен жорық-жортуылдары, мәдениет-өнері, әдет-салты, наным-сенімдері жайында жан-жақты түсініктер беріледі. Сонымен бірге қазақ халқының екіге бөлінуі, Шыңжаңның өлке болып құрылуы мен үш аймақ төңкерісі туралы да нақтылы тұжырымдар айтылған.

Шығармашылық өнерінің соңғы кезеңдерінде Н.Мыңжанидың фольклортану ғылымына қарай көбірек бет бұрғаны байқалады. Өйткені оның сексенінші жылдан өмірінің соңғы кездеріне дейін жазған ғылыми зерттеу еңбектерінің көпшілігі фольклорлық мұражайында болып келеді. Сондықтан осы топтағы еңбектерінің біреріне қысқаша тоқтала кеткен орынды болмақ.

«Мұра» журналының 1982 жылғы 1-санында Мыңжанидың «Қазақ фольклоры және оның қисса-дастан жанры жайында» атты көлемді зерттеу мақаласы жарияланған. Автор бұл еңбегінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің хатқа түсуі өте ерте заманнан басталғанын, яғни біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда Үйсін ұлысын жау шабуына байланысты далада қалған жас баланы көкбөрі емізіп, құстардың

тамақ тасып асырағаны жайында аңыздың жазбаға түскеніне екі мың жылдан астам уақыт болғанын қытайдың «Тарихнама», «Ханнама», «Таңнама» секілді ежелгі тарихи жылнамаларына сүйене отырып айтқан.

Оқымысты ауыз әдебиетінің халықтың тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық өміріне байланысты туатынына және оның жанрлық түрлері мен ерекшелігіне (жазба әдебиеттен айырмасына) талдаулар жасаған. Сондай-ақ фольклортану ғылымының қалыптасуы мен оның зерттейтін объектісі жайында топшылаулар айтады.

Мұнан кейін эпикалық жырлар туралы ой өрбіте отырып: *«Бұлар мазмұнына қарай батырлар жыры, ғашықтық дастаны және қиссалар болып үш салаға жіктеледі»*, — деп жазады. Аталған эпикалық аңыздардың үш түріне қысқаша сипаттама бере келіп, қиссаларға көбірек көңіл аударады. Қаһармандық эпос пен ғашықтық жырлардан оның қандай жанрлық айырмашылығы барлығына ден қояды.

Осы ретте «Бақтияр және оның қырық бұтағының» мазмұнымен таныстырып, қиссаның сюжеттік желісі мен баяндау тәсілі шығыс аңыздары «Мың бір түн» мен «Тотынамаға» меңзес деген түйінге келеді. Батырлар жырының ең бастылары ретінде: «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қырымның қырық батыры», «Бөгенбай батыр», «Қабанбай батыр», «Арқалық батыр» жырларын атауына қарағанда, қаһармандық эпос пен тарихи жырларды эпикалық аңыздардың бір түрі ретінде қарағаны байқалады.

Тұтастай алғанда, автор осы зерттеуінде ауыз әдебиеті және оның спецификациясы, халық өміріндегі алатын орны мен қандай жанрлық түрлерге бөлінеді деген мәселені кеңінен сөз еткен.

Нығмет Мыңжанидың негізгі еңбегінің бірі — Қытай қоғамдық ғылымдар академиясының тапсыруымен жазылған «Қазақтың мифтік аңыздары» (1987ж.) монографиясы. Ғалым бұл еңбегінде мифтік аңыздарды төрт түрге бөліп қарастыра отырып, жанрдың өзіндік ерекшелігін ашады. Сол арқылы қазақ халқының бір замандағы идеологиялық дамуы мен тарихи сұлреу-соқпағын айқындайды. «Қытай ғылымнамасына» кірген бұл зерттеуде бұрын арнайы сөз болмаған аңыздық прозаның бір түрі — миф жөнінде байыпты байламдар айтқан.

Ең алғашқы зерттеу еңбегін фольклорлық мұрадан бастаған Н.Мыңжани ең соңғы зерттеуін де фольклорлық мұра жөнінде жазған еңбегімен аяқтаған. Сондықтан біз оны Шыңжаң қазақтары фольклортану ғылымының туып қалыптасуына, дамуына айтарлықтай үлес қосқан фольклорист ғалым деп айтуымызға толық негіз бар.

Фольклорлық мұра табиғатына арналған еңбектің бірі — Әуелқан Қалиұлының «Қазақ ауыз әдебиеті туралы» (1985 ж.) монографиясы. Бес бөлім, он сегіз тараудан тұратын зерттеудің алғашқы алты тарауында ауыз әдебиеті туралы түсініктен бастап, оның ерекшеліктері, қоғамдық мәні, ауыз және көркем әдебиеттің бір-біріне әсер, ықпалы, ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері мен көне мұраны жинау, реттеу секілді мәселелер қамтылады. Екінші бөлімде, ауыз әдебиетін — ертегі-аңыздар, өлең-жырлар, дастандар, тапқырлық тақпақтар, деп үлкен төрт топқа бөледі де, осы бөлімдегі үш тараудың біріншісінде, қиял-ғажайыптар (мифтер), екіншісінде, аңыздар, үшінші тарауында, ертегілер сөз болған. Автор халық прозасының осы түрлеріне анықтама беріп, өзіндік ерекшеліктері туралы ойлар айтқан. Мифтерді үшке, аңыздарды екіге, ертегілерді төрт түрге бөле отырып, түсініктеме берген.

Монографияның үшінші бөлімі үш тараудан тұрады. Бірінші тарауда, халықтың тұрмыс-салтына байланысты туған өлең-жырлардың ішінен үйлену салты мен адам қазасына байланысты айтылатын жоқтау өлеңдер ғана тілге тиек етіледі де, тұрмыс-салт жырларының басқа түрлері сөз болмаған. Осы бөлімнің екінші тарауында, «Басқа өлең-жырлар» деген атпен тағы да бір шоғыр өлең-жырларға тоқталған. Оларды: саяси жырлар, махаббат жырлары, ат туралы жырлар, балалар жыры, өтірік өлең, білімділік өлең деп алтыға бөледі. Бұл — өлең-жырлардың мазмұнын басшылыққа алу негізінде жасалған саралау. Автордың саяси жырлар деп отырғаны тарихи өлеңдер тобы болса, білімділік өлең деп қарастырғаны, қара өлең екенін байқаймыз. Бұл жерде айта кететін бір жайт, фольклортану ғылымында қазақтың халық өлеңдері, оның ішінде лирикалық өлеңдерді де жанрлық түрлерге саралауда әбден қалыптасқан ұстам тұжырымдардың орныққанын ескерсек, зерттеушінің бұл жіктеулері сөз жоқ, пікірталас тудырады.

Үшінші бөлімнің үшінші тарауы, айтыстың түрлері мен көркемдігіне, төртінші бөлімдегі үш тарау, эпикалық жырларға арналған. Дастандарды мазмұнына қарай үшке жіктейді. Бірақ көне және тарихи эпосты жеке жанрлық түр ретінде қарамаған. Еңбектің соңғы бөлімі «Тапқырлық тақпақтар» деп аталып, онда шешендік сөз, мақал-мәтел мен жұмбақтар туралы ой-топшылаулар айтылады.

Алпысыншы жылдардың екінші жартысынан бастап Моңғолияда тұратын қазақтардың рухани мұрасын үздіксіз зерттеп келе жатқан ғалым — Қабидаш Қалиасқарұлы. Оның алғашқы көлемді ғылыми еңбегі *«Моңғолия қазақтарының ауыз әдебиеті»* (1969 ж.) деп аталады. Автор бұл зерттеуде белгілі бір аймақта, яғни Моңғолияда тұратын қазақтардың ауыз әдебиеті, оның тегі мен түрі, мазмұны мен мәні туралы мәселені зерттеуді нысана еткен. Осы арқылы Моңғолия қазақтарында да дәстүрлі ауыз әдебиетінің барлық үлгілері сақталған деген тұжырымға келеді. Зерттеуші аталған монографиясының хрестоматиясы ретінде халық туындыларының таңдаулы үлгілерін 1970 жылы жеке жинақ етіп шығарады.

Қабидаш Қалиасқарұлы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір кешкен Тауданбек, Төлебай, Мешел, Отарбай, Оңашбай қатарлы халық ақындарының шығармаларын 1972 жылы *«Халық ақындары»* деген атпен жинақ етіп шығарса, 1980 жылы жарық көрген *«Айтыстың қыры мен қызметі»* кітабында айтысқа түсіп, танымал болған бір топ суырыпсалма (Сақаба, Үмітқан, Қабдысыхам, Сезімқан, Зура, Егеуқан, Тоқтамұрат, т.б.) ақындардың айтыстарын құрастырумен бірге көлемді алғы сөз жазып, олардың айтыс өнеріне жан-жақты талдау жасайды, баға береді. Айтыс жанрының ерекшелігіне тоқталып, шеберлікті шындау жөнінде өзінің ой-пікірін білдіреді. Әдеби мұраның заманалық маңызы мен бүгінгі ұрпаққа өнеге жақтарына назар аударады.

Тұрсынбек Көкішев,
халықаралық білім академиясының академигі

Зрфар Сейітжанұлы,
филология ғылымының кандидаты.

//Қазақ тарихы. 1997. №3.

ШЫҢЖАҢДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ

Бұл тақырыпта әңгіме қозғамас бұрын, әсілі, зиялы деген сөз нені білдіреді? Біз қазақ диаспорасы жағдайында зиялы деп кімдерді айтамыз? Алдымен осының басын ашып алайық. Біздіңше, қазақ топырағында «зиялы» деген сөздің мағынасы Еуропалық үлгідегі «интеллигент» деген ұғымға дәл келе бермейді. **Әр елге кіріптар болып, бодандық жағдайда жүргенде, зиялыны жай жоғары білімді маман, оқымысты адам дегеннен гөрі, ұлт азаттығы жолында күрескен, тым болмаса ұлтты сақтап қалу үшін тер төккен, қажет болса, сол жолда басын беруге әзір, алдыңғы қатарлы саналы азамат десек, әлдеқайда дұрыс болатын сияқты.**

Сондықтан біз «Шыңжаңдағы қазақ зиялылары» дегенде, мәселеге осы тұрғыдан келуді жөн көрдік. Бұл, әрине, үстіміздегі ғасырда, Шыңжаңда артына елеулі мұра қалдырған оқымысты, ғұлама кісілер болмады деген сөз емес. Ғасыр басында «Тауарых Хамсаны» жазған Құрманғали Халиди өмірінің соңғы отыз жылын Шәуешекте өткізген. Аталмыш кітабын да осында жазған. Төңкеріске дейін-ақ, Қазанда онға жуық кітабы басылған Ақыт қажы, күні кеше «Қазақтың қысқаша тарихын» жазған Нығмет Мыңжани секілді тұлғалар ол жақта да бой көрсетіп отырды. Бірақ бұлар азаттық үшін алысқан, халықтың саналы тобымен салыстырғанда, теңізге құйған бұлақ тәрізді.

Қазақстанда қайта жаңғыру, ояну дәуірі ХХ ғасыр басындағы Алаш қозғалысымен байланысты десек, Шыңжаңдағы азаттық идеясы да сонымен астасып жатыр. 1918 жылы Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған Алаш азаматтары Шәуешекке барып, сондағы әр ұлттың саналы өкілдерімен жүздесіп қайтқанын білесіздер. Кейін 20—30-жылдарда бастарына екі талай күн туғанда, Алаш қозғалысының Ырайымжан Марсеков, Ыбырайым Жайнақов, Зият Шәкәрімұлы, Тұрсын Мұстафин тәрізді көптеген өкілдері Шыңжаңға барып бас сауғалайды. Бірақ олар Сталинның ұзын құрығынан бәрібір құтылған жоқ. Осы жақтан барған тізім бойынша 1938 жылы өлгі адамдар, түгелге жуық ұсталып, көздері жойылады. Бірақ олардың Шыңжаң қазақтарына тигізген игі әсерін ешкім өшіре алмады. Бұл мәселе — арнайы зерттеудің объектісі. Ал ұзақ

жыл Шәуешекте қазақ мектебінің директоры болып, қазақ зиялыларының тұтас бір ұрпағын тәрбиелеген, әдебиеттен сабақ берген Тұрсын Мұстафин 1952 жылы жұрт алдында атылды. Оған тағылған айып Алаш қозғалысына қатысқаны, Алаш идеясын насихаттағаны болатын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Шыңжаңдағы қандас бауырларымызға бір сәт есік ашылғандай болып еді, қазір ол көш те тоқтап қалды. Екі ел басшылары кездескенде, көші-қон мәселесі жай әңгіме арасында сөз болғанымен, ресми хаттамаға енген жоқ. Қазақты атажұртына қайтаруға, адамға зәрулігі жоқ қытай жағы қарсы болмайтыны белгілі. Солардың тілін тауып, шындап қолқа сала алмай отырған кінә өзімізде. Бәрін айт та, бірін айт, қазіргі шетте жүрген қазақ ұлыстары үшін бір ғана сенімді жол қалды. Ол — атажұртқа келіп бас біріктіру...

Қабдеш Жұмаділов,
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты
//Қазақ тарихы. 1997. №3.

VIII тарау. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ (1991—2011 жж.)

АТА ЗАҢЫМЫЗДЫҢ АЛТЫ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бүкіл қазақстандықтардың мүддесін барынша ескертіндей үлгіде шыққан осы Ата Заңымыз Қазақстан Республикасының азаматтарының тікелей ерік білдіруінің арқасында, бүкілхалықтық дауыс беруі арқылы 1995 жылы тамыздың 30-ындағы референдумда қайта қабылданды. Оған қатысқан халықтың 90%-ына жуығы жаңа Заңды қуаттап шықты.

Осы жаңа Конституция Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін бекіткен басты құжат болып саналады. **Бұл оның — ең әуелгі ерекшелігі.** Әрі оны тікелей бейбітшіл бұқараның өзі қабылдап отыр. КСРО Конституциясының таза көшірмесі емес. Оның бүкіл құрылымы мемлекетіміздің даму ерекшелігін бойына сіңіре отырып, тұтастай қайта жасалған.

Тәуелсіз еліміздің жаңа Конституциясының осы ерекшелігі Ата Заңымыздың көптеген баптарында айқын байқалады. Мысалы, **«...Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді».** (2-бап, 2-тармақ, ҚР Конституциясы.)

Сонымен қатар **«Республикада басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді».** (5-бап, 4-тармақ.)

Осы басты ерекшелік тәуелсіз республикамыздың азаматтық мәселесінен көрінеді. Бұрынғыдай «... Одақтас республиканың әрбір азаматы СССР азаматы болып

табылады» (33-бап, КСРО Конституциясы) деген ұғым түбірімен өзгертіліп: «Қазақстан Республикасының азаматы» деген толық мәнге ие болған.

Екінші бір ерекшелігі, мемлекеттік тіл — қазақ тілінің мәртебесі жаңа Конституцияда жаңа мәнге ие болды. Қазақ КСР-і тұсындағы Конституцияда: «Мемлекеттік тіл — қазақ тілі» деп жазылғанымен, ол дәл бүгінгідей мазмұнға ие болып көрген жоқ.

Сессиялар, жиналыстар тек қана орыс тілінде жүргізілді. Іс қағаздары тұтастай орыс тіліне көшірілді. Қазақ мектептері жабылып, орысша оқыту кең етек алды. Демек, республикалардың Конституциясы қауқарсыз көшірме ғана еді. Әсіресе тіл мен ұлттық мәселелерге келгенде сөз бен іс біріне-бірі кереғар түсіп жататын. Ата Заңымызда мемлекеттік тілге жауапты орындар нақты көрсетілген. Бұл туралы 93-бап былай дейді: «Конституцияның 7-бабын (Мемлекеттік тіл туралы — *ред.*) жүзеге асыру мақсатында үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сөйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті».

Демек, біздің талабымыз — мемлекеттік тілге мән бермеген басшылар лауазымды орындарда отырмауға тиіс. Осы ретте Конституциямыздың мәнін толық түсіне бермейтін немесе заң қағидаларын қасақана бұзушылар арамызда көптеп кездеседі. Оған дәлелді көшелердегі жарнама тақтайшалардан көруге болады.

Тағы бір маңызды ерекшеліктің бірі — меншікке қатысты. Ескі Заңда: «СССР-дің экономикалық жүйесінің негізін... Социалистік меншік құрайды», «Мемлекет Социалистік меншікті қорғайды...» (10-бап, КСРО Конституциясы) дей келе, «СССР азаматы Социалистік меншікті сақтап, нығайтуға міндетті» (61-бап, КСРО Конституциясы), деп нақтылайды.

Ал жаңа заңымызда мұндай қағида түп-тамырымен өзгертілген. «Қазақстан Республикасында Мемлекеттік меншік пен жекеменшік танылады және бірдей қорғалады» (6-бап, 1-тармақ, ҚР Конституциясы). Осы заңда бұрындыры айтудың өзі қылмыс саналатын «Жекеменшік емдеу мекемелері, жекеменшік оқу орындары, т. б.» деген ұғымдар жиі ұшырасады.

Төртінші ерекшелікке тоқталар болсақ, бұл халық қалаулылары — депутаттарға байланысты өрбиді. КСРО Конституциясының 104-бабында «Депутат өз өкілеттігін өндірістік немесе қызмет бабындағы міндетінен қол үзбестен жүзеге асырады» делінген. Демек, кезінде депутат болып сайланған озат шопан мен озат тракторшылар ду қол шапалақтаушылардың қарасын молайту үшін ғана керек екен. Ал жаңа заңда «Парламент Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы» (49-бап, 1-тармақ, ҚР Конституциясы) екені анық көрсетілген.

Бұрынғы Конституцияның 104-бабына қарсы жаңа заңның 52-бабы (3-тармақ) былайша түсінік береді:

«Парламент депутатының басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін өзге де жұмыс атқаруға, кәсіпкерлікпен шұғылдануға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ».

Осындай кәсіптік парламенттің құрылуын кезінде данышпан Абай да қолдаған. «Өуелі — бек зор өкімет жарлық қолында бар болуы керек» дейді ол өзінің қырық бірінші сөзінде. Осыған байланысты тағы бір ерекшелік жаңа заңның 51-бабы бойынша түсіндіріледі. «Қазақстан Республикасының жоғары білімі бар азаматы Сенат депутаты бола алады». Мұны кезінде тағы да Абай данышпандықпен айтып кеткен. Үшінші сөзін қараңдар: «Халықтың... сайлаймын деген кісісі пәлен қадірлі... образование алған кісі болсын».

Ата заңымыздағы бесінші ерекшелік 20-бапта көрініс тапқан. «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады». Ал ескі заңның 50-бабында: «Сөз, баспасөз бостандығына... кепілдік береді» делінген. Бірақ Социалистік құрылысты нығайтып, дамыту мақсатында ғана. Демек, коммунистік партияға қарсы сөз айтуға, оның кемшілігін көрсетуге немесе идеяларына қайшы келетін пікір білдіруге және дерек келтіруге болмайтын.

Қоғам өзгерістеріне, жаңа Конституцияға сай, бұрынғы «Баспасөздегі мемлекеттік құпияны сақтау» комитеті қысқарып кетті. Өйткені «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және өлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» (1-бап, 1-тармақ, ҚР Конституциясы).

Ата Заңымыздағы алтыншы ерекшелік — көппартиялыққа жол ашады. Демек, «Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі». (23-бап. 1-тармақ ҚР Конституциясы). Бірақ ешкімді партия мүшесі болуға мәжбүрлемейді. Қайта біржақты болып кетпес үшін: «Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс». (23-бап, 2-тармақ, ҚР Конституциясы).

Мұны жариялылықтың дами түсуі деп түсінгеніміз дұрыс. Оның бір айқын айғағы — 1999 жылғы Парламенттік сайлауда партиялық тізім бойынша Мәжіліс депутаттығына 10 орын берді. Өрі бұл 49-бапқа енгізілген толықтыруда анық айтылған.

Нұрлыбек Сапағали.

Ана тілі. №20. 30 тамыз, 2000.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы — ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Туды сабының тұсында ұлттық өрнек нақышталған тік жолақ көктеп өтеді. Күн, шұғыла, қыран және өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының қатынасы — 1 : 2.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен оның бейнесі, көлемдеріне қарамастан, Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында сақтаулы тұрған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы эталонның түрлі түсті және сызба бейнелеріне дәлме-дәл сәйкес келуге тиіс.

Алдымен терминдерді айқындап алған жөн. Түркі тектес халықтар арасында кең тараған «ту» сөзі сонау VI ғасырдан бері белгілі. Мағыналық өзгеріске ұшырамаған. Сонымен қатар қолданылып жүрген «жалау» деген сөз де ертеден белгілі.

Шәкен Оңласынұлы Ниязбеков — Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының авторы, Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері. Қазақстан дизайн өнерінің негізін қалаушылардың бірі.

1938 жылы 12 қарашада Тараз қаласында дүниеге келді. В.И.Мухин атындағы Санкт-Петербург жоғары көркемөнер өнеркәсіп училищесін бітірген. Алматы қаласының бас суретшісі.

Негізгі шығармашылық жұмыстары: Тараз қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы кинотеатрдың кешенді дизайны (1979, А.Симоновпен, В.Кузьминмен бірге), «Волоколам бағытында. Генерал-майор И.Панфилов пен қолбасы Б.Момышұлы ескерткіші (1985)», «Көбік шашқан», «Кісен шашқан», «Шоқан Уәлиханов», «Мұхтар Әуезов», «Сырым Датов», «Жамбыл», «Ана болу бақыты», т.б. көркем полотнолар.

Чехословакияда өткен Халықаралық байқаудың алтын медалін (1961) және Санкт-Петербургте өткен плакаттар байқауының бірінші жүлдесін (1982) жеңіп алған.

Е. Шаймерденов. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы. Алматы, 2005.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЛЕМДЕГІ БӘСЕКЕГЕ БАРЫНША ҚАБІЛЕТТІ 50 ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНА КІРУ СТРАТЕГИЯСЫНАН

... Мен өзіміздің өлемдік рейтинг кестесінің жоғары бөлігіне іліккен елдер тобының ішінен орын алуымызға мүмкіндік беретін басты негіздер мыналар деп білемін.

Біріншіден, өркенді де өршіл дамып келе жатқан қоғамның іргетасы тек қана осы заманғы, бәсекеге қабілетті және бір ғана шикізат секторының шеңберімен шектеліп қалмайтын ашық нарық экономикасы бола алады. Бұл — жекеменшік институты мен келісімшарттық қатынастарды құрметтеу мен қорғауға, қоғамның барлық мүшелерінің бастамшылығы мен іскерлігіне негізделген экономика.

Екіншіден, біз аға ұрпақты, ана мен баланы, жастарды қамқорлық пен ілтипатқа бөлейтін әлеуметтік бағдарланған қоғам, ел халқының барлық топтары тұрмысының жоғары сапасы мен алдыңғы қатарлы әлеуметтік стандарттарын қамтамасыз ететін қоғам құрудамыз.

Үшіншіден, біз еркін, ашық әрі демократиялық қоғам орнатудамыз.

Төртіншіден, біз дәйекті түрде саяси тежемелік пен тепе-теңдіктің үйлестірілген жүйесіне негізделген құқықтық мемлекет құрып, оны нығайта береміз.

Бесіншіден, біз барлық діндердің тең құқылығына кепілдік береміз...

Алтыншыдан, біз қазақ халқының санғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етеміз.

Жетіншіден, біз өз елімізді халықаралық қоғамдас-тықтың толық құқылы және жауапы мүшесі ретінде

қарастырамыз, ал мұның өзі біздің аса маңызды басымдықтарымыздың бірі. Қазақстан мұнда геосаяси тұрақтылықты және өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде маңызды міндетер атқарып отыр...

Қазақстан Республикасының Президенті ***Н.Ә. Назарбаев***.

Астана, 2006.

«ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ ЖЕДЕЛ ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДА» ЖОЛДАУЫНАН

...

2. Біз жалпы ішкі өнімді екі есе ұлғайтып, бірлесіп тағы да бір Қазақстан орнататындай межеге жақындадық.

2.1. Біз ойдағыдай жұмыс істеп жатқан нарық экономикасын құрдық.

Экономиканы түпкілікті реформалауға бағыт ұстап, біз қысқа мерзімнің ішінде нарықтық реформаларды жүргізе білдік, тиісті заңнамамызды жасауға қол жеткіздік. Бүгінгі таңда Қазақстанда нақтылы жұмыс істеп тұрған нарықтық экономика бар.

Егер осыдан он жыл бұрын жан басына шаққандағы жалпы ішкі өніміміз жеті жүз доллардан сәл ғана асса, 2004 жылдың соңында ол **екі мың жеті жүз долларға** жетті, ендеше биылғы жылы өніміміз енді **үш мың доллардай** болады деген болжамымыз бар.

Мен 2010 жылы жан басына шаққанда жалпы ішкі өнімді **5800 АҚШ долларынан** асатын мөлшерге, яғни Чехия, Венгрия, Польша, Малайзия сияқты елдердің бүгінгі деңгейіне, ал 2015 жылы шамамен **9000 АҚШ доллары** мөлшеріне жеткізуге күшіміз жетеді деп санаймын...

5. Қазақстан қазіргі әлемде.

5.1. Біздің сыртқы саясаттағы басымдықтарымыз.

Біздің басымдықтарымыз өзгеріссіз күйінде қалады. Бұл — ХХІ ғасырдың дағдарыстарына қарсы тұруға қабілетті өрі ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге бағытталған, белсенді, жан-жақты және үйлесімді сыртқы саясат.

Ресеймен, Қытаймен, АҚШ-пен, Еуропалық Одақпен ынтымақтастықты дамыту басым бағыттар болып қала береді. Азия мен Таяу Шығыстың негізгі елдерімен өзара іс-қимылға зор маңыз беріледі.

Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ел ішіндегі реформаларға қолайлы жағдай туғызу мақсатында Үкіметтің алдында осы мемлекеттермен арадағы негізгі шарттар және келісімдерді бұлжытпай жүзеге асыру міндеті тұр...

5.2. Бізді бүгін не алаңдатып отыр?

Мен бұдан әрі экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңаруымыздың жолында елеулі кедергі болуы ықтимал ХХІ ғасырдың қазіргі кезде көрініп жүрген объективті қатерлеріне сіздердің назарларыңызды арнайы аударғым келеді. Бұл қатерлер қыр астында жатқан жоқ. Біздің еліміздің бейбіт еңбегі мен прогресі баршамызға және әлемдік қоғамдастықтың ұстанымына байланысты.

Өңгіме не туралы болып отыр?

Біріншіден, осы өңірде тұрақсыздық пен діни экстремизм етек жая бастады.

Екіншіден, географиялық орналасуы жағынан алғанда Қазақстан белортасында тұрған өңірде есірткі таратудың тыйылмай отыруы.

Сондықтан да біз осы проблемаларды шешу үшін барлық мүдделі мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен бұрынғысынша белсене ынтымақтасатын боламыз.

ХХІ ғасыр қатерлерінің ішінде халықаралық лаңкестік ерекше орын алып отыр. Қаңтар айының аяғында Алматыда 40 халықаралық ұйымдар басшыларының қатысуымен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің лаңкестікке қарсы комитетінің көшпелі отырысы өтті. Осы халықаралық зұлматқа қарсы күрес жүргізу үшін әлемдік қоғамдастықтың үлкен күш-жігер жұмсауы керек...

Н.Ө. Назарбаев. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдау. 2005.

ТАБЫСТАР МЕН ТАҒЫЛЫМДАР

«Ақ жолдың» екіге жарылып, тағы бір партияның құрылуы және өздерін *демократиялық блок* деп атаған топқа бірігуі, дайындықтың әлдеқайда бұрын басталғандығын көрсетеді. Сондықтан да сайлау науқанына байланысты дайындығымыз аз болып қалды, үгіт-насихатқа уақытымыз шектеулі болды деген мәлімдемелердің аржағында осындай сыр жатыр. Шындығына келгенде, оппозиция бұл сайлауға ерте дайындалды. Яғни, екі-үш жыл бұрын оппозиция өздерінің осы сайлауға түсетінін білді және соған дайындық жасады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қолжетімділігін айтар болсақ, елімізге 2 мыңнан астам БАҚ тіркелген болса, солардың 80%-ы жекеменшіктің қолында, партиялардың еншісінде. Сондықтан оппозицияның басылымдары болмады деуге ешқандай да негіз жоқ. Себебі олардың газеттері, веб-сайттары бар.

Халық екі жақтың да бағдарламасын, оның болашақтағы көзқарастарын ертерек таныды, салыстыруға мүмкіндік алды.

Менің ойымша, билік те, оппозиция да Грузиядағы, Украинадағы және Қырғызстандағы жағдайларға байланысты өзіндік пайымдаулар жасады. Украинадағы революция қандай жағдайда болып еді? Мысалы, Ющенко мен Янукович арасындағы дауыс айырмашылығы шамалы. Ол жерде билік тарапынан дұрыс есептеу болмады деп уәж айтуға да келер еді. Сондықтан да халық майданға шығып, оның үстіне Батыстың осы іске араласуы түрлі түсті революцияның орын алуына ықпал етті. Қырғызстандағы жағдай тіпті кереғар болып шықты. Жалпы, Қырғызстанда дәл осындай революция немесе мемлекеттік төңкерістің боларын оппозицияның өзі де болжай алмай қалды. Қалай болған күнде де, Қазақстандағы жағдай Грузиядағы, Украинадағы, не Қырғызстандағы жағдайға мүлдем ұқсамайды. Өйткені соңғы жылдарда Қазақстанның экономикасы нығайды. Кезінде қандай жағдайда өмір сүріп едік? Жалақы берілмей жатты, зейнеткерлердің жағдайы ауырлады, студенттер мен балалардың тұрмысы тіптен қиындап кетті емес пе? Енді, Құдайға шүкір, бюджетіміз триллионнан асып жығылды. Соның арқасында әлеуметтік мәселелер шешіле бастады.

Екіншіден, славян және басқа этностардың өкілдері Украинадағы, Қырғызстандағы жағдайды көргеннен кейін Президенттің төңірегіне топтаса түсті. Сайлау бола ма, қашан өтері белгісіз кездерде-ақ славян қауымдастықтарының мүшелері: «Біз Президенттің саясатын қолдаймыз, «Қазақстан» атты ортақ үйіміздің шаңырағын шайқалтпаймыз», — деп мәлімдеді. Мұны Қазақстандағы тыныштық пен тұрақтылықтың, саяси, әлеуметтік және экономикалық реформалар жемістілігінің нәтижесі деп қарастыруымыз орынды. Міне, Қазақстан халқы дәл осындай кезеңде Нұрсұлтан Назарбаевтың айналасынан табыла білді. Тарқатып айтар болсақ, көршіміздегі жағдай ел халқының аражігін ажыратпай, керісінше жақындастыра өрі нығайта

түсті. Қазақстан халқы Президентінің жүргізіп отырған саясатының болашағы бар екендігін және ол әрбір адамға қатысты екендігін түсінді.

У. Қалижан,
Парламент Мәжілісінің депутаты

Егемен Қазақстан. 3 желтоқсан, 2005.

ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ ӘЛЕМДІК БАҚ САЙЛАУ ТУРАЛЫ НЕ ДЕЙДІ?

RBC. RU:

ЕҚЫҰ байқаушылары: Қазақстандағы Президент сайлауында дауыс беру тәртіп бұзушылықсыз жүріп жатыр.

Мұндай пікірді журналистерге Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның (ЕҚЫҰ) Түркиядан келген байқаушылары айтты. «Дауыс беру үдерісі тыныш жағдайда, даурықпасыз және тәртіп бұзушылықсыз өтіп жатыр», — деп атап өтті олар. Халықаралық байқаушылардың пікірі бойынша, сайлаудың барысы мен сайлау учаскелеріндегі ахуал қолдауға лайық. «Мұның алдындағы сайлаумен салыстырғанда елеулі ілгерілеушілік байқалды», — деп қорытынды жасады ЕҚЫҰ өкілдері.

Вести. Ru:

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. Алдын ала мәліметтер бойынша, оны жақтап сайлаушылардың 91,1%-ы дауыс берген. Нәтиже жарияланғаннан кейін **Нұрсұлтан Назарбаев** өз жақтастарының форумында: «Қазақстан халқы бірлік, келісім мен достық үшін дауыс берді», — деп мәлімдеді.

«Халықаралық агенттіктердің барлық ленталарында «Назарбаев жеңді» деген хабарлар беріліп жатыр. Ал мен менің еңбегіме, экономика мен елдің нығаюына баға берген Қазақстан халқының жеңіске жеткеніне сенімдімін», — деп атап өтті Назарбаев. Ол өзін жақтап дауыс бергендердің барлығына алғыс айтты.

РФ Мемдумасынан келген байқаушылар тобына жетекшілік ететін **Мемдуманың вице-спикері Владимир Пехтиннің** сөзіне қарағанда «Қазақстан сайлаудың тазалығын қамтамасыз ету және сайлау үдерісін демократияландыру үшін қажеттінің бәрін жасады».

«Аль-Ахрам»:

Қазақстандағы сайлаушылар кеше өздерінің көпшілік дауысын қазіргі Президент Нұрсұлтан Назарбаев үшін беріп, өз таңдауларын жасады. Сайлау учаскелеріне 8,6 млн сайлаушының 77 пайызы келді. Бұл биік лауазым үшін 5 үміткер таласты. Сайлау барысын шамамен 1600 байқаушы, соның ішінде ЕҚЫҰ-дан 450-ден астам байқаушы қадағалады.

Московский комсомолец:

Президент сайлауының нәтижелеріне қатысты ешкім де, тіпті адал оппозицияда да ешқандай күмән болған жоқ.

Өзінің сайлауалды үндеуінде Нұрсұлтан Назарбаев өзін ешкімге үлгі ретінде ұсынбастан, оның айтуы бойынша, қазірдің өзінде әлемнің ең серпінді дамушы бес мемлекетінің қатарына енетін ел, оның жаңа мерзімінің аяғына қарай ең сәтті елу мемлекеттің санатына кіретініне уәде берді.

Байқаушы Пенко Атанасов (Болгария Халық жиналысының депутаты): «Біз бір аптадан бері осындамыз және өзірліктің бүкіл барысын көрдік. Сайлау жақсы ұйымдас-тырылды, халық тыңғылықты өзірленген. Комиссияда жұмыс істейтіндерде бәрі де қалыпты, заң сақталды. Мен бәрі де аяғына дейін ойдағыдай өтетініне күмән келтірмеймін. Орталық сайлау комиссиясында жұмыс істеген менің достарым ешқандай тәртіп бұзушылықтың жоқтығын, бәрі де қалыпты, заң бойынша жүргенін атап көрсетуде».

Тәуелсіз байқаушы Роберт Бэрри (АҚШ): «Мен мұнда былтырғы жылы ЕҚЫҰ миссиясының басшысы ретінде болғанмын, қазір тәуелсіз американ байқаушыларының құрамындамын. Өзірге ескертулер жоқ. Дауыс беруге келсек, біз бұл учаскеде болдық, бәрі қалыпты жүріп жатыр».

Ресей байқаушылары Владимир Рушайло, ТМД Атқару комитетінің төрағасы атқарушы хатшысы:

— Қазақстан Республикасы Президенті сайлауын байқау ТМД елдері басшылығы кеңесінің тиісті шешіміне сәйкес, қазақстандық тараптың шақыруы бойынша жүзеге асырылды. Оған он елдің өкілдері қатысты. Жалпы, Қазақстандағы Президент сайлауын бақылауға ТМД елдерінен байқаушы ретінде 420 адам тіркелген...

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ II СЪЕЗИ

Жылдың ерекше оқиғаларының бірі — әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің биыл Астана қаласында өткен II съезінде бас қосуы болды. Бейбітшілік пен Келісім сарайының тас пен болаттан қаланған пирамидасындағы дөңгелек стол басында мұсылман мен еврей, проваслав пен католик, буддашылар мен кришнашылар кездесті. Діни конгресске келгендердің көпшілігі I съезге қатынасқандар болатын, солардың бәрі әртүрлі дін жетекшілерінің бұдан үш жыл бұрын Бәйтерек мұнарасының түбінде тұрып, жаратқанға жалпыға бірдей жалбарынған тілектерін еске түсірді. Американың Дін және қоғамдық саясат институтының президенті Джозеф Грибоски ол кезде мұндай кездесуді «Дін жетекшілерінің таптаурын мен кертартпалықтан аттап өтуі» және «діндердің бір-бірімен бейбіт қатар өмір сүруінің ғажап мысалы» деген болатын. Екінші съездің басты тақырыбы «Халықаралық қауіпсіздік және діндердің өзара байланысы» жөнінде болды. Конгресске қатысқандар: «Жаһандану дәуірінде экономикалық дамудың әрқелкілігі мен этномәдениеттер арасындағы барған сайын ұлғайып бара жатқан алшақтық, бүгінгі таңдағы өркениеттің көптеген шиеленістерінің бетін ашты», — деп атап көрсетті. Кейде, тіпті мемлекеттік деңгейдегі басқыншылық пен экстремизмнің өзі халықаралық қатынастарда неғұрлым қажетті тәсілге айналды. Қалыптасқан бір жүйенің құндылықтары мен дүниетанымын екіншісі өзіне тәуелді етіп, бағындырғысы келетін тәрізді. Мұндай экспансияның барынша күшті қарсылыққа тап болатыны түсінікті, қазіргі заманғы әскери қақтығыстардың да барған сайын асқынып, көбейіп келе жатқаны сондықтан. Өкінішке орай, мұндай жағдайда саясат әлсіздік танытып, қарсы жақтарды ымыраға келтіре алмай отыр. Астана форумына қатысушылардың атап айтқанындай, ендігі сөзді діндер жетекшілерінің өздері айтуы қажет. Әрине, олар террористерді тоқтата алмас, бірақ миллиондаған адамдардың ақыл-ой, көңіл күйі, сана-сезіміне ықпал ету арқылы оларды кеңкөлемді соғыстарға араласудан бас тартқызуға болар еді. Екінші съезд Мәлімдемесінің барлық адамдарды «өзара жауласу және жеккөрушіліктен бас тартып, өзара сыйластықпен өмір сүруге шақырған» үндеуінің де басты мақсаты осы. Бұл тұрғыдан алғанда діни диалогтерді дамыта түсудің ауыр жүгін өз мойнына алған

Қазақстанның міндетін ешқандай жаңылыссыз, аса тарихи деп атамасқа лаж жоқ.

Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің 2003 жылы Астана қаласында өткен бірінші съезі зор ұлағатты қоғамдық пікір туғызды. Егер де мұның алдындағы кездесуге шетелдерден 17 делегация қатысса, бұл жолы олардың саны екі есе көбейіп отыр. Астанаға барлығы 29 елдің өкілдері келді. Олардың қатарында АҚШ, Ватикан, Жапония, Сауд Арабиясы, Ұлыбритания, Қытай, Израиль, Франция, Үндістан сияқты ірі мемлекеттердің делегациялары бар. Съезге Дүниежүзілік ислам лигасының бас хатшысы, Константинополь Патриархы Варфоломей I, Әділеттік пен бейбітшіліктің папалық кеңесінің құрметті президенті, Вашингтонның архиепископы, Моңғолдық будда орталығының жоғарғы тәлімгері, Израильдің Ашкеназистік және Сефардтық бас раввиндері, Жапония синтоистік храмдары ассоциациясының бірінші дін қызметшісі, даосистердің Бүкілқытайлық ассоциациясы жетекшісінің орынбасары; дінаралық диалогтерді зерттеу институтының төрағасы тәрізді лауазымды тұлғалар қатынасты. Съездің ашылу құрметіне сөйлеген құттықтау сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев былай деді:

— Бірінші форумнан бергі өткен аралықта дінаралық диалогтің маңызы арта түсті. Өкінішке орай, осы жылдардың ішінде іс жүзінде әлемнің барлық құрылықтары аумағында дерлік болған қайғылы оқиғаларды, ондағы орын алған аса көп жанжалдарды тек қана саяси немесе күш қолдану арқылы шешудің мүмкін еместігін кесімді түрде ашық айтуға болады. Ол аз болғандай «Құдай іздеу» деген желеумен барша ұлы ұстаздар тарапынан барынша айыпталған, шын мәнінде жан шошырлық қорқынышты әрекеттер жасалуда. Екінші жағынан алғанда, қандай да бір дінді басқыншы деп сыңаржақты айыптау әдеті барған сайын айқындала түсуде.

Сенім бостандығы мен басқа дін өкілдеріне деген құрмет, дін жетекшілерінің халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы ролі — міне, съезде қаралған негізгі мәселелер осы. Алғашқы отырыста рухани жетекшілер «Дінаралық диалогтің бірегей ұстанымдары туралы» құжат қабылдады. Олар адалдық, толеранттық, мойындау және өзара құрмет. Ол басқа дінді мойынсұндыруды, әріптесін кемсітіп жәбірлеуді мақсат етпейді. Ол халықтарға бейбіт қатар өмір сүруді, жемісті ынтымақтастықты ұсынды.

Кездесудің қорытындысы бойынша бірлескен Мәлімдеме қабылданды. Ол әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің II съезін қорытындылап, кездесудің мәнін ашты. Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің келесі съезі 2009 жылы тағы да Астана қаласында өткізілетін болды. Рухани жетекшілер қазақ жерінде өздерін жайлы сезінетінін, мұндағы ыстық ықыласты ерекше атап өтті.

Егемен Қазақстан, 2006.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АССАМБЛЕЯСЫНА 10 ЖЫЛ

...Басқа да көптеген пайдалы қазбалардың қолдағы қорлары кәсіпорындарымыздың қалыпты дамуын қамтамасыз етеді. Қазақстанда мыстың қоры әлемдік мыс қорының 10%-ын, қорғасынның — 19%, мырыштың — 13%, темірдің — 10%, марганецтің — 25%, хромит кендерінің 30%-ын құрайды. Барит пен вольфрамның анықталып бекітілген қорлары да дүниежүзілік көрсеткіштерден асып түседі. Осының бәрі біздің металл өндіретін елдердің арасында лайықты орынға шығуымызға мүмкіндік береді.

Республика қойнауында өндірілетін минералдық шикізаттың әлеуметтік құндылығы 8,7 трлн, соның ішінде барланған қорлар 3,3 трлн доллармен бағаланады, болжанған ресурстар 5,4 трлн доллар. Республика үшін минералды шикізат кешенінде қатты қазба байлықтар жөнінен темір, марганец, хром, уран, полиметалдар, мыс, алтын — басым бағыттар. Осы кешенді реформалау тиісті заңдар, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануды және жер қойнауын қорғауды басқару мен реттеу тұжырымдамасы негізінде жүргізіліп жатыр.

...Қазақстан орасан зор ауылшаруашылық жеріне ие. Қазірдің өзінде біз ауылшаруашылық өнімдерімен өзімізді толығымен қамтамасыз етіп, оның өндірілген көлемінің үштен біріне жуығын экспортқа шығарып отырмыз. Бұдан былай да стратегиялық мақсатымыз агроөнеркәсіп кешенінің өнімін, ең алдымен, дәнді дақылдарды өткізудің Орталық Азия базарына қазақстандық экспортты сақтап қалып, ұлғайта беру болуға тиіс.

Бұл орайда таяу жылдар ҚХР мен Үндістанда тамақ өнімдерін тұтынудың өсе түсетіні жөніндегі болжам ескеріліп отыр. Қазақстанның ауылшаруашылық өнімдерін негізгі және жақын жердегі өткізу рыногы қатарына Ресей де жатады. Экспорттық әлуетіміз орасан зор екені осыдан-ақ түсінікті...

Қазақстан Республикасының Президенті **Н.Ә. Назарбаев.**

Астана, 2005.

ТОТАЛИТАРИЗМ САБАҚТАРЫ

...Адам ойының кеменгер ескерткіштерінің бірінде бейнеленген жалпыадамзаттық қағидалар бар. Олардың бірі былай сөйлейді: «Тірілер дүниеден озарын біледі, ал өлгендер бөрінен бейхабар, оларға арнап дұға да оқылмайды, өйткені оларды есімдері зердеден өшкен». Еске алу мен татулық жылының міндеті — осы қайғылы сөздер арқылы өз парызымызды еске салу. Нақақтан опат болған жандарды еске алып, қайғырғанда біз адамзат заңына да, Киелі кітапқа да толық сай келетін қарекет жасаймыз.

Кейбір деректерді ой елегінен өткізейікші. КСРО-да жеке басы және «кулак отбасылары» делінетіндердің құрамында, шамамен, 25—27 млн адам қуғын-сүргінге ұшырады. Соның ішінде 20 млн-нан астамын «кулак» деген айдар тағылған, мал-мүлкі төркіленген, шын мәнісінде «тап ретінде жойылған» шаруалар құрайды. Төңкеріс пен азамат соғысынан кейін КСРО-ны 2 млн-ға жуық адам тастап кетті.

1954 жылдың ақпанында Н. С. Хрущевке 1921—1954 жылдар ішінде контрреволюциялық қылмыстары үшін сотталғандардың саны жөнінде егжей-тегжейлі анықтама әзірлеп берілді. Сотталғандардың жалпы саны 3 млн 777 мың адам, соның ішінде ең ауыр жазаға ішінде саяси себептермен 100 мыңнан аса адам сотталды, ал 25 мыңнан аса адам атылды.

Саяси қуғын-сүргіннің ауқымы жан түршіктіреді. Ең бір сорақысы Қазақстандағы ұжымдастыру салдарынан етек алған алапат ашаршылық жылдары, бір ғана 1931 жылы Орталық Қазақстан аудандарына Ресейдің ішкі аудандарынан 150 мыңнан астам арнайы қоныс аударушылар жайғастырылды. Қазақстандағы ашаршылық пен оның іш сүзегі індеті сияқты зардабының тікелей құрбандарының арақатынасын ажырату қиын, алайда осынау зорлық-зомбылықпен жасалған тәжірибе жалпы саны 1 млн 750 мыңдай адамның өмірін қиды, бұл республикадағы қазақ тұрғындарының 42 пайызы.

Адам басына салған қасіреті қисапсыз тағы бір фактіні айта кетейін. 1920 жылдан 1949 жылға дейінгі 30 жылдың ішінде КСРО-да 3 млн 200 мың адам жер аударылды. Бұл қайғы-қасірет жөнінен Қазақстан жері көп басына шықты: зерттеушілердің есебі бойынша мұнда қырқыншы жылдары 1 млн 200 мыңнан астам адам арнайы қоныстанушылар болған.

Белгілі ресейлік тарихшы Рой Медведевтің есебі бойынша 1927—1953 жылдары КСРО-да 40 млн-дай адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Өзге зерттеушілердің пікіріне сайсақ, бұл статистика одан да сұмдық. Дегенмен саны түрліше құбылғанмен, қуғын-сүргіннің дәл мұншалықты ауқымын адамзат тарихы бұрын-соңды білген емес және бұдан былай ешқашан білмес деген үмітім бар.

Проблема осы қасіреттің орасан зор этностық зардабына ғана емес, оның аса бір келеңсіз әлеуметтік салдарына тіреледі. Өңгіме тұтас таптар мен әлеуметтік топтардың жойылуы және тепе-тең әлеуметтік құрылымның орнына еңбек пен адам өмірінің мүлде бұрмаланған өлшемдеріне негізделген барынша қисық-қыңыр қоғамдық жүйенің пайда болғанында. Оның сыртында миллиондардың қасіреті тұрса да, ең қорқыныштысы олардың санында емес. Қауіп — тоталитаризмнің тұтастай алғанда бүліншілігін түсінбеу...

Қазақстан Республикасының Президенті **Н.Ә. Назарбаев**.

Қазақстан халықтарының ассамблеясы

Астана, 2005.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Өнеркәсіп. 2002 жылдың қаңтар — қыркүйегінде өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсуі 2001 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда Қазақстанның барлық аймақтарында байқалды. Аса көп өсу — Қызылорда облысында (30,4%), ең аз өсу — Павлодар облысында (0,4%) байқалды.

Өнеркәсіп өндірісінің өсуі республикалық орташа деңгейден еліміздің 9 аймағында асып түскен.

Ауыл шаруашылығы. Үстіміздегі жылдың қаңтар — қыркүйегінде республиканы тұтастай алғанда ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі, бағалау бойынша ағымдағы бағалармен 425,4 млрд теңге болды, бұл 2001 жылғы осы кезеңіндегіден 6,6%-ға артық.

2002 жылы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне орай, дөңді дақылдар 2001 жылмен салыстырғанда 10%-ға жоғары. Яғни, 2002 жылы жиналуға тиісті алқаптың 94,5%-ында дөңді дақылдар (13186,7 мың гектар) жиналды, 2001 жылы 84,8% (11111,4 мың гектар) жиналған еді. Дөңді дақылдарды Ақтөбе мен Батыс Қазақстан облыстары түгел орып, жинап алды, ал Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Қарағанды, Жамбыл және Павлодар облыстарында жиналуға тиісті алқаптың 94—97%, Солтүстік Қазақстанда — 92%, Шығыс Қазақстанда — 90%, Алматыда — 89% және Қызылорда облысында — 67% бастырылды. Орылған алқаптан бастапқы кіріске алынған салмақпен 15961 мың т дөң түсті, бұл өткен жылғыдан 11% артық, соның ішінде Ақмола облысында — 3694 мың т.,

Солтүстік Қазақстан мен Қостанай облыстарында 3326 мың тоннадан, Алматыда — 938 мың т., Шығыс Қазақстанда — 903 мың т., Қарағандыда — 720 мың т., Жамбылда — 674 мың т., Павлодарда — 661 мың т., Батыс Қазақстанда — 590 мың т., Оңтүстік Қазақстанда — 498 мың т., Ақтөбеде — 482 мың т., Қызылордада — 150 мың т. жиналды.

2001 жылғы 1 қазаннан бергі кезеңде барлық облыстардың ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілері — мүйізді ірі қара, қой мен ешкі басын, 12 облыстың — шошқа мен жылқыны, 11 облыстың — құс басын көбейтті. Аталған кезең ішінде Маңғыстау облысында шошқа (37%-ға), жылқы (3%-ға) және құс (61%-ға), Қызылордада — шошқа (5%-ға) мен құс (14%-ға), Батыс Қазақстанда — жылқы (8%-ға), Атырауда — құс (5%-ға) басы азайды.

Инвестициялар. 2002 жылдың қаңтар — қыркүйегінде негізгі капиталға инвестициялар (қосымша бағалауды есептегенде) 671 млрд теңге болды, бұл 2001 жылғы осы кезеңдегіден 8%-ға көп.

Инвестициялар республиканың 11 аймағында өсті. Аса көп өсу Жамбыл облысында (2 есе) тіркелді.

2002 жылдың қаңтар — қыркүйегінде 12 аймақта салынған үйлердің көлемі 2001 жылғы осы кезеңдегіден асты. Маңғыстау облысында тұрғын үй құрылысы аса қарқынды жүруде, онда тұрғын үйлерді іске қосу көлемі 2001 жылдың қаңтар — қыркүйегімен салыстырғанда 2,5 есеге артты.

Тұтыну бағаларының индексі. 2002 жылдың қыркүйегінде тұтыну тауарлары мен қызмет көрсетулердің бағалары өткен аймен салыстырғанда республиканың 8 аймағында азайды.

2002 жылдың қыркүйегінде азық-түлік тауарларының бағалары өткен аймен салыстырғанда республиканың барлық аймақтарында азайды, тек Шығыс Қазақстан, Жамбыл (әрқайсында 0,5%-ға), Оңтүстік Қазақстан (1,3%-ға) облыстарында және Алматы қаласында (0,7%) өсуі байқалды. Ал Ақмола облысында бағалар тамыздағы деңгейде қалды. Аса көп кему Павлодар облысында (1,7%) байқалды.

2002 жылдың қыркүйегінде азық-түлік емес тауарлардың бағалары өткен аймен салыстырғанда Қазақстанның барлық аймақтарында өсті, тек Ақмола, Қарағанда, Ақтөбе және Павлодар облыстарында төмендеу байқалды (тиісінше 0,4%, 0,3%, 0,2% және 0,1%). Аса көп өсу Солтүстік Қазақстан облысында (0,9%), аса аз өсу — Жамбыл, Қос-

танай, Маңғыстау облыстарында және Алматы қаласында (тиісінше 0,1%-дан әрқайсысында) байқалды.

2002 жылдың қыркүйегінде халыққа ақылы қызмет көрсетудің бағалары мен тарифтері өткен аймен салыстырғанда республиканың барлық аймақтарында өсті, тек Павлодар облысында бағалар мен тарифтер биылғы тамыздағы деңгейде қалды. Аса көп өсу Астана қаласында (0,8%), аса аз өсу — Атырау, Қостанай және Маңғыстау облыстарында (тиісінше 0,1%-дан әрқайсысында) байқалды.

Еңбек рыногы. Халықтың жұмыспен қамтылуы және жұмыссыздық мәселесі жөніндегі ішінара зерттеу материалы бойынша 2002 жылдың үшінші тоқсанында жұмыссыздар саны 625,1 мың адам болды. Жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді халық санының 8,3% болды.

Республикалық орташа деңгей 10 аймақта асып түсті. Жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейі Қызылорда облысында (10,8%), ең азы — Шығыс Қазақстан облысында (6,7%) тіркелді.

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі.

**16. ЕҚЫҰ-НЫҢ АСТАНА ДЕКЛАРАЦИЯСЫ:
“ҚАУІПСІЗДІК ҚОҒАМДАСТЫҒЫ ЖОЛЫНДА”
(қысқартылып берілген)**

1. Біз, ЕБҮҰ-ға қатысушы 56 мемлекеттің мемлекет және үкімет басшылары, Ыстамбұлдағы жоғары деңгейдегі ЕҚЫҰ-ның бұдан бұрынғы кездесуінен кейін 11 жыл өткен соң Ванкуверден Владивостокқа дейінгі кеңістікте келісілген қағидаттарға, бірлескен міндеттемелер мен ортақ мақсаттарға негізделген еркін, демократиялық, ортақ және бөлінбес еуроатлантикалық және еуразиялық қауіпсіздік қоғамдастығын өзіміздің жақтайтындығымыз туралы тағы да мәлімдеу үшін Астанада жиналдық

4. Осынау берік іргетасты одан әрі нығайтуды жалғастыруға табандылық таныта отырып, біз мемлекеттеріміз бен халықтарымыздың арасында қауіпсіздікті, сенім мен тату көршілікті нығайту жөніндегі өз міндетемемізді тағы да қуаттаймыз. Осыған байланысты біз ЕҚЫҰ-ның рөлі бұрынғысынша айрықша маңызды екендігіне сенімдіміз және оны одан әрі күшейткен жөн. Біз ЕҚЫҰ-ның тиімділігі мен ықпалдылығын арттыру жұмысын жалғастыратын боламыз...

7. Сенімсіздікті және қауіпсіздік туралы түсініктердегі қайшылықтарды еңсеру қажет. Әскери-саяси, экономи-

калық-экологиялық және адами өлшемдер саласындағы біздің міндеттемелеріміз толық көлемде орындалуы тиіс. Адам құқығына, негізгі еркіндіктерге, демократия мен заң үстемдігіне кепілдік берілуі және құрметі арттырылуы қажет. Діни және наным еркіндігін орнықтыру жөніндегі және төзімсіздікпен және кемсітушілікпен күрес жөніндегі күш-жігерді өсіре түскен жөн. Экономикалық-экологиялық сынақтардың біздің өңірдің қауіпсіздігіне ықпал етуіне байланысты проблемаларды шешуде өзара тиімді ынтымақтастық одан әрі дами түсуі қажет. Энергетикалық қауіпсіздік проблемалары бойынша, соның ішінде біздің ынтымақтастығымыздың келісілген қағидаттары туралы ұнқатысуымызды жандандыру керек...

8. Қарапайым қару-жарақты бақылау режимдері мен сенім мен қауіпсіздікті нығайту әскери саладағы тұрақтылықты, болжамдылықты және ашықтықты қамтамасыз етудің негізгі құралдары болып қалуда, оларды жаңарту және жаңғырту, оларға жаңа тыныс беру қажет... .

9. ... Сонымен қатар қазіргі күрделі де өзара байланысты әлемде пайда болып жатқан лаңкестік, ұйымдасқан қылмыс, жасырын көші-қон, жаппай қырып-жою қаруының таралуы, кибер-қатерлер, сондай-ақ жеңіл және ату қаруларының заңсыз айналымы, есірткілер мен адам саудасы секілді трансұлттық қатерлерге қарсы тұрудағы мақсаттар мен іс-қимыл бірлігіне көбірек қол жеткізуге тиіспіз... .

11. ...ЕҚЫҰ-ның біз үшін ортақ өңіріндегі барлық кеңістікте баршаға ортақ, ынтымақтастық пен бөлінбес қауіпсіздікке негізделген қоғамдық идеяны толық мәнінде жүзеге асыру үшін табанды түрде бірлесе жұмыс істемекпіз. Бұл қауіпсіздік қоғамдастығы ХХІ ғасыр сынақтарына жауап іздеуге бағытталған болуы тиіс және барлық үш өлшемде ЕҚЫҰ аясында ортақ нормаларды, қағидаттар мен міндеттемелерді біздің толық сақтауымызға негізделуі тиіс. Ол шектеу сызықтарынан, жанжалдардан, ықпал ету салалары мен түрлі қауіпсіздік деңгейі бар аймақтардан ада бүкіл еуроатлантикалық және еуразиялық өңірдегі барлық қатысушы мемлекеттерді біріктіруі тиіс. Біз мемлекеттеріміз арасындағы және олар мүшелері болып табылатын тиісті ұйымдар мен институттар арасындағы ынтымақтастық теңдік, әріптестік өзара іс-қимыл, кең өкілділік және ашықтық қағидаттарына құрылуы үшін жұмыс істейтін боламыз. Өзіміздің сан алуандылығымыздан күш алатын біздер ЕҚЫҰ

аясында және басқа тұрпатта іс-қимыл жасай отырып, әлсіремейтін табандылықтың және бірлескен күш-жігердің арқасында осынау өзекті мақсатқа қол жеткізу ниетіне берікпіз.

“Егемен Қазақстан”. 15 желтоқсан, 2010 жыл.

АҚ АЗИАДА — ЖЕҢІС РУХЫНЫҢ САЛТАНАТЫ

6 ақпан күні Алматы қаласында тек Қазақстан үшін ғана емес барша Азия құрлығы мен әлемдік олимпиадалық қозғалыс үшін сөзсіз ерекше оқиғаға айналған VII Қысқы Азия ойындарының жабылу салтанаты болды.

Алғаш рет Азиадада 11 спорт түрінен 69 жиынтық награда тігілді. Жүлде бөлісуге қатарында әлем чемпионаттары мен Олимпия ойындары жүлдегерлері бар Азияның 27 мемлекетінен 1000-ға жуық спортшы қатысты. Ойындар барысында құрлықтық 10 рекорд жаңарды.

Қазақстан құрамасы 70 медаль, оның ішінде 32 алтын, 21 күміс, 17 қола медальдарды жеңіп алып, Қысқы Азия ойындарының тарихында жаңа рекордты бекітті. Бұл — біздің спортшыларымыздың әлемдік деңгейдегі белестерді бағындыруға дайын екенін көрсететін керемет жетістік.

Азиадаға дайындық барысында бүгінде елдің игілігіне айналған әлемдік деңгейдегі ондаған спорт кешендері салынып, күрделі жөндеуден өтті, олардың кейбірі әлемде теңдесі жоқ құрылыс жобалары болып табылады.

VII Азиада Қазақстанды әлемдік қоғамдастыққа жаңа қырынан, яғни тек бейбітшілік пен келісімнің отаны, сенімді экономикалық даму мен халықаралық әріптес ретінде ғана емес, спорт державасы ретінде танытты.

Азиаданы өткізу Қазақстанның Азиядағы бейбітшілік пен достықты нығайтудағы жаңа қадамы болып табылады.

VII Қысқы Азия ойындарындағы жетістігіміз — бұл Қазақстан халқының жетістігі, еліміз тәуелсіздігінің 20 жылдығына үлкен сый.

Осы айтулы күндер бойы ұлттық құраманың спортшылары біздің ұлттық мақтанышымыз үшін, ел намысы үшін күресті және жеңіске жетті!

Бұл жеңіс Қазақстанның әлемдік саясат немесе спорт саласындағы кез келген халықаралық шараны лайықты деңгейде іске асыра алатынына сенімді нығайтып, әрбір азаматтың жүрегіне өз еліне деген мақтаныш сезімін толтырды.

Егемен Қазақстан, 9 ақпан, 2011 жыл.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУ ӘЛЕМДІК БАҚ АЙНАСЫНДА

Voice of America

Қазақстанда жексенбі күні кезектен тыс президенттік сайлау болып өтті. Бұл үдеріс іс басындағы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өкілеттігі бітуге 1 жыл қалғанда болды.

Орталық сайлау комиссиясының мәліметтеріне қарағанда, дауыс берушілер саны өте жоғары болды. Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа басқа үш кандидат қарсы тұрды. Жалпы, әуел баста 20-дан астам адам өздерінің президенттікке таласатындықтарын байқатты.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы өзі тарапынан сайлауға 300 байқаушыны қосты. Сайлауалды есебінде ұйым Қазақстандағы сайлау қай жағынан алғанда да ашықтық, әділеттілік тұрғысынан ерекшеленетінін атап көрсетті.

BBC Русская служба

Exit-poll деректеріне қарағанда, Назарбаевқа қазақстандықтардың басым көпшілігі өз дауыстарын берген.

Нақтылап айтсақ, алдын ала деректер бойынша, дауыс беруге келген қазақстандықтардың 94,8 пайыздан 95,1 пайызға дейінгілері Іс басындағы Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа дауыс берген. Тұтастай алғанда, осы жолғы сайлауда қазақстандықтан үлкен белсенділік танытты. Сайлау учаскелеріне келгендер халықтың 90 пайызынан асып түсті.

EuroNews

АҚШ-тағы диаспора республикадағы президенттік сайлаудан кейін елдегі бұған дейінгі тұрақтылық бағыты сақталады деп сенеді.

Бұл туралы ИТАР-ТАСС-қа Америкадағы Ассоциация президенті Дархан Нұрмағамбет былай деп мәлімдеді: “Біз жаңа президенттен қазіргі бағытты жалғастырғанын қалаймыз”. Осы жерде атап көрсететін бір жәйт — Д. Нұрмағамбет басқаратын ұйым өзінің құрамына 600 адамды біріктіреді. Бұлардың барлығы Вашингтон қаласының тұрғындары. Ал түптеп келгенде, бұлар АҚШ азаматтары болғанымен, негізі қазақстандықтар болып табылады.

“Біз Отанымызда болып жатқан оқиғалардың барлығын мұқият қадағалап отырамыз және әрқайсымыздың еліміз үшін жанымыз ауырады, — деп мәлімдеді Нұрмағамбет. — Біз Қазақстанда қалыптасқан бұған дейінгі

тұрақтылық сақталса екен деп тілейміз. Өйткені, бұл үдеріс 20 жылдан бері оң жалғасын тауып келеді. Мұның барлығы Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекет үшін өте маңызды”.

Азаттық радиосы

Қазақстандағы президенттік сайлауда сайлаушылардың келуі рекордтық көрсеткішке жетті.

Қазақстандағы кезектен тыс президент сайлауында сайлаушылардың қатысуы 2005 жылғы дауыс беруде белгіленген рекордтан асып түсті.

Сайлау учаскелері жабылғаннан төрт сағат бұрын дауыс беру құқы бар ел азаматтарының 77 пайызы өз дауыстарын берді.

Қазақстанның Орталық сайлау комиссиясы дауыс беру бұрмалаушылықсыз өтіп жатқанын хабарлады.

Trend

Ислам Конференциясы Ұйымы Байқаушылар миссиясы президенттік сайлау барысында бірнеше учаскелерде болды. Біз өзіміздің тарапымыздан ешқандай заң бұзушылықтар орын алмағанын көрдік, деп атап көрсетті ИКҰ Байқаушылар миссиясының басшысы Шукру Турфан.

“Дауыс берудің алғашқы сағаттарында біз ешқандай заң бұзушылықтарды байқаған жоқпыз. Сайлаушылар белсенділігі өте жоғары болды, дауыс беру үдерістері өз ретімен жақсы өтіп жатты, әділ және таза сайлау болды деп атап өтуге болады”, — деді елші Турфан журналистерге арналған брифингте.

Турфанның сөзіне қарағанда, ИКҰ сайлау учаскелерінде өзінің миссиясын жалғастырды. Күні бойы ешқандай заң бұзушылықтар байқалған жоқ.

“Егемен Қазақстан”, 5 сәуір, 2011 жыл.

МАЗМҰНЫ

I тарау. Қазақ халқының XVII—XX ғасырлардағы азаттық, тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күресі	
Жоңғар-қазақ тартысындағы саяси және әскери мәселелер	3
Жеті жарғы жөнінде не білеміз?	6
Жоңғар, Ресей және Қытай қыспағындағы қазақ мемлекеті (XVIII ғасырдың екінші жартысы)	8
Қаздауысты Қазыбек бидің елшілік қызметі хақында	16
Кенесары бастаған қазақтардың азаттық соғыстары	24
Жетісу казак әскер тобының құрылуы және Ұлы жүз қазақтарының азаттық соғысы	30
Отаршылдыққа қарсы күрес кезеңдері	33
1916 жылғы көтеріліс	39
Облыстар көтерілісінің басталуы, өршіп, күшеюі. Сырдария облысы (дуаны)	42
1916 жылғы Жетісу (Әубәкір Сұлтанбекұлының әңгімесінен)	44
Алдаберген Қайшыбекұлының әңгімесінен (Жаркент оязы, Түзкөл болысы, Аламан аулының албаны)	49
1916 жыл деректері	51
Менің есімдегі	53
Он алтыншы жылғы ойран (соны деректер ізімен)	54
II тарау. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси партиялар мен ағымдар	
Биік мақсат жолында	60
Алаш қозғалысы жетекшілерінің көзқарасы (Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінің оқырмандарына арнау сөзі)	63
Ә.Бөкейханов: «Мен кадет партиясынан неге шықтым?»	65
«Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы (Нұсқалардың салыстырма кестесі)	66
Қоянды жәрменкесі	71
III тарау. XX ғасырдың 20—30-жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси, мәдени жағдайы	
Үлкен саясат сахнасында	76
Ортақ мұрат пен ортақ мүдде жолында	78
БК(б)П Орталық комитетінің хатшысы жолдас Сталинге	80
Ұжымдастыру науқаны хақында	83
Бұрынғы одақты етпен кім асырады?	89
Тұңғыш қазақ дәрігері	92
Қазақ даласына қырғын қалай келді?	94
Ауыр күн естен кетпейді	98
Ромен Роллан қазақ музыкасы жайында	99

Замана бұлбұлдары. Өміре	101
Ғарифолла	103
Кенен	106
Республикалық баспасөз (ҚазАКСР-і)	109
Дара дарын	120
Тумысынан большевик	126
IV—V тараулар. Қазақстан халықтарының этнографиясы. Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңіндегі этнодемографиялық ахуал	
Тәуелсіз Қазақстанның демографиялық ахуалы	129
Демографиялық дамуымыздың деректері мен дәйектері	133
VI тарау. Қазақстан коммунистік партиясы мен комсомолының тарихынан	
Алаш қайраткерлері	142
Өзім және өзгелер жөнінде	150
VII тарау. Қазақ диаспорасы	
Бөліске салынған Шығыс Түркістан елі	158
Шетелдегі қазақ әдебиетшілері	161
Шыңжаңдағы қазақ зиялылары	167
VIII тарау. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы (1991—2011 жж.)	
Ата заңымыздың алты ерекшелігі	169
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы	172
Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясынан	173
«Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жанару жолында» Жолдауынан	174
Табыстар мен тағылымдар	175
Президент сайлауы. Әлемдік БАҚ сайлау туралы не дейді?	177
Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II съезі	179
Қазақстан халықтарының ассамблеясына 10 жыл	181
Тотализаторизм сабақтары	182
Қазақстан Республикасы аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы: Салыстырмалы талдау	183
ЕҚЫҰ-ның Астана декларациясы	185
Ақ Азияда — жеңіс рухының салтанаты	187
Қазақстандағы президенттік сайлау әлемдік БАҚ айнасында	188

Учебно-методическое издание

Составители

**Адамбосынов Кайрат Жуманулы
Ахмедова Раушан Бакировна**

ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

Хрестоматия

Учебное пособие для 11 классов
естественно-математического направления
общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Второе издание

Редакторы *Е. Жақыпов*
Көркемдеуші редакторы *Ж. Болатбаев*
Техникалық редакторы *А. Садуақасова*
Корректоры *Н. Досболова*
Компьютерде беттеген *И. Алмабаева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің № 0000001 мемлекеттік лицензиясы
2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 2852

Басуға 09.06.2011 қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/32}.

Офсеттік қағаз. Қаріп түрі «Школьная».

Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 10,08.

Шартты бояулы беттанбасы 10,50. Есептік баспа табағы 10,38.

Таралымы 10 000 қос. дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz